

КРИПТОНИТТИ ЖОЮ

КҮШ-ҚУАТЫҢЫЗДЫ ҰРЛАП ЖҮРГЕН
НӘРСЕНІ ЖЕҢУ ЖОЛЫ

ДЖОН
БИВЕР

Қымбатты дос!

Бұл кітап – сізге деген сыйлығым. Осы кітабымдағы жолдау сіздің өміріңізді біржола өзгертсін деп сыйынамын!

Соңғы дәуірде өмір сүрудеміз, соған сенемін. Бұл дүниеде орын алған нақты рухани криптонит мәсіхшілердің күш-қуатын жоюға күн сайын тырысып бағады.

Көптеген сенушілер тұсау-құрсаулардан құтылу жолын таппай, түңіледі. Бұл жағдай Құдайдың еркіне сай емес. Жолымыздағы бөгет-тосқауылдың барлығын жеңуге күш-қуат берген Құдай Тағала өміріміздің әр саласында жеңімпаз болғанымызды қалайды.

Осы кітабымда басымнан өткен жағдайды баяндаймын. Сол жағдайың арқасында Киелі Кітаптағы терең ақиқатты түсініп, едәуір жеңістерге жеттім, өмірім біржола өзгерді. Сіз де Құдаймен жақын қарым-қатынаста болып, мәнді де дәмді өмір сүре аласыз. Айналаңызға әсерін тигізбей қоймайтын құдіретті сенімге сіз де ие бола аласыз. Алайда, ең алдымен өміріңіздегі рухани криптонитті жеңіп шығуыңыз керек.

Осы жолдауды және CloudLibrary.org сайтындағы басқа да электронды материалдарды дос-жарандарыңызбен батыл түрде бөлісе беріңіздер.

Сіздің рухани бауырыңыз



Джон Бивер
JohnBevere@ymail.com



MESSENGER
INTERNATIONAL
MessengerInternational.org

КРИПТОНИТИ
ЖОЮ

Джон Бивер — осы заманғы пайғамбар, Құдайдың рақымынан келетін құдіретпен күнәны қалай жеңе алатынымызды көрсетеді. “*Криптонитті жою*” деп аталатын жаңа кітабында ол бізге өміріміздегі криптонитті және оны тек Құдайдың сүйіспеншілігімен ғана жоя алатынымызды көрсетеді. Осы ақиқатты Джонға ашып бергені үшін Құдайымызға мың алғыс!

РОБЕРТ МОРРИС,

«Gateway Church» қауымының негізін салушы әрі бас бағушысы, Даллас/Форт — Уэрто, Техас. «*Frequency*» атты бестселлердің авторы.

Бұл кітап – Құдайдың бізге дайындап қойғанынан кемге келіспеу жайлы Мәсіхтің Қауымына деген жалынды үндеу! Джонның Киелі Кітаптан келген даналығы мен ақ ниеті осы жолдауды жүрегімен қабылдаған сенушілерге шынымен де Құдай үшін өмір сүруге көмектеседі.

ДЖОЙС МАЙЕР,

Киелі Кітаптан тәлім беруші ұстаз және бестселлерлер авторы

“*Криптонитті жою*” кітабында Джон Бивер Мәсіхтегі әуелетімізді толықтай іске асыруымызға бөгет болатын жаудың бекіністерін ашып көрсетеді. Бұл қуатты да қалтқысыз жолдау оқырманды өміріндегі криптонитпен беттестіреді

ДЖЕНТЕЗИН ФРАНКЛИН,

Джорджия штаты, Гейнсвиллдегі «*Free Chapel*» қауымының бас бағушысы, New York Times баспасының пікірі бойынша бестселлер болып табылатын кітаптардың авторы.

Джон Бивердің тәлімі және Киелі Кітап қағидалары мен сүйіспеншілік жайлы рухани білімі ондаған жылдар бойы сенушілерге ұлағат болып келеді. Джонның кітаптары дүниенің төрт бұрышына түгел жетіп, адамдардың өміріне орасан зор ықпалын тигізуде. Джонның достық пейілі үшін, Құдайға бағынып, қалам алғаны үшін алғысым зор.

БРАЙАН ХЬЮСТОН,

«Hillsong Church» қауымының бас бағушысы әрі негізін салушы.

Әшкерелейді. Киелі Рухқа кенелтеді. Қуат береді. Әдетке айналып, еті үйреніп кеткен күнәнің темір құрсауы сенушілерді күнбе-күн баяу тұншықтыруда. Сол құрсауды “*Криптонитті жою*” кітабы рақым мен ақиқаттың жалынымен жоқ қылады. Бұл кітап ақиқатты ақиқат деп қабылдаудан қалған, мойынсұнудан бас тартқан замандастарымыздың Құдайға жақындап, қуанышқа бөленуіне көмектеседі. Өйткені, Құдайдың ізгі еркі – құлдықтан азат болып, жалғыз Оған мойынсұнуымыз.

ЛУИ ГИГЛИО,

«Passion City Church» қауымының бағушысы, “*Passion Conferenc-es*» ұйымының негізін қалаушы.

Джонның барлық кітаптары тәрізді, бұл кітабы да тамаша, күтпеген жерден тап бергендей болады. Жоқ, Джон ең өзекті мәселелерді қозғауға деген қабілетінен айырылып қалған жоқ. Қайта, сол қабілеті артқандай. Джонда осы кітап беттерінде анық көрінетін, замана талабына сай болуға деген ерекше рақым бар. Айдан анық бола тұра, назарымыздан тыс қалып қойған ақиқаттарды дөп тауып, көрсете білгеніне таң қаласыз. Бұл кітап керек десем, аз болар. Бүгінгі таңда әрбір сенуші “Криптонитті жою” кітабын оқып шығуға міндетті.

БИЛЛ ДЖОНСОН,

«Bethel» қауымы, Реддинг, Калифорния, «*Құдай ізгі*» кітабының авторы.

КРИПТОНИТТИ ЖОЮ

КҮШ-ҚУАТЫҢЫЗДЫ ҰРЛАП ЖҮРГЕН
НӘРСЕНІ ЖЕҢУ ЖОЛЫ

ДЖОН
БИВЕР

Killing Kryptonite by John Bevere, Kazakh
© 2019 Messenger International
www.MessengerInternational.org
Originally published in English as Killing Kryptonite
Additional resources in Kazakh by John Bevere are available
for free download at: www.CloudLibrary.org
To contact the author: JohnBevere@ymail.com

«Криптонитті жою» Джон Бивер, қазақ тілінде
© 2019 Messenger International
www.MessengerInternational.org
Алғаш рет ағылшын тілінде «Killing Kryptonite»
атауымен басылып шығарылды
Джон Бивердің қазақ тіліндегі қосымша ресурстарын
мына сайттан тегін жүктеп алуға болады: www.CloudLibrary.org
Автордың электрондық адресі: JohnBevere@ymail.com

Осы кітапты «Мессенджер Интернешнл» командасының мүшелеріне арнаймын Құдайдың рақымымен Иса Мәсіхтің Ізгі Хабарын миллиондаған адамға жеткіздік. Сіздердің сенімдеріңіз, дарындарыңыз, жанкешті, ыждаһатты еңбегіңіз болмаса, бұл іс жүзеге аспас еді.

Лиза екеуіміз сіздерді аса құрметтейміз. Сіздермен бірге еңбектену – біз үшін зор қуаныш. Адал қызметтеріңіздің әділ сыйын Исаның қолынан алған күндеріңізді асыға күтеміз.

Өйткені Иеміз Иса Мәсіх қайтып келген кезде біздің үмітіміз, қуанышымыз, басымызға киер «мақтау тәжіміз» сендер болмағанда, кім болмақ? Расында да біздің мақтанышымыз бен қуанышымыз сендерсіңдер.

САЛОНИКАЛЫҚТАРҒА арналған 1-хат 2:19,20

“Мессенджер” 2019 командасы, сіздерге рахмет!

МАЗМҰНЫ

Кіріспе.....	13
--------------	----

1-БӨЛІМ. БІР АДАМНЫҢ КҮШІ

1. Біз жоламайтын сұрақтар.....	19
2. Таныс болыңыз, криптонит.....	29
3. Жалғыз адамның күші.....	39
4. Жұқпалы криптонит.....	47
5. Сіз арқылы өзгерістер келсін.....	57
6. Уәждеме.....	67
7. Бірліктің күші.....	77

2-БӨЛІМ. КРИПТОНИТТИ ДӨП ТАНУ

8. Неке серті.....	89
9. Құдай алдындағы опасыздық.....	97
10. Пұтқа табынушылықтың мәнісі неде?.....	105
11. Сенушілердің пұтқа табынуы.....	117
12. Қысым.....	127
13. Криптонит.....	137
14. Күнә.....	145

3-БӨЛІМ. КРИПТОНИТТІҢ ӘСЕРІ

15. Күнәнің күші (1-бөлімі).....	155
16. Күнәнің күші (2-бөлімі).....	165
17. Адасқандар.....	175
18. Жалған Иса.....	183
19. Саяхаттың басталар жері.....	193
20. Тәубе ету.....	203
21. Үш патша.....	213

4-БӨЛІМ. КРИПТОНИТТЕН АРЫЛУ

22. Бетпе-бет.....	227
23. Ымырашылдық.....	237
24. Сүйіспеншілік пен ақиқат.....	245
25. Криптонитті жою.....	253
26. Күнә болып табылмайтын күнә.....	263
27. Тойға кіретін есік.....	273
28. Оян.....	283
Талдауға арналған сұрақтар.....	291
Қосымша.....	301

ОСЫ КІТАП ТУРАЛЫ

“Криптонитті жою” кітабын кез-келген басқа кітап сияқты басынан аяғына дейін оқып шығуға болады. Тарауларды ықшамдап жаздым, бір тарауды он-он бес минутта оқып шыға аласыз. Әр тараудың соңында сол тарауда ашылған ақиқатты күнделікті өміріңізде іске асыруға көмектесетін “Іс-әрекет” деп аталатын қысқа ғана мәтін бар. Сол мәтінді елеусіз қалдырмаңыз. Өйткені, кітапты зерделеуде оның маңызы орасан. Сол себепті бір күнде бір тараудан аса оқымауыңызды сұраймын. Сонда келесі тарауға кірісерден бұрын, қажет іс-әрекетті жүзеге асыра алатын боласыз.

Соңғы беттерде «Криптонитті жою» кітабын топ ішінде талдауға арналған сұрақтар бар. Кітаптың мазмұнына сәйкес онлайн-курс пен оқулық шығардым. Екеуі де осы тақырыпты тереңірек зерттеудің тамаша құралы болып табылады. (Кітаптың соңғы беттерінен аталмыш курс пен оқулық жайлы қосымша ақпаратты таба аласыз).

Егер сіз осы кітапты «Криптонитті жою» курсының бір бөлігі ретінде оқитын болсаңыз, топпен жиналып, апта сайын бір сабақты тыңдап не көріп, кітаптың соңындағы талдауға арналған сұрақтарға жауап беріңіз. Содан соң топтың әр мүшесі келесі кездесудің алдында сол аптаға арналған тарауларды оқиды. Бір аптада бір тарауды оқып талдаған дұрыс.

Сұрақтарыңыз болса, менен, не болмаса «Мессенджер Интернешнл» қызметінің мүшелерінен қысылмай сұраңыз.

Рахаттаныңыз!



Джон

КІРІСПЕ

Таң қалатын боларсыз, дегенмен, шынымды айтайын, бастаған кітабымды жазуды доғаруға деген ниет осынша жиі болған емес менде. Оның себебін қазір түсіндіремін. Біріншіден, «Криптонтті жою» деп аталатын кітаптың Мәсіхтің шәкірттеріне не қатысы болуы мүмкін? Қысқаша түсіндіре кетуге рұқсат етіңіз.

«Криптонт» деген сөзді «Супермен» атты фильмнен білеміз. Жоғары сынып оқушылары Джерри Сигел мен Джо Шустер ойлап шығарған, Американың халық ертегісіндей болып кеткен бұл хикая 1938 жылы алғаш рет басылып шыққан болатын. Ғажайып қабілеті бар кейіпкердің ерліктерін баяндайтын хикаяның желісі фашистердің зұлымдығына қарсы тұрар тамаша убасар іспетті еді. Супермен халыққа танымал болып, даңқы арта берді. Бірте-бірте ол комикстердің ғана емес, радиобағдарламалар мен телесериалдардың да, толық метражды фильмнің де кейіпкеріне айналды.

Кейіпкердің осал тұсы жоқ, ешбір қару дарымайтын болғандықтан, біраз уақыт өте көрермендер Супермен туралы хикаялардан жалыға бастады. Сонда, 1940-жылдары авторлар әңгімеге жаңа дем беру мақсатымен криптонит деп аталатын затты ойлап тапты. Кейін бұл атау әлемге әйгілі болды. Өзі туған ғаламшардан әкелінген осы минералдың әсерінен Супермен ғажайып қабілеттерінен айырылып, кәдімгі адам қалпына түседі-міс.

Мәсіхші біздерге де әсерін тигізіп, Құдайдың бізге берген күші мен мінезін жоққа шығара алатын “криптонит” бар. Ол не нәрсе? Оны қалай дөп тануға болады? Ол әрқайсымызға жеке-дара және бәрімізге жалпы қандай әсерін тигізеді? Күнәһарларды құтқаруға және жемісті болуға деген қабілетімізге қалайша зиянын тигізеді? Криптониттің әсерінен неден айырылып жүрміз?

Ол неге оп-оңай жасырына алады? Осы кітапта қойылатын сұрақтардың біразы осы.

Бұл – Киелі Рухтың қолдауы мен жетелеуінің арқасында жазған жиырмасыншы кітабым. Жоғарыда айтқанымдай, бес-алты рет бұл кітапты жазуды доғарғым келген болатын. Оның жалғыз себебі: кітап өз өмірімдегі мәселелерді бетіме басты. “Шынымен де, Құдайдың еркінен төмен деңгейде өмір сүріп жүргенім бе? Біз, Қауым, қоғамды өзгерте алатын Құдайдың құдіретіне шындап бөленіп жүрміз бе?” – деп, өзімнен-өзім еріксіз сұрай бердім. Бірнеше рет түн ішінде оянып, “Әке, осы кітап маған ұнай қоймайды. Оны әрі қарай жазғым келмейді” дегенім бар.

Киелі Рух қашанда “Жоқ” деп нық жауап беретін. Әйтеуір, соңында Ол осы жолдаудың мықты сенушілерді көтеруге, жер бетіндегі көптеген жанұялар мен қауымдардың нығаюына көмектесетініне мені әбден сендірді. Осы кітапта айтылған қағидалар бүтіндей бір қалаларды өзгерте алады.

Осы уәдеден кейін кітапты жазуды сеніммен жалғастырдым. Кітабымның соңғы бөліміне, ақырғы жеті тарауына жеткенімде, бұл жолдаудың күші өзіме де анық болды. Алғашқы үш бөлімге мән бермесеңіз, төртіншісінің әсері едәуір әлсірейді. Киноға фильмнің соңғы жиырма минутын көруге барғанмен бірдей. Фильмнен алған әсеріңіз де, тапқан пайдаңыз да басынан бастап көргендегідей бола алмайды. Сюжетті бастан-аяқ көріп шыққандар кейіпкерлермен бірге жылап та, күліп те, оқиғаны өз бастарынан кешкендей болады.

Кітап төрт бөлімнен тұрады, әрқайсысында жеті тараудан, бас-аяғы жиырма сегіз тарау. Уақыты тапшы оқырманға арнап, әдейі осылай бөлінген. Күн сайын бір тарауды оқуға он-он бес минут уақытыңызды бөліп отырсаңыз, төрт аптаның ішінде кітапты түгел оқып шыға аласыз.

Немесе бір аптада бір тараудан оқып отырып, жарты жылда оқып бітіресіз. Әрине, қалай оқысаңыз да, еркіңіз біледі, өзіңізге қолайлы болса болды. Біз кітаптың оқуға қолайлы, қай кестеге болса да, қонымды болуына күш салдық.

Ендігі айтарым, бұл жолдауды криптониттен қорғайтын, әрі айналаға ықпалын тигізетін даналыққа жеткізер саяхат деп

біліңіз. Әуелі мінәжат етіп, Киелі Рухтан көзімізді ашуын сұрайық. Сонда Құдайдың аманатын орындауға қажет аспан даналығына ие бола аламыз.

Әке, Исаның атымен сұраймын, менің көзімді, құлағымды, жүрегімді аша гәр, өміріме деген Сенің еркіңді көріп, естіп, қабылдайтын болайын. Киелі Рух, осы жолдауды оқу барысында Иса Мәсіхтің жолын терең танып білгім келеді. Сені Ұстазым деп білемін. Осы кітаптың әр сөйлемі арқылы маған Өзің сөйлегейсің. Өмірім біржола өзгерсін. Әмин.

БІР АДАМНЫҢ КҮШІ

「1-БӨЛІМ」

БІЗ ЖОЛАМАЙТЫН СҰРАҚТАР

Автордың ескертуі.

Құрметті оқырман, Кіріспені оқымаған болсаңыз, оқып шығыңыз. Кіріспе осы жолдаудың мән-мағынасына терең бойлауға септігін тигізеді. Саяхатыңыз сәтті болсын!

«Криптонитті жою» кітабы – Супермен жайлы ма? Жоқ. Дегенмен, бұл кітапта оның хикаясы мен біздің сенім жолындағы өміріміздің арасындағы таңқаларлық ұқсастықтар жайлы айтылады. Ал, салыстырып көрелік.

Супермен бұл дүниелік емес, Құдайдың перзенті де осы дүниелік емес.

Суперменде басқаларда жоқ тылсым күш бар. Бізде күнәһарлар қол жеткізе алмайтын құдірет бар.

Супермен зұлымдықпен шайқасады, біз де зұлымдықпен шайқасудамыз.

Супермен езілгендерді қорғап, азат етеді. Біз әлсіздері қолдап, тұтқындарды азат етеміз.

Супермен күшін күннен алады, біз күш-құдіретті Исадан аламыз.

Суперменді жалғыз-ақ криптонит – оның туған планетасынан әкелінген, ойдан шығарылған радиоактивті зат тоқтата алады. Біздің

өмірімізде де Құдайдың перзентін дәрменсіз қалыпқа түсіре алатын “криптонит” бар.

Иә, ол жер бетінде жасалған жоқ, ол біздің барлығымыз шыққан әлемде жаратылған болатын. Криптонит Суперменнің тек ғажайып қабілетін зақымдап қана қоймайды, кәдімгі адами күшінен де айырады. Бізге ықпал етіп дүрген рухани криптониттің де әсері сондай.

Криптонит дегеніміз не? Істің мәнін егжей-тегжейлі қарастырдан бұрын, хикаяның барысын шолып өткім келеді. Криптониттің Суперменнен әлдеқайда басым болуының себебі – оны дөп тану қиын. Сондықтан ол көзден таса қалып, жасырын әрекетін жалғастыра береді. Өмірде де солай, криптонит сенушілерді жеке-жеке де, Мәсіхтің Денесін толығымен де әлсіретуде. Бірақ, көбіміз әлі де оның бар екенінен бейхабармыз. Осы кітап криптонитті дөп тануды үйренуіміз үшін, әрі жеке сенушілерге және тұтас қоғамға тигізетін ықпалынан айыра алар құралды табуымыз үшін жазылған. Сол себепті, ең әуелі сұрақ қоюдан бастайық.

Ең зор қалау

Бәріне қатты нені қалаймыз? “Біз” деуімнің себебі, шынтуайтына келсек, бәріміздің қалауымыз бір. Табысты болу, өз саламызда жетістікке жету, жұрттың көңілінен шығу, отбасымызда береке, дос-жаранымыз көп болуы, зиялы қауымның ортасында болу, денсаулық, өзімізге ұнайтынның бәріне қаражатымыздың жеткілікті болуы.

Жоғарыда айтылғанның барлығы тартымды, кейбіреуі тіпті міндетті нәрселер. Алайда, ең зор тілегіміз осылардың ішінде бар ма? Осының бәріне қол жеткізсе де, іштей құлазып жүрген адамдар бар екенін білмейміз бе, әлде?

Голливудтың актёрлары, ірі компания иелері, кәсіби спортшылар, лауазымды адамдар, өмірдегі бар жетістікке жеткен, соған қарамастан, әлденеден құр қалған адамдар жайлы бәріміз де естіп жүрміз. Көңіліндегі құлазудан құтылам ба деп, кейбірі есірткі не арақ-шарапқа салынады, таңсық бір оқиғаларға ұрынып, не махаббат қызығына елігеді. Енді біреулері көңіліндегі азап пен күйзелістен арылам деген үмітпен дінге беріледі, “Жаңа заман” мистикалық қозғалысына мүше болып, діни

ізденіске беріліп немесе сиқыршылыққа шырмалып жатады.

Шынтуайтына келсек, мұның бәрінен де зор бір нәрсенің бар екенін бәріміз де жүрек түбінде сеземіз. Әрбір адам аңсайтын нағыз көңіл қанағатын, оны өзіміз білсек те, білмесек те, Жаратушымен жақын қарым-қатынастан ғана таба аламыз. Сіз Құдай туралы қандай пікірде болсаңыз да, жаныңыздың шындап аңсайтыны – жалғыз Құдай. Жаратушысымен қайта қосылғанда ғана адамның көңілі тояды, жаны қанағаттанады.

Шын мәнінде Құдай «...адамның жан дүниесіне мәңгілікті сезетін түйсікті дарытты» (Уағыздаушы 3:11). Бізді торына түсірген өтіріктің күші қаншалықты зор болса да, жүрегіміз “мәңгі Патшаны” (1 Тім. 1:17 қараңыз) аңсайды. Құдайдың Сөзі адам жайлы былай дейді:

«Құдай туралы білуге болатын шындық адамдарға белгілі, мұны оларға Оның Өзі білдірген. Өйткені Құдайдың көзге көрінбейтін қасиеттері — Оның мәңгілік құдіреті мен құдайлық болмысы дүние жаратылғаннан бері айқын: бұларды Оның жаратқан нәрселерінен байқап түсінуге болады. Сондықтан адамдар Құдайды біле алмадық деп сылтаурата алмайды» (Рим. 1:19, 20).

Құдай туралы білмейтін адам жоқ. Жүрегінің тереңіне үңіле қараған әрбір адам өмірінің әлдебір кезеңінде Құдайды білсем деген ыстық ықыластың болғанын мойындайды. Бәріміз де Құдайдың құдіретті екенін, бәрін көріп тұрғанын және барлық жерде бар екенін түйсікпен білеміз.

Құдаймен қарым-қатынасқа кірген әрбір адамның білетіні – Оның теңдесі жоқ құзыры, салтанаты, құдіреті, ұлылығы санаға сыймайды. Құдай Тағаланың ұлылығы сондай, ғаламдағы ең мықты жаратылыс – періштелердің өзі аспан патшалығында үнемі табынып, Құдайды қастерлеп, ұлы салтанатына қайран қала дауыстаумен болады. Олардың Құдайды мадақтай сөйлеген дауыстарынан миллиардтаған тіршілік иесі мекендейтін аспанның ғаламат кеңістігі дүр сілкінетін болар, сірә.

Құдайдың даналығы, жасампаздығы, адалдығы, білімі адам санасына сыймайды. Ғасырлар бойы ғұламалар жаратылыс құпияларын зерттеумен келеді, сонда да оның шытырман күрделілігі мен ғажайып үйлесімділігін түгел түсініп болған жан жоқ.

Бірде-бір адам Құдай Тағаланың мейірімін, сүйіспеншілігін, ізгілігін, жанашырлығын жете ұғынып, толығымен қабылдай алмайды. Құдайдың сүйіспеншілігі шексіз.

Қырық жылдай Құдаймен арадағы қарым-қатынасыма рахаттанып келемін. Сонда да Жаратушымыздың бізді өзімізге-өзіміз төндірген айыптың ауыр жүгінен арылтқаны жайлы бұрынғыдан да терең түсінік келгенде, әжептәуір дағдарып қалдым. Ол адамзатқа жер бетінде билік жүргізуге құзырет берген еді, біз ол билікті Құдайдың ежелгі жауы шайтан мен оның жалшыларына өз қолымызбен бердік. Құдай сатқындық жасайтынымызды алдын-ала біліп, ғаламат құн төлеп, адамзатты құлдық пен қапастан шығарудың жоспарын ойластырып қойған. Біз өзімізді-өзіміз айып-күнәға батырсақ та, күнәміздің құнын Өзі төлеп, бізге азаттық алып берді. Осыны Өз Сөзінен аттамастан орындап шықты. Құдайдың Сөзі Жаратушымыз адамға айналғанда ғана орындалатын болғандықтан, адам кейпіне енді.

Құдай ғаламшарды адамға бергендіктен, Құдайы билігін пайдаланып, қайта алғаны әділдікке жатпас еді. Жерді тек Адамның Ұрпағы ғана қайтаруға тиіс еді. Исаның пәк қыздан туғанының терең мәні осында жатыр. Мұндағы даналық мынада: Иса адам болып туылғанда, жүз пайыз адам болмысына ие болды, ал Әкесі Киелі Рух болғандықтан Ол күнәар болмысты мұра еткен жоқ. Сонымен, Ол адам бола тұра, күнәар пенде емес еді.

Иса – адам кейпінде келген Құдайдың Өзі. Бізді құтқару үшін қаншалықты зұлмат азап пен қасіретті басынан өткізерін біле тұра, сол ісін өз еркімен жүзеге асырды. Құдайдың бізге деген сүйіспеншілігі соншалықты зор, соншалықты терең.

Құдайдың ізгілігі, кең пейіл сүйіспеншілігі, құдіреті, ұлылығы жайлы талай кітап жазуға болар еді. Алайда бұл кітабымының мақсаты ол емес.

Біз жоламайтын сұрақтар

Біз таңғажайып Құдайдың перзенттеріміз. Сондықтан ғажап сүйіспеншілікке кенеліп жүруіміз орынды болар. Бұл ақылға қонымды ой ғана емес, Киелі Жазбаның өзі соны растайды. Бізге мыналар уәде етілген:

- Оның Құдайы болмысы

- кең пейіл, риясыз мінез
- сөзсіз сүйіспеншілік пен кешірімділік
- айтып жеткізгісіз қуаныш пен тыныштық
- табиғаттан тыс күш-құдірет
- дәулет
- өміршеңдік
- денсаулық
- қауіпсіздік пен тұрақтылық

Бұл тізіммен Құдайдың жомарттығы, әрине, шектелмейді. Басқа да көптеген уәделер бар, олардың ішінде:

- Құдайдан келетін даналық
- білім
- ақыл-парасат
- ісмерлік
- ұшқыр ой мен жасампаздық.

Бұлардың барлығы іс-әрекетімізді табысты әрі жемісті етуге тиіс. Басқаша айтқанда, аспанда сақталған асыл қазына бізге уәде етілген. Исаның “Құдайдың Патшалығы сендердің жан-дүниелеріңде», сондықтан Оның еркі көктегідей жерде де орындалуы тиіс деп айтқаны есіңізде болар.

Алайда, сенушілердің жеке өмірінде де, жалпы қоғамда да мұндай нәтиженің жоқ екені айдан анық. Шындықты бүркелемей ашық айтсақ, Құдайдың адамдары мен осы дүниелік адамдардың арасынан көп айырмашылық көріп жүрміз бе? Біз, Исаның жолын қуушылар, немізбен көзге түсіп жүрміз? Қараңғы ұрпақтың арасында сәуле шашып жүрміз бе? Жұбайлардың ажырасу санына қараңызшы, Қауым мен дүниенің арасында айтарлықтай айырмашылық бар ма? Қызғаныш, іштарлық, өсек-аяқ сияқты қарым-қатынасты ірітетін нәрселерден аулақпыз ба? Ар-намыстан безген мына қоғамда Құдайдың адамдары байсалды мінезімен, адалдығымен, таза арымен көзге түсіп жүр ме? Сенушілер мен сенбеушілердің әл-ауқаты, денсаулығында айырмашылық бар ма? Ресурстарға молынан ие болып отырмыз ба? Айналамыздағы адамдардың жоғын жамап, Ізгі хабарды әр адамға жеткізуге дәрмен бар ма бізде?

Осы айтылғанның барлығы қол жетпес армандай болып естілер,

бәлкім? Дегенмен, Көне Өсиетте күмістің құнсыз зат, тас сияқты үйреншікті нәрсе деп саналатын асып-тасыған молшылық заманның болғаны есіңізде шығар (3 Патшалықтар 10:21, 27 қараңыз). Қазір, Жаңа Өсиет тұсында, күнін әрең көріп жүрген жетекшілерді, халқына көмек көрсеткісі келетін, бірақ қаражаттың, қызметкерлердің, басқа ресурстардың тапшылығынан ол ниетін жүзеге асыра алмай жүрген талай-талай бағушыларды жиі кездестіремін. «Көктегідей жерде де» деген осы ма?

Құдай Патшалығының қамын ойлап, Құдайдың әділ еркін орындауға ұмтылсақ, көктегі Әкеміз басқа керегіміздің бәрін қосып береді деп үде еткен еді ғой Иса.

Ресурстардың тапшылығынан Исаның ісі жүзеге аспай қалған кездері болған емес. Өкінішке орай, қауымдарда дәулет пен молшылық жайлы өрескел тәлімдердің тарағаны бар. Сол сыңаржақ тәлімдерге бола көптеген сенушілер молшылыққа күдіктене қарайтын болды. Алайда, өзіміз тапшылық көріп отырсақ, басқалармен немізді бөліспекпіз?

Құдай Патшалығының қамын ойлап, Құдайдың әділ еркін орындауға бар ынта-жігерімізді салсақ, Оның еркін жер бетіне түгел таратуға қажеттің барлығын Өзі береді. Құдай – адамға тапсырма беріп тұрып, оны орындауға қажет құрал-жабдық бермейтін нашар жетекші емес қой. Бәрінен бұрын, Құдай – ізгі Әке. Жалғыз ниеті – балаларына жақсылық жасау. Тек, бізді дәулет билеп кеткенін қаламайды. “Жамандық атаулының түп-тамыры” – ақша емес, ақшақұмарлық.

Ежелгі Израил тарихында бүкіл ел ішінен бірде-бір жарлы кісі табылмайтын уақыт болған. «...Яһуда мен Израилдің халқы алаңсыз тіршілік етіп, солтүстіктегі Даннан оңтүстіктегі Бер-Шебаға дейінгі бүкіл өлкеде әр адам өз бау-бақшасында тұрып жемістерін рақаттана жейтін» деп жазылған (3 Патшалықтар 4:25). Дан деген қала Израилдің солтүстік шетінде, ал Бер-Шеба оңтүстік шебінде орналасқан. Яғни, Киелі Жазбаның айтуынша, бүкіл Израил елінде жоқшылық көріп жүрген жеке адам да, мемлекет көмегіне зәру болып отырған әлеуметтік топтар да болған жоқ. Осындай молшылыққа олар қалай жетті?

Әрине, бұл кездейсоқ жағдай емес. Көне Өсиеттегі Құдай халқының тарихына барлай қарасақ, экономикалық, әлеуметтік, әскери тұрғыдан дәуірлеген ұрпақтардың болғанын көреміз. Оларда ресурстар, ас,

байлық мол болған. Жау шапса, жауларын жеңіп отырған, жаудан жеңілмеген. Олардың гүлденген өміріне қарап, басқа халықтар қайран қалатын. Мұның барлығы Көне Өсиетте болған, ал Көне Өсиеттен Жаңа Өсиеттің артықшылығы көп екенін ұмытпаңыз!

Иса Құдай мен адамдардың арасындағы бұрынғысынан гөрі жақсы Келісімге жол ашты (Евр. 8:6). Исаның өміріне қарасақ, ел басшылары, салық жинаушылар, елдің белділері, жезөкшелер, ұрықары, бай, кедей – барлығы жаппай Исамен кездесуге құмартқан. Иса қайда барса да, бүтіндей бір қалаларға өзгеріс кірген. Басқалардың мұқтаждықтарын толтыруға қашанда әл-дәрмені жеткілікті болған. Егер де біреу Исаның шәкірттеріне нұқсан келтірмек болса, ондай ниет толығымен жүзеге аспай қалатын. Керісінше, жамандықтың арты жақсылыққа, керемет жетістікке айналып жататын.

Алғашқы сенушілер туралы «бүкіл әлемде төңкеріс жасаушылар» (Елшілердің істері 17:6) деген лақап тарады. Олар да ештеңеден тапшылық көрген жоқ. Оны мына сөзден білеміз: «...олардың бәріне Құдайдың мол рақымы жауды. Араларында жоқшылық көрген ешкім болған жоқ» (Елшілердің істері 4:33, 34). Тіпті қолбасшылар мен қала басшылығының алдында өздерінің Құдай емес екенін, оларға табынудың қажет еместігін дәлелдеуге де тура келетін. Сол қалалардың тұрғындары оларды өз заманының ертегідей батырларына балады. Олар қиналғандарға азаптан азаттық әперді. Олар сол заманның түнекке батқан қоғамында жұлдыздай жарқырады.

Сұрағымды тағы да қайталауға рұқсат етіңіз: өміріңіздің сапасы айналадағы дүниенің өмірінен едәуір өзгеше ме? Киелі жазбада анық айтылған ілімді бұрмалап, “бұл уәделер – тек алғашқы қауымның еншісі, қазіргі заманға сай емес” деген пікірді ақтауға сылтау тауып жүрген жоқпыз ба?

Киелі жазбаның сөздеріне шындап ден қойсақ, қалай болар еді?

Ешкімді де айыптайын деп отырған жоқпын, жалғыз-ақ мына сұрағымға жауап беруіңізді сұраймын: «Сенің еркің көкте орындалғандай, жер бетінде де орындала берсін!» деген осы ма?

Исаның «Құдайдың Патшалығы сендердің жан-дүниелеріңде» деген сөзін (Лұқа 17:21) елеусіз қалдыруға болмас. Құдайдың Патшалығы осында, Мәсіхтің Денесінде. Замандастарымыздың арасындағы

күнделікті тіршілігіміз Исаның Өз замандастарының арасында өмір сүргеніне ұқсас па? «Онымен қатынаста тұрмын дейтін кісі Иса Мәсіх қалай өмір сүрген болса, солай өмір сүруге тиіс» деп, бізге айтылмап па еді (1 Жохан 2:6)?

Алғашқы қауым күнәнарларды құтқаруда қаншалықты жемісті болса, біз де соншалықты жемістіміз бе? Небәрі екі-ақ жылдың ішінде Құдайдың сөзі шартарапқа тарағанын көрдік пе? (Елшілердің істері 19:10 қараңыз).

Қазіргі таңда осындай кереметтер болып жатыр деп айта аламыз ба? Шындықты бүркелемей ашық айтайық.

“Қазіргі заманда Құдай ондай істер жасамайды” деп айтуымыз алдымызда тұрған пілді көрмегенмен тең. Ізгі хабарды өзіміздің хал-ахуалымызға қарай қысқартып тастағандаймыз. Билік, құдірет, молшылық, жеміс, денсаулық әкелетіннің бәрінен мұрын шүйіре теріс айналып жүргендейміз. Мұндай жолдауларды тым радикал, сыңаржақ, тәкаппар дейміз. Сөйтіп Ізгі хабардың ықпалын әлемге тарата алмағанымызды ақтаймыз, қиын сұрақтарға жауап іздеуден де оңай құтыламыз.

Сондықтан бәріміз демесем де, көбімізді алаңдатып жүрген әрекетсіздігіміз жайлы көп ойланамын. Бұл мәселені көтермей, жылы жауып қойғанымыздың себебі неде? Бұл сұрақтың жауабын неге іздемейміз? Бұл ізденіс талай құпияның бетін ашатынын, талай сырымыз әшкереленетінін біліп, осылай тартыншақтап жүрміз бе? Алайда, сұрақтардың жауабын таппасақ, сол жауаптарға сай өмір сүрмесек, тұрмысымыз уәде етілгеннен әлдеқайда төмен деңгейде қала бермек.

Құдайға қызмет еткеніме отыз бес жылдан асып, жасым алпысқа таянған кезімде әлгі сұраққа жауап іздеуге ынтам да шама-шарқым да жеткілікті. Сол ізденіске мені Құдайдың Өзі жетелеп тұрғанын сеземін. Менің ойымша, Құдайдың Сөзін арқау етіп, Оның алдына адал жүрекпен келсек, өмірімізге уәде етілген кемелдік келеді.

Өзім сияқты, сіздерді де осы сұрақтардың жауабы қызықтырса, рухани саяхатқа бірге аттаналық. Саяхатымыз жылдам болмайды, әрі күрделі хирургиялық ота тәрізді жаныңызға бататын да болар. Оны дәрігердің науқастың қамын ойлап, өмірін құтқару үшін жасаған ем-шарасындай көріңіз.

Киелі Рух – қайсыбір дәрігерден артық жанашырымыз, жеке-жеке

әрқайсымыздың да, қауым ретінде барлығымыздың да қамымызды ойлайды. Кітаптың жанға батар жерлерін оқығаныңызда осыны естен шығармаңыз. Нәтижесінде бекемдік, денсаулық, сүйіспеншілік, ықпалдылыққа ие боласыз. Сұрақтарымының жауабында адамдардың, қалалардың, бүкіл ұрпақтардың өмірінің бағытын өзгерте алар әлеует бар деп сенемін.

Ал енді саяхатқа бірге аттанайық!

ІС-ӘРЕКЕТ

Жақыптың хатында (1:22) Құдай бізді “Құдайдың айтқандарын құр естуші ғана болмай, оларды іске асырушы болыңдар! Әйтпесе өздеріңді-өздерің алдайсыңдар” деп ескертеді. Яғни, Құдайдың Сөзін (Киелі Жазбадан, Киелі Рухтан, парасатты тәлімгерден) ести тұра, орындамасақ, өзімізді-өзіміз алдаймыз.

Сеніміміздің айғағы – тәліммен бас изеп келісуіміз емес, оған сай әрекетіміз. Сондықтан әр тараудың соңындағы тапсырмалар өте маңызды. Әр тапсырма сізді алға қарай әжептәуір жерге бір-ақ жеткізетін трамплин секілді. Тарауда талқыланған ақиқаттарды есте ұстап, тапсырмаға сай әрекет етіңіз. Тапсырманы орындау көп уақыт алмайды.

Әр тапсырманы мұқият орындап шықсаңыз, осы кітаптың пайдасын анағұрлым көбірек сезінесіз, әрі өміріңіз түбегейлі өзгереді.



Жұрттың бәрі қашқақтап жүрген сұрақтарды қою тіс дәрігеріне барып, тісіңді емдеткенмен бірдей, - дұрыстап емделем десең, бар батылдығыңды жинап баруың керек.

Күнәһар дүниедегі адамдардан өміріңіздің өзгешелігі неде? Таныстарыңыз Иса тәрізді өмір сүреді екенсің деп айтады ма? Осы сұрақтан қашпаңыз, оған жүрегіңізді ашыңыз. Исаға ұқсап өмір сүрсеңіз, өміріңіз қандай болар еді? Қай әдеттеріңізден арылар едіңіз? Сонда адамдармен қарым-қатынасыңызда қандай өзгерістер болар еді? Отбасыңыз қалай өзгерер еді?

Бір сәт аялдап, ойыңызды қағазға түсіріңіз. Киелі жазбаны өзіңізге жолбасшы етіңіз. Ол сізге мақсат пен бағыт-бағдар береді. Жауаптарыңызды жазып болысымен, мінәжат етіңіз. Жауаптарыңыздың қайсысы Құдайдың бүгінгі таңда сіздің өміріңіздегі әрекетіне нұсқайды? Киелі Рухтан соны көрсетуін сұраңыз. Өміріңіздің сол саласын жандандыруын, түбегейлі өзгерістер енгізуге қажет күш-қуат беруін сұраңыз.

ТАНЫС БОЛЫҢЫЗ, КРИПТОНИТ

Бірінші, кіріспе тарауда Құдайдың ұлылығын суреттеуге талпынып көрдік. “Талпынып көрдік” деп айтуымның себебі – тіліміз қанша жерден әсем, мәнерлі болса да, Құдайдың салтанатты ұлылығын суреттеуге сонда да жетпейді. Құдайдан құдіреті мен салтанаты асқан ешбір жан жоқ, Құдаймен ешкім теңесе алмайды. Құдаймен бәсекелесер де, теңесер де ешкім жоқ. Құдай Тағала мәңгілікке Патша болып қала бермек. Оның ұлылығы ғаламат!

Өміріміз Құдайды көрсетуге тиіс, Құдайдың перзенттері ретінде мұны жақсы түсінеміз. Киелі жазба да соны айтады. «...Мәсіхтің осы дүниеде қалай өмір сүргеніндей өмір сүрсек, онда Құдайдың сүйіспеншілігі бойымызда әбден толысып, мақсатына жетеді» (1 Жохан 4:17). Жохан елші «Мәсіхтің осы дүниеде қалай өмір сүргеніндей о дүниеде өмір сүрсек» деген жоқ. Жоқ, ол қазір, осы дүниеде, Иса сияқты өмір сүруге тиіспіз дейді! Бұл сөзден жан-дүниең түгел толқып кететін тәрізді. Киелі жазбада тағы мынадай сөз бар:

«Өзінің болмысы сондай ұлы әрі ізгілікті болғандықтан, Құдай бізге аса құнды да тамаша уәделерін берді. Бұл уәделерінің арқасында сендер Құдайдың әділ болмысын бөлісе... аласыңдар» (2 Петір 1:4).

Бір сәт ойланып көріңізші. Сіз бен біздің еншімізге Құдайдың әділ болмысы тиген. Әлемдегі ең танымал адамның болмысы емес. Жоқ, бұл Құдай Тағаланың Өз болмысы, Петір елші бізге соны жеткізгісі келеді. «Әділ» деген сөздің орнында түпнұсқада гректің theios деген сөзі тұр. Бұл сөздің мағынасы «жалғыз Құдайға ғана тән, Одан ғана тарайтын» (WSNTDICT сөздігі). «Болмыс» сөзі – грекше physis, «әлдененің немесе әлдекімнің табиғатын, жанын, мазмұнын, мәнін, қасиеттерін, құрамын көрсету» дегенді білдіреді (WSNTDICT сөздігі). Енді осы анықтамаларды қолданып, Петірдің сөзін қайта оқиық: «...Бұл уәделерінің арқасында сендер Құдайдың жалғыз Өзіне ғана тән, Одан ғана тарайтын табиғатын бөлісе...аласыңдар».

Біз шынында да Құдайдың перзенттеріміз!

Кейбір қызметкерлердің «Мәсіхші мен күнәһардың арасында еш айырмашылық жоқ. Бар болғаны, Мәсіхшілердің күнәсі кешірілген» деген сөздері мені қатты алаңдатады. Бұлай деу – күпірлік. Мұндай сөздердің өте жексұрын екі салдары бар: біріншіден, Исаның құрбандығын аяқ асты етеді, екіншіден, күнәһар қалаулардың арқасында дүниенің құлына айналған Құдайдың халқын азаттыққа ұмтылудан қақпайлайды.

Мұндай жалған ілімнен тіпті табиғаттың өзі бас тартады. Арыстаннан торғай, сәйгүліктен құрт туғанын естіп пе едіңіз? Біз Құдайдан туған, Құдайдың перзенттеріміз. Бізге мынадай сөз айтылған: «Сүйікті бауырларым, қазір (кейін, аспанға барғанымызда емес) Құдайдың рухани балаларымыз...» (1 Жохан 3:2).

Оның сүйіктілеріміз, олай болса, кең пейіл мінез, шартсыз сүйіспеншілік, шексіз қуаныш, адам ақылынан асқан керемет тыныштық, күш-құдірет, терең білім мен көрегендік, және көптеген басқа қасиеттер бойымыздан табылуға тиіс!

Киелі жазба бізге осы және осы сияқты қасиеттерді уәде етеді. Сондықтан сұрағымды тағы да қайталаймын: “Неліктен оларды жеке басымыздан да, қауымнан да таппаймыз?”

Осы және осыған ұқсас сұрақтарға жауап берерден бұрын, қолыңыздағы кітапты әрі қарай оқуға жүрегіңізді дайындағаным дұрыс деп білемін. Алдағы бірнеше тарау сыншыл, дәрекілеу көрінуі мүмкін. Алайда, сұраққа жауап табасыз, және сол жауаптар көңіліңізге қонады. Осы сөзіме сеніңіз.

Мынадай жағдайды елестетіп көріңіз: дәрігер науқастан бастапқы стадиядағы обыр ауруын тауып, диагнозын дұрыс қойып, жеңіл ота жасау керектігін айтса, науқасқа бұл жағымсыз хабар болып көрінер еді. Науқас іштей: “Не дейді? Обыр дейді ме? Не деген жаман хабар! Мұндайды естігім де келмейді, ем-шарасына барғым да жоқ! Әй, бірақ, аман қалуым үшін емделуім керек-ау”, – деп ойланатын болар. Ал енді басқа жағдайды қарастырайық: дәрігер өсіп келе жатқан ісікке назар аудармастан, науқасты “салауатты өмір салтын ұстаныңыз, дұрыс тамақтаныңыз, дене шынықтырумен айналысыңыз, стреске берілмеңіз, уайымға салынбаңыз” деген ақыл-кеңеспен қайтарса, ауру асқынып, емге көнбейтін дәрежеге жетеді де, науқасты ақыры ажалға соқтырады.

Бізді шектеп, тұсап жүрген, ақыр соңында тіпті өлімге де жеткізе алар нәрселерді дөп басып көрсету – Құдайдың бізге деген сүйіспеншілігі. Позитивті жүріс-тұрыс, позитивті ойлау бізді аяқтан алып отырған нәрселерден арылтпайтынын Құдай жақсы біледі. Қайта, сол мәселелермен бетпе-бет кездесіп, өмірімізден жұлып алып тастағанымыз дұрыс. Құдай – деніміздің саулығы мен өміріміздің салауатын ойлайтын қамқор Әкеміз.

Сондықтан, келесі тарауларды оқып отырып, мынаны назарыңызда ұстаңыз: диагноз қоюдың мақсаты – дұрыс ем қолдану. Оның түпкі нәтижесі Киелі жазба уәде еткен молшылыққа жетуіміз болады.

Сұраққа қалай жауап береміз

Құдайдың Патшалығы жан-дүниемізде болса, неге ол аспандағыдай жерде де орнамайды? Құдай мен адамдардың арасындағы бұрынғысынан гөрі жақсы Келісімге Исаның жол ашқанын Киелі жазбадан білеміз ғой. Онда не себепті Көне Өсиеттегі сенушілердің кейбіреуінің жағдайы біздікінен жақсы болған? Киелі жазба бұл сұраққа бір емес, бірнеше қайталап жауап береді! Пауыл елшінің Қорынттағы сенушілерге жазған хатынан сол жауаптардың бірін табамыз:

«Әркім нанды жеп, тостағаннан ішпес бұрын өзін сынасын; егер лайықсыз түрде нан жеп, тостағаннан ішіп, Иеміздің денесіне тиісті құрмет көрсетпесе, онда ол өзіне Құдайдың үкімін шығартады. Сондықтан да сендердің көбің әлсіз де

аурусыңдар, біразың қайтыс болдыңдар. Егер алдымен өзімізді-өзіміз сынасақ, Құдайдың жазасына ілікпес едік. Ал бізге күнәкар дүниемен бірге қияметте үкім шығармас үшін Тәңір Иеміз бізді қазірдің өзінде тексеріп, жазалауда» (1 Қорынт 11:28–32).

Қорынттықтардың нан үзу рәсіміне деген көзқарасы қаншалықты надан екенін ескерте отырып, бұл надандық нақты іс-әрекеттермен ғана шектеліп қоймайтынын айтады. Ол заманда нан үзу рәсімі қазіргіден басқаша өтетін. Олар кәдімгі түскі ас ішетін. Қорынттықтарды Құдайдың қаһарына ұшыратқан мәселенің түп-тамыры істерінің Құдайға ұнамсыз екенін біле тұра, қасақана жалғастыра бергенінде еді.

Мұның салдары әлсіздік, ауру, өлім болды. Соңғы екеуінің не екені әбден түсінікті. Ал біріншісі не? “Әлсіздікті” денсаулық пен күш-қуаттың жетіспеушілігі, қауқарсыздық пен дәрменсіздік деп түсінуге болады. Бұл сөз өмірдің қай саласына да қатысты айтылуы мүмкін. Жалпы айтқанда, бұл сөздің мағынасы – Құдайдың жоспарына сай адам бола алмау.

Суперменге қайта оралайық. Оған қауіп төндірген, әлсіздікке ұшырауының себебі болған зат – криптонит. Суперменнің ғажайып қабілеттері бар болатын. Ол адамның қолынан келмейтін істер істей алады, сұңғыла сезімтал, көреген, өзі алапат күш иесі және мінезінде еш мін жоқ. Алайда, криптонитке жақындаса болды, Супермен тіпті жай адамнан да әлсіз, дімкәс күйге түседі. Ұзақ уақыт криптониттің жанында болса, өліп те кетуі мүмкін.

Шынтуайтына келсек, Пауыл елші криптониттің қауымға тигізетін әсерін түсіндіреді. Бұл құбылыс Құдайдың болмысын қабылдап, Оның құдіретіне сай өмір сүруімізге тосқауыл қояды.

Дәуіт патша бірде күнәсіне өкініп, тәубе етпегенін мойындайды. Сонда: «... жаздың аптабы семдірген көк шөпке ұқсап солып қалдым» дейді (Забур 31:4). The Message аудармасы былай дейді: «...өмірімнің нәрі кетті». Забур жырларының енді бірінде: «...Күнәма бола күш-қуатым қайтуда, сүйектерімнің күші кетіп қуаруда» делінген (Забур 30:11).

Жақып елші: «...күнә жасау рухани өлімге ұшыратады. Сүйікті бауырластарым, алданып қалмаңдар» дейді (Жақып 1:15, 16). Жақып елші сөзін сенушілерге арнап, күнәнің қақпанына түсіп қалудан сақтандырады. Күнәдан арылмасақ, ол сенушілерге криптониттің Суперменге істегенін істейді, тіпті өлімге де жеткізуі мүмкін. Сонымен, Пауыл елші балаларына

қамқор рухани әке ретінде Қорынттағы қауымды да, бізді де рухани криптониттің әсеріне түсіп қалудан сақтандырады.

Тәптіштеп ескерту

Осы бір жүрегімізді тексеретін аяттардағы ең алдымен назар аударатын нәрсе – алдын-ала ескерту. Пауыл: «араларыңдағы әлсіздіктің, аурудың, мезгілсіз ажалдың себебі – осы ғана» деген жоқ.

Басқа сөзбен айтқанда, ол барлық сынақтың, аурудың, өлімнің себебі тек күнәда деп айтқан жоқ. Біз, сенушілер, күнәһар дүниеде өмір кешіп жүрміз, бұл дүние табиғи күштердің де, жын-шайтанның да әсерінен кенде емес.

Осы орайда Ізгі хабардағы бір оқиғаны естеріңізге түсірейін. Иса зағип боп туған адамның жанынан өтіп бара жатады. Сонда шәкірттері Исадан: «Ұстаз, мынаның соқыр болып туғанына өз күнәсі себеп болды ма, әлде ата-анасынікі ме?» — деп сұрады (Жохан 9:2). Олардың ойынша, адамның соқыр боп туылуының жалғыз себебі – күнә.

Иса сол сәтте «Оған өзінің де, ата-анасының да күнәсі себеп болған жоқ» деп жауап берді. Ол шәкірттерінің адасқан жексұрын жорамалдарын жылдам әрі нық тиып тастады. Әлсіздікке, ауруға, өлімге жалғыз ғана себеп – күнә деуіміз қате. Сондай ағат пікірдегі достары Елипаз, Билдад, Сопар да Әйүпті сынға алған болатын. Олар Әйүпке айып таға сөйлеп, басына түскен бәленің бәрі – Әйүптің күнәларынан десті (Әйүп 5:17; 8:4–6; 11:13–15; 22:1–11 қараңыз). Алайда, қиындықтар басталмай тұрып Құдай Әйүпті мақтан тұтып, «...жер бетінде ол сияқты кінәратсыз да әділ, Құдайын терең қастерлейтін, жамандықтан аулақ жүретін ешбір жан жоқ» деген болатын (Әйүп 1:8). Әйүптің басына түскен қиындықтың күнәға немесе жарамсыз іс-әрекетке еш қатысы жоқ. Құдай біразға дейін үнсіз қалды да, ақырында Елипазға былай деді: «...Мен өзіңе және осы екі досыңа қаһарланып отырмын, себебі сендер Өзім туралы қызметшім Әйүп сияқты дұрыс сөйлеген жоқсыңдар!» (Әйүп 42:7). Құдайды қатал, жазалаушы етіп көрсетсек, Оның мінезіне тіл тигізген боламыз. Өйткені, Оның мінезі шын мәнінде ондай емес.

Баяғыда, менің жас кезімде, қиындыққа тап болғандарға қауымдарда күнәһарсың деп айып тағылатын.

Кейбір сенушілер әлі де солай ойлайды. Бір жақсысы, бұл көзқарас азайып келеді. Киелі кітапқа негізделген тәлім мен дұрыс жетекшілік қауымдарды бұл сорақылықтан арылтып келеді. Осылайша айыптай сөйлеген адамдардың сөздерінен әдепсіздік, ұлы зәр, тіпті өшпенділіктің ызғары есіп тұратын. Өкінішке орай, сол көзқарас біраз адамды сенімнен аластатты.

Сонымен қатар, отыз сегіз жыл бойы сал болған, енді шипа алған адамға Исаның айтқан сөзі есімізде болғаны жөн: «Енді сен ауруыңнан сауықтың. Бұрынғыдан да жаман болғың келмесе, бұдан былай күнә жасаушы болма!» (Жохан 5:14). Күнәнің қиындықтарға, сынақтарға есік ашатынын Иса ескертіп айтқан, біз оны жоққа шығармайық. Исаның сол адамға деген сүйіспеншілігі сондай, Өз өмірін ол үшін қиды. Нақ сол сүйіспеншілігіне бола Иса әлгі адамды осылай деп ескертті.

Осы тәрізді мәселелерді шешуден бас тарту нағыз сүйіспеншіліктің жетіспеушілігінен туындайды. Ешқайсымыз да дәрекі, сыншыл, айыпқұмар адам болып көрінгіміз келмейді. Дегенмен, мәселені көре тұра, көрмегендей болу басқа жаққа жалтарғанмен бірдей. Онда Пауыл айтқан күйде қала береміз де, көбіміз әлсіз, ауру болып, арамыздығы кейбіріміз мезгілсіз көз жұмады. Сүйіспеншілік деген осы ма? Қамқорлық деген осы ма?

Бізде адамдардың таппай жүрген жауаптары бар. Бірақ біз түсініспеушіліктен қорқып, ештеңе айтпаймыз. Шынымызды айтайықшы: біздің сүйіспеншілігіміз неде? Иса мен Пауыл қауымды сүйгендіктен ақиқатты бүкпесіз айтқан, біз де солаймыз ба? Әлде түсінбеушіліктен, серіктеріміздің теріс айналуынан қорқып, өзімізді, өз абыройымызды аялап жүрміз бе?

Менің жолым

Қызметке кіргеннен кейінгі алғашқы жылдарда барлық адамға жігер беруге, әрбір кісіге жылы шырай танытуға тырысатынмын. Қандай да болсын араздық, келіспеушілік, жанжалдың қай түрінен болса да аулақ болғым келетін. Ондай жағдайды болдырмауға бар күшімді салумен болдым. Кейде тіпті өтірік күліп, жалған болса да жылы сөз айтатын едім. Джон Бивер туралы: «Ол өте биязы, мейірімді, қауымдағы ең жағымды адамдардың бірі» деген лақап тарады. Осы сөздер құлағыма жетіп, жаныма жағып жүрді.

Бірде, мінәжат етіп отырғанымда Құдай сөйледі: «Сені қауымдағы ең сыпайы адамдардың бірі дейді, солай ма?»

«Иә, солай» деп жауап бердім. «Сірә, Құдай маған риза шығар» деп ойлаған едім, алайда Киелі Рухтың наразылығын сезіндім. Оның айтпағы басқа екен.

«Сен қауымдағы адамдарды жақсы көрмейсің». Төбемнен жай түскендей «Не дейсің? Олардың өздері мені мейірімді адам деп жүрген жоқ па?!» дедім.

Құдай: «Ұлым, сөзің шындыққа жатпаса да, адамдарды мақтай сөйлеуіңнің шынайы себебін білесің бе?» — деді.

«Ол туралы ойланған емеспін», — деп жауап қаттым.

«Басқалардың сені жақтырмай қалуынан қорқасың. Назарың кімде - өзіңде ме, басқаларда ма? Бауырластарыңды шынымен де жақсы көрсең, оларға жақсын, жақпасын, шындықты айтар едің. Өзіңнің жағымды болып көрінуіңді емес, басқалардың қамын ойлайтын едің», - деді Құдай.

Өмірімнің маңызды кезеңі басталды. Лезде бағытым күрт өзгерді, енді басқа жаққа қарай ауа бердім. Қатты мінезді, қатал уағыздаушыға айналдым. Жүрегімде адамдарға деген Құдайдың сүйіспеншілігі әлі лаулап жанған жоқ-ты. Адамдардың қамын, олардың мәңгі өмірге ие болуын емес, әрекетімнің дұрыс болуын ойладым. Кейде тыңдаушыларымның зығырданын қайнататынымын.

Қызметіміздің алғашқы қадамдарын еске алуға ұяламын, себебі мен барып қайтқаннан кейін бағушыларға қауымдарын «ретке келтіруге» тура келетін.

2001 жылы Европадағы ірі қауымдардың бірінде өткен конференцияда қызмет еттім. Бірнеше айдан кейін естігенім, бір танымал бағушы мені сыртымнан өте беделді қызметкерлердің алдында сынап тастапты. Мені «дөрекі сөйлейді, Құдайдың қойларын ұрады» депті. Бұл рас еді.

Бұл қайғылы жаңалық мені Құдайдың сүйіспеншілігін бұрын-соңды болмаған ынтамен іздеуге итермеледі. Құдайдың жанашырлығын жалына сұрап жүргенімде, Құдай жүрегімді Оның адамдарына деген сүйіспеншілікке бірте-бірте толтыра беріпті. Адамдарға шынайы сүйіспеншілікпен қызмет етудің не екенін сонда түсіндім.

Кейбіреулер емес, барлығы

Есіңізде ме, Пауыл елші Қорынттағы қауымды өте қатты сүйетін еді ғой. Оны Пауылдың мына сөзінен байқаймыз: «Неге бұлай істеймін? Сендерді сүймегендіктен бе? Өздеріңді сүйетінім Құдайға аян!» (2 Қорынт 11:11).

Осы хатының басқа жерінде: «Оны қатты қиналып, жүрегім ауырып, көзіме жас ала отырып жаздым. Өздеріңді қайғырту үшін емес, қайта, шексіз сүйетінімді ұғындыру үшін жаздым» дейді (2 Қорынт 2:4). Қорынттағы сенушілер Пауылды қате түсінген еді. Олар түзету мен ескертуді сүйіспеншіліктің жетіспеушілігі деп топшылады. Мұндай жағдай, әрине, қай қауымда болса да, орын алуы мүмкін. Көптеген адамдар менің қателігімді қайталайды – олар қатал, қатты, қамқорлыққа, сүйіспеншілік пен жанашырлыққа жоқ. Олар әдемі сөйлейді, жақсы ұран тастайды, бірақ ниеті дұрыс емес. Осындай берілген билікті теріс қолданатын адамдардан зардап шеккен сенушілер аз емес. Алайда, түзету мен ескертудің бәрі бірдей бола қоймас. Пауылдың сөздері кейде қатаң келеді, ол әшкерлейді де, түзетеді де. Бірақ осының барлығы Пауылдың ыстық сүйіспеншілікке толы жүрегінен шығады.

Сол хатында, сәл төменірек Пауыл былай деп жазады: «Осылайша мен рухани игіліктеріңе бола қолымдағы барымды қуана жұмсап, өзімді де еш аямаймын. Сендерді неғұрлым артық көрген сайын мені анағұрлым аз сүйсеңдер де, солай істей беремін» (2 Қорынт. 12:15). Ол кейіп отырғанын жасырмайды. Қорынттықтар Пауылдың сүйіспеншілігі мен қамқорлығын түсінбеді, енді елшіні қатал жетекшідей, жұрттың бәрін өзіне бағындырып ұстағысы келетін адамдай көріп жүр.

Дұрыс түсініңіз, Пауыл көп сенушінің ауруға шалдығуының, әлсіздікке ұшырауының, мезгілсіз көз жұмуының себебін түсіндіргенде шымбайға батырып айтса да, ыстық сүйіспеншілікпен айтады.

Пауыл елші «көбің» емес, «кейбірің» десе, құлаққа жұмсақ тиер еді. Бірақ, осылай әдейі жазады. Пауылдың сөзіндегі ақиқатты елемеге болады ма? Бұл ақиқаттың Қорынттағы сенушілерге қатысы болған болса, бүгінгі сенуші – біздерге де қатысы бар ма? Пауылдың айтып отырғаны жалғыз-ілік жағдай болса, Құдай оны Киелі жазбаға енгізер ме еді? Бүгінгі таңда бізге осының қатысы бар ма? Әлбетте, дұрыс жауап “Иә”.

Соңғы дәлел: Пауыл елші қауымдағы нан үзу рәсімін ғана айтып отырған жоқ. Елшінің сөздерінде бір қарағанда көзге түсе қоймайтын терең мағына бар. Оны ұзақ жылдар бойы ұғына алмай жүрдім. Және көптеген сенуші де солай.

ІС-ӘРЕКЕТ

Тараудың бас жағын қайта оқып шығып, айтылғанды еске түсіріңіз. «Мәсіхтің осы дүниеде қалай өмір сүргеніндей» өмір сүру – сіздің еншіңіз екенін ұмытпаңыз (1 Жохан. 4:17). Құдай сізді болашақта, о дүниеде емес, дәл қазір, жер бетінде Исаға ұқсап өмір сүруге шақырады.

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, күделікті тыныс-тіршілігіңіз жайлы не ойлайсыз? Иса Мәсіхтегі әуелетіңізді білмей тұрып, қаншалықты әлсіз екеніңізден бейхабар болған шығарсыз? Ал енді, еншіңіздің қаншалықты зор екенін білгеннен кейін, өзіңізді мықтымын деп санайсыз ба? Әлсіз екеніңізді мойындасаңыз, өзіңізді әділ бағалағаныңыз. Өйткені Киелі жазба: «Менің рақымым саған жетер: күшсіз жағдайыңда Менің құдіретім толықтай іске аса алады» дейді (2 Қорынт. 12:9).

Құдай әлсіздігімізді күшке айналдырады. «Құдай тәкаппарларға қарсылық жасайды, ал кішіпейілдерге рақымын сыйлайды» (1 Петір. 5:5). Құдайдан өміріңіздегі әлсіздіктің себептерін ашып көрсетуін сұраңыз. Құдайдың жауабын жазып алыңыз да, солардың әрбіреуінен азат болуыңыз үшін мінәжат етіңіз. Уақыт бөліп, әр әлсіздігіңізді күшке айналдырудың Құдай ашып берген жолын жазып алыңыз.

ЖАЛҒЫЗ АДАМНЫҢ КҮШІ

Пауыл елшінің сүйікті қауымына жазған сөздерін тағы да қайталап оқып шығайық:

«Әркім нанды жеп, тостағаннан ішпес бұрын өзін сынасын; егер лайықсыз түрде нан жеп, тостағаннан ішіп, Иеміздің денесіне тиісті құрмет көрсетпесе, онда ол өзіне Құдайдың үкімін шығартады. Сондықтан да сендердің көбің әлсіз де аурусыңдар, біразың қайтыс болдыңдар. Егер алдымен өзімізді-өзіміз сынасақ, Құдайдың жазасына ілікпес едік. Ал бізге күнәкар дүниемен бірге қияметте үкім шығармас үшін Тәңір Иеміз бізді қазірдің өзінде тексеріп, жазалауда» (1 Қорынт. 11:28–32).

Бұл тарауда Пауылдың «Иеміздің денесіне тиісті құрмет көрсетпесе» деген сөздеріне көңіл бөлмекпін. Тоқталғым келетіні: біріншіден, бұл сөздер жеке-дара адамдарға емес, қауымның әрбір мүшесіне, яғни, Қорынт қаласындағы жамағатқа жалпы айтылған болатын.

Өткен онжылдықтарда Иса Мәсіхпен жеке қарым-қатынасқа басым көңіл бөлетінбіз. Әрине, бұл мәсіхшіліктің өте маңызды, өзекті көрінісі. Алайда, біз қауымның бір дене ретіндегі бірлігіне мән бермей жүрдік. Басқаша айтқанда, Мәсіхтегі бірлікке. Мәселенің осы екі қырын да назарымызда бірдей ұстағанымыз жөн. Бірі басым болып, бірі елеусіз қалмасын.

Екіншіден, Пауылдың әлгі сөзін Киелі кітаптың басқа аудармасынан оқып көрейік (New King James Version аудармасы). Мұнда көбіміз “Мәсіхтің Денесінің маңызын түсінбегендіктен” әлсіздікке, ауруға ұшырап, мезгілсіз көз жұмады деп жазылған (29-аят). Аударманың екеуін де зерттесек, Пауыл сөздерінің мағынасын тереңірек ұғынамыз.

Мән-жайға тереңдей бойлаймыз десек, Қорынттықтарға арналған бірінші хаттың алдыңғы тарауын ашып оқығанымыз жөн. Мұнда Пауыл елші Исраил халқының Мысырдан шығуы мен шөл далада өткен жылдар жайлы ой толғайды. Осы ойтолғаудан кейін елші мұның бәрін не мақсатпен еске салып отырғанын түсіндіреді: «Ата-бабаларымыздың бастарынан кешкендері өзгелерге үлгі болып, бізге ескерту ретінде жазылып қалдырылды. Себебі осы заманның соңғы кезеңінде өмір сүрудеміз» (1 Қорынт. 10:11). Пауыл тарихтан тәлім беріп қана қоймай, сонымен қатар, бізді айыпталудан сақтау үшін маңызды нәрселерді ескертіп айтып отыр.

Исраил халқының шөл даланы басып өткені жөніндегі ойтолғауын олардың Құдаймен келісімшартқа негізделген қарым-қатынасын суреттеуден бастайды. Пауылдың айтуынша, олардың бәрі де Киелі Рухты бейнелейтін нұрлы бұлттың жетелеуімен жүрді, бәрі де Мысырдан, яғни күнәнар дүниенің құлдығынан азат болды, бәрі де теңізден өтіп (шомылдыру рәсімі) шығып, бәрі де Құдай кереметпен берген бірдей тағам жеп, бірдей сусын (Құдайдың Сөзі) ішті. Көріп отырсыз, бәрі де деген сөз баса айтылады. Содан соң Пауыл ойын түйіндей келе, олармен бірге жүріп отырған «жартас» Мәсіхтің Өзі екенін айтады. Барша Исраил халқы бір Денені құрайтынын, келісімшартты мұқият ұстанатын бір Құдайға тиесілі екенін анық көрсетеді. Осы айтылғанның барлығы Мәсіхтің Денесі ретінде бізге де тікелей қатысты. Ал осыдан соң Пауыл елші тіпті ойда жоқ сөзді айтады: «Алайда олардың басым көпшілігі Құдайға жақпай, айдалада құрып кетті» дейді ол (10:5). Құдай бізді өте қатты сүйеді. Бұл ғажап сүйіспеншілік біздің санамызға сыймайды. Біз не істесек те, ешқашан Құдайдың өзімізге деген сүйіспеншілігін не арттыра, не азайта алмаймыз. Дегенмен, баса назар аударғым келетіні – Құдайдың бізге деген райы, бізге ризашылығының түсу-түспеуі өзімізге байланысты.

Пауылдың «...бар ынтамен Оған ұнауға тырысамыз» (2 Қорынт. 5:9) деп жазуының мәні осында. Әрқайсымыз, әрбір сенуші үшін ең маңызды мақсат осы болуы тиіс.

Көне Өсиет сенушілерінің Құдай уәделерінің орындалуын көрмей кеткенінің себебі неде? Оларды аяқтан шалған бес күнәні Пауыл атап көрсетеді: ашкөздік (Құдайдың бізге деген еркіне сай келмейтін затты иемденуге деген жалынды құштарлық), пұтқа табыну, азғындыққа салыну (жыныстық қарым-қатынастағы жүгенсіздік), Құдайды еркінсіп сынау және күңкіл. Бірнеше аяттан соң Пауыл былай деп жазады:

Енді айтатынымды парасаттылар ретінде пайымдап, ақылға салыңдар. Біз Иеміздің құрбандығын еске алып «шүкірлік тостағанынан» ішкенде, Мәсіхтің төгілген қанының игілігінен үлес алғанымызды білдіреміз, солай емес пе? Нанды үзіп жегенде, құрбан болған Мәсіхтің денесінің игілігінен үлес алғанымызды білдіреміз емес пе? Нан біреу болғандай, біз — көпшілік те біртұтас рухани денеміз. Себебі бәріміздің жейтініміз бір нан. Израил халқының ескі дәстүріне назар аударыңдар: құрбандықтан жегендер құрбандық үстелімен байланыста емес пе? (1 Қорынт. 10:15–18).

Мұнда Пауыл тағы да нан үзу рәсімі туралы айтып отыр. Қорынттықтарға арналған бірінші хаттың 11-тарауында Пауыл “Иеміздің денесіне тиісті құрмет көрсетпеу» деген мәселені көтерген болатын. Енді сол мәселені кеңірек қарастырмақ. Біз – жеке адамдармыз, біз көппіз, Құдаймен әрқайсымыз өзімізше жеке қарым-қатынастамыз. Мұның бәрін Пауыл мойындайды. Дегенмен, Құдайдың көзқарасында біз – біртұтаспыз. Пауыл сөздерінің негізгі ойы – осы. Израил халқы біртұтас болғандай, біз де – Мәсіхтің бір Денесіміз.

Осыдан туындайтын сұрақ: “Үкімі әлсіздік, ауру, өмірден ерте озу болған сот күнә жасаған адамның жеке дара өзіне белгіленген бе, әлде кейбір мүшелерінің күнәһар іс-әрекетінің салдарын біртұтас Дене ретінде бірге көтеруге Қорынттағы қауым толықтай кесілген бе?”

Мені дұрыс түсініңіз, үнемі қасақана күнә жасай берген адамның жазасы өз алдына, ал қазір қарастырғалы отырғанымыз – Пауыл елші ашып берген маңызды ақиқат. Елші сөзін барша сенушіге – біртұтас Денеге, қауымға, бүтін бір халыққа арнайды.

Тап осы хаты Қорынт қаласындағы Мәсіхтің Денесіне арнап жазылған.

Бір адамның ашкөздігі

Бізге үлгі қалдырған Исраил халқына қайта оралайық. Бір ұрпақ бұрын, Иешуа Нұнұлы халықты бастап келе жатқанда, болған жайды қарастырайық. Біртұтас Денедей болған сенушілер Иордан өзенінен батылдығымен өтіп, уәде етілген жерге жетті. Олардың алдында тұрған алғашқы мақсат – сол замандағы ірі қалалардың бірі Иорданды жою. Бұл мақсатқа жету, әрине, оңай емес. Алайда, Құдай тағы да Өзінің құдіретін көрсетті. Ол Иешуаға нақты нұсқаулар берді. Олардың ішінде:

«Байқандар, Жаратқан Иеге бағышталып жойылуға тиісті нәрселерден сақтаныңдар! Олардың ешқайсысын алып, иемденіп жүрмеңдер! Әйтпесе соның кесірі өздеріңе тиіп, Исраилдің бүкіл қонысы да Жаратқан Иенің қарғысына ұшырайтын болады...Барлық күміс пен алтын атаулы және темір мен қола бұйымдар да Жаратқан Иеге бағышталғандықтан, оларды Оның қазынасына тапсыруға тиістісіңдер!» дегені де бар еді» (Иешуа Нұнұлы 6:17–19).

Иерихоннан түсетін олжа түп-түгел Құдай үйінің қазынасына салынуы тиіс еді. Барлығы да жалғыз ғана Құдайға тиесілі, оған қол салуға қатаң тыйым салынған болатын.

Осы жорыққа аттанғанда Құдайдың халқы оқ дарымайтын, жаудың тісі батпайтын, осал тұсы жоқ бекем еді. Олар қаладағы тірі жан атаулыны түгел қырып тастады – жас-кәрі демей, еркекті де, әйелді де, тіпті ұсақты-ірілі малды да.

Содан кейін олар қаланы түгін қалдырмай өртеп жіберді, алтын, күміс, қола, темір бұйымдарды ғана алып қалды, себебі, бұлар Құдай үйінің қазынасына салынуға тиіс болатын. Таңдандырыр жай – Исраил халқынан бірде-бір адам не жараланған, не мерт болған жоқ.

Есіңізде болар, алдыңғы ұрпақ осы өңірге бірнеше барлаушыны жіберген болатын, олар ауыл-қалаларды көріп келіп, Мұсаға мынадай хабар жеткізді: «Алайда онда тұратын халық сондай мықты екен! Ондағы қалалар да бекіністі әрі өте үлкен...» (Руларды санау 13:29). Сол барлаушылардың ер жеткен ұлдары Иерихон қамалына шабуыл жасап, өздері еш шығынға ұшырамастан, қаланы жермен жексен етті. Осы

шайқаста Исраилдің күші ақылға сыймайтын алып күш болды. Бірақ, кейінірек не болғанын қараңызшы:

«Бірақ исраилдіктер Тәңір Иеге бағышталып жойылуға тиісті нәрселерге қатысты опасыздық жасаған еді. Ол былай болды: Яһуда руының Ахан есімді бір кісісі Жаратқан Ие тыйым салған кейбір заттарды иемденіп алды. Сондықтан Жаратқан Иенің қаңары исраилдіктерге қарсы лаулады. Ахан Қармидың ұлы, Забдидің немересі, Зарахтың шөбересі болатын» (Иешуа Нұнұлы 7:1).

Назар аударыңыз, Киелі жазба «Ахан есімді адам опасыздық жасады» демейді. «Исраилдіктер опасыздық жасаған еді» деп жазылған. Тағы бір қызығы, «Жаратқан Иенің қаңары Аханға қарсы лаулады» деп емес, «Жаратқан Иенің қаңары исраилдіктерге қарсы лаулады» дейді Киелі жазба. Исраил халқы біртұтас болатын, сондықтан бір кісі ашкөзденіп, Құдайдың бұйрығын бұзғанда, оның күнәсі бүкіл Исраилдың мойнына түсті.

Олар көп ұзамай-ақ күнәнің ащы жемісін татты. Исраилдың ендігі шабуыл жасайтын қаласы Ай болатын. Ай – кіші-гірім қала еді, сондықтан шешім мынадай болды: «Сол қаланың халқы көп емес. Бүкіл әскерді Айға өрлетіп апарып, қалжыратудың қажеті жоқ. Екі не үш мың жасақшы жетіп жатыр. Сол себепті қаланы басып алуға үш мың ғана адам өрлеп шықты» (Иешуа Нұнұлы 7:3, 4).

Иерихон қамалын алуға шамамен алты жүз мың жасақшы қатысқан еді. Ай қаласының Иерихонмен салыстырғанда қаншалықты елеусіз қала екенін осыдан-ақ көреміз. Алайда әрі қарай мынаны оқимыз:

«...Бірақ олар Ай қаласының адамдарынан шегініп, қашып кетіп, шамамен отыз алтысы қаза тапты. Айдың адамдары исраилдіктерді қала қақпасынан бастап, Себарим деген жерге дейін қуып, қырат беткейлерімен төмен түскен бойы қырып отырды. Осыдан халық әбден жүрексініп, зәрелері ұшты» (Иешуа Нұнұлы 7:4, 5).

Жақында ғана өздері бір шығын көрмей, Иерихонның әлдеқайда мықты, әлдеқайда көп халқын қырып салған Исраил осы ма? Бұл жолы әскер қауқарсыздық танытты, алдымен шегініп барып, кейін жаудан

қаша жөнелді. Олар криптониттің қатерлі әсеріне шалдықты.

Өкінішке орай, отыз алты адам қаза тапты. Ал Иерихонды аларда олардың күші тасып тұрған еді, ешкім жауға желкесін көрсеткен жоқ, оққа ұшқан, жараланған, мерт болған адам болған жоқ!

Мынаны ойға салып көрейікші: Ахан күнә жасаса да, өзі де отбасы да күнәдан зардап шеккен жоқ. Ал Ай қаласының жанындағы шайқастан соң отыз алты әке мен отыз алты ана ұлынан айырылып зар жылап қалды, отыз алты отау азаматынан айырылды, қаншама бала-шаға әкесінен айырылып жетім қалды. Сол қыршын кеткен азаматтарда ешбір жазық жоқ еді ғой. Олардың өмірі біреудің күнәсіне бола үзілді!

Енді Исраилді үрей биледі. Иешуа Жаратқан Иенің Келісім сандығының алдында етпетінен жатты. Исраилдің рубасылары да солай істеп, барлығы да бастарына топырақ шашты.

Осыны көз алдына елестетіңізші. Халық әбден абдырап, сасқан. Ешуа мінажат етіп былай деді: «О, Жаратушы Тәңір Ие! Неліктен осы халықты Иордан өзенінен өткізіп алып келдің? Бізді аморлықтардың қолына тапсырып, көзімізді құрту үшін ғана ма? Одан да Иорданның арғы жағында қала бергеніміз бізге тиімді болған болар еді ғой» (Иешуа Нұнұлы 7:7).

Құдайдың оларға берген жауабы: «...Орныңнан тұр! Неге жерде етпетіңнен түсіп жатырсың? Исраил күнә жасады! Олар Мен өздеріне сақтауға бұйырған Келісімімді бұзды...» (Иешуа Нұнұлы 7:10, 11).

Құдай «араларыңда бір адам күнә жасады» демейді. Жоқ, Құдайдың айтқаны: «Исраил күнә жасады!». Күнә жасаған адамның Ахан екенін білген кісі болған жоқ. Ешбір жан оның ашкөздігін байқаған емес. Дегенмен, бүкіл Дене рухани криптониттің әсерінен зардап шекті. Ақыры Иешуа кімнің күнә жасағанын білді де, Аханға тікелей сұрақ қойды. Әлгінің жаубы мынау болды:

«Рас, мен Исраилдің Құдайы Жаратқан Иеге қарсы күнә жасадым. Істегендерім мынау: олжаның арасынан бабылдық әдемі шапан, екі жүз мысқал күміс және салмағы елу мысқал сом алтынды көргенде, оларға қатты қызығып кетіп, ала салдым...» (Иешуа Нұнұлы 7:20, 21).

Иешуа Нұнұлы мен жетекшілер Аханға қатаң жаза қолданды. Күнәнің құны төленіп болғанда «...Жаратқан Ие лаулаған қаңарынан қайтты» (Иешуа Нұнұлы 7:26).

Мысал

Көне Өсиеттегі осы оқиға Пауыл елшінің Қорынттық қауымға жазған хатындағы “Сондықтан да сендердің көбің әлсіз де аурусыңдар, біразың қайтыс болдыңдар” деген сөзіне суреттеме болып табылады. Бір адамның күнәсі сол адамның өзіне ғана емес, бүкіл қауымға әсерін тигізбей қоймайды. Келесі тарауда соған көз жеткіземіз.

Бүгінгі таңда қауымдағы көптеген адам не себепті дімкәс, әлсіз, ауру-сырқаудан көз ашпайды, сол туралы ойланып көрдіңіз бе? Қымбатты бауырларымыз бен апа-қарындастарымыз сырқатынан айыға алмай жүреді де қояды, ал кейбірі тіпті өмірден озады. Қауымдарымызда әлеуметтік көмек алып, күнін әрең көріп жүрген жалғыз басты аналар неге соншама көп? Не себептен осыншама көп сенуші өкіметке тәуелді, өмірі тапшылықта, қиындықта өтіп жатыр?

Қиындықтарды жеңуге қауқарсыз болып кеткен сияқтымыз, және осындай, біз жеңе алмай жүрген қиындықтар есепсіз көп.

Сүлеймен патшаның тұсында жұмыс таппай отырған немесе мемлекетке масыл болып отырған бір де бір адам болған жоқ. Елшілердің заманында сенушілердің арасында жоқшылық болған жоқ, ауру-сырқаудан лезде шипа алып, айығып кететін. Осылардың барлығы қайда кетті, бүгін неге көрмейміз? Мұның себебі – көптеген басқа адамдардың өміріне ықпалын тигізіп жүрген әлдебір адамдардың күнәсі болуы мүмкін бе? Ай қаласының тұрғындарынан жеңілген Исраил халқының кебін киіп жүрміз бе?

Тағы да қайталаймын, күнә жасаған адам күнәсінің зардабын көретіні сөзсіз. Ахан ақырында күнәнің улы жемісін өзі татты. Алайда, бүкіл Исраил да сол күнәнің кесірінен криптониттің әсеріне ұшыраған болатын. Исамен жеке қарым-қатынаста бола тұрып, Мәсіх Денесінің мүшесі болу дегеніміз не? Осы кітапты оқу барысында сол жайлы көбірек білерсіз деген үмітім бар. Сонымен қатар, біртұтас Дененің мүшесі ретіндегі сіздің іс-әрекетіңіз басқаларға не игі әсерін, не теріс әсерін тигізе алатынын түсінесіз.

Тараудың соңында назарыңызды мынаған баса аударғым келеді: азаттыққа жеткізетін ақиқатты терең зерттеу барысында кейде сол ақиқаттың түрпідей тиетіні бар. Сондай сәттерде осыны қозғамай-ақ қойса қайтеді деген ой туады.

Алайда, соңында, ақиқат түгел ашылып, жарыққа шыққанда, ол бізді тұсау-құрсау атаулыдан азат етеді.

Иса: «Сонда ақиқатты біле түсесіңдер, ал ақиқат сендерді азаттыққа жеткізеді» деген еді (Жохан. 8:32).

ІС-ӘРЕКЕТ

«Гладиатор» фильмін көрсеңіз, Максимус атты қолбасшының: «Жұптарыңды жазбаңдар! Бір болыңдар!» деп айқай салғаны, сол стратегияның қандай жеңіске жеткізгені есіңізде болар. Және ең тиімді әскери стратегия – “жік-жікке бөл де, билеп-төсте” екені мәлім.

Иса осыны жақсы білген. Ол “өзара ұрысып-керісіп жататын әр үй құрып кетеді» деп үйреткен болатын (Матай. 12:25). Мәсіхтің Денесі Оған адал болу мәселесінде жікке бөлінсе, әлсірейді. Олай болса, қауымның неғұрлым ықпалды бола түсуіне салар үлесіңіз – өміріңіздің Құдайдың мақсаттарына толықтай сай болуы. Яғни, күнделікті тыныс-тіршілігіңізді Оған толығымен арнау, сол арқылы Құдайға табыну.

Жаратқан Ие жексенбінің таңында ғана емес, өміріңіздің әр сәтінде сізбен бірге болғысы келеді. Құдайға өміріңіздің кей салаларын, мысалы, жұмысыңызды, отбасыңызды, бос уақытыңызды бағындырмай, барлық саланы Оның еркіне сай етпей жүрген болсаңыз, бүгін тәубе етіңіз. Тыныс-тіршілігіңіз Құдайды мадақтайтын өмірге айналуы үшін не істеуіңіз керек, Исадан соны көрсетуін сұраңыз. Оның көрсеткенін, немесе айтқанын жазып алыңыз. Өзіңізді Құдайға толықтай бағыштап, Киелі Рухтан жаңару мен сергектік сұраңыз.

ЖҰҚПАЛЫ КРИПТОНИТ

«Құдайдың денемізді осылай жаратуының мақсаты: қауымда жікке бөлінбей, өзара қамқорлық көрсетіп өмір сүруді үйренуіміз» (1 Қорынт. 12:25, ағылшыннан аударма MSG).

Денеңіздің құрылысы жайлы, денедегі әрбір мүшенің, алшақ орналасқан мүшелердің де, басқа мүшелермен тығыз байланысы жайлы ойланып көріңізші. Башпайыңыздың мұрныңызға, тізеңіздің бауырыңызға, ауызыңыздың жұлыныңызға қатысы бар. Жеке дара тіршілік ете алатын бірде-бір орган жоқ. Тіршілік ете алатын болса, біртұтас денеге мүше болмас еді.

Дененің бір мүшесі ауырса, басқалары да қиналмай ма? Ағзаға вирус немесе инфекция түссе, бітіндеп денені түгел меңдеп, науқыстың тәбеті төмендеуі, әлсіздікке ұшырауы, басы айналуы, сүйегі сырқырауы, бұлшық еттері құрысуы мүмкін. Керісінше, дененің бір мүшесінің жағдайы жақсарса, бүкіл ағза дүр сілкініп қалғандай болады. Арқаңызды немесе басыңызды уқалатсаңыз, денеңіз түгел босап, жылу тарағандай болады. Бүкіл денеңіз рахатқа бөленіп, қуанады.

Қауым ретінде біз де біртұтас денеміз. Ахан өзіне ғана емес, бүкіл халыққа да әсерін тигізген күнәні қасақана жасағанға дейін бізге үлгі Исраил да біртұтас болатын.

Иерихон шайқасында Исраил жеңімпаз еді. Арада небәрі бірнеше

күн өткенде-ақ сол жасақ қауқарынан айырылып, жаудан оп-оңай жеңілді де, шығынға ұшырап, тым-тырақай қашты. Бейнелеп айтқанда, Израил халқы рухани криптониттің әсеріне ұшырады. Қорынттағы қауым да осындай жайға тап болған жоқ па? Үңіле қарасақ, жауап табылады.

Жоғарыда айтқанымдай, алғашқы қауымда нан үзу рәсімі қазіргіден басқаша өтетін. Олар үшін ас ішу болса, біз үшін – салтанатты рәсім. Сондықтан Пауыл атап өткен оғаш іс-әрекеттің қазіргі қауымда орын алуы неғайбыл. Дегенмен, олардың әрекеттерінің түп-тамырын түсінуге тиіспіз.

Қорынт қауымындағы кейбір адамдар жамағаттың дастарқан басына түгел жиналуын күтпестен, асқа қол салатынды шығарды. Ертерек келгендер тамақтың дәмдісін жеп, сусынның тәттісін ішіп, тойынатын да, кешірек келгендерге астың қалдығы ғана тиетін болды. Тарихшылар мен Киелі кітапты зерттеушілердің пікірінше, ондайда жарлылар мен қарадан шыққандар елеусіз қалатын. Пауыл елшінің айтқанын тағы қайталап оқып шығайық:

«Әркім өзінің тамағын басқалардан бұрын ішуге асығып, қайсыбіреу аш қалып, басқасы мас болады екен... Сондықтан, кімде-кім лайықсыз түрде Иеміздің нанын жеп, тостағанынан ішсе, сол Иеміздің денесі мен қанына қарсы күн жасайды. Әркім нанды жеп, тостағаннан ішпес бұрын өзін сынасын; егер лайықсыз түрде нан жеп, тостағаннан ішіп, Иеміздің денесіне тиісті құрмет көрсетпесе, онда ол өзіне Құдайдың үкімін шығартады. Сондықтан да сендердің көбің әлсіз де аурусыңдар, біразың қайтыс болдыңдар» (1 Қорынт. 11:21, 29, 30).

Осы үзіндідегі сендердің көбің деген екі сөзді курсивпен көрсетіп қойдым, соларға назар аударайық.

Пауыл мұнда кейбір адамдардың көпшілікке әсерін тигізетін күнәсі жайлы айтады (21-аят), - адамдар әлсіздікке ұшырайды, ауруға ұшырайды, біразы қайтыс болады (30-аят). Ахан да солай еді. Бір адамның тілазарлығына бола Құдайдың бұйрығын бұзбаған бірталай адам зардап шекті.

Інжілге түсіндірме беретін «Pillar» кітабында былай делінген:

«Ауруға шалдыққан немесе мезгілсіз қайтыс болған адамдарды күнә жасады деп айыптау дұрыс емес. Көне Өсиетте Құдайдың қаңары көбінесе тұтас қауымға түсетін».

Осыған ұқсас оқиға

Хатының басында Пауыл қауымға әсерін тигізген тағы да бір күнәнің атын атайды. «Араларыңда азғындық — тіпті басқа ұлттардың адамдары жасамайтын азғындық бар деген шүбәсіз хабар маған да жетті: араларыңдағы біреуің әкесінің жұбайымен көңілдес екен..» деп бастайды елші (1 Қорынт. 5:1). Мұнда Мәсіхте бауырлас атанып жүрген, өзін Иса Мәсіхтің жолын қуушымын, Құдайдың перзентімін, Мәсіх Денесінің мүшесімін деп жүрген, сөйте тұра сексуалдық күнәға батқан адамды көріп отырмыз.

Мұнда Пауыл елші жалғыз күнәһарды ғана әшкерелеп отырған жоқ. Қауым мүшелерінің барлығы әлгі адамды бауырымыз, қауымның мүшесі деп қабылдаған еді, бірақ қауым жетекшілері оның жасап жүрген күнәсін жылы жауып қойды, оған назар аударған жоқ.

Неге олар көрсе де, көрмегенсіп жүре берді? Ең алдымен, күнәсін бетіне басып, ренжіткісі келмеген болар. Мүмкін, ол кісі беделді адам, жетекші, айтулы спортшы ма, бәлкім қауымға қаржылай көмекті көптеп беретін бе еді? Қорынт жан-жағына ықпалы зор қала, өнер орталығы болатын. Бәлкім, сол заманның Голливудында танымал актер болар, әлде рейтингтердегі ең жоғары орындардан түспейтін елсүйер музыкант немесе мадақтау тобындағы ең басты әнші шығар.

Киелі жазба ол жайын айтпайды. Дегенмен, оның кетуі қауымға кері әсерін тигізер еді, тіпті, қауымның дамуы тоқтап қалар еді деп тұспалдауға болады.

Басқа да себептердің болуы да әбден мүмкін. Қауымнан кетсе, әлгі адам Құдайдың сөзін қайтып естімейді деп ойлаған шығар. Мүмкін, былай деп ойлады ма: “Қауымнан кетіп, Құдайдың сөзін есту мүмкіндігінен айырылғанша, арамызды жүріп, Ізгі хабарды ести берсін”. Мүмкін, сол қауымның негізгі мақсаты адамдарды келесі жексенбіде қайта келтіру шығар, ал онда, күнәһардың күнәсін бетіне басса, қауым мақсатына жете алмайды ғой. Мынадай ой да болуы

мүмкін: “Ол жақында ғана тәубе еткен рухани сәби, ақылы кіреді ғой әлі”. Күнә жасап жүргенін біртіндеп өзі де түсінер, сонда тәубе етер деген үміт болған шығар.

Пауыл елші әлгі адамның қауымнан шығарылуға тиіс екеніне Қорынттағы қауым жетекшілерінің көзін жеткізуге бар ықыласын салды. Рұқсат етсеңіз, елшінің сөзін келтірейін:

- “Осындай қылықты жасағанды орталарыңнан шығарып тастағандарың дұрыс болар еді!” (1 Қорынт. 5:2).
- “Әлгі адамды ескі күнәкар болмысын әлсірету үшін қауымнан шығарып, шайтанның қолына тапсырыңдар” (1 Қорынт. 5:5).
- «Ескі ашытқыдай» (күнә атаулыны) араларыңнан шығарып тастаңдар! Сонда «жаңа қамырдай» рухани таза боласыңдар» (1 Қорынт. 5:7).
- «...зұлымдық жасайтынды араларыңнан аластатыңдар!» (1 Қорынт. 5:13).

Қысқа ғана бір тарауда Пауыл бір адамға қарсы төрт рет осыншама қатал сөздер айтады! Өзіңіз ойланып көріңізші, он үш аяттың төртеуінде әлгі адамды қауымнан шығаруды, тіпті, «шайтанның қолына тапсыруды» талап етеді.

Бұл не деген қатты айтылған сөз! Есіңізде болсын, Пауыл елшінің жүрегі бұл қауымға да, сол адамға да деген сүйіспеншілікке толы болатын.

«Осы да сүйіспеншілік пе? Қайдағы сүйіспеншілік!» дерсіз. Киелі жазба сүйіспеншілікке толы, сүйіспеншіліктің жетелеуімен жазылған, сүйіспеншілікке негізделген. Сондықтан Пауылдың сүйіспеншілігінде күмәнім жоқ. Киелі жазбалардың бәрі Құдай Рухының жетелеуімен жазылған, ал Құдай — сүйіспеншілік (2 Тимоте 3:16 және 1 Жохан 4:8).

Бұл жолдау Қорынттағы қауымның жетекшілеріне ғана емес, барша қауымға арналып жазылғанын ұмытпайық. Пауыл өзінің хаттарын қауым болып жиналып оқуларын бір емес, бірнеше рет сұрайды. Ол неге осыншама қаттылық, бірбеткейлік танытады? Сұрағымыздың жауабы мынау: ««Азғана ашытқы бүкіл қамырды ашытады» дегенді білмейсіңдер ме?» (1 Қорынт 5:6). Бір адамның күнәсі бір өзіне ғана емес, бүкіл қауымға әсерін тигізетінін тағы да көріп отырмыз. Әрі қарай оқиық:

««Ескі ашытқыдай» (күнә атаулыны) араларыңнан шығарып тастаңдар! Сонда «жаңа қамырдай» рухани таза боласыңдар. Өйткені Құтқарылу мейрамына құрбандыққа шалынған тоқтылар іспетті, Мәсіх біздер үшін өмірін құрбан етті. Сол арқылы сендер жаңа, пәк таза адам болдыңдар. Сондықтан да Елші арылып, қасиетті өмір кешіп, адалдық пен ақиқаттың «тәтті нанының» дәмін татып, тойлайық!» (1 Қорынт. 5:7, 8).

Пауыл нан үзу рәсімінің өзегі болып табылатын тақырыпқа қайта оралады. Израил елінің Құтқарылу мейрамының нақ өзегі – құрбандық тоқты. Ал біздің пәк Тоқтымыз – Иса Мәсіх. Құтқарылу мейрамының тойлануы – Израилдың Мысыр құлдығынан шығуын еске алу. Дәл солай, нан үзу рәсімінің өзегі – бізді күнәнің құлдығынан азат еткен Мәсіхтің құрбандығы.

Басқа да мерекелер бар болатын: Алғашқы өнім мейрамы, Керней тарту мейрамы, Күркелер мейрамы.

Алайда, бұл мерекелер мәсіхшіліктің тереңірек қырларын бейнелейді. Мысырдан шығуды (Пейсах мерекесі) тойлағанда сенушілер шын мәнінде Құтқарылу мейрамын тойлайды. Сондықтан Пауыл елші осы хатында Патшалыққа кіруімізді сөз етеді. Құтқарылу мейрамын бұрынғы зулым да сұрқия әдеттеріміздің «ескі ашытқысымен» тойлауға болмайды. Сол себепті «ол жақында тәубе еткен жас сенуші ғой» деп сенушінің күнәсін ақтасақ, оған да, өзімізге де зиян тигіземіз. Көбінесе осы сөз «күнәға батқан» адамды елемеге сылтау болады. Бұл сылтау алдамшы, төте жолдан тайдырар шамасы бар, өйткені, қауымда қасақана жасалып жүрген, үнемі қайталанатын күнәға жол жоқ. (Келесі тарауда “саналы түрде қайталанып жүрген күнәнің” не екенін, “күнәға құлаудан” айырмашылығы қандай екенін түсіндіремін).

Екіншіден, Пауыл елшінің әлгі адамның күнәсін “ашытқыға» теңегеніне назар аударыңыз. Ашытқы – қамырдың ішінде еріп, оны көпіртетін зат. Израилге Құтқарылу мейрамына қатысты қатаң ереже берілген болатын: «Жеті күн бойы ашытқысыз пісірілген нан жеңдер. Алғашқы күні-ақ үйлеріңнен ашытқы атаулыны шығарып тастаңдар. Осы апта ішінде ашытқымен дайындалған тамақ ішкен әркім Израил халқының арасынан аластатылуға тиіс» (Мысырдан шығу 12:15). «Аластатылу» сөзі ызғарлы, қаталдығы Пауыл елшінің ескертулерінен

кем емес. Құдаймен келісімге кірген ешбір жан «күнәға батып», қауымда жүре алмайды. Жоғарыдағы нұсқау Исраилге де, бізге де осыны көрсету үшін берілген. Саналы түрде қайталанып жүрген күнәдан бәріміз тәубе ету арқылы арылуға тиіспіз. Олай болмаса, күнәнің ашытқысы қауымға енеді.

Инжілге түсіндірме беретін «Pillar» кітабында былай делінген:

«Қауымның кішкене бөлігі арқылы, тіпті жалғыз адам арқылы ескерусіз қалған күнәнің уы баяу болса да, бүкіл қауымға тарайтыны анық.

Пауыл елші осыған баса назар аударады (хаттың грек тіліндегі түпнұсқасында өте көркем сөздер қолданылған). Қауымдағы біле тұра істелген қайсыбір күнә өте ауыр жағдайға соқтыруы мүмкін. Қамырға салынған ашытқы тәрізді, назардан тыс қалған күнә да қауымға түгел тарап, оны өзгертері сөзсіз».

Бұл түсіндірмемен мына бір тұста келісе алмаймын: ашытқы туралы көбірек мәлімет жинағанымда, анықтағаным – ашытқы қамырдың ішіне баяу емес, жылдам тарайды. Ал “ашытқының” қауымға тарамай қоймайтыны жайлы дәл айтылған.

Олай болса, күнәні қайталап жасай беретін адамдарға қауымға келуге тыйым салуымыз керек пе? Жоқ, олай емес! Жиналыстарымызға сенбеушілер көптеп келгені дұрыс, бірақ олар қауымның мүшесі бола алмайды. Және біле тұра қайталап күнә жасаудан арылмаса, Иса Мәсіхке өмірін толықтай бағыштамаса, өздерін қауымның мүшесі деп санауына жол берілмеу керек. Пауыл елші анық айтады:

«Өткендегі хатымда сендерге «Азғындармен араласпаңдар!» деп жазған болатынмын. Онда мен осы дүниелік азғын, дүниеқоңыз, қарақшы немесе жалған тәңірлерге құлшылық етуші адамдарды ойлаған жоқпын. Әйтпесе бұ дүниеден түгелдей безіп кетуге тиіс болар едіңдер ғой» (1 Қорынт. 5:9, 10).

Мәсіхтің жолын қуушы біздерге күнәһар дүниеде жүрген адамдарға Ізгі хабарды жеткізіп, қауымға шақыру аманатталған. Олар қауымға келіп, Құдайдың сөзін естуге тиіс, алайда, олардың рухани ахуалы жайлы ақиқатты қысқартып, жеңілдетіп айтуға хақымыз жоқ.

Ізгі хабарды барша адамға жеткізуге үзбей күш салуға тиіспіз. Исаның күнәнарлармен дастарқандас болғанындай, біз де сенбеушілерді Құдайдың сүйіспеншілігімен сүйіп, олармен жақсы қарым-қатынаста болуға тиіспіз.

Алайда Пауыл елші сенбеушілерді емес, өздерін Мәсікке сенуші атап жүрген адамдарды айтады.

«Алайда өзін сенімдегі бауырласпын деп атағанмен, азғын, дүниеқоңыз, жалған тәңірлерге құлшылық етуші, өсекші, маскүнем немесе алаяқ болып жүрген ешкіммен де араласпауларың керек. Мұндайлармен тіпті дастарқандас та болмаңдар» (1 Қорынт. 5:11).

Пауыл елші «қате жіберіп» жүрген сенушілерді емес, «күнәға батқан», сөйте тұра өздерін сенуші деп санайтын адамдарды айтып отырғаны анық. Қауымның негізін қалаған елші осыған неге шүйлікті? Бұған себеп – Қауымға деген ыстық ықыласы екені анық. Бауырларымыз күнәға батқан «сенушілерді» қорғап-қолдап жүріп, өздері зардап шекпесін деген тілек.

Мәселен, арамыздағы бір адам айналаға ауа арқылы лезде тарайтын өте жұқпалы ауруға шалдықты делік. Сонда ауру таралмау үшін қандай шара қолданар едік? Ең алдымен, науқастың сау адамдармен қарым-қатынасын шектейміз (карантин), яғни, қоғамды індеттен қорғаймыз. Карантин енгізбесек, вирус өрт тарағандай тарап, бүкіл қаланы індет жайлайды. Ал оның салдары қандай? Жұмыс орындары бос қалады, өндіріс қарқыны төмендейді, кейбір қызметтердің көрсетілуі тоқтайды, экономика шығынға ұшырайды, – және мұнымен бітпейді де.

Күнәға батқан адамға қандай шара қолдану керектігін Пауыл елші түсіндіріп жазады:

«Әлгі адамды ескі күнәкар болмысын әлсірету үшін қауымнан шығарып, шайтанның қолына тапсырыңдар. Осылай ол теріс жолынан қайтып, жаны Иеміз қайта оралатын күні құтқарылсын» (1 Қорынт. 5:5).

Бұл бауырымызға, тәубе етпеген жағдайда, Құдайдан мәңгі ажырап

қалу қауіп төніп тұр. Жоғарыда «қорғап-қолдап» деп жазғанымның себебі, міне, осында. Біле тұра күнә жасайтын адам қауымда қала берсе, Құдайдың алдында ақпын деп ойлайды да, қиямет сотының алдына барғанда ғана өзінің күнәһар екенін біліп, кеш қалады. Міне, қауіп осында.

Құдайдың қамқорлығынан тыс қалып, қиындыққа тап болса, бәлкім, ақылы кіріп, Исаға бар ынтасымен бет бұрар деген үміт бар. Қорынттықтарға арналған екінші хатында Пауыл елші мысалға келтірген адам сондай жағдайды басынан өткерген болатын. Басқа түскен тауқымет адасқан ұлдың есін жиғызғандай, бізді де рухани ұйқыдан оята алады. Ол күнәһар өмірінің жемістерін көргенде, еліне оралуға бел байлады. Әкесі ұлының жүріс-тұрысын мақұлдап, үнемі ақша беріп тұрса, ұлы түнекте жүргенін түсінбестен кетер еді.

Аспандағыдай...

Мәселенің өзегіне үңілейікші. Соңғы екі тараудан көргеніміз, біз – Мәсіхтің Денесіміз, біртұтас Дене ретінде әр мүшенің қосқан үлесінен барлығымыз ұта аламыз, ал біле тұра істеген теріс әрекеттерінен бәріміз зардап шегеміз.

Бұл ақиқатты ескерусіз қалдыра алмаймыз. Мәсіхтің Денесі осы мәселені елемейінің өкінішті салдарын ұзақ уақыт бойы көріп келеді. Оны қозғаудан бас тарта берсек, мәселе шешілмейді, ащы жемісін көре береміз.

Батыл болайық, қиын сұрақтардан қашпайық. Аспан патшалығын мекен еткен қалың көпшілік бізді жарыстағы жанкүйерлердей қоршап тұр! Біздің еншіміз – жеңімпаз Қауым, ешбір жан қарсы тұра алмас Мәсіхтің Денесі болу. Исаға ешкім қарсы тұра алмайды, Қауым да солай болуға тиіс. Ауру-сырқау, әлсіздік, жоқшылық, тапшылық атаулы және дұшпанның басқа да істері Иеміздің Қауымының алдында басын июге тиіс.

Дұшпанымыз аяғымыздың астына салыну үшін, билікпен патшалық құруға, Құдайдың құдіретіне бөленіп жүруге шақырылғанбыз. Жан-жақтан қаумалаған қиындыққа батылдықпен төтеп берсек қана, осыған қол жеткізе аламыз.

Мұның бәрі аспандағыдай, жерде де жүзеге аса алатынына сенуге батылымыз барсын!

ІС-ӘРЕКЕТ

Бұл мәселе өте маңызды. Осы ақиқаттарды мүшелеріне дұрыс жеткізе алатын қауымдар, өкінішке орай, азайып кеткендей. Өзіңіз ойланып көріңіз: біріншіден, Құдай бізді Өзіне толық бағынышты, ал күнәдан толықтай азат болуға шақырды. Екіншіден, сенушілер күнәға бой бергенде, өз өмірлеріне ғана емес, Мәсіх Денесінің өміріне де қауіп төндіреді.

Арнайы уақыт бөліп, осы тақырыпта ойланып көріңіз. Осы айтылған ақиқаттар сіз үшін жақсы идея болып қана қалмасын. Олар жайлы көңіл қойып, тереңірек ойланыңыз. Мінәжат етіп, өмірде қалай қолдана алатыныңызды Құдайдан сұраңыз. Бұл ақиқаттар жүрегіңізге терең еніп, Пауыл елші үшін қаншалықты маңызды болса, сіз үшін де соншалықты маңызды болсын.

СІЗ АРҚЫЛЫ ӨЗГЕРІСТЕР КЕЛСІН

Замандастарымның көбісі сияқты, мен де Исамен жеке қарым-қатынас туралы көп еститінмін де, біртұтас Дене құрайтынымыз жайлы ойлана қоймайтынмын. Қауым жайлы осы ақиқат маған жақында ғана ашылды. Мені дұрыс түсініңіз, мен бұл ақиқатпен бұрын да таныс болатынмын, бірақ қазіргідей терең түсінген емеспін.

Киелі Рух Мәсіхтің Денесі жайлы ақиқатқа көзімді алғаш аша бастағанда, АҚШ Қарулы күштеріне қарасты теңіздегі, әуедегі, жердегі арнайы әскер командалары ойыма келетін.

Жақсы достарымның бірі – элиталы әскери құраманың мүшесі. Он бес жыл арнайы әскери бөлімшеде (спецназ) қызмет еткен, қазіргі кезде ол — Әскери-Теңіз Флотының арнайы бөлімшесінің сарбаздарын жаттықтыратын ұстаз. Мәсіхтің Денесі жайлы көп ойланып жүрген кезім болатын, сол досыма хабарласпақ болдым.

Арнайы әскери бөлімшелерге тән бауырластық қарым-қатынас туралы естігенмін, сол жайында көбірек білгім келді. Досыма мынадай сұрақ қойдым: “Қарым-қатынастарың жайлы көбірек айтып берші. Командаларыңның сондайлық мықты болуының сыры неде? Жаттыққанда, басты назарды қай нәрселерге аударасыңдар?”

Досым: “Арнайы әскери бөлімшенің жауынгері өзінен бұрын бауырларының қамын ойлайды” деп, лезде жауап берді.

Осы бір қысқа да, мәселенің тамырын деп тапқан сөз маған өте ұнады. Досымның әңгімесінен ұғарым көп болатынын сезе қойдым да, сөзін бөлмей, мұқият тыңдадым.

«Бөлімшедегі әр жауынгер жанындағы бауырын өзінен артық көреді. Желке тұстан келген жаудан қорғануды ойламаймыз. Себебі, әрбір сарбаз жанындағы бауырына өзіндей сенеді».

Осыдан кейін ол маған уағыз айта бастады: «Ефестіктерге арналған хаттың алтыншы тарауын оқысаң, Құдайдың қаруы – тек алдыңнан келген жаумен шайқасуға арналған қару екенін байқайсың. Ал арқа тұсыңды қорғайтын қару жоқ. Оның себебі –әрқайсымыз арнайы бөлімшенің сарбаздарындай болуға, яғни біріміздің арқамызды біріміз жауып тұруға тиіспіз. Құдайдың әуелгі жоспары солай болатын. Біз өзімізді басқалармен бір, біртұтас дене деп ұғынуға тиіспіз. Олай болмаса, арқа тұсыңды жаудан қорғайтын жалғыз адам – өзім болып қаламын. Ал егер әрқайсымыз бірлікте әрекет етсек, бетпе-бет келген жауға да, арттан келген дұшпанға да төтеп береміз».

«Арнайы бөлімшенің жауынгері бауыры үшін жанын беруге әзір. Осыған біз жүрегімізбен сеніп, осы қағиданы нық ұстанамыз. Біз өзімізді жеке дара адам деп қарастырмаймыз, жұмылған жұдырықтай тұтаспыз. Арамызда әскери кәсіптің әр саласын меңгерген мамандар бар, соған қарамастан барлығымыз – жарылғыш заттар жөніндегі эксперттер де, медиктер де, қару мамандары да, лаңкестікпен күрес жөніндегі мамандар да – бір адамдай әрекет етеміз. Тапсырмаға аттанарда ешқайсымызда «осы тапсырмадан кейбіріміз ғана ораламыз» немесе «қырық пайызымыз ғана аман қаламыз» деген ой болмайды. Жоқ, тапсырмаға түгел барып, түгел қайтамыз деген сеніммен аттанамыз».

Досымның сөзін қызыға тыңдадым. Біраздан соң: «Жас жауынгерлерге осыны қалай үйретесіңдер?» деп сұрадым.

“Оны үйрету мүмкін емес! – деп жауап берді досым, – АҚШ Әскери-Теңіз Флотының арнайы бөлімшесінің, яғни, «теңіз мысықтарын» (спецназ ВМС) су астында жару жұмыстарын жүргізуді үйрететін бастапқы дайындық

бағдарламасын — әлемдегі ең ауыр әскери дайындық («морские котики» — Америка Құрама Штаттарының Әскери-Теңіз Флотындағы арнайы операцияларды жүргізетін бөлімшенің құпия бригадасы). Сондықтан бұл бағдарламаны бастағандардың оннан бірі ғана аяқтап шығады. Қалғандары не өздері кетеді, не оларды дайындық орталығы бағдарламадан шығарады. Соңында әбден шыныққан, қандай ауыртпалыққа болса да дайын, толықтай жарақталған сарбарздардан тұратын бір ғана бөлімше қалады. Олардың әрқайсысы қасындағы бауырын өзінен артық көреді, әрқайсысы өмірін биік мақсатқа жету жолына қиюға әзір”.

Осыдан кейін ол: “Джон, қауым сондай болса ғой. Қалай ойлайсың, сонда не болар еді?” деді.

Менің де ойым сол еді. Алайда, шындығы сол, керектің бәрі бізде бар. Жоғарыдан туылған әрбір адамның бойында Құдайдың болмысы бар. Сенушілерге берілетін тәлім мен айтылатын уағыздарда осы ақиқат ашылып, жан-жақты қарастырылуға тиіс. Ал Ізгі хабарды тек тұтынушы ретінде қарастыратын болсақ, ескі, күнәһар болмысымызды нығайта түсеміз. Қауымдардың қазіргі қалпына түсуінің себебі де осында. Көбіміз жігер беретін, қанат бітіретін, көңіл тойдыратын уағыз тыңдағымыз келеді, ал қиындықтарды жеңу туралы естігіміз келмейді. Көп нәрседен құр қалып жүрміз.

Менің әлгі жолдасым – жауынгер, ол қазіргі қауымның осалдығын сезініп жүр. Арнайы бөлімшенің бір сарбазы осалдық танытса, өз міндетін орындамаса, немесе ортақ іске жанын салмаса, оның жалқаулығынан, не біліксіздігінен бүкіл команда зардап шегеді, не болмаса қаза табады. Әр жауынгер осыны әбден ұғынған. Мәсіх Денесінің әрбір мүшесі досымның санасында қалыптасқан осынау көзқарасты бойына сіңірсе екен деймін.

Сіз арқылы өзгерістер келсін

Осы тақырыптың жақсы жағы бар ма? Әрине! Құдай бар жерде онсыз болмайды!

Алдыңғы тақырыпта ашылған ақиқаттардың тек теріс жағын көріп, көңіліңіз қалған болар, бәлкім, абыржып қалған боларсыз. Оныңызды түсінемін. Басқалардың әрекеті сізге теріс әсерін тигізетіні жайлы ойлана берсе, түңілмей болмас. Алайда, бұл ақиқатты жарыққа шығаруымның

мақсаты – бәріміз бірге Құдайдың ұлылығы мен құдіретіне бөлене алатынымызға көз жеткізу. Осыған сенбесек, өмірімізді өзгертпесек, игі өзгерістер басталмайды. Қорыта келе айтарым, өзгеріс өзімізден басталады. Өзгеріс мені мен сізден басталмаса, кімнен басталмақ? Құдай бізді өзгерістердің қозғаушысы болуға шақырған!

Ары таза, бірақ көрер көзге тілазар адамның басқалар үшін жауапкершілік алғанда, қалай өзгеріп шыға келетінін байқап па едіңіз? Мысалы, жас ананы алайықшы, тұрмыс құрғанға дейін еркетотай, шалағай, тентек мінезді қыз болатын. Оның іс-әрекеті, жіберген қателіктері өзінен басқа ешкімнің өміріне әсерін тигізбейтін. Уақыты жеткенде ол жарын тауып, отау тігеді де, балалы болады. Әлгі еркетотай қызымыз күрт өзгере қалады. Әлі де бейбастыққа жол беріп жүре берсе, сүйікті жары мен сәбиін жамандыққа ұшырататынын біледі.

Қауымға қатысты әрқайсымызда да осындай көзқарас болуға тиіс. Арамызда бір-бірімізге деген ыстық сүйіспеншілік болсын.

Құдайдың сөзіне бағынбаушылығымыздың әсері өзімізге ғана емес, өзгелерге де тиюі әбден мүмкін екенін терең түсінейік. Әрбіріміз – біртұтас Дененің мүшесіміз! Сондықтан Пауыл елші Қорынттағы қауымға нан үзу рәсімі жайында жаза отырып, былай деп талап етеді:

«Бәрін істеуге болады», - дейсіңдер. Бірақ бәрі бірдей тиімді емес. «Бәрін істеуге болады». - Бірақ бәрі бірдей сенімдеріңді жетілдірмейді. Әркім жеке басының емес, басқаның мүддесін ойлауы керек (1 Қорынт. 10:23, 24).

Філіпідегі қауымға Пауыл елші:

«Жеке басының абырой-атағын ойлайтын менмен емес, кішіпейіл болып, басқаларды өздеріңнен жоғары қойыңдар! Әрқайсың өз мүдделеріңді ғана емес, басқалардікін де ойлап жүріңдер! Иса Мәсіхтің көзқарасы сендердікі де болсын» деп жазады (Філіп. 2:3, 5, РБЦ аудармасы).

Исаның көзқарасы осындай. Сүйіспеншілікке толы жүрегі Оны осында келіп, Өз өмірін біз үшін қиюға жетеледі. Өзін құтқаруға Исаның шамасы жеткілікті болатын, Ол періштелер жасағын шақырып, жеңдеттердің қолынан оп-оңай сытылып кетер еді, ойында біз болдық. Өз қамын емес,

біздің қамымызды ойлаған еді Иса.

Жақсы жаңалық: жеке өмірімізде Құдайдың сөзіне сай жүрсек, игіліктерге ие боламыз. Мәсіх Денесіндегі кей адамдардың тілазарлығына бола қолайсыздыққа, тіпті, қиындыққа тап болатын кездеріміз бар. Дегенмен, ақырында бәрі жақсы болады.

Көрнекті мысал – Илияс пайғамбар, – басқалардың күнәсінен зардап шеккен адамдардың бірі. Күнәға белшесінен батқан Ахаб пен Езабелдің жеркенішті істері мен Исраил халқының күнәға деген немқұрайлы көзқарасы елді апатқа ұшыратты: бірнеше жыл бойы аспаннан бір тамшы жаңбыр жаумады.

Дәуіт пен Сүлейменнің тұсында болған дастархан молшылығын Илияс пайғамбар көрген жоқ, әрине. Оның орнына ұзақ уақыт бойы жегені – нан мен қарғалар әкелген ет. Үнемі бір тамақ, оның өзі қарғалардың тұмсығынан түскен ас. Қайдан дәмді болсын! Молшылық заманындағыдай емес, көкөніс, жеміс, бал, шырынның бірі де жоқ. Илияс пайғамбардың басына бұл қиындық басқалардың кесірінен түскен еді. Ол біртұтас халықтың, біртұтас елдің, бір дененің мүшесі болатын. Илиястың Құдайға деген мойынсұнушылығы ақырында игі өзгерістер мен... жаңбыр әкелді. Пайғамбардың мойынсұнушылығы бүкіл халыққа да, Илиястың өзіне де жарылқау болды.

Амандық пен тыныштық келісімі

Илияс пайғамбарға дейінгі заманда орын алған бір жайтты қарастырайық. Тағы да көретініміз сол, кейбір басқа адамдардың кесірінен болған кесапат. Исраил шөл даланы кезіп жүрген болатын...

«Ал Исраилдің көші Шиттим деген жерде тұрған кезде, халық моабтық қыздармен азғындық жасай бастады. Бұлар халықты өздерінің жалған тәңірлеріне арнаған құрбандықтарына шақырған еді. Исраилдіктер солардан дайындалған тамақты жеп, моабтықтардың жалған тәңірлеріне иіліп табынды. Осылай исраилдіктер пегорлық Бағал атты жалған тәңірге мықтап беріліп кетті. Содан Жаратқан Иенің қаһары Исраил халқына қарсы лаулады» (Руларды санау 25:1–3).

Ағылшын аудармасында “кейбіреулер моабтық қыздармен азғындық жасай бастады” деп жазылған. Құдай Өз халқына жалған тәңірлеріне табынуға, бөтен әйелдермен көңілдес болуға, азғындыққа салынуға тыйым салған болатын. Алайда, кейбіреулердің жүгенсіз істері бүкіл жамағатты айыпты етті. Сөйтіп, тағы да, кейбіреулер емес, көпшілік зардап шекті.

«Ол Мұсаға былай деді: «Осы халықтың барлық басшыларын ұстап алып, оларды күндіз Менің, Жаратқан Иенің, алдында (күллі жұрттың көзінше) дарға асып, іліп қой! Сонда Менің Исраилге деген жалындаған қаһарым басылады!»» (Руларды санау 25:4).

Тағы да көріп отырмыз, негізгі жетекшілердің (кейбіреулердің) әрекеттеріне бола, Құдайдың жалындаған қаһары бүкіл Исраил халқына төгілді. Олар біртұтас халық, біртұтас ел, бір ұлт, бір дене болатын.

Сондықтан Мұса Исраилдің төрешілеріне: «Әрқайсыларың пеғорлық Бағалға беріліп кеткен өз адамдарыңның барлығын өлтіріп жазалаңдар!» — деген әмір берді. Дәл осы кезде исраилдіктердің біреуі бір мадияндық әйелді өз әулетіне алып келді. Адам онысын кездесу шатырының кіреберісі алдында қайғырып зарлап тұрған Мұса мен бүкіл исраилдік жамағаттың көз алдында істеді. Мұны діни қызметкер Елазардың ұлы, Харонның немересі Пінехес көрді. Ол жамағаттың ортасынан шықты да, қолына найзасын алды. Пінехес исраилдік ер адам мен сол әйелдің артынан шатырға кіріп, екеуіне де найзасын сұғып алды. Найза еркекті тесіп өтіп, әйелдің ішіне қадалды. Еркектің есімі Зімри, ал әйелдің аты Хазба болатын. Осылай Пінехес исраилдіктердің басына түскен індеттің бетін әрі қайырды. Ал індеттен қаза тапқандардың саны жиырма төрт мыңға жеткен еді (Руларды санау 25:8, 9). Тағы да көп адам қаза тапты, көп адам қасіретке тап болды, көп адам бірнеше кісінің әрекетінің зардабын тартты. Құдайдың көзқарасында халық біртұтас болатын.

Содан соң Жаратқан Ие былай деді: «Діни қызметкер Елазардың ұлы, Харонның немересі Пінехес Менің исраилдіктерге деген қаһарымды басты. Ол солардың арасында Менің абыройымды Өзім іспетті жан сала құлшына қорғады. Сол себепті Мен Исраил халқының бәрін бірдей қаһарыммен қырып тауысқан жоқпын» (Руларды санау 25:11). Пінехестің құлшынысы Құдайдың бүкіл халыққа деген ыстық ықыласына пара-пар

еді. Игі өзгерістерге қозғаушы болған – нақ Пінехестің өзі болатын. Сол бір батыл жігіттің күнәға қарсы тұруы жеткілікті болды.

Пауыл елшінің де жүрегінде Қорынттағы қауымға деген Құдайдың ыстық ықыласы жалындап жанған болатын. Ақиқаттың жүзеге асуына батылдығымен күш салған елші, игі өзгерістерге қозғау салды. Ол Құдайдың сөзі – рухани семсерді азғындыққа салынған бір адамның күнәсіне қадады. Көне Өсиетте Пінехес кәдімгі найзамен соққы берсе, Жаңа Өсиетте, қазіргі замандағы қаруымыз – рухани қару. Басқалар қауымдағы бір немесе бірнеше адамның күнәсін көрсе де, көрмегендей болып, көзі мен құлағын тарс жауып алып жүргенде, біз қолымызға “найза” алып, алға қарай батылдығымен ұмтылып, ақиқатты паш етеміз.

Сол кездегі Пауылдың ойлағаны – қара басының қамы емес еді. Оның ниеті дәл менің әскери бөлімшеде қызмет ететін жолдасымдыкіндей болатын. Пауыл елші басқалардың мүддесін өзінің тыныштығы мен атағынан жоғары қойды. Қорынттағы қауым Пауылдан тіпті бас тартса да, Паул олардан бас тартпақ емес еді. Елшінің оларға деген сүйіспеншілігі жалындаған сайын, олардың Пауылға деген көңілі суи бергендей болған кездер де болды. Сонда да Пауыл елші оларды күнәдан қызғыштай қорумен болды.

Пінехес қара басының қамын ойлаған жоқ, сенімі тым тік, ескіше ойлайтын, жанашырлықтан жұрдай қатыгез, суық, қатал мінезді адам атанатынын да білді. Басқалар қол қусырып тұрғанда, жалғыз Пінехес қана әрекетке бел буды. Жұрт не дейді, не ойлайды? Оған мән берген жоқ. Забур жырларында: “Ал Пінехес тұрып, зұлымдыққа қарсы шықты...” делінген (Забур 105:30). Жүрегі Құдай деп лаулап жанды, Құдайды қынжылтқан нәрсе оны да қынжылтты, Құдайдың уайымы мен Пінехестің уайымы бір еді, ол – Құдайдың халқы. Пінехестің қауымға деген сүйіспеншілігі зор болатын. Ол өзгерістерге қозғау салды.

Құдайдың Пінехес туралы не дегенін оқып көрейік:

«Сондықтан оған мынаны айт: Біліп қой, Мен сенімен амандық пен тыныштық туралы Келісімді жасамақпын. Мен Елазардың өзін және одан кейінгі ұрпақтарын әрқашан діни қызметкер қыламын деп уәде беріп Келісімді бекітемін. Себебі ол қызмет еткен Құдайының абыройын жан сала қорғап, Исраил халқын күнәларының арамдығынан тазартты» (Руларды санау 25:12, 13).

Көп жылдар бойы Киелі кітаптағы осы сөздерге ерекше назар аударып келемін. Пінехестің ерлігі мен Құдайдың оған берген сыйы жайлы Мұсаның жазбаларында ғана емес, Забур жырларында да айтылады:

«Ал Пінехес тұрып, зұлымдыққа қарсы шықты, Індеттің апаты осылайша тиылды. Сол үшін Пінехес Құдай алдында ақталды, Ұрпақтан ұрпаққа мәңгі бақи мақталды» (Забур 105:30,31).

Құдайға ұнамды құндылықтарды қорғауға бел буған осынау жастың алған ұлы сыйын көргенімде, қалай масаттанғаным есімде. Бұл жердегідей уақытша қуаныш беретін сый емес, мәңгілік сый, Келісімнің мөрі басылған сый. Есіңізде болсын, Құдай Өзінің келісiмiн ешқашан бұзбайды. Бұл сый – ұлы сый, ол Пінехестің өзімен қоймай, өзінен кейінгі көптеген ұрпаққа да, тіпті бізге де әсерін тигізді! Пінехестің Құдайға ұнамдыны қорғаудағы табандылығы үшін, оның ұрпақтары түгелдей марапатталатын болады.

Пінехестің үлгісін көргенімде, тіпті жұрттың сүйіспеншілігінен айырылар болсам да, әрқашан тек шындықты айтуға бел бұдым. Сыйым өзіме ғана емес, жұбайым Лизаға да, ұлдарыма да, немере-шөберелеріме де, үрім-бұтағыма да жетеді деген сенімдемін. Бұл ешқашан бұзылмайтын келісім, амандық пен тыныштық келісімі, ұрпақтан ұрпаққа тарайтын жарылқау.

Ұлдарымның Құдайға құлшына қызмет етіп жүргенін көріп, масайраймын. Олардың бала кезінде Ізгі хабар таратумен үйден шалғай жүрген күндерім көп болды. Дегенмен, амандық пен тыныштық келісімі іске асуда, әрі балаларымызға да тарауда. Бұл келісімді өзгеріске қозғау салушыларға Құдайымыз уәде еткен. Немерелерім де осы жарылқаудан үлесін алады деп сенемін.

Ақиқатты аялай білгендерге арналған жарылқауды көріп отырсыз ба? Иә, бұл өзіңіз ғана емес, үрім-бұтағыңызға да уәде етілген амандық пен тыныштық келісімі. Басқалардың қолдау-қолдамауына қарамастан, игі өзгерістердің басталуына күш салсаңыз, Құдайдың жолына жаныңызды салсаңыз, Құдайдың уәдесі жүзеге аса бермек.

Күнәнің өршіп, қауымды түгел жайлап кетуіне үнсіз қарап тұрғаннан, ақиқаттың қылышын сүйіспеншілік мүддесіне қолданғанымыздың қаншалықты артық екенін көріп отырған боларсыз?

Мен үшін жауап анық, ал сіздің еркіңіз білсін.

ІС-ӘРЕКЕТ

Сіз күткен жақсы хабар: өздерінің болашағымен қоймай, үрім-бұтағының да болашағына әсерін тигізген Құдайдың мәңгі уәделері мен жарылқауларына қол жеткізгендер бақытты. Ал ақиқатты қорғап, Құдайға ұнамды істер істесеңіз, солардың қатарына сіз де қосыласыз.

Өзіңізге-өзіңіз осыдан артық қандай жақсылық жасай аласыз? Осыдүниелік дәулет мәңгі емес, өткінші, небір тасыған байлықтың өзін бір-екі ұрпақ тауыса алады. Ешбір даналық пен білімді де үрім-бұтағыңызға түгел жеткізе алмайсыз. Тек, Құдайдың адалдығына негізделген мұра ғана осыншама ұзаққа бара алады.

Болашақ ұрпақтарға нені мұра еткіңіз келеді? Жерде қандай із қалдырып, аспанда қандай атаққа ие болғыңыз келеді? Жердегі өткінші өмірде сүйіспеншілік пен ақиқатты жан сала қорғайтын болсаңыз, осындай тілектеріңіз қабыл болмақ.

УӘЖДЕМЕ

Осыдан біраз уақыт бұрын бір мәселеге тап болдым: смартфонымнан хабарлама жіберілмейтін болды. Мәселені шешу үшін қолымнан келгеннің бәрін істедім: қосымшаларды ашып-жаптым, телефонымды сөндіріп те, қайта жүктеп те көрдім, тіпті тығырыққа тірелгенімнен “мәжбүрлеп сөндіру” тетігін де басып көрдім. Содан соң күрделі әрекетке көштім, одан да түк шықпады.

Смартфонымызға қаншалықты тәуелді екенімізді, оның өміріміздегі орнының қаншалықты маңызды екенін сонда көрдім. Бұл жағдай кенже ұлымның Үндістанда жүрген кезінде болды. Балам сол елде өтіп жатқан конференцияда уағыз айтып, бағушылар мен жетекшілерге кітап таратып жүрген болатын. Бір қиындыққа тап болып, маған хабарлама жаза бастады. Телефонымның жұмысы бұзылғандықтан бірнеше сағат бойы жауап бере алмай әурелендім. Он бес минуттай хабарлама терумен болам, кенет қосымшаның жұмысы тоқтап қалады да, терген хабарламам зым-зия жоқ болады. Хабарламаны қайта терем. Осылай бірнеше рет қайталанды. Төрт сағат өткенде ұлыма қысқа ғана хабарлама жібердім-ау әйтеуір. Шын мәнінде айтарым көп еді, телефоным бұзылғандықтан, ойымды балама жеткізе алмадым. Әжептәуір кейідім, әрине.

Ақырында, смартфонымды телефон жөндеуді жақсы білетін

техник-маманға апарып бердім. Мен бірнеше күн бойы мәселені шеше алмай әлек болсам, ол он бес-ақ минуттың ішінде кедергіні дәл тапты. Бірер сағаттан соң смс-хабарламаларды бұрынғыдай, еш кедергісіз теріп, жібере алатын болдым. Өзімнің бір қатемнен смартфонымның хабарлама жіберу функциясы істен шыққан екен.

Ал енді ойланып көрелік. Мәселенің шешімін іздемесем не болар еді? Мамандарға жүгінбесем ше? Мүмкіндігі шектеулі телефонды әлі қолданып, әуре-сарсаңға түсіп жүрер едім. Талай уақытым соған кетер еді. Мұның бәрі жанұяймен, әріптестеріммен, достарыммен арадағы қарым-қатынасқа кері әсерін тигізбей қоймайды, әрине.

Тағы бір қадам жасап көрейік. Мен ешқашан смс-хабарлама жіберіп көрген емеспін делік. Отыз жыл бұрын шынымен де смс-хабарламаның да, смартфонның да не екенін білген жоқпыз ғой. Осыдан небәрі жүз жыл бұрын континентаралық қоңырау шалу деген атымен болған жоқ. Сол уақытта болса ғой, төрт сағат еңбектеніп, Үндістанда жүрген ұлыма хабарлама жіберуге қуана келісер едім. Қалай болғанда да, коммуникацияның болғаны болмағанынан жақсы. Алыстағы ұлыммен хабарласудың қазіргідей оңай жолын білмесем, мәселені шешуге, кедергіні алып тастауға осынша құлшынар ма едім? Смартфонның мүмкіндігіне үйреніп қалғандықтан, оның бұзылғаны қатты қынжылтты.

Мүмкіндік пен әлеует жайында бейхабар болсақ, оған жетуге де не ынта, не құлшыныс болмайды. Арнайы әскери бөлімшенің күш-қуаты жөнінде досымның білетінін екінің бірі біле бермейді. Сол бөлімшеде кедергі пайда болса, қайтер еді? Бұл жағдай досымның ашуына тиіп қана қоймас еді...адам шығынына да ұшыратар еді ғой.

Көне өсиеттегі хикаяға қайта оралайық. Исаил халқы Аханға қаншалықты ыза еді, соны білесіз бе? Иерихон шайқасында ұлы жеңіске жеткен олар Ай қаласының маңында жойқын жеңіліске ұшырап, отыз алты сарбазынан айырылды, қаза болғандардың отбасымен бірге қара жамылды.

Қорынттықтар рухани криптониттің әсерінен жазылмас дерт, мезгілсіз өлім, әлсіздікке ұшырап, сұмдық зардап шегіп жүргенін көргендегі Пауылдың қаншалықты кейігенін ойлап көріңізші. Пауыл елші қорынттықтардың әулетін жақсы білгенмен, олардың өздері білмеді. Олар жеке басының мүддесін бүкіл қауымның мүддесінен жоғары қойды.

Ал сіздің өміріңізде осы мәселе бар ма? Қауымыңызда қандай жағдайлар болып жатыр? Менің ойымша, сіз мәсіхшілік жолындағы игіліктердің барлығын көруді аңсап жүрсіз, сын-тегеурінге толы осы жолдауды оқып отырғаныңыздың себебі де – сол. Сол қалауды жүрегіңізге салған – Құдайдың өзі. Ақиқатпен бетпе-бет кездесуден туындайтын уақытша ыңғайсыздықтан қашқақтамай, Құдайдың құзырында, рухани игіліктерге қанып өмір сүруге ұмтыласыз, қауымыңыздағы рухани ояныштың күесі болғыңыз келеді.

Сәуле шашыңыз

Осы кітапты оқып шыққаннан екі түрлі пайда табасыз: біріншіден, қауымыңыздың жемістілігі едәуір артады, екіншіден, Құдаймен жеке қарым-қатынасыңыз тереңдеп, өміріңізде жеміс көбейе түседі. (Әзірше сөз қауым туралы болып отыр, әрі қарай жеке өміріңіз жайлы болмақ).

Қауымыңыздың болашағы қандай болуын қалайсыз? Осы сұрақтың жауабы әулетіміздің толық ашылып, жүзеге асуына кедергі келтіріп тұрғанның бәрін тауып, аластатуға түрткі болад. Смартфonomды жөндетіп, мүмкіндігін түгел пайдалануға қалай ұмтылсам, бұл мәселедегі құлшынысым да сондай.

Ишая пайғамбардың сөзіне назар аударыңыз:

«Орныңнан тұр, уа, Иерусалим, сәуленді шаш! Сен нұрға бөленіп, Жаратқан Иенің нұрлы салтанаты үстіңнен көтеріліп келе жатыр. Міне, жер бетін қою қараңғылық жайлап, халықтарды қара түнек жауып алды. Бірақ сенің үстіңнен Жаратқан Иенің нұры жарқырап, Оның нұрлы салтанаты көрінеді» (Исаии 60:1, 2).

Біріншіден айтқым келетіні: Ишая мұнда аспан патшалығын да, Мәсіхтің мыңжылдық патшалығын да сөз етіп отырған жоқ (Аян кітабында айтылғандай, Иса жер бетінде мың жыл бойы патшалық құратын болады). Ишаяның айтып отырғаны – Петір мен басқа авторлар айтқан жаңа жер мен жаңа аспан да емес. Жоқ, пайғамбар мұнда жер бетін түнек басатын заманды суреттейді. Сондықтан, бұл пайғамбарлық сөз қазіргі уақытқа қатысты болуы мүмкін. Өз басым, дәл солай деп ойлаймын.

Пайғамбардың айтуынша, қою түнек әлдебір аймақтарды емес, жер бетін түгел басады. Жаратушымыздың жүрегінен барған сайын алыстап барамыз. Атеистерді, агностиктерді, сиқыршылыққа бой ұрғандарды ғана айтпаймын, мәсіхшімін деп жүрген көптеген адамдар да солай. Пауыл елші осы заман жайында нақты айтқан: «Себебі адамдар дұрыс тәлімді еш қабылдамайтын уақыт та туады. Олар жеке құмарлықтарының жетегінде кетіп, құлақтарына жағатындарды ғана айтатын тәлім берушілерді көптеп шақырып, соларды тыңдайтын болады» (2 Тім. 4:3). Әрі қарай: «Осылай олар шындыққа құлақ салмай, бос аңыздарға назар аудармақ» дейді (4-аят).

Ишаяның айтуынша, сол уақытта нағыз сенушілер сәуле шашады – олар көзге түсетін болады. Бір сәт ойланып көріңізші: қараңғы бөлмеге кіріп, шам жақсаңыз, түнек лезде сейіліп жоқ болады. Қараңғылық жарыққа төтеп бере алмайды. Түнектің жарқ еткенін көріп пе едіңіз, ондайды естідіңіз бе? Жоқ, жарық қана сәуле шашады. Түнек қаншалықты қою болса да, жарықтан жеңіліп, жоқ болады.

Сендер дүниеге (Құдай жолын көрсететін) «нұрсыңдар» дейді Иса. Жарқырауға тиіспіз, түнектен басым болуға міндеттіміз, бірақ оған қалай жетеміз? Ишаяның айтуынша, біз сәуле шашқанда, Жаратқан Иенің нұрлы салтанаты көрінеді.

Мұндағы “салтанат” деп аударылған – еврейше кабод деген сөз, оның мағынасы шексіз әсемдік, байлық, молшылық, кемелдік, даңқ, абырой, қадір-қасиет, салмақ. Осы ұғымдарға тереңірек үңіліп көріңізші. Киелі кітапта айтылатын Құдайдың салтанатына Оның шексіз, нұрлы әсемдігі, ұлылығы, құдіреті, даңқы, кең пейілі, қадір-қасиеті, шексіз билігі кіреді. “Салмақ” сөзі осылардың бәрі тапшы емес, мол, кемел екенін білдіреді. Басқаша айтқанда, бұл Жаратқан Ие ұлылығының салмақтылығы.

Пауыл елші «... Құдай ...бізді Иса Мәсіхтің бетінен көрінетін Өзінің салтанатты ұлылығын білуіміз арқылы нұрландырды» дейді (2 Қорынт. 4:6). Әрі қарай сөзін жалғап:

«Біз осы рухани қазынаны сақтайтын қарапайым қыш құмыралар іспеттіміз. Осылайша біздегі шексіз зор құдіреттің өзімізден емес, Құдайдан екені анық болып тұр» дейді (2 Қорынт. 4:7, ағылшыннан аударма).

«Біздегі шексіз зор құдірет» деген сөздерге назар аударыңыз. Құдайдың салтанаты, нұрлы әсемдігі, ұлылығы, құдіреті, даңқы, кең пейілі, қадір-қасиеті, шексіз билігі толығымен жүрегімізде сәуле шашуда. Пауылдың «біздегі шексіз зор құдірет өзімізден емес, Құдайдан» деп жазуының себебі де осында. Құдайдың тапсырмасын орындауға кедергі келтіретін түнектің бәрін жоятын құдіретті айтады.

Арнайы әскери бөлімше тапсырманы орындауға аттанғанда, жауынгерлер жеңілуді жоспарламайды. Шынымен де, олар көбінесе тапсырманы ойдағыдай орындап қайтады. Біздің үміт арттарымыз сол сарбаздардың үмітінен гөрі сенімдірек, – Құдайдың бұлжымас уәделері! Жеңіске жетуіміздің кепілі сол!

«Жаратқан Иенің нұрлы салтанаты үстіңнен көтеріліп келе жатыр» дейді Ишя. «Бізге келіп қонады» делінбеген. Ол нұрлы салтанат қайдан шығады? Жүректерімізден. «Біз осы рухани қазынаны сақтайтын қарапайым қыш құмыралар іспеттіміз» деген сөз есіңізде болар (7-аят).

Олай болса, сізге қояр сұрағым: «Неліктен Құдайдың ғаламат құдіреті қауымдарымызда көрінбейді? Мезгілсіз көз жұмған, ауру-сырқау, әлсіз адамдар неге соншалық көп? Рухани криптониттің әсеріне жол беріп жүргендігімізден емес пе?»

Қауымның әлеуеті

«Бүгінгі таңда қауымның әлеуеті қандай болу мүмкін? Қауымның пайда болуын еске алайық. Алғашқы өнім мейрамы тойланатын күні Исаның жүз жиырма шәкірті бір үйде тығылып отырған болатын. Сенушілердің бәрі бірге болды деп жазылған. Олардың арасындағы осы бірлік жайлы айта кетейік. Иса өлімнен қайта тірілгеннен соң ең кемі бес жүз адамға жоғарғы бөлмеде жиналып, Көктегі Әкенің уәдесінің орындалуын күтуді тапсырды (1 Қорынт. 15:6 және Лұқа 24:33–53 қараңыз). Он шақты күн өткенде неге жүз жиырма адам ғана жиналды? Қалған үш жүз сексен адам қайда қалды, олар неге күтпеді? Олар туралы ештеңе айтылмайды. Пауыл елші Қорынттықтарға арналған хатын

біздің заманымыздың 56-жылында жазған болатын. Сол тұста әлгі адамдар әлі жер басып жүргені анық. Білетініміз, жалғыз-ақ, олар Иса бұйырғандай, Иерусалимде қалып, Әкенің өз уәдесін орындауын күткен жоқ» (Елшілер. 1:1–15 қараңыз).

Сол 380 адам Исаның тапсырмасын бұйрық деп емес, жай ғана жақсы кеңес деп қабылдауы мүмкін бе еді? Оны орындау тым қиын деп ойлады ма, әлде? Бәлкім, олар Құдайға өздеріне қолайлы жолмен қызмет етеміз деп ойлаған болар.

Олардың кейбіреуі Исаның қайта тірілгенін айтып, уағыздап та жүрді деген ойдамын.

Алайда, ұлылыққа бөлейтін Құдайдың Рухы оларға қонбады (1 Петір. 4:14). Бірлікте бас қосқан 120 адам ғана Киелі Рухтың ұлылығына бөленді. Оларды біртұтас еткен не нәрсе? Әрқайсысы өз пікірін ұстанған жоқ, керісінше, әлгі 380 адамда түрлі пікір болды. Менің ойымша, оларды біріктірген – Құдайдың Сөзіне деген табанды мойынсұнушылық, Құдайдың Сөзін орындауды парыз санағандары.

Оларды Құдайдың құдіреті мен салтанатты ұлылығы толтырған күні тәубе еткен адам саны үш мыңнан асты! Олар жарнамалық кітапшалар таратқан жоқ, газет-журналдарға жарнама берген жоқ, әлеуметтік желілерде бұқаралық стратегияларды қолданған жоқ, эфирді жарнамаға толтырған жоқ. Олар, тіпті, жиналыс уақытын жоспарлаған да жоқ. Соған қарамастан, Құдайдың ұлылығын бүкіл қала тұрғындары көрді.

Біраз уақыт өткенде туғанынан мешел адам орнынан атып тұрып, ғибадатханаға өз аяғымен келгенде тағы да бес мың кісі (әйелдер мен балаларды санамағанда) жоғарыдан туылды. Ең қызығы, Құдайға келген сол бес мың адамды тәубе етуге Петір де, Жохан да шақырған жоқ, өйткені, екеуі де сол мезетте тұтқындалған болатын!

Сол күнгі жаңалықтар күллі Иерусалим қаласын дүрліктірді. Алапат желдің гүрілін естімеген адам жоқ. Сенушілер Құдайдың ғажап ұлылығын әр елдің тілдерінде мадақтап жатты, және өздері бұрын-соңды білмеген тілдерде. Қала тұрғындарының құлағына бұл да жетті. Исаның атымен жасалып жатқан кереметтерді бәрі көрді.

Бірнеше күн өте, Исаның шәкірттері бірлікте мінәжат еткенде, олар жиналған үйдің іргесі қозғалысқа түсті. Киелі кітап асыра айтпайды.

Жер сілкінді деп жазылса, жердің шынында да сілкінгені. Әр сенуші айналасына құдірет, молшылық, шипа таратып жүрді.

«Араларында жоқшылық көрген ешкім болған жоқ» деп жазылған (Елшілер. 4:34). Петір Иерусалимнің көшелерімен жүріп өткенде, тым болмаса, елшінің көлеңкесі түссін деп, жұрт ауру адамдарды көшеге шығарып, төсеніштер мен зембілдерге жатқызып қойды. Иерусалимнің маңайындағы қалалардан да халық ағылып, науқастары мен жын қинаған кісілерін алып келді. Солардың бәрі сауығып кетті (Елшілер. 5:16). Құдайдың салтанатты ұлылығы осындай! Осылайша сенушілер аурухана бөлмелерін аралап, науқастарды сауықтыра алар еді.

Бір кісі, әйелімен келісіп, Құдай алдында күнә жасады. Ерлі-зайыптылар қызметтерінің бірі жайлы бағушыға жалған мәлімет берді. Екеуі де өтірік айтқан мезетте жан тапсырды. Бүкіл сенушілер қауымын және мұны естіген қала тұрғындарын қатты үрей биледі (Елшілер. 5:1–13 қараңыз). Осы үрей жұртты шошындырған жоқ, қайта көптеген адамдардың Құдайды дәріптеуіне түрткі болды: «Барған сайын көптеген кісілер: еркектер де, әйелдер де Иемізге сенім артып, Оның қауымына қосылып жатты» (Елшілер. 5:14).

Осындай жағдайлар Иерусалимнен басқа жерлерде де болып жатты. Исаның жолын құушылар батылдықпен күәлік етумен болды, олар жүрген жердің бәрінде адамдар көптеп тәубе етіп, ауруларынан сауығып жатты. Жесір әйелдерге ас таратуға жауапты қызметші Філіп Самарияның астанасына келіп, оның тұрғындарына Мәсіх туралы Ізгі хабарды жариялады. Сонда “...көп кісілердің буып жүрген жандары қатты айқайлап бойларынан шығып кетті, әрі көптеген сал, мүгедек болғандар сауықтырылды. Содан қала халқы зор қуанышқа кенелді” (Елшілер. 8:7, 8). Бұрыннан сиқырлықпен айналысып келген, атышулы Шимон есімді кісі «...Філіптен бір елі қалмай қойды. Ол Құдайдың құдіретін танытатын ұлы кереметтерді байқағанда қайран қалып жүрді» (13-аят). Қала тұрғындары түгел хабардар болды, көбісі құтқарылып жатты.

Осы кезде Петір елші сегіз жыл бойы сал болып жатқан кісіні қас қағым сәтте сауықтырып жіберді.

Киелі жазба: «Лүдда қаласы мен Шарон жазығының күллі тұрғындары Әнейдің сауығып, жүріп кеткенін көрді. Содан олар теріс жолдарынан қайтып, Иеміздің жолына түсті» дейді (Елшілер. 9:35). Бір қала емес, бірнеше елді мекеннің тұрғындары түгелімен құтқарылды.

Иоппе қаласында Табита есімді бір әйел өлімнен қайта тірілді. Бұл оқиға бүкіл Иоппе қаласына мәлім болғанда тағы бір қала толықтай елшілердің ықпалына түсті.

Ақырында Петір тұтқындалды. Елшіге арнайы күзет қойылды. Алайда ол қамалған абақтыда Жаратқан Иенің періштесі пайда болды да, қараңғы қапастың ішін жап-жарық қылды.

Ал Ирод Құдайға тиісті құрмет көрсетпегендіктен, Жаратқан Иенің қаһарына ұшырады, ол тірідей құртқа жем болып өлді. Құдайдың салтанатты ұлылығы түнекті ығыстырып шығарды. Құдайдың нұрына қарсы тұрар күш жоқ!

Кереметтер, зор құдірет, құтқарылған адамдар ауыл-аймаққа түгел тарады. Онымен қоймай, «... яһудилер болсын, гректер болсын Азия аймағының барлық тұрғындары Иеміз туралы Ізгі хабарды естіді» деп жазылған (Елшілер. 19:10). Бірнеше ауыл немесе қала емес, күллі аймақ. Және барлық тұрғындар естіді! Ол заманда Facebook, Instagram не Twitter секілді әлеуметтік желілер жоқ. Интернет, жерсеріктік байланыс, телевизия, радио да жоқ. Автокөлік, ең құрығанда, велосипед те, жылдам көліктің ешбірі де жоқ. Сөйте тұра, сол аймақтың әрбір тұрғыны Құдай туралы сөзді естіді! Қауымның бірлігі осындай кереметтерге жол ашады, Құдайдың Сөзі қауымдарда тиісті орын алса, осылай болмақ.

Бұл – алғашқы қауымда болған Құдайдың салтанатты ұлылығының көрінісі. Алайда, біздің заманымызға деген Құдайдың жоспары одан да зор, оны келесі тараудан көреміз. Алғашқы қауым тұсында болған кереметтерден Патшамыз және Иеміз Иса Мәсіхтің келуі қарсаңында болатын құдірет пен ұлылық әлдеқайда зор болмақ!

ІС-ӘРЕКЕТ

Жаңа Өсиеттегі кереметтерді көріп, “Олардың істері ғажап, ал мендей адамның қолынан ондай істер қайдан келсін” деген ойға қалған боларсыз. Міне, сондықтан осы тараудың мағынасы өте маңызды, кереметтер – тек әлдебір ерекше адамдардың қолынан келетін іс емес. Жай адамдардың сенімі мен мойынсұнуының арқасында олардың бойында Құдайдың ұлылығы арта түседі, сонда кереметтер жүзеге асады.

Құдайдың ұлылығы алғашқы сенушілерде – ысылмаған, оқымаған, жас, шуылдақ, қарапайым еңбекпен шұғылданып жүрген сол бір адамдардың бойында болса, онда бізді Құдайдың құдіретін алып жүруге қабілетті адам деп анықтайтын ешбір стандарт жоқ. Бұл біздің білімімізге де, қабілетімізге де, әдептілігімізге де байланысты емес, мәселе тек Құдайдың сөзіне риясыз сеніп, ықыласпен орындауымызда.

Алғашқы қауымның тұсындағыдай және одан да зор кереметтерді көре алатынымызға сенесіз бе? Қауымымызда кереметтер болып жатса, одан да жоғары деңгейге көтерілуге дайынсыз ба? Құдайдың сізге бергісі келетінінің бәріне қол жеткізгіңіз келеді ме? Құдайға сиынып отырып, осы сұрақтарға жауап беріңіз. Содан соң өзіңіздің дәрменсіздігіңізді Құдайдың алдына әкеліңіз, жеңілген сәттеріңізді еске түсіре отырып, тәубе етіңіз. Барлық күмән-күдігіңізді Құдайға тапсырыңыз да, өзіңізді-өзіңіз Оған ұсыныңыз, сіз арқылы Құдайдың жоспары жүзеге ассын.

БІРЛІКТІҢ КҮШІ

Өлім жазасына кесілер алдында Иса бірге жүрген шәкірттері ғана емес, біз үшін де мінәжат етті: «Мен бұлар үшін ғана емес, олардың айтқандары арқылы Маған сенетін барлық адамдар үшін де өтініп тұрмын» (Жохан 17:20). Осы мінәжатында Иса мені мен сіз үшін де сиынған болатын. Біз Исаға “олардың айтқандары арқылы” келдік, яғни шәкірттердің жазғанын өзіміз оқып, немесе біреудің сол сөздерді бізге жеткізуі арқылы.

Иса – адам кейпінде келгендіктен, Құдайдың еркі көктегідей жерде де орындалуын сұрап сиынуға билігі бар. Иса Иеміздің мінәжаты:

«Әке, Мені Өзіңнің жібергендігіңе адамзаттың сенуі үшін, Сенің Менімен, Менің де Сенімен тығыз байланыста тұрғанымыздай, сенушілер де Екеуімізбен тығыз байланыста тұрып, бәрі біртұтас болсын деп өтінемін. Солар да Біз сияқты біртұтас болсын деп, Өзің Маған сыйлаған ұлылықты Мен оларға да бердім» (Жохан 17:21, 22).

Иса бізді біртұтас болсын деп, Иса Мәсіхтің күллі адамзаттың құтқарушысы екеніне әлем сенсін деп сиынды. Осы жолдау әлемге не әкелмек? Жауап — әлбетте, Құдайдың ұлылығын. Құдайдың бізге берген тапсырмасын орындауымыз үшін бұл өте маңызды. Жаратқан

Ие Өзінің ұлылығын (Өзінің құдіретінің көрінісін) бірлікті сақтай білетіндерге енші етеді.

Ең бастысы – Исаның Құдай Әкемен тығыз байланыста тұрғанындай, біздің де Құдаймен тығыз байланыста тұрып, бәріміздің біртұтас болуымыз.

Иса Құдай Әкемен тығыз байланыста тұрды дегенді қалай түсінуге болады? Иса «Мен өздігімнен ештеңе істей алмаймын...Мені жіберген Әкемнің еркін орындаймын» деген сөзді бір емес, бірнеше қайталайды (Жохан 5:30), «себебі өз еркімді емес, Мені жіберген Әкемнің еркін орындау үшін көктен келдім» (Жохан 6:38), «Сонда Мен былай дедім: «Міне, келе жатырмын, уа, Құдай, Сенің еркіңді орындау үшін. Шиыршық кітапта Мен туралы жазылған» (Евр. 10:7). Иса Әкенің еркін біліп, орындауға Өзіне қолайсыз болса да, онысымен басқаларға жақпаса да, бар ықыласымен ұмтылған. Құдаймен тығыз байланыста болу деген сол.

Алғашқы шәкірттер де сондай еді. Олар бірге, бірлікте болды, сонда Құдай олар арқылы Өз ұлылығын бүкіл әлемге паш етті. Үш жылдың ішінде Исаның сөзін естіп, кереметтерін көрген ондаған мың адам емес, 120 шәкірт. Қайта тірілген Исаны көздерімен көре тұра, сөздерін орындауды өздеріне міндет санамаған әлгі 380 кісі емес. Бұлар – сенімде біртұтас бола білген адамдар еді.

Пауыл әрқайсымыздан жалына сұрайды: «Құдай Рухымен иемденген бірліктеріңді өзара байланыстырған татулық арқылы сақтауға ұмтылыңдар!» (Ефес. 4:3). Осы сөзден соң елші Исаның қауымға – елшілерге, пайғамбарларға, Ізгі хабар таратушыларға, бағушыларға, тәлімгерлерге – берген ерекше рухани дарындары жайлы айтады. Олардың міндеті – қауымды алдағы мақсатқа жету жолында жетілдіру:

«Осылайша бәріміз бірге Құдайдың рухани Ұлына сеніп, Оны жақын білу арқылы Мәсіхтің кемелдігіне сай келетін біртұтас, жетілген қауым болмақпыз» (Ефес. 4:13).

Біздің мақсатымыз да, міндетіміз де алғашқы қауымдікіндей, – бірлікті сақтау, біртұтас болу және сол арқылы Құдайдың құдіретін әлемге көрсету. Басқа жол жоқ!

Қазіргі сенушілер бірлікке – сенімдегі бірлік пен Құдайды танып

білудегі бірлікке қол жеткізуге тиіс. Нағыз, шынайы бірлікке жеткізер жалғыз жол, Иса мен Оның шәкірттерінікіндей – Құдайдың сөзіне мойынсұну.

Есіңізде болар, Исраил халқы бірлікте болғанда, Иерихонды жайрата жеңген болатын. Сүлеймен патшаның тұсында Исраилге жауларының тісі батпайтын. Халық молшылыққа кенеліп, ел гүлденген заман болды. Осындай мысалдарды әлі де келтіруге болады, дегенмен, ойым түсінікті шығар.

Мәселенің екінші жағын да қарастырайық. Қорынт қаласындағы сенушілердің рухани криптониттің әсеріне шалдыққанның айтқанда, Пауыл елші сөзін былай деп бастады: «...Біріншіден, араларыңда жікке бөлінудің бар екені туралы хабар алдым, бұның ішінара болса да рас екеніне сенемін» (1 Қорынт. 11:18). Араларыңда бірлік жоқ екені анық! Осы тұста: “олардың бірлігін бұзған не?” деген сұрақ туады. Криптонитпен көңілдегілік – Құдайдың сөзіне бағынбау. Олардың тілазарлығы да, Аханның тілазарлығы да – бір. Нәтижесінде Исраил біртұтас, мықты халық болудан қалып, Ай қаласының маңындағы шайқаста күйрей жеңілді.

Әрі қарай Пауылдың сөзі күтпеген жерден шығады:

«...Біріншіден, араларыңда жікке бөлінудің бар екені туралы хабар алдым, бұның ішінара болса да рас екеніне сенемін! Ал сендердің қайсыларыңның сенімді екендіктеріңді анықтау үшін пікір алалығы да қажет» (1 Қорынт. 11:18, 19).

Кімнің сенімді екенін білу неліктен осынша маңызды? Бұл сұрақтың жауабын табуға тиіспіз. Сенімдегі бірлік пен Құдайды танып білудегі бірлікке апарар жол осында жатыр. Аханның тілазарлығы мен басқалардың Құдай сөзіне мойынсұнушылығын анықтау қаншалықты маңызды болса, кімнің сенімді екенін білу де сонша маңызды.

Өз жолымен кеткен үш жүз сексен адамнан сенімі мықты жүз жиырма шәкіртті бөліп алу да соншалықты маңызды болатын. Қорынттағы қауым үшін де осы мәселе маңызды еді. Құдайдың сөзін бұлжытпай орындауға дайын көпшілік пен кейбір тілазар адамдар анықталуы қажет болатын. Тілазарлар бөлініп шықпай, Қорынтта Құдайдың ұлылығы іркіліп, толықтай көрінуіне жол ашылмас еді. Сонымен қатар, нан үзу рәсімін дәріптесе де, басқалардың қадірсіз

көзқарасынан зардап шегіп (әлсіздік, ауру-сырқау, өмірден ерте озу) жүрген кінәсіз адамдарға азаттық әперу керек болатын.

Пауыл елші бірліктің ең бірінші шарт екенін жақсы түсінді. Иерусалимде, Самарияда, Антақияда, басқа қалаларда болған кереметтер – Құдайдың ұлылығының көрінісі екенін елші білетін. Сол себепті Пауыл елші Қорынт қаласының тұрғындарын ғана емес, Ефес, Філіпі, Қолосс қалаларындағы сенушілерді де, біздің барлығымызды да бірлікке шақырады. Құдайдың сөзіне мойынсұнудан басқа бірлікке жеткізер жол жоқ, оны Исаның өміріне қарап білеміз.

Күштірек

Ал бүгінгі жағдай қандай екен? Әлі де мақсатымыз – сенім бірлігі ме? Сіздерге есімнен кетпес бір жайтты әңгімелеп бергім келеді. Бірде, мінәжат етіп отырғанымда, Құдай маған: «Балам, Исаның жерге қайта келуінің алдында жер бетіндегі жасайтын кереметтерімді көрсең, Елшілердің істері баланың ойынындай көрінер» деді.

Қайран қалып, абыржып қалдым. Сенер-сенбесімді білмедім. “Әке, осы сөзіңе сенуім үшін, Киелі кітаптан үш дәлел керек” дедім. Осы өтінішімді Құдайға айтқанда, ешбір қолайсыздық сезінген жоқпын.

Бізге “бәрін де тексеріп сынаңдар! Жақсысын ғана қабылдап, берік ұстаныңдар” деп тапсырылған (1 Салониқ, 5:21). «...Әрбір іс ең кем дегенде екі не үш күәгердің айтқандарымен дәлелденуі керек» (2 Қорынт. 13:1).

Құдай маған Киелі жазбаның бірнеше аятын көрсетті, оның бірі мынау:

«Әлемнің Иесі мынаны да айтады: «Біраздан кейін Мен тағы да аспан мен жерді, теңіз бен құрлықты шайқалтамын! Мен барлық халықтарды да шайқалтамын. Сонда халықтардың бәрі өздерінің ерекше бағалаған қазыналарын әкеліп, Мен бұл үйді салтанатты ұлылыққа кенелтемін...Бұл киелі үйдің болашақ салтанаты бұрынғы киелі үйдікінен де асып түседі, — деп нық айтады Әлемнің Иесі. — Осы жерде Мен амандық пен тыныштық сыйлаймын!» — Әлемнің Иесінің Өзі осы уәдені береді» (Хаққай 2:6, 7, 9).

Осы жерде тарихтан дерек келтіре кетейін: Исраил халқы ұзақ жылдар бойы алдымен Бабылдың, кейін парсылардың тұтқынында болды. Парсы елінің патшасы Кирдің жүрегіне Құдай еліне қайтып, Навуходоносор бастаған бабыл жасағы қиратып кеткен ғибадатхананы қалпына келтіргісі келетін еврейлерді босатуды салды. Көптеген еврейлер еліне оралып, ғибадатхананы қайта тұрғызуға құлшына кіріскен болатын. Алайда, жеке басының қамы мен жергілікті тұрғындардың қарсыласуы олардың ынтасын бірте-бірте басып тастады. Хаққай, Зәкәриялардың, басқа да жетекшілердің пайғамбарлық сөздері халықты жігерлендіріп, жұмысқа жұмылдыру үшін қажет еді.

Сонымен, маңызды сұрақ туындайды: пайғамбардың айтып тұрғаны – өздері тұрғызған ғибадатхана ма, әлде болашақта салынатын басқа ғибадатхана ма?

Иса былай деген болатын: «...Иса оларға: “Мына киелі үйді бұзыңдар, Мен оны үш күнде қайта тұрғызамын” деп жауап қатты» (Жохан 2:19). Тастан қаланған ғибадатханада тұрса да, Исаның айтып тұрғаны ол емес, Өзінің денесі болатын. Осыған талдау жасайық.

Киелі кітапты зерттеушілер мен тарихшылардың айтуынша, Исраилдің жетпіс жыл тұтқындалуынан кейін салынған ғибадатхана көркі жағынан да, Құдайдың құдіреті көрінуі жағынан да Сүлеймен салған ғибадатханадан асқан жоқ-ты. Жеті жүз жыл өткенде, Ирод патша ғибадатхананы қайта салғанда да, сол алғашқы ғибадатханадай бола алмады. Сүлеймен патша өзі салдырған ғибадатхананы Құдайға бағыштаған кезде Құдайдың ұлылығы қалың бұлт түрінде ғибадатхананың ішін алып кетті, діни қызметкерлер оның ішіндегі қызметтерін жалғастыра алмай қалды. Ал қайта тұрғызылған ғибадатханада Құдайдың ұлылығының осындай айқын көріністері болған жоқ.

Парызышылдар Исаның “Мына киелі үйді бұзыңдар, Мен оны үш күнде қайта тұрғызамын” деген сөзін қате түсінді. Олардың ойынша, сөз тастан қаланған ғибадатхана жайлы болды. Хаққайдың сөзін ғимарат туралы айтылған сөз деп түсінсек, біз де қателесеміз.

Олай болса, пайғамбардың айтқаны – қай ғибадатхана мен қай заман жайлы айтылған сөз? Пауыл елші: «Сендер барлығың бірге «Құдайдың киелі үйі» екендіктеріңді және Құдайдың Рухы өздеріңде тұратынын білмейсіңдер ме?» дейді (1 Қорынт. 3:16, ағылшыннан аударма). Бір кездері Сүлеймен салдырған ғибадатхананы толтырған

сол Рух қазір біздің, барлығымыздың бойымызда. Хаққай пайғамбар айтқан ғибадатхана – Қауым деп сенемін. Осы соңғы ғибадатхананың салтанаты, яғни Құдайдың құзыры мен құдіретінің көрінуі, тастан қаланған ғибадатхананың қайсысынан да зор болмақ. Пауыл елші: «Себебі өткінші салтанат осыншама ұлы болғанда, мәңгілік салтанат одан бетер қаншама ұлы болмақ!» деп жазады (2 Қорынт. 3:11).

Көне өсиетте Құдайдың ұлылығы мен құдіреті анық көрінген болатын. Мұсаның жүзі Құдайдың салтанатынан нұрланып жарқырағаны сонша, бетін пердемен жабуына тура келді. Киелі шатыр тұрғызылысымен, оны бағана тәрізді бұлт басып, Жаратқан Иенің жер бетіндегі тұрағы Оның нұрлы салтанатына кенелді. Діни қызметкерлер кездесу шатырына кіре алмады, себебі оны бұлт жауып, Жаратқан Иенің жер бетіндегі тұрағы Оның нұрлы салтанатына бөленді. Жаратқан Иенің салтанаты керемет, ғажап көрініс тапты.

Дегенмен, Пауыл елші: «Кезінде салтанатқа кенелген Көне Келісім, өзінен әлдеқайда салтанатты Жаңа Келісімнің келуіне байланысты бар салтанатынан айырылды. Себебі өткінші салтанат осыншама ұлы болғанда, мәңгілік салтанат одан бетер қаншама ұлы болмақ!» дейді (2 Қорынт. 3:10, 11).

Хаққайдың пайғамбарлық сөзі бастан-аяқ қауым жайында ма? Яғни, Исаның аспанға көтерілуі мен жерге қайтып оралуы арасындағы уақытты түгел қамтиды ма? Пайғамбар тарихтың қай мерзімін суреттейді?

Хаққай пайғамбар жазып қалдырған Құдайдың сөзін қайталап оқып шығайық: «...Біраздан кейін Мен тағы да аспан мен жерді, теңіз бен құрлықты шайқалтамын! Мен барлық халықтарды да шайқалтамын... Мен бұл үйді салтанатты ұлылыққа кенелтемін...» (Хаққай 2:6, 7).

Құдай айтқан салтанатты ұлылығы халықтардың шайқалуы кезеңінде келеді. Еврейлерге арналған хатында Пауыл елші де осыны айтады: “Сол кезде Тәңір Иенің зор даусы жерді шайқалтты. Ал қазіргі заман туралы Құдай пайғамбары арқылы мынадай уәде берді: Мен тағы да жер түгіл, аспанды да шайқалтамын!» (12:26, 27).

Алдыңғы тарауда елшінің көлеңкесі Иерусалимнің көшелеріне әкелінген науқастарды суықтырған, бүтіндей бір қалалардың Құдай алдында тәубе еткен, ірі аймақтардың халқы Ізгі хабарды түгелдей естіп

жатқан кезең суреттелген болатын. Ал Еврейлерге арналған хат біздің заманымыздың 68 жылында, яғни сол жағдайлардан әлдеқайда кейін жазылған еді. Сондықтан Еврейлерге арналған хатта берілген уәде Елшілердің істері кітабы жазылған кезеңге қатысты болуы мүмкін емес. Бұл уәделер болашаққа, “барлық халықтар шайқалатын” уақытқа қатысты, Иса Мәсіхтің қайта оралуына куә болатын соңғы ұрпаққа берілген уәде.

Киелі жазбада бір емес, бірнеше рет көретініміз: Құдай ең жақсысын кейінге қалдырады. Сүлеймен патша: «Істің соңы бастамасынан жақсы...» дейді (Уағыз. 7:8).

Иса Ғалилея аймағының Қана қаласындағы үйлену тойында шараптың ең тәуірін тойдың соңына қалдырғанда да осыны көреміз. Кейінірек Иеміз былай дейді: “...Мен жасаған кереметтер сияқтыларды Маған сенуші де істейді, тіпті одан да зорларын істейді...” (Жохан. 14:12). Кереметтердің зоры неліктен Исаның аспанға көтерілуінен кейінгі уақытта болмақ? Өйткені, Жаратқан Ие ең жақсысын кейінге қалдырады.

Осы ақиқат Қауымға да қатысты – Қауым тарихының соңғы кезеңі бастамасынан әлдеқайда тамаша болмақ. Елшілердің істері кітабынан көргеніміздей, Қауымның тарихы зор кереметтерден басталды, одан да зор кереметтермен аяқталуға тиіс емес пе?

Пауыл елшінің сөзі есіңізде болсын: «Ондағы мақсатым – сенімдеріңнің негізі адамның даналығы емес, Құдайдың құдіретінің болуы» және «...Құдайдың Патшалығы сөзбен ғана емес, Оның құдіретімен көрінеді» (1 Қорынт. 2:5 және 4:20). Құдірет – Құдай Патшалығының жердегі айқын көріністерінің маңызды бір бөлігі.

Қалпына келтіру

Сол күні Киелі Рух маған Киелі жазбаның басқа да аяттарын көрсетті. Мәсіхшілік ой – өрісіміз кеңейе түсіп, Елшілердің істері кітабындағы кереметтерден де асқан құдіретті істерге дайын болуымыз керек. Мұны жоғарыда келтірілген үзінділерден көруге болады. Петір елші Киелі Рухқа кенеліп, былай деген еді:

«...сендерге рухтарыңды жаңғыртатын мезгілді сыйлайды, әрі өздерің үшін алдын ала тағайындаған Құтқарушы Мәсіх

— Исаны жібереді. Барлық нәрсе қалпына келетін уақытқа дейін Құдай Мәсіхті Өзіне қайтарып алды. Сол күндерді Құдай қасиетті пайғамбарларының аузымен баяғыда-ақ жариялап қойған болатын» (Елші. 3:20, 21).

Осы сөздерге тереңірек үңілейік. Біріншіден, барлық нәрсе қалпына келетін уақытқа дейін Иса Мәсіх аспанда қала беруге тиіс.

Яғни, Әкенің уәде еткені орындалмай, Иса жерге келе алмайды. Құдай Тағала пайғамбарлар арқылы нені уәде еткен еді? Ғибадатхананы қалпына келтіруді. Басқа сөзбен айтқанда, Құдайдың салтанаты, ұлылығы, даңқы, кереметтері, құдіреті молынан көрініп, Иеміздің ғибадатханасында және сол ғибадатхана арқылы паш етіледі.

Бүгінгі таңда осыны көріп отырмыз ба? Қалалар мен аймақтарды бүтіндей құтқаруға қауымның құдіреті жеткілікті ме? Ауруханалардың босап қалып жатқанын көріп жүрміз бе? Зағиптардың көзі ашылып, мешелдердің өз аяғымен жүріп кеткенін, науқастардың сауығып, Құдайды қуана мадақтағанын көріп жүрміз бе? Біз миінежат еткенде тұрған жеріміз шайқалды ма? Ізгі хабарды жананның түкпір-түкпіріне таратуға қауымдарымыз бен қызметтеріміздің ресурстары молынан жетіп отыр ма? Сенушілер тапшылық көріп отырған жоқ па? Хаққай пайғамбардың мына сөздерінің себебі де осында болар:

«Осы киелі үйді оның бұрынғы салтанатында көргендерден араларыңда кім қалды? Ал қазір көріп тұрғандарың қандай? Бұрынғыға қарағанда ол сендерге түк еместей болып көрінбей ме?» (Хаққай 2:3).

Хаққай бұл сұрақты тыңдарманына қояды. Дәл осыны бізден бүгін Құдай сұрап отыр. Елшілердің істерімен салыстырғанда, бүгінгі көріп біз отырған құдірет түк те емес! Мұны мойындауға тиіспіз. Осыны түсінсек қана, Құдайдың салтанатты ұлылығының Қауымда қалпына келуіне ынтыға ұмтыламыз. Ал түсіне алмасақ, Қауымның қауқарсыз қалпымен келісе береміз.

Бірлігімізден айырылып, криптониттің ықпалына түсіп отыра береміз бе? Өтінемін, менің сөзіме назар аударыңыз – біз Иса Мәсіхтегі бірлікке жан сала ұмтылуға тиіспіз. Ал бұл мақсатқа жетудің бірден-бір жолы – сенім мен Құдайдың сөзіне мойынсұну.

Сонымен, бағыт белгілі. Енді криптонитті деп тану мәселесіне қайта оралайық. Келесі тарауда сенушілер ретінде жеке және жалпы рухани жетілуімізге криптониттің тигізетін зиянын қарастырамыз.

ІС-ӘРЕКЕТ

Мүмкіндігіміздің қандай екенін білмей, азға қанағаттандық деп опық жемейміз. Алайда, осы тарауды оқып шыққаннан кейін рухани әуелетіңізді білдіңіз. Енді алдыңызда екі жол бар: қауымға уәде етілгеннен әлдеқайда төмен деңгейдегі әлсіз де шектеулі өмірге көну немесе Иса Мәсіхтің ұлылығын толықтай паш ететін жарқын өмірге ұмтылу.

Осының мүмкін екеніне әбден сенбей, әрекет ете алмайсыз. Ал әрекетсіздік дәрменсіздікпен пара-пар. Алғашқы қадамды Құдайдың сөзіне және өміріңізге деген еркіне нық сеніп, сүйене білуден бастау керек.

Ефестіктерге арналған хатта Исаның бізді Өз сөзімен тазартатыны жайлы айтылған. Онда біз Оның ісіне үлес қоса алатын боламыз. Өзіңізге уәде етілген жарқын өмір жайлы бірнеше тұжырым жазыңыз. Мысалы, «Иса Мәсіх мені Өзінің Құдіретті Рухына әлемді өзгерту үшін кенелтті», «Күнәһарларға Ізгі хабарды жеткізу үшін Құдай маған құдіретін берді», «Мен замандастарыма ықпал етіп, әріптестерімнің өміріне өзгеріс әкелуге майланғанмын». Осы тұжырымдарды күн сайын дауыстап жариялап жүріңіз, сонда нақты әрекеттерге деген даярлығыңыз күн санап арта түседі.

КРИПТОНИТТИ ДӘП ТАҢУ

「2-БӨЛІМ」

НЕКЕ СЕРТІ

Келесі тарауларды оқып отырғаныңызда өзіңізді керексіз сөзге кірісіп кеткендей сезінуіңіз мүмкін. Алайда, бірнеше маңызды ақиқатты анықтап алғаннан соң, қауымға зиянды ықпалын тигізіп жүрген рухани криптонит жайлы әңгімемізді жалғастырамыз.

Әдеттегі неке ме?

Құдаймен арадағы қарым-қатынасымыздың асыл да терең сырлы сипатын бейнелейтін мына бір мысалды келтіргім келеді.

Джастин есімді жігіттің Анджеламен кездесіп жүргеніне бір жыл болды. Джастин үшін Анджела – нағыз арудың өзі, және мінезі де елден ерекше. Жігіт қызға өлердей ғашық, қалған өмірін тек Анджеламен өткізгісі келеді.

Бірде Джастин Анджеланы ерекше кездесу кешіне шақырады. Реті келген сәтте ол сүйіктісінің алдына бір тізерлеп тұрып, шағын қобдишаны ашады да, Анджелаға тамаша жүзік сыйлайды. Сақинаны ұсынып тұрып, өмірлік жар болуын сұрайды.

Анджела қатты тебіренеді. Ол бетін алақанымен басып, жылайды. Біраздан соң көзінен парлаған жасын тыйып, толқыған көңілін басады.

Анджела басын изей береді. Көңілі орнықаннан соң “Иә, иә, саған тұрмысқа шығамын!” деп дауыстайды.

Бірнеше айдан соң үйлену тойы өтеді. Тойдан кейін – махаббатқа, күлкіге, қызыққа, асқақ арманға толы шәрбат айы. Екі жастың ойлағанынан да асып түскен тамаша уақыт.

Анджела Джастин ойлағаннан да жақсы, асыл адам екен. Оны білген жас күйеудің бақытында шек жоқ. Келіншегі ақжарқын, мейірімді, еті тірі адам екен. Туыс-туғанның тілін тауп, көңілінен шыға біледі. Анджела ақылды, парасатты, жұбайының ойын айтқызбай-ақ, қас-қабағынан танып отырады. Ол шығармашылыққа да бейім, жан-дүниесі бай. Жұбайының үй ішін әрлеп сәндеуі, күтіп ұстауы да Джастиннің көңілінен шығуда. Ас дайындауы, дастарқан жасауы да тамаша, өзі жип-жинақы, тап-таза. Анджеламен көңіл қосып, отау құрғанына Джастин қуанып болар емес. Болашағы үмітке толы.

Бірнеше ай өтіп, біріне-бірі әбден еті үйренген кез болатын. Джастин кешқұрым жұмыстан келді. Сүйікті жары әдеттегідей алдынан шығып, құшақтай қарсы алар деп күткен Джастин, Анджеланы ауыз үйден таппады. Бөлме-бөлмені аралап шығады. Асүйде де, қонақ күтетін бөлме де, тіпті, үйдің ауласында да жоқ. Анджела төргі жатын бөлмеде екен.

Бір жаққа жиналған сияқты. Бөлмеде әсем саз естіледі, Анджеланың иіссуының өзіне таныс нәзік иісі сезіледі. Әйелінің үйден шығуға әбден дайын екенін көрген Джастин абдырап қалады. Анджеланың үстінде екеуінің оңаша кездескендегі киген әдемі көйлегі.

Ол есікке арқасын беріп тұр, күйеуінің кіріп келгенін байқамайды. Джастиннің ойы: “Бүгін бір жерге баратын ба едік? Ұмытып кеттім бе? Қап, жолай гүл сататын дүкенге соқпағаным-ай!”.

Джастин әрі қуана, әрі сасқалақтаңқырап тіл қатады:

- Сәлем, жаным.

Анджела сәл ғана селк еткендей болса да, көңілді жауап береді:

- О, сүйіктім, сәлем.

Джастин әбігерленіп, сұрастыра бастайды:

- Есімнен шығарып алсам керек. Бүгін кешке бір жаққа бармақ па едік?

Анджела:

- Жоқ, жаным, – деп мүдірместен жауап береді.

Джастин үшін бұл тосын жұмбаққа айналады. Ойланыңқырап барып, жұбайым бір күтпеген сыйлық дайындап қойған болар деп түйеді. Үйде немесе қаланың бір әдемі жерінде екеуіне арнап ерекше кеш ұйымдастырмақ шығар. Міне, Анджела үйден шығуға әбден дайын болды. Джастин әйеліне қарап:

- Неткен сұлусың! – деді.

- Рахмет, жаным, – Анджела біртүрлі селқос жауап береді.

Джастин әлі де түсініңкіремей тұр.

- Мен де әдемі киінейін бе? – деп сұрайды.

Анджела да сәл әбігерленіп тұрған секілді:

- Өзің біл.

Не болып бара жатқанын түсінбеген Джастин:

- Сенің көркіңе сай киінгенім дұрыс қой. Жұмыс киіміммен жаныңда қалай жүрем? – дейді ол.

Жағдайдың қолайсыздығын сезген Анджела:

- Жаным, менің баратын жерім бар еді, – дейді.

- Түсініп тұрмын ғой, сен сияқты сәнді киінгенім дұрыс болар.

Джастин әлі түсінер емес.

Анджела мән-жайды түсіндірмек болып:

- Жоқ, жаным, мен бүгін Тонимен кездесемін. Екеуіміз мейрамханаға барып, кешкі ас ішеміз, сосын киноға барамыз. «Феэрмонт» отелінде қонамыз. Үйге таңертең келемін, – дейді.

- Тони деген кім өзі?! – Джастиннің дауысы қаттырақ шығып кетеді.

- Тони – менің мектептен бергі досым, – деп Анджела түк болмағандай жауап береді.

- Не деп тұрсың?! Онымен оңаша кездесуге қалай бармақсың?!

- Онда тұрған не бар?

- Екеуіміз неке қиған жар емеспіз бе? Ар алдындағы міндетіміз қайда? Басқалармен көңілдес болуымыз мүмкін емес!

- Шынымен солай ойлайсың ба? – дейді Анджела, – Менің жігіттерім көп. Саған тұрмысқа шықсам, олармен кездесуді тоқтатуға тиіс емеспін ғой. Әлде сен солай ойлайсың ба?

- Әрине, солай ойлаймын! Ерлі-зайыптылар өздерін жарына толықтай арнауға тиіс! – Джастиннің жүрегі ашу мен қайғыдан қарс айырылғандай.

- Қызбаланба, жаным! — дейді Анджела, мән-жайды түсіндірмек болып. Жұбайымен арадағы алғаш болып тұрған түсінбеушілікті өршітіп ағысы келмейді, — Сені бәрінен артық көремін. Уақытымның көбісін сенімен бірге өткізіп жүрмін. Басқа жігіттерімнің бәрінен де сені қатты сүйемін. Бірақ олармен кездесуді тоқтатуды менен талап етпейсің ғой? Олардың кейбірімен бірнеше жыл бойы көңілдес болғам, әлі де ұнатамын, олармен болғым келеді. Онда тұрған не бар?

Салыстыру

Осы хикаяның ақылға сыймас өрескел екенін өзім де білемін. Алайда, Анджеланың сөзін қоштамақпын. Соған орай сізден сұрамағым:

«Анджеланың Джастинді жігіттерінің бәрінен артық көретіні рас емес пе? Анджелаға ұнайтын жігіттердің арасындағы Джастиннің орны бөлек емес пе? Уақытының көбісін Джастинмен бірге өткізіп жүргені де рас. Анджела жұбайына өте тамаша жар емес пе?»

Салақ, кіржампаз, үй күтуге икемі жоқ, дастарқан жасай алмайтын, қазан-ошаққа еге бола білмейтін әйелдер де бар ғой. Джастиннің жары сондай болса, қалай болар еді? Әйелі жалқау, жарына ықыласы жоқ біреу болса ше? Солардың бәрінен Анджела озып тұрған жоқ па? Мінсіз, кемшіліксіз адам болмайды ғой. Анджела да пенде емес пе? Оның бойынан да кемшілік табылуы мүмкін ғой. Жалғыз міні – анда-санда басқа еркектермен көңіл көтергісі келеді. Онда тұрған не бар? Анджеланың өмірінің тоқсан пайызы Джастинмен өтіп жатыр ғой, ол несіне ашуланады?

Әрине, осы сұрақтарым өрескел де қисынсыз.

Анджела некенің негіздерімен таныс емес, сірә. Жар болудың не екенінен бейхабар болса керек. Ерлі-зайыптылардың арасындағы келісім, неке серті – біріне-бірі деген толықтай бағышталу. Мұны Анджелаға ешкім айтпапты. Анджеланың некеге деген көзқарасы басқа да, Джастиндікі мүлде басқа екен. Анджеланың некеден күткені – пайда, ләззат, ұтыс. Әдемі үйде тамаша өмір сүріп жүріп, басқалармен қарым-қатынасынан ләззат ала бермек екен. Алайда, мұндай көзқарас адал неке ұғымына мүлде қайшы келеді.

Осы ақиқатты көз алдыңызға келтіріп көріңізші. Әсем ақ көйлек

киген қалыңдық, неке қию рәсімі кезінде дүйім жұрттың ортасында ақ жолға аяқ басқанда өте маңызды қадам жасайды: ол дүниедегі барлық еркекпен, олармен болған-болмаған жақын қарым-қатынастың бәрімен қош айтысады. Қалыңдық бұрынғы жігіттерімен қандай да болса байланысты үзеді және болашақта ондай байланыстың болмайтынын үнсіз жариялайды. Күйеу жігіт те дәл осыны істейді.

Джастиннің орнында сіз болсаңыз, не істер едіңіз? Үйленгелі жүрген адамыңыз той болардан бұрын, алдын-ала ескертіп, солай өмір сүруді қалайтынын айтса, қалай қарайсыз? Үленуден бас тартпас па едіңіз?

Менің ойымша, “Құдай сақтасын!” деп отырсыз.

Неліктен бұл сұрақтың жауабы біреу-ақ? Некеңіздің сондай болуын қаламайтыныңыз айдан анық. Өміріңізді өзіңізге толықтай адал бола алмайтын адаммен өткізгіңіз келмейді, оған қарсысыз.

Сондықтан неке келісімінің шартын әлгіндей ғып өзгертуге, әрине, келіспейсіз. Ерлі-зайыптылардың жеңіл жүрісін дұрыс дей алмайсыз. Ал енді шындықтың бетін ашып, өзімізге сұрақ қояйықшы: “Иса Анжеланың жолымен жүрген қалыңдығын алып кетуге келеді ме?” Осы жайлы бір сәт ойланыңызшы. Біздің Мәсіхпен қарым-қатынасымыз ерлі-зайыптылардың қарым-қатынасына пара-пар. Пауыл Елші:

«Сондықтан еркек әке-шешесін тастап, әйеліне қосылады, сөйтіп екеуі біртұтас болады», — деп (Тауратта) жазылған. Осында терең сыр бар, мен мұны Мәсіхке және қауымға байланысты айтамын. Бірақ ол сендерге де қатысты: әрқайсың әйелінді өзіңдей сүюге тиістісің, ал әр әйел күйеуін құрметтеуге міндетті» (Ефес. 5:31–33)

Әуел баста Құдай неке келісімін Құдайдың Өзі мен біздің арамыздағы қарым-қатынасымызды бейнелеу мақсатында енгізді. Жаңа өсиетте Иса Күйеу жігіт бейнесінде, ал Қауым Оның Қалыңдығы ретінде бейнеленген. Күйеу жігітімізбен арадағы қарым-қатынаста Анжеланыкіндей жеңіл жүрісті неге ақтаймыз? Оның себебі неде? Жақып елші осыны қолмен қойғандай етіп, анық түсіндіреді:

Өздерін мәсіхші санайтын адамдарға елшінің айтқан сөзі:

«Сұрасаңдар да, ие бола алмайсыңдар, себебі ізгі ниетпен емес, арам құмарлықтарыңды қанағаттандыру үшін

сұрайсыңдар. Әй, опасыздар! Осы күнәкар дүниемен достасу Құдайға қастық екенін білмейтін бе едіңдер? Осы дүниемен дос болғысы келген әркім Құдайдың жауына айналады. Киелі жазбадағы мынадай сөздер бекер айтылды деп санайсыңдар ма: Өмірімізден орын алған Құдайдың Рухы жалғыз Құдайды ғана сүйіп, Оған түгелдей бағышталуымызды аңсайды. Ал Тәңір Ие бізге (арам құмарлықтарға қарсы тұруға) рақымын молынан сыйлайды. Сол себептен де Киелі жазбаларда мынадай сөздер бар: Құдай тәкаппарларға қарсылық жасайды, «ал езілген кішіпейілдерге рақымын сыйлайды». Сонымен, Құдайға мойынсұныңдар! Өзәзіл шайтанға қарсы тұрыңдар, сонда ол сендерден қашып кетеді. Құдайға жақындаңдар, сонда Ол да сендерге жақындайды. Ей, күнәкарлар, қолдарыңды жамандық атаулыдан жуып тазартыңдар! Ей, екіойлы табансыздар, жүректеріңді орнықтырыңдар! Өкініп, зар еңіреп жылаңдар, күлкілерің қайғыға, қуаныштарың қасіретке айналсын!» (Жақып. 4:3–5, 8, 9).

Өте тік айтылған сөз. Қазіргідей, бір-бірінің көзіне шөп салу кеңінен етек жайып кеткен заманда, әсіресе оғаш, түйреп өткендей естіледі. Бір кездері асыра сөйлеу – жаман әдеттеріміздің бірі болатын. Сөзімді әсерлі ету үшін тым қатал, не шектен шыққан дәлелдерді келтіретінмін. Сөзім басым болсын деп, қосып айтатынмын. Әңгімем шындыққа жанаспай кететін болды. Ең өкініштісі, сол әдетіміздің арқасында достарым мен туыстарымның алдында абыройымнан айырылдым.

Осындай асыра сөйлеушілікке көбіміз жол берген болармыз, сірә. Жас ата-аналар балаларына: “Тағы қайталасаң, таяқ жейсің” деп жиі айтып жатады. Алғашқыда бұл сөз балаға шынында да әсер етіп, тыныштандырады. Бірақ, тілазарлығын қайталаса да, жазаланбайтынына бара-бара көзі жетеді. Сонда әке-шешесінің сөзіне мән беруді қояды. Дәл осы жағдайды мектептерде, өндіріс орындарында, өкімет органдарында, мекемелерде, баспасөзде, достарымыздың арасында, жанұяларда көріп жүрміз. Бізді қорғау үшін жасалған ескертулерге мән бермейміз.

Киелі жазбалардағы ескертулерді естігенімізде, өкінішке орай, оларға мән бере қоймаймыз. Есіңізде болсын, Құдайдың сөзі ойына сай, ойы сөзіне сай. “Киелі жазбалардың бәрі Құдай Рухының жетелеуімен жазылған. Олар тәлім беру, әшкерелеу, түзету әрі

әділдікке тәрбиелеу үшін тиімді” екенін ұмытпайық (2 Тім. 3:16). Олай болса, Жақыптың хаты арқылы сөйлеп тұрған – Құдайдың Өзі.

Жоғарыдағы үзіндінің сөздерін жүрегімізбен қабылдасақ, жан-дүниеміз Құдайдың алдында лүпілдеп кетері анық. Құдайға да, дүниеге де, екеуіне бірдей адалдық сақтамақ болған мәсіхші опасызға айналады. Бұл ащы шындық. Ерлі-зайыптылар біріне-бірі көп қастандық жасауы мүмкін, оның ішінде: жалған айып тағу, өтірік айту, ұрлық, айқай, дөрекілік, т.б. Бұлардың барлығы да – қарым-қатынасқа кері әсерін тигізбей қоймайтын өрескел қылықтар. Дегенмен де, опасыздықтан, жұбайының көзіне шөп салудан асқан жеркенішті нәрсе жоқ. Джастиннің Анджеладан көңілі қалуының себебі де осы. Джастин сүйікті жарының опасыздығын көріп, түңілген болса, Анджела ешбір сөлекет нәрсе көріп тұрған жоқ.

Жақып елшінің айтуынша, рухани опасыздық жасаған әркім Құдайдың жауына айналады. Іс-әрекетіміз өз еркімізде. Сондықтан қандай шешім қабылдап, қалай әрекет еткенімізге өзіміз жауаптымыз. Құдай бізді сүйеді, бізбен қастасқысы келмейді. Алайда, сүйіспеншілігіміз бен назарымызды тұрақты түрде осыдүниелік нәрселерге, басқа құндылықтарға арнасақ, өзімізді-өзіміз Құдайдың жауына айналдырамыз.

Осы сөздерді елеусіз қалдыруға болады ма? Жаңа Өсиетте Жақып жазған осы сөздерді көрсек те, көрмегендей болып жүре беруімізге болады ма? Осы мәселе жайында жазған жалғыз Жақып елші ғана емес. Пауыл елші де осыны айтады. Ал Пауылға Құдайдың рақымы басқа елшілердің бәрінен де терең ашылғанын білеміз. “Сүйіспеншілік елшісі” атанып кеткен Жохан елші де, Петір де, Яһуда да өз хаттарында сол жайлы жазған болатын. Және ең маңыздысы, Иса қайта тірілгенде, Асия өңірінің қауымдарына осыны айтқан.

Келесі тарауларда рухани опасыздық сенушілерді қалайша Құдайдың жауларына айналдыратынын егжей-тегжейлі қарастырамыз. Сондай көзқарас пен іс-әрекеттің нағыз криптонит екеніне көзіміз жетеді.

ІС-ӘРЕКЕТ

Құдай бізді қызғанады. Бұл жайт көбімізге мәлім, оны Киелі жазбадан білеміз. Алайда, Құдайдың қызғанышы жайында тереңірек ойлануға көбінесе қолымыз тимейді, не болмаса, Құдай Өз халқын тек Көне Өсиетте ғана қызғанатын болған деп ойлаймыз. Олай емес, әрине. Оның сүйіспеншілігі – ең адал Күйеу жігіттің сүйіспеншілігі екенін Исаның құрбандығы көрсетеді.

Құдайдың бізге селқос болғанын емес, ыстық ықыласпен, қызғанышпен қарағанын қалаймыз. Құдайды беріле сүйуге, Оған толықтай бағышталуға ұмтылғанымыз дұрыс. Құдайдың ыстық сүйіспеншілігіне деген біздің жауабымыз сол болсын. Нағыз жақындық содан туындайды.

Жүрегіңізді тексеріңіз. Исаға деген сүйіспеншілігіңіз шынымен де – жалғыз махаббатыңыз ба? Құдайдың алдында опасыздық жасауға итермелеп жүрген басқа махаббатыңыз бар ма? Киелі Рухтан осыны көрсетуін сұраңыз. Егер Киелі Рух сізді әшкерелесе, тәубе етіп, өміріңізді өзгертіңіз. Құдаймен арадағы теңдесі жоқ қарым-қатынасыңызды жаңартыңыз. Өміріңізді Құдайға қайта бағыштаңыз. Жалғыз Сүйіктіңіздің алдына келіп, неке қиярда уәде бергендей, қайта уәде беріңіз.

ҚҰДАЙ АЛДЫНДАҒЫ ОПАСЫЗДЫҚ

Жақып елшінің “Әй, опасыздар! Осы күнәкар дүниемен достасу Құдайға қастық екенін білмейтін бе едіңдер?” деген сөздері – өте ауыр сөз. Мұндай сөзді қауымдардағы конференцияларда, уағыздарда, жеке әңгіме барысында ести бермейміз. Алайда, бұл сөздерді елеусіз қалдыруға болмайды. Жақыптың осынау сөздері басқа сөздерінен оқшау тұрған, мәтінге байланыссыз айтылған сөз емес. Киелі жазбада осы ой бір емес, бірнеше рет қайталанады.

Жақып елшінің сөзін терең зерттеп, ескертулеріне ден қойсақ, өміріміздегі әбігерлену мен қорқыныштан құтыламыз. Әлгі аятты толығымен келтірейін:

«Әй, опасыздар! Осы күнәкар дүниемен достасу Құдайға қастық екенін білмейтін бе едіңдер? Осы дүниемен дос болғысы келген әркім Құдайдың жауына айналады» (Жақып. 4:4).

Біріншіден, Құдай бізге қас емес. Опасыздық жасаған адамның өзі Құдайдың жауына айналады. Бұл екеуінің қайсысы болса да, жақсылық емес, дегенмен, екеуінің арасында айырмашылық бар.

Бір жақтың әрекетінен жанжал туындаған жағдайларды бәріміз көрген болармыз. Екі жақтың бірі екіншісіне соғыс жарияласа, екіншісі соғысқа қарсы болса да, шайқасуға мәжбүр болады. Мысалы, 1941

жылы жапондықтар Перл-Харборға шабуыл жасады. Соның арқасында Америка Құрама Штаттарының жауына айналды. Американың соғыс бастамақ, не болмаса, соғысқа қатыспақ ниеті жоқ еді. Дегенмен, Жапония өзінің арандатушылық әрекетінің арқасында өзінен әлдеқайда қуатты державаның қаңарына ұшырады.

Жақып осыны айтады. Құдайдың адаммен, Өз жаратылысымен жанжалдаспақ ниеті жоқ. Бірақ, біз опасыздық жолына түсіп, жалған дүниемен дос болуға тоқтаусыз ұмтыла берсек, Құдай тағала қарап тұра алмайды. Түпнұсқада «жау» сөзінің орнында гректің *echtra* және *ech-tros* деген сөздері тұр. Бұл мағыналас сөздер, жалғыз айырмашылығы, біріншісі – зат есім де, екіншісі – сын есім.

Киелі кітапты басқа тілдерге аударған аудармашылар тым дөрекі сөз қолданды деген пікірдесіз бе? Түпнұсқадағы «жау» сөзі құлаққа жұмсағырақ тиеді деп ойлайсыз ба? Грек тілінің түсіндірме сөздіктерінің бірінде «жау» сөзінің мағынасы дұшпан, қастық, қастандық деп жазылған. Тағы бір сөздікте “әлдекіммен қастасу”, үшіншісінде “біреуге жау болу” деген анықтама беріледі. Яғни, «жау» деген сөздің орнына басқа сөз қолданудың еш реті жоқ. Сол пікірімді негіздеу үшін сенімді үш дереккөзден дәлел келтіріп отырмын. Осы жазылғандардың маңызын жете түсінуге тиіспіз.

Ескертудің қаншалықты маңызды да қатаң екенін мынадан да көреміз: Жақып елші сөзін екі рет қайталайды, сөйтіп, ескертудің ерекше маңыздылығын көрсетеді. Ежелгі еврей мәдениетінде қайсыбір ойды екі рет қайталап айту оның аса маңыздылығына көңіл бөлудің әдісі болатын. Жаңа Өсиет грек тілінде жазылғанымен, оны жазған еврей халқынан шыққан елшілер екені есімізде болсын.

Орыс немесе ағылшын тілінде әлденеге баса назар аударғымыз келсе, оны жуан әріп, курсив, бас әріп, леп белгісі, немесе астын сызумен көрсетіп қоямыз. Мұның бәрі оқырманның назарын маңызды деген сөздерге аудару үшін істелінеді. Алайда еврей авторлары сөз немесе сөйлемді күшейтіп жазу үшін оны екі рет қайталайды, және асырып айтуды жақсы көрмейді — олардың жазғандары әрдайым ұстамды әрі нақты.

Сонымен, Жақыптың ескертуді өте қатаң, байсалды, әрі міндетті түрде орындалуы тиіс. Оған жеңіл-желпі қарауға болмайды.

Опасыздар

“Опасыздар” сөзін Жақып кімге қатысты және қай мағынада қолданды? Біріншіден, елші сөзін барлық адамдарға емес, сенушілердің барлығына арнайды. Оны “Қымбатты бауырластарым” деген сөздердің хатта бірнеше рет қайталануынан білеміз. Екіншіден, сенбеуші Құдайға опасыздық жасай алмайды, себебі Құдаймен жақын қарым-қатынасы жоқ, Құдаймен келісімде емес.

Мына мысалға қараңызшы: Менің жұбайым – Лиза Бивер, сондықтан мен Джейн Смит атты әйелдің көзіне шөп сала алмаймын, ол әйелмен некеде емеспін, демек, неке адалдығын бұза алмаймын.

Құдай алдында опасыздық жасай алатындар – Иса Мәсіхті Ием әрі Құтқарушым деп қабылдағандар ғана. Басқалардың барлығы Құдайға бөтен, Құдайдан алыс, Құдаймен келісімшартқа кірмеген адамдар.

Грек тілінде «опасыздар» — *moichos*, “опасыз әйел” деген мағынаны беретін сөз, алайда ағылшын тілінде бұл сөздің мағынасы “опасыз еркек”.

“Опасыз әйел” деп аудару дәлірек болар еді. Ағылшын және орыс тілдеріне “опасыз еркектер мен опасыз әйелдер” деп аударған. Бәлкім, аудармашылар Жақыптың осы сөзі тек әйелдерге ғана айтылған сөздей естілмесін деп, әдейі солай нақтылаған болар. Хатты әрі қарай оқысақ, Жақып елші сөзін әйелдерге ғана емес, барлық сенушілерге арнағанын көреміз. Киелі кітпаты зерттеушілер де осыны дәлелдейді. Алайда, аудармада опасыз әйелдер деген сөздің не себепті қолданылмайтыны мен үшін де, зерттеушілер үшін де – жұмбақ.

Оған қоса, “опасыз әйел” деген сөз Киелі жазбаның жалпы мазмұнына да сай келеді. Құдай Өз сөзінде неке бейнесін жиі қолданады. Өзін Күйеу жігіт, бізді Қалыңдық деп қарастырады.

Көне Өсиет пайғамбарлары осы салыстырманы жиі қолданған. Ишая пайғамбар “Өйткені өзіңді жаратқан Тәңір саған жар! Ол сені құтқарып алған Қамқоршың, Әлемнің Иесі және Израилдің Киелі Құдайы деп те аталады. Бүкіл жер бетінің Құдайы деген атағы да бар” дейді (Ишая 54:5). Кейін, Израил пұтқа табынып, Құдайға деген адалдықты бұзғанда, пайғамбарлар халықтың Құдай алдындағы опасыздығын әшкерелейтін. Мұндағы опасыздық – неке адалдығын бұзуды, жұбайының көзіне

шөп салуды білдіретін сөз. Иезекиел пайғамбар жазады: «Саған неке адалдығын бұзған әрі кісі өлтірген әйелдерге тиісті үкімді шығарамын... Сені бұрынғы ашыналарыңның қолына тапсырамын...» (Иезекиел 16:38). Еремия пайғамбар арқылы Құдай былай дейді: Бірақ өз күйеуіне опасыз болған әйел сияқты, сен де, уа, Израил халқы, Маған опасыздық жасадың», — деп ескертеді Жаратқан Ие» (Еремия 3:20).

Ошия пайғамбардың қызметі түгелдей жеңіл жүрісті әйелдің неке адалдығын бұзуын бейнелейді. Құдай Ошияға жезөкшеге үйленуді бұйрады. Содан Ошия Гомерді әйелдікке алды. Сөйтіп, пайғамбардың өмірі уағызға айналды. Ошия пайғамбар Құдай Тағаланы, Гомер Құдайдың халқын бейнелейді. Израил халқының қандай күйде екенін анық көрсету үшін осындай шара қажет болды. Израилдің пұтқа табынушылығы опасыз әйелдің бір емес, бірнеше ашынасымен қосылып, күйеуінің көзіне шөп салумен бірдей еді.

Израил нағыз опасыз әйелге айналды.

Жақия пайғамбар да некеге адалдық сертінің бейнесін қолданады: «Қалыңдығы бар кісі — күйеу жігіт қой. Оны күтіп тұрған досы даусын естіп, қуанады...» (Жохан 3:29). Тағы да көріп тұрғанымыздай, Иса Мәсіх — Күйеу жігіт, Құдайдың халқы — Қалыңдық.

Иса Құдайдың халқын «жаман, опасыз ұрпақ» деп әшкерелегенде де, осыны меңзейді (Матай 12:39; 16:4). Мұндағы “опасыз” деп аударылған сөз — жарына адалдығын сақтамаған опасыз әйелдерге айтылатын сөз.

Иса Мәсіх — Күйеу жігіт, Құдайдың халқы — Қалыңдық деген ойды Пауыл елші де жалғастырады (Ефес. 5:31, 32). Сонымен, Киелі жазбаның басынан аяғына дейін, Көне Өсиетте де, Жаңа Өсиетте де Құдайдың халқы Иеміздің сүйікті жары ретінде бейнеленеді. Жақып елші “опасыз әйел” деген сөзді қолданғанда, Киелі кітаптағы бейнені айтып отыр.

Пұтқа табыну дегеніміз — неке адалдығын бұзу

Көне Өсиет Яһуда мен Израилдің Құдай алдында опасыздық жасауы туралы айтқанда, пұтқа табынуды айтады. Яғни, халық Құдайға деген адалдығын бұзған кездерді. Пұтқа табыну туралы сөз болғанда, көзіміздің алдына жалған тәңірлерге арнап салынған ғибадатханалар, пұттарға құрбандық шалатын арнайы орындар, мүсіндер келеді. Алайда,

Иса опасыздық туралы айтқанда, жалған тәңірлердің қолдан жасалған бейнесіне табынуды айтқан жоқ. Олар Исадан Өзінің шынымен де Құтқарушы екенін дәлелдеуін талап еткен болатын.

Жақыптың хатына қайта оралайық. Елшінің Құдайдың халқын опасыз әйелге теңеуі жалған тәңірлерге ғибадатхана тұрғызып, мүсінін жасауға қатысты емес.

Қорынттағы қауымға жазған хатында Пауыл елші қай күнеларды әшкерелесе, Жақып елші де соларды атап айтады: бауырластарды дәулетіне қарап алалау (Жақып 2:1–13), жала жабу, өсек-аяң (Жақып 3:1–12), көре алмаушылық, қызғаныш, менмендік (Жақып 3:13–18), өзімшілдік, тән құмарлығына берілу (Жақып 4:1–3). Осы әрекеттің барлығы – пұтқа табынушылықтың көріністері.

Сонда қалай болғаны? Киелі жазбада қайшылық болғаны ма? Құдайдың халқына пұтқа табынбаса да, опасыздық күнәсі тағылды ма? Жо-жоқ. Тіптен де олай емес. Киелі жазба бастан-аяқ біртұтас, дәйекті.

Алайда, қазіргі таңда қауым Исаның, Пауылдың, Жақыптың, басқа да Жаңа Өсиет авторларының ескертулерін елеусіз қалдырып отырғанға ұқсайды. Пұтқа табынушылықты арнайы ғибадатханаларда мүсіндерге табыну деп қана қарастырып жүрміз. Өкінішке орай, қазіргі заманғы мәсіхшілікте пұтқа табынушылықтың барлық қырлары бар. Ақиқатына келсек, жалған құдайларға арнап ғибадатхана салатын, пұттардың мүсінін орнататын елдердегіден пұтқа табынушылық бізде көп пе деймін.

Заманымызды пұтқа табынушылық билеп кетті. Бір кездері Яһуда мен Израилдің өркендеуіне кедергі келтірген криптонит – пұтқа табынушылық, Қорынттықтарға жазған хатында Пауыл айтқан, Жақып елші айтқан, Жаңа Өсиеттің басқа да авторлары айтқан криптонит те – сол баяғы пұтқа табынушылық. Сол криптонит қазіргі заманда жеке сенушілердің, қауымдардың жемісті болуына, күнәға батқан дүниеге Құдайдың құдіретін көрсетуге кедергі келтіріп отыр.

Жалған дүниенің ниеті

Пұтқа табынушылық тақырыбына тереңдей түспес бұрын, Жақып елшінің батылдықпен айтқан сөздерін талдап көрейік.

Жақып тәни құмарлықтарымызды ғана қанағаттыңдырғымыз

келетінін қынжыла айтады да, бұл ниетіміздің күнәһар дүниемен байланысты екеніне назар аударады. Жаңа Өсиетті түгел қамтитын негізгі ойлардың бірі: күнәһар дүниенің бар ниеті – қара басының қалауларын қанағаттандыру. Жақып елші де осы ойды жалғастырады. Енді Жохан елшінің жазғанын оқиық:

«Себебі осы дүниеге тән нәрселердің бәрі: күнәкар адамның құмарлықтары, көзінің қомағайлығы әрі тұрмысына мастануы көктегі Әкеден емес, осы дүниеден бастау алған» (1 Жохан. 2:16).

Бұл аятта Жохан осы дүниеге тән нәрселердің бәрін айтады. Пұттар көп болғанымен, олардың бәрі осы аятта аталған үш санаттың біріне жатады. Адамда бес сезім мүшесі бар. Солар арқылы ләззат алуға деген құштарлық осы дүниемен ойнас жасап, Құдайға деген адалдығыңызды бұзуға әкеп соқтырады. Құдайдан тәуелсіздік пен менмендік, яғни тәкәппарлықтың да нәтижесі сол.

The Message аудармасында: “барлық нәрсенің өз қалауына сай болуына ұмтылу, тек өз қалауларын қанағаттандыру, маңғаздық” деп жазылған. Күнәһар дүниенің бар ниеті – осылар. Осы дүниенің тыныс-тіршілігі бір ауыз сөзге тіреледі: “ненің дұрыс екенін өзім білемін, және соны қалаймын”.

Бір қызығы, біз үшін ненің шынымен де жақсы болатынын Құдай ғана біледі, және Иеміз бізге соны бергісі келеді. Осы ақиқатты әрбіріміз терең ұғынуға тиіспіз. Бұл өте маңызды ақиқат, өйткені, күнәһар дүние бізді Құдайдан теріс қаратуға бар күшін салып жүрген ашына іспетті. Күнәһар дүние бізді еліктіруде, Құдайдың берерінен дүниенің берері әлдеқайда жақсы деген өтірікке сендіргісі келеді. Сол себепті Жақып елші былай дейді:

«Сүйікті бауырластарым, алданып қалмаңдар: көктегі Әкеміз берген қай нәрсе де игі. Нұр шашқан аспан денелерін жаратқан Ол бізге Өзінің мүлтіксіз жарылқауын жаудырады. Аспан денелерінің көлеңкелері қозғала бергенмен, Құдайда ешқандай тұрақсыздық жоқ» (Жақып 1:16, 17).

Жақып дүниенің еліктіруіне еріп, арбауына алдануға болмайтынын есімізге салады. Елшінің жолдауы анық: “Құдайдан тыс еш жақсылық

жоқ”. Осы ақиқатты жүрегіңіздің тереңінде сақтасаңыз, ол сізді алданудан сақтайды. Асқақ арманыңа жеткіземін деп, бақыттың шыңына бір-ақ шығарамын деп еліктіреді күнәһар дүние. Оның тұзақжемі қаншалықты ұнамды, көңілді, жағымды, тартымды болып көрінсе де, Құдайдың сөзіне кереғар келген қай нәрсе де жақсылыққа апармайды. Ақыр соңында ол ажалға апарар жолдан бір-ақ шығарады. «Адамға түзу болып көрінген жолдар да бар, ақырында олар ажалға бастап апарар» (Нақыл. 14:12).

Әрқайсымыздың өзіндік, қайталанбас өмір жолымыз бар. Осы дүниемен ойнас жасауға әкеп соқтыратын соқпақтар да көп. Дегенмен, сол қауіпті жолдардың барлығына ортақ нәрсе бар: олар тиімді, қолайлы, ақылға қонымды, парасатқа сай сияқты, яғни түзу болып көрінеді. Алайда, Киелі жазбадағы Құдайдың даналығына қайшы келетін жолдың қайсысы да – ажалға апарар жол. Мына аяттарда Құдай бізді алдын-ала ескертіп отыр:

«Сонымен, балалар, мені тыңдаңдар,
 Айтқан сөздеріме құлақ салыңдар!
 Күнәһар дүниенің ізіне түспеңдер,
 Жолына еліктеп, адасып жүрмеңдер!
 Көп адам осылайша құлап қалды,
 Күштілер оның қолынан қаза тапты.
 Оның үйі көрге қарай жетелейді,
 Тозақтың дәл түбіне түсіреді» (Нақыл. 7:24–27; «жүгенсіз әйел»
 деген сөзді «күнәһар дүние» деген сөзбен алмастырдым)

Әу баста Сүлеймен осы сөздерін оқырманды азғындыққа салынудан сақтау үшін жазған болатын. Бұл сөздерде тереңірек жатқан пайғамбарлық жолдау да бар. Сол жолдаудың мәнісі мынау: алдамшы дүниенің еліктіруші жолдарынан аулақ болыңдар, күнәһар дүниенің тұзағы тартымды да, шеңгелі мықты екенін ұмытпаңыз.

Бұл тұзаққа Яһуда мен Исраил да, басқа көптеген халықтар да түскен. Аңқаулық танытып, сол зұлым тұзақтың ғайып болғанына сенгеніміз дұрыс па? Тұзақ қаншалықты жасырын, өтірік қаншалықты шындыққа ұқсас, еліктіру қаншалықты тартымды болып көрінетінін келесі тараудан көресіз.

ІС-ӘРЕКЕТ

Үйленердегі ниеті – болашақта жұбайының көзіне шөп салу болған адамды көрген емеспін. Күйеу жігіт те, қалыңдық та неке қиған сәтте берген уәдесіне берік болғысы келеді. Олай болса, неге ажырасу осыншама көп? Және қынжылтатыны, ажырасудың себептерінің бірі – жұбайлардың бірінің неке адалдығын бұзуы. Бұл сұрақтың жауабын табу оңай емес. Дегенмен, мен білетін бір себеп бар, ол ең маңызды себеп: ерлі-зайыптылар некені бұзуға тырысатын күштердің әрекетіне жол береді.

Құдаймен қарым-қатынасыңыз – сіздің тыныс-тіршілігіңіз, өміріңіздің өзі. Құдайдан тыс тіршілік жоқ. Солай бола тұра, жалған дүние бізді Құдай алдында опасыздық жасауға азғырады. Қырағы болудың ең дұрыс жолы – бар ықыласымызбен Құдайдың соңынан еру.

Өзіңізді Құдайға толықтай арнағаныңызға көзіңізді қалай жеткізе аласыз?

Әрбір күніңіз қалай өтуде? Күн сайын Құдаймен жеке уақыт өткізесіз бе? Киелі кітап оқуға, мінәжатқа, оразаға уақытыңызды бөлесіз бе? Қауымыңызда, жұмысыңызда, рухани жанұяда Құдайға қызмет етудің жолдарын іздейсіз бе? Еңбегіңіз арқылы Құдайдың аты мадақталады ма?

Өміріңіздің қай саласында жалған дүниемен көңілдес болып кетуіңіздің қаупі бар? Сол саланы рухани нығайтқыңыз келеді ме? Онда осы мақсатқа жетудің жоспарын жасаңыз да, іс-әрекетке көшіңіз.

ПҰТҚА ТАБЫНУШЫЛЫҚТЫҢ МӘНІСІ НЕДЕ?

Пұтқа табынудың құпиясын ашуға тиіспіз. Бұл оңай, жылдам істелетін іс емес. Алайда, пұтқа табынушылықтың күші неде екенін білсек, көптеген жеңіске жетеміз. Ең бастысы, оны өз өмірімізден тауып, аластатуға қажет мәліметтің бәріне қол жеткіземіз. Сөйтіп рухани криптониттің күшін тежейміз. Пұтқа табынудың түп-тамырына үңілейік.

Осы кітаптың басында келтірілген аятты еске түсірейік: «...адамның жан дүниесіне мәңгілікті сезетін түйсікті дарытты» (Уағыздаушы 3:11). Әрбір адамның бойында осы бір тұа біткен қасиет бар. Пауыл елші де: “Таурат заңы жоқ басқа ұлттар өз еріктерімен оның талаптарын орындаса, онда олар өздерінің сол заңсыз-ақ не істеп, не қою керек екенін білетіндіктерін көрсетеді. Осы арқылы олар Таурат заңының талаптарының өз жүректерінде жазулы екенін дәлелдейді. Бұған олардың ар-ұждандары д куә. Демек, оларды іштей қаралайтын немесе ақтайтын осы ұждандарынан туған ойлары соған куә” дейді (Рим. 2:14, 15).

Ақиқаты сол, әрбір адам Құдайдың жолдарын түйсікпен сезеді, өйткені ол ар-ожданымызда сақталатын, тұа біткен қасиет. Лиза екеуіміз осыны төрт ұлымыздан байқадық. Балаларымыздың ненің бұрыс, ненің дұрыс екенін білмейтін тіпті сәби кезінде-ақ, інісін итеріп жіберсе, тамағын төгіп тастаса немесе басқалай тілазарлық танытса,

өздерін кінәлі сезініп, онысы бет-әлпетінен көрініп тұратын.

Құдай туралы ұғым әрбір адамның жүрегінде бар, бүкіл жаратылысқа аян.

«Құдай туралы білуге болатын шындық адамдарға белгілі, мұны оларға Оның Өзі білдірген. Өйткені Құдайдың көзге көрінбейтін қасиеттері — Оның мәңгілік құдіреті мен құдайлық болмысы дүние жаратылғаннан бері айқын: бұларды Оның жаратқан нәрселерінен байқап түсінуге болады. Сондықтан адамдар Құдайды біле алмадық деп сылтаурата алмайды» (Рим. 1:19, 20).

Курсивпен жазылған “білдірген” және “байқап түсінуге болады” деген сөздерге назар аударыңыз, “сылтаурата алмайды” деген сөз солардың нәтижесі іспетті. Құдайды біліп танымасқа ешбір адамның сылтауы жоқ. Құдай Тағала Өзінің қасиеттері мен болмысын ақиқатты іздеген әбір шыншыл адамға о бастан-ақ айқын еткен.

«Африканың шалғай аудандарын мекендейтін, Құдай туралы ешқашан естімеген адамдар ше? Олар қалай құтқарылады? Оларды да Құдай соттайды ма?» дегендей сұрақтарды естіп пе едіңіз?

Шын мәнінде бұл сұрақтар Құдайға деген қарсылықтың көрінісі. Жүрегінің түкпірінде осы сұрақтарды қойған адам Құдайдың бар екенін біледі, біле тұра ақиқаттан бас тартады. Шындап ізденген, ақиқатты аңсаған адамға Құдай Тағаланын бар екені аян. Әлгі сұрақтарды қойған адамдар шындықтан қашпаса, Құдай туралы ақиқаттан бас тартып жүргенін мойындар еді.

«Құдайдың салтанатты ұлылығын
Аспан әлемі ашық паш етеді,
Оның қолының керемет істерін
Әуе кеңістігі де көрсетеді,
Осыларды олар жариялайды күнде,
Бұл білімді мәлімдейді әр түнде.
Сол «үндерін естімеген» бір тіл де,
Ешқандай ұлт та қалмайтын болады.

«Үндері» жайылады бар жер бетіне,
«Сөздері» жердің шетіне таралады» (Забур 18:2–5).

Құдайдың құдіреті мен ұлылығы сәт сайын, секунд сайын, тәулігіне жиырма төрт сағат бойы, жылына үш жүз алпыс бес күн үзбей жариялануда. Африканың шалғай аймағында әлдебір “қараңғы” адам осы хабарды ести алмай қалады деп қалай айтасыз? Адам саңырау болғансып, естімегенсіп, Құдай туралы білмегенсіп жүре алады, алайда, ақиқат әрбір адамның жүрегінде әуел бастан-ақ бар. Және сол ақиқат күні-түні адамның арын мазалаумен болады. Тірі Құдайдың бар екенін мойындамау үшін адам өзін-өзі өтірікке әбден сендіріп, ақырында арының “аузын жабады”.

Жолайрық

Адам өміріндегі жолайрық – тірі Құдайдың бар екенін мойындап, Оны іздеу немесе пұттарға еріп, көңілін “қанағаттандыру”. “Мен жиырма бірінші ғасырда өмір сүремін, біздің заманымызда ешкім пұтқа табынбайды. Бізде пұттардың мүсіні де, ғибадатханасы да жоқ” деп ойлап отырған боларсыз. Сәл шыдасаңыз, мәдениетімізде әртүрлі пұттардың бар екеніне көзіңізді жеткіземін.

Бұл жалған құдайлар қайдан шығады? Есіңізде болсын, барлық пұттар мен жалған тәңірлерді адамзат жаратқан болатын. Адамда Құдайды танып білуге деген, Құдаймен пәк таза қарым-қатынаста болуға деген туа біткен құлшыныс бар. Құдайдың баламасы пайда болғанда, жалған құдайға қалай ұнамды бола алатынын оны ойлап шығарған адамның өзі шешеді. Яғни, өзі жаратқан жалған тәңірді риза етудің жолдарын іздейді. Себебі, адамда Құдайға табынуға деген туа біткен қажеттілік бар. Пауыл елшінің сөздерін оқып көріңіз:

«Олар Құдай туралы білсе де, Оны Құдай деп дәріптеп, шүкірлік еткен жоқ. Керісінше, адамдар түкке тұрғысыз ойға берілді. Содан саналарын қара түнек басып, наданға айналды. Өздерін ақылдымыз деп жүріп, шын мәнінде ақымақ болып шықты. Осылай олар мәңгі тірі Құдайдың ұлылығына

табынудың орнына ажалды пенденің, құстың, төрт аяқты не бауырымен жорғалаушы жануардың мүсіндеріне құлшылық ететін болды» (Рим. 1:21–23).

Бұл үзіндідегі ең басты мәселе – мүсін жасау емес, тереңде жатқан дерт – Құдай туралы білсе де, Оны Құдай деп дәріптеп, шүкірлік етпеу. Осы тұста “шынайы” табынудың не екенін анықтап алғанымыз жөн. Табыну дегеніміз мадақтау тобының жан тебіренер әні деп ойласақ, ең басты нәрседен көз жазып қаламыз. Нағыз табыну – бұл өлең-саз емес, бойсұну, құлақ салу, тыңдау, тіл алу, бағыну, Құдайды қастерлеу.

Жазушы жаңа тақырыпты бастағанда, әуелі сол тақырыпты анықтап, оқырманна таныстырады. Сөздіктен анықтама келтіреді, не болмаса, әр сөздің мағынасын ұғымды етіп, тәптіштеп түсіндіреді. Жазушының барлығы солай істейді, Құдай да солай.

“Табыну” сөзіне мағыналас “ғибадат ету” сөзі Киелі жазбада алғаш рет Жаратылыстың басталуы кітабында кездеседі (22:5). Ыбырайым тауға шығарда қызметшілеріне: «Сендер есекпен осы жерде қалыңдар. Балам екеуіміз сол жерге өрлеп барып, Құдайға ғибадат етеміз, содан кейін сендерге қайтып келеміз», — деді. Сонда олар қалай ғибадат етпек? Құдайға арнап әсем ән айтады ма? Әлде әнші-аспапшыларды жинап, мадақтау кешін өткізеді ме? Жоқ, тіптен олай емес. Ыбырайым Құдайға мойынсұнушылық актісін орындамақ. Осыдан үш күн бұрын Құдай оған ұлын құрбандыққа шалуды бұйырған болатын. Енді Ыбырайым сол бұйрықты орындап, Құдайды сөзімен емес, ісімен дәріптемек.

Басқа аудармаларда Римдіктерге арналған хатта (1:21) “табыну”, “мадақтау”, “дәріптеу” сөздері қолданылған. Осы сөздердің мағыналары жақын. Әлдекімнің сөзін құлаққа ілмесек, тілін алмасақ, әлгі адамның біз үшін түкке тұрмайтынын көрсетеміз, қадірін кетіреміз. Құдайға қанша мінәжат етсек те, мадақтасақ та, неше түрлі әдемі сөзімізді, тамаша әндерімізді арнасақ та, айтқанын орындап, қастерлемесек, оның бәрі – бос сөз. Тілазарлығымыз Құдайды қорлайды. Тілазарлық – дәріптеуге қарама-қарсы нәрсе.

Құдай Өз халқына бірде мынадай сөз айтқан болатын: ««Мен мейрамдарыңды жек көремін, салтанатты жиналыстарыңның

ісі Маған жиренішті. Сонда Маған арнап толығымен өртелетін құрбандық, астық және сұйық тартуларын ұсынсаңдар да, оларды қабылдамаймын! Бордақыланған малды ризашылық құрбандығына шалып ұсынсаңдар да, соларыңа да назар аудармаймын. Өлеңдеріңді шұламай, Менен аулақ айтыңдар! Ішекті аспаптарыңның дыбысын тыңдағым да келмейді! Одан да елдеріңе әділет тасқын судай, әрі әділдік еш таусылмайтын жылғадай ағып келе берсін!» (Амос. 5:21, 23, 24). Құдайға ұнамды өмір дегеніміз — өлең емес, ауыздан шыққан сөздер емес, Оның сөзін қастерлеп, мойынсұну.

Көне Өсиетте Құдай Мұсаға Өзіне ұнамды құрбандықтардың қандай болуы керектігін түсіндіріп айтқан болатын. Халық мынадай құрбандықтар әкелуге тиіс еді: тоқты (Мысыр. 29:39–41), бұқа (Мысыр. 29:10–14), астық (Мысыр. 29:41) және басқа. Сонымен қатар хош иісті шөптерді Жаратқан Иеге өртелу арқылы ұсынылған ұнамды тарту ретінде әкелетін. Бұл да — Құдайға табынудың бір көрінісі болатын. (Леуіл. 2:2). Алайда Құдай былай дейді:

«Осы әлем түгелдей Менің қолымнан шығып, пайда болды емес пе?! — деп ескертеді Жаратқан Ие. Ал Мен көз қырымды салатындар: күнәларына шын жүректен өкініп, сөзімді терең қастерлеп, іске асыратындар. Алайда адамдар (екіжүзділік жасайды. Олар Маған арнап) бұқаларды құрбандыққа шалып, (сонымен қатар жалған тәңірлерге арнап) кісілерді де өлтіреді! Алдыма тоқтылары мен астықтан сый-тартуларын алып келушілер мойнын үзген иттерді және шошқаның қанын да ұсынады. Маған арнап хош иісті заттар түтетіп, пайдасыз тәңірлерге де мақтау айтады. Бұл адамдар Менің емес, өз жолдарын таңдап алды. Олар жасаған жексұрын қылықтарынан тіпті рақат табады» (Ишая 66:2, 3).

Құдай көз қырын кімге салатынын айтады, ол – Құдайдың сөзін терең қастерлеп, іске асыратындар. Құдайдың сөзіне бағынуды өзіне міндет санайтын адамдарды айтады. Құдайдың көзі соларға түседі.

Содан соң Құдай табынудың өздеріне қолайлы жолын таңдаған адамдарды суреттейді. Құдай олардың ғибадатын қабылдамайды. Олардың әкелген құрбандықтарын, тіпті, кісі өлтіруге, мойнын үзген

иттерге және шошқаның қанына теңейді. Бұл әрекеттер Құдай алдында жиренішті. Әлдекім осындай құрбандықтарды шынымен де әкелген болса, Исраил халқының арасынан аластатылып, өлім жазасына кесілер еді. Осы үзіндіден көріп тұрғанымыздай, Мысырдан шығу кітабы мен Леуіліктер кітабында жазылған ережелерге сай болса да, олардың ғибадаты Құдайға ұнайтын шынайы ғибадат емес-ті.

The Message аудармасында: «Сендердің ғибадаттарың — күнәһар істерің» деп жазылған.

Исраил халқы – Құдайдың Өз халқы, Құдайдың уәделерін енші еткен халық емес пе еді? Олай болса, неге Құдай осындай қатал сөзді Өз халқына айтады? Өйткені олар Құдайды қастерлеудің орнына, табынудың өздеріне қолайлы жолын таңдады. Бұл сөздер бізге де қатысты: біз де қауымға келіп, өлең айтамыз, Құдайға деген сенімімізді сөзбен жариялаймыз, сөзіміз Жаңа Өсиетке сай. Алайда, әрбір ісіңіздің, сөзіңіздің, сеніміңіздің негізі – Құдайдың сөзін терең қастерлеп, іске асыру болмаса, табынуыңыз шынайы табынуға жатпайды. “Құдайдың рухани балалары ретінде Оған мойынсұнуыңдар” дегенді оқымап па едіңіз (1 Петір. 1:14)?

Пауыл елші тағы бір мәселені қозғайды, бұл – алғысы жоқтық, жақсылықты білмеушілік, рақымсыздық. Өзімізді әлдебір материалдық игіліктерді иемденуге құқылымыз деп есептесек, қайсыбір жетістіктерге қол жеткізуге тиіспіз деп ойласақ, Құдайға деген алғысымыз азайып, тасжүрек болып кетеміз. Ерінбей еңбек еткен өзім, алдыма мақсат қойған өзім, мақсатыма жете білген де өзім деп ойлаймыз да, жетістіктерімізге қарап жүрегіміз мақтаныш пен өркөкіректікке толады.

Соған сай әрекет

Жоғарыдағыдай көзқарастың нәтижесінде тірі Құдай емес, әлдебір жалған тәңірлерге бағынып, соларды дәріптеуге, соларға алғыс айтуға деген қалау пайда болады. Осылай жеке адамның өмірінде, қауымда немесе қоғамда пұтқа табынушылық пайда болады.

«Сондықтан да Құдай оларды көңілдері ынтыққан азғындықтың былығына батырып жіберді; осылай олар өз

тәндерін өздері қорлауда. Өйткені адамдар Құдай туралы шындықты мойындамай, жалған тәңірлерге сиынып келеді. Жаратушы Иеге бас ұрып ғибадат етудің орнына жаратылған нәрселерге құлшылық етеді. Ал Жаратушы Құдай мәңгілік мадақталуға лайық! Аумин» (Рим. 1:24, 25).

Осының барлығының түп-тамырында жатқан нәрсе – Құдайға мойынсұнбау мен, алғыстың жоқтығы. Соның салдарынан адам күнәһар болмысының қалауына еріп кете барады, яғни, күнәһар болмысына табынады. Әуел баста ғажап жаратылған, кейін қарғысқа ұшырап, әбден бүлінген жаратылысқа табынамыз. Өйткені адамдар Құдай туралы шындықты мойындамай, жалған тәңірлерге сиынып келеді. Осыдан кейін ақыл-парасат деп жүргеніміздің барлығы – шын мәнінде ақымақтық екенін түсінеміз. Дүниеде дұрыс, қалыпты нәрсе деп саналып жүргендер, шынтуайтында, – өрескел нәрселер. Осындай жағдайлар кеңінен етек жайып кетті. Ақты қара деп, қараны ақ деп жүрміз. Әрі қарай «Сол себептен де Құдай адамдарды өздерін қорлайтын құмарлықтарға батырып жіберді....» деп жазылған (Рим. 1:26).

Осы сөзден кейінгі аяттарда Пауыл елші жиырма екі жеркенішті, жексұрын істің атын атайды. Олардың арасында әділетсіздік, бұзықтық, дүниеқорлық, залымдық, қызғаншақтық, кісі өлтіруге құмарлық, даукестік, ашкөздік, ата-ананың тілін алмау, гомосексуализм тағы басқалар бар. Бір таңқаларлығы, осы әшкерелуші аяттардың көбісі гомосексуализм туралы, қалған арам істерге бір-екі сөзден ғана келеді және оларды көп түсіндіріп әуре болмайды. Неге бұлай? Құдай гомосексуалистерге ерекше назар аударып, оларды басқа күнәһарлардан өткен күнәһар деп қарайды ма? Оларға деген біздің көзқарасымыз әсіресе жеккөрінішті болуы керек пе? Жоқ, олай емес, әрине! Алайда, қоғамның гомосексуализмге деген оң қабағы заманымызды пұтқа табынушылық билеп кеткенін көрсетеді. Пауыл елшінің сөзіне оралайық:

«Сол себептен де Құдай адамдарды өздерін қорлайтын құмарлықтарға батырып жіберді. Араларындағы кейбір әйелдер табиғи жыныстық қатынасты табиғи емес қатынаспен ауыстырды. Дәл солай кейбір еркектер

де әйелдерімен табиғи қатынасты қойып, бір-біріне құмарлықпен ынтығып, азғындық істейтін болды. Олар тура жолдан тайып кеткендіктерінің тиісті жазаларын өз бойларында тартып жатты» (Рим. 1:26, 27).

Құдайды мойындамаған, құрметтемеген, дәріптемеген, Жаратушысына деген алғысы жоқ, Құдайдың сөзін қастерлемейтін қоғам, ерте ме, кеш пе, азғындықты, әсіресе гомосексуализмді қолдап-қорғайтын болады. Пауыл елші ондай іс-әрекетті табиғатқа қарсы, адамды қорлайтын, масқара нәрсе деп санайды.

Адамдар Құдай туралы шындықты мойындамай, жалған тәңірлерге сиынғандықтан, қоғамды азғындық жайлайды.

2017 жылы National Geographic журналы ақпан айында шыққан басылымын «Жыныс революциясы» деген тақырыпқа арнады. Редакторлар ажалды пенденің ойынан шыққан түрлі гендерлік және жыныстық көзқарастарды талқылау үшін бірсыпыра маманның басын қосыпты. Журнал сарапшылары түрлі университеттер мен колледж мамандарынан жыныс қатынасы саласында, адам сексуалдығы жайында сұхбат алған. Осы саладағы терминдердің арасында мынадай сөздер кездеседі: агендер, квир, андрогин, трансгендер, цисгендер, гендерквир, интерсекс, гетеросексуал, бигендер, бинарлы емес интерсекс, трансұл, трансқыз және т. б. Осы сөздер қаншалықты заманауи болып көрінгенмен, шын мәнінде есуастық пен өтіріктің санатына жатады.

Осы терминдерді ойлап шығарған адамдар ақылды, білікті маман, өз саласында эксперт деп саналады. Қоғамымыз осындай ойдың жетегінде кете берсе, ертеңіміз не болмақ? Америка Құрама Штаттарының үкіметі гендерлік идентификация мен гомосексуалдыққа қатысты мәселелерге екі жүз миллиард доллардан астам қаражат жұмсаған екен. Осынша қаржыны қаншама пайдалы іске жаратуға болар еді! Мектептердің іші- сыртын жаңартуға, полиция мекемелерін жабдықтауға, әуежайларды жөндеуге, және, ең бастысы, басында баспанасы жоқ адамдарға, жалғыз аналарға, мүмкіндігі шектеулі адамдарға көмек көрсетуге жұмсауға болар еді. Алайда, осыншама көп қаражат Құдайдың жоспарына қайшы келетін жыныстық қатынастарды қолдауға кетті. Әуел бастан-ақ Киелі жазба «Осылайша

Құдай адамды ...бірін еркек, бірін әйел қылып жаратты» дейді (Жаратыл. 1:27). Еркек кіндік пен әйел затын жаратқан Құдай, біз үшін ненің жақсы, ненің жаман екенін біледі, өйткені, Ол бізді сүйеді.

Алайда, ресурстарды әлгіндей жұмсаудағы ақымақтық өңін айналдырып, ақыл-парасат болып көрінеді. Бәрінен де жаманы, осындай шаралар адамдардың күнәнің құлдығында қала беруіне септігін тигізеді. Бұрысты дұрыс деп түсінген адамдар өтірікке шырмалып қала береді.

Қоғамымыз бұл мәселе “адам құқығы” саласына жатады деген өтірікке алданып қалды. Бірнеше адамның пікіріне еріп, нәсілдер теңдігі мен гендерлік теңдік сияқты құқықтардың қатарына әлгіндей азғындықты да қосып отырмыз. Адам құқығын қорғауға тиіспіз, ол рас. Бірақ, бұл адамдар жаратылысқа, Құдай берген болмысына қарсы. Бұл адам құқығы саласына жататын мәселе емес.

Пауыл елшінің пайғамбарлық сөзіне сенсек, адамзат Құдайға мойынсұнудан, Оны дәріптеуден, сөзін қастерлеуден безгенде, осындай ақылға қонғысыз әрекеттер пайда болады. Жетекшілер мен көшбасшылар осы мәселелерді неге көтермейді, неліктен жалған нанымдар мен қалауларды әшкерелемейді? Ақиқаттан қорқамыз, өтірік пен алдау-арбауға ереміз. Пұтқа табынушылыққа батып барамыз, заманымыз пұттар мен пұтқа табынушылар заманы болып барады.

Қоғам мұны прогресс деп атайды, шын мәнінде бұл есуастыққа қарай жасалған қадам. Жыныстық және гендерлік ауытқулар бастамасын пұта табынудан алатынын Пауыл елшінің ғасырлар бұрын жазған сөздерін оқысақ түсінеміз.

«Бұған қоса мұндай кісілер Құдайды танудың қажеті жоқ деп шешті. Сондықтан Ол соларды бұзық пейілдерінде қалдырып, ұятты нәрселер істеуге тастады. Олардың тұла бойлары тұнған әділетсіздік, бұзықтық, дүниеқорлық, залымдық, қызғаншақтық, кісі өлтіруге құмарлық, дауекестік, алдамшылық және арам ниеттілік. Олар жасырын жамандап, ашық та өсектегіш, Құдайды жек көретін, күш көрсеткіш, өркөкірек, мақтаншақ, жамандықты ойлап тапқыш, ата-анасын сыйламайтын, санасыз, опасыз, тасбауыр, мейірімсіз жандар» (Рим. 1:28–31).

Қоғамымызда осындай көзқарас пен мінез құлық кең тараған. Оған көз жеткізу үшін көп ізденудің, тәжірибе немесе әлеуметтік зерттеу жүргізудің қажеті жоқ. Ол кеңінен етек жайып, ықпалын әбден таратты, қаншама адамның өміріне, көптеген отбасына, халықтарға зиянын тигізді. Осындай, табиғатқа қарсы істерді істеушілер мен оларды мақұлдаушылар қоғамның іріп-шіріуіне, қарым-қатынастардың үзілуіне, соғыстардың басталуына септігін тигізеді.

Пауыл елші былай деп қорытынды жасайды:

«Осындай күнәлар жасағандардың тартатын жазалары — өлім деген Құдайдың әділ үкімін сол адамдар біледі. Әйтсе де олар бұларды өздері істеп қана қоймай, солармен айналысатын басқаларды мақұлдап та отырады» (Рим. 1:32).

Мұндай іс-әрекеттің Жаратушының ниетіне қайшы екенін үкімет, бұқаралық ақпарат құралдары, телевизия, кинопродюсерлер, ықпалды жетекшілер және бүкіл қоғам біледі. Біле тұра өз арын да, бүкіл жаратылыстың даусын да тұншықтырады. Жүрегіне сөйлеген ақиқаттың үні өшеді ме деген үмітпен ар-намыстың даусын тұншықтырып, басқаларды да соны істеуге итермелейді. Құдайға тиесілі алғыс пен құрметтің тоқтауы — пұтқа табынушылық мәселесінің түп-тамыры. Құдайды дәріптеу — тек сөзімізбен мадақтау емес, Иеміздің еркіне сай іс-әрекетіміз.

ІС-ӘРЕКЕТ

Құдайды дәріптеу, құрметтеу, сөзін қастерлеп, орындау — Құдайға ғибадат ету дегеніміз, міне, осы. Шынайы ғибадатты құрайтын осы бір бөліктерінің қайсыбірін ескерусіз қалдыру адамды адастырып, пұтқа табынушылыққа апарып соқтырады. Осы ақиқат жеке сенушілерге де, бүкіл қауымға да қатысты.

Алғашқы ғибадат етуді Киелі жазбада Жаратылыстың басталуы кітабынан көреміз. Ыбырайым тауға шығып, Құдайдың бұйрығына сай, ұлын құрбандыққа шалмақ болды.

Ал сізге Құдай не тапсырған еді? Мүмкін, Киелі кітап оқып отырған сәттеріңіздің бірінде Құдайдың Рухы жүрегіңізге сөйлеген болар? Әлде

сіздің ғана қолыңыздан келетін әлдебір істі орындауды тапсырып па еді?

Құдайдың тапсырмасына деген көзқарасыңыз осы тарауды оқып шыққаннан соң қалай өзгерді? Құдайдың тапсырмасын орындау үшін осы бүгін қандай қадам жасай алатыныңызды Киелі Рухтан сұраңыз. Және де сол тапсырманы орындауға өзіңізді таңдағаны үшін Құдайға алғыс айтыңыз. Сіз Құдайды сөзін қастерлеп орындауыңыз арқылы дәріптеп жүргеніңізде, Құдай сізбен бірге. Сол үшін де алғыс айтуды ұмытпағайсыз.

СЕНУШІЛЕРДІҢ ПҰТҚА ТАБЫНУЫ

Күнәһар адамдардың пұтқа табынуы, әрине, жақсылық емес. Алайда, сенушілердің, тірі Құдаймен келісімшартқа кірген адамдардың жалған тәңірлерге табынуы тіпті қынжылтады.

Пұтқа табынушылықтың осы бір түрін Жақып елші неке адалдығын бұзуға балайды. Өйткені, Құдай мен біздің арамызда адалдық серті, келісімшарт бар. Пұтқа табынған сенуші неке адалдығын, жарына берген сертін бұзған адаммен тең. Пұттардың алдында басымызды игенде Жұбайымыз, Иеміз Иса Мәсікке деген адалдығымызды бұзамыз.

Саул патша мен Амалек тайпасы

Ендігі әңгіmemізді Көне Өсиеттен бастайық та, кейін Жаңа Өсиетке ауысайық. Исраил халқы Құдай мен Ыбырайымның арасындағы келісімшартты мұра етті. Құдай Саул патшаға Самуил пайғамбар арқылы былай деген еді: «Маған баяғыда сені Өзінің халқы Исраилдің үстінен патша етіп тағайындауды Жаратқан Ие тапсырған болатын. Енді Оның айтқан сөздеріне құлақ сал!» (1 Патша. 15:1). Құдайдың еркінде ешбір қателік жоқ, Жаратушымыз Өз еркін Саул патшаға берген тапсырмасында анық білдірді. “...амалектіктерді шап! Олардағылардың бәрін (Маған бағыштап) түгелімен қырып-жой! Еш аямастан еректері

мен әйелдерін, балалары мен нәрестелерін, ірі қара мен ұсақ малдарын, түйелері мен есектерін құрт!» (1 Патша. 15:3). Кезінде Израилдің үрім-бұтағы Мысырдан арып-ашып шығып келе жатқанда, Амалек тайпасы оларға қарсы соғысып, жолын бөгеген болатын. Қазір Құдай Амалектің сонысын есіне түсіріп, жазаламақ. Саул патша дереу жасақшыларын жинап алып, Амалекке қарсы жорыққа аттанды. Алайда, әрі қарай жағдай былай болды:

«Бұдан кейін Саул Амалекке шабуыл жасады. Олармен Хавиладан бастап, Мысырмен шекарадағы Шурға дейін соғысып, Амалек патшасы Агагты тірілей қолға түсіріп, халқының біреуін де қалдырмай қырып тастады. Алайда Саул мен оның сарбаздары Агагты және ұсақ малдар мен мүйізді ірі қаралардың ең жақсыларын: бордақы тайынша, тоқтыларды, жалпы, малдың қоңдыларын аяп, жойғылары келмеді. Олар тек пайдасыз, арық-тұрақтарын ғана (Жаратқан Иеге бағыштап) құртты» (1 Патша. 15:7–9).

Оқырманға Саул Құдайдың бұйрығын дұрыс орындап шыққандай көрінер, дегенмен, әрі қарай жазылғанды оқиық: “Сонда Жаратқан Ие Самуилге сөзін арнап: «Саулды патша етіп тағайындағанымнан қайтамын. Себебі ол Менен теріс айналып, бұйрықтарымды орындамады», — деді. Ал Самуил қатты ренжіп, түні бойы Жаратқан Иеге жалбарына сиынып шықты” (1 Патша. 15:10, 11). Саул патша Құдайдың сөзін қастерлеп, іс-әрекетімен Құдайды дәріптеген жоқ.

Осыдан біраз бұрын ұлынан көңілі қалып жүрген бір әкемен сөйлескенім есімде. Әлгі кісінің жасөспірім баласы бар, баласының жүріс-тұрысы әкесінің мазасын алып жүр екен. Кейде айтқанды орындап, кейде өз бетімен кетіп жүрген бала екен. Бірде, әкесі ұлымен қаттырақ сөйлескенде, ұлы ренжіп, былай депті: “Әке, маған ұрыса бермеші! Мен айтқаныңның тоқсан пайызын орындап жүрмін ғой. Неге маған мін таға бересің? Тіліңді алып жүрген кездеріме назар аударып, қалған он пайызға көңіл аудармай-ақ қойсаң да болады ғой!” Танысым баласының сөзіне қамығып қалыпты.

«Құдай да солай, тілазарлықты көтермейді” дедім мен кейіген әкеге. Саул патшаның өмірінде болған әлгі оқиғаны есіне түсірдім. Меніңше, Саул кем дегенде жүз мың адамды

қырып салды. Алып қалған малынан қырып тастаған ірілі-ұсақты малы әлдеқайда көп болды. Саул Құдайдың бұйрығын тоқсан пайыз емес, түгелдей дерлік орындап шықты. Алайда, Құдай «Саул бұйрықтарымды орындамады» дейді. Саулдың ісін «Құдайға бағынбау — ауыр күнә» деп атайды (23-аят).

Танысымның ұлына таққаны жалған айып емес. Киелі кітаптағы осы бір мысалдың арқасында соны түсінді.

Меніңше, Саул Құдайдың бұйрығын тоқсан тоғыз пайыз орындады. Неліктен Құдай Саулдың атқарып шыққан ісіне емес, орындалмай қалған бір пайызға көңіл аударды? Адами тұрғыдан қарасақ, әділдікке жатпайтын сияқты. Дегенмен, Құдайдың көзқарасында ішінара мойынсұну да, толықтай дерлік мойынсұну да тілазарлыққа, бағынбаушылыққа жатады. Ондай іс-әрекет адамның Құдайға лайықты құрмет көрсетпейтінін, Құдайды қастерлемейтінін білдіреді.

Самуил Саулға қарап қатаң тіл қатады. Адасқан Саул Самуилдың сөздерін жоққа шығармақ болады. Сонда Самуил маңыраған қой мен мөңіреген сиырды көрсетеді. Осы тұста Саул жауапкершілікті басқаларға артпақ болады. Бірақ Самуил онысына көнбейді:

«Құдайға бағынбау — ауыр күнә, сәуегейлік секілді, қасарысу — сұмдық іс, жалған тәңірге табыну іспетті!» (1 Патша. 15:23).

Осы аяттағы “қасарысу — сұмдық іс, жалған тәңірге табыну іспетті” деген ойды қарастыралық. Қасарысу дегеніміз — әлденеге қарсылық көрсету, өзінен әрі итеру. Саул ақиқатқа, толықтай мойынсұнуға қарсы.

«Іспетті» деген сөз Киелі кітапта курсивпен жазылған. Демек, түпнұсқада жоқ, аудармашылар қосқан сөз болғаны. Олай болса, дәлірек аударма былай болар еді: «қасарысу — сұмдық іс, жалған тәңірге табыну».

Шын мәнінде, Құдайдың еркін, сөзін, ақиқатты біле тұра, олардан бас тарту, бағынбау — пұтқа табынушылық болып табылады. Адам неге олай істейді? Өйткені, өз еркін, өз жоспарын, өз қалауын, өз дегенін, өз керегін Құдайдыкінен жоғары қойып отыр. Пұт дегеніміз — Құдайдан жоғары қойған нәрсеміз.

Саул Құдайдың бұйрығын орындадым деген сенімде болды. Алайда, ол Құдайдың бұйрығын толықтай орындаған жоқ және адамдардың пікірін (дәлірек айтсақ, өз дегенін) Құдайдың сөзінен жоғары қойды. Пұтқа табыну деген – осы. Пұтқа табынушылық адамды соқыр етіп, Құдайдан теріс айналдырады.

Римдіктерге арналған хаттағы ақиқат бүкіл адамзатқа қатысты болғандай, осы үзіндідегі ақиқат Саулға қатысты. Саулдың пұтқа табынушының негізінде жатқан нәрсе – мүсіндер де, жалған тәңірлердің ғибадатханасы да емес, өз қалауы болатын. Ол иемізді дәріптемей, сонысымен Құдайдың ақиқатына қарсылық көрсетті. Осы жолға аяқ басқан адам ақиқатты бірте-бірте өтірікпен алмастырады. Саулдың адасқаны да – сондықтан. Өтірік оны ақымақ әрекеттерге итермеледі. Саулдың пұтқа табынушылығының өкінішті жемісі – өміріндегі әділетсіздіктің көбеюі болды. Ол барған сайын қызғаншақ, қыңыр, міншіл, ашушаң, ақымақ, бола берді. Саул, тіпті, Құдайдан ақыл-кеңес сұраудың орнына, жын-періге жүгінуге дейін барды, адам өлтірді, Құдайдың қызметшісін құдалады. Саулдың осындай жексұрын мінездерінің түп-тамыры – пұтқа табынушылықта.

Құдаймен қарым-қатынасы бар, бірақ өз қалауларын бірінші орынға қоятын адамдар өздерінің тілазарлығын байқамайды. Құдайдың Киелі жазбадағы сөздерінен олар үшін өз құмарлықтары басым түседі. Пұтқа табынушылық оларды соқыр қылады, ақиқатты көруден жұрдай етеді. Ақиқатты өтірікпен алмастырып жүріп, Құдай бәрібір оларға жақ деп сенеді. Құдай олардың пендешілігін түсінетіндей, ағат істерін ақтайтындай көрінеді, сөйтіп, қасарыса түседі, Құдайдың жауына айналады. Бірақ онысынан өздері бейхабар.

Қанағат

Пұтқа табынушылықтың тағы бір қырын көрсетпекпін. Ол үшін негізгі екі ұғымды анықтап алуым керек. Біріншісі – “қанағат”. Мариам Уэбстер сөздігінде бұл сөзге мынадай анықтама беріледі: «мүлкіне, хал-ахуалына, жағдайына деген көңілі тоқтық». Қанағат сөзі грек тілінде — «αγκη», «көңілі тоқтық, ризашылық, тежеу, мықты болу, басқа адамға көмек көрсетуге қабілетті болу» (WSNTDICT).

Өзіміз қолдағы барға қанағат ете алмасақ, басқаларға қызмет алар емеспіз. Қанағатсыз адам әрбір жағдайды «осыдан мен не ұтамын?» деген тұрғыдан қарастырады. Сырт көзге ондай адамның істері мен сөздері жомарт та кеңпейіл болып көрінеді. Дегенмен, қанағатшыл көңілден шықпаса, әрбір істің астарында өзінің жеке пайдасы жатады.

Пауыл елші: «Мұны бір нәрсе қажет болғандықтан айтып тұрған жоқпын. Мен қандай жағдай болмасын, қолдағы барды қанағат етуді үйрендім» деген (Філ. 4:11). Елшінің мұқтаждықтары бар болатын. Алайда, Пауыл қандай жағдай болмасын, қолында барға қанағат ете білетін. Сондықтан оның ниеті соншалық таза да риясыз еді.

Сол себепті біздерге мына сөз айтылған: «Расында да Құдайға ұнамды өмір сүріп, барға қанағат ету зор рухани байлыққа жеткізеді. Бұл дүниеге ештеңе де әкелген жоқпыз, одан ештеңе алып кетпейтініміз де айдан анық. Сондықтан ішер ас пен киер киім болса, соған қанағат етейік» (1 Тім. 6:6, 8). Рухани байлыққа жеткізетін нәрсе – барға қанағат ете білу. Өзімізді үнемі «рухани байлыққа жетіп» жүрген адамдай сезінбейміз. Қанағатшылдық сол жолда, мінәжаттарымызға жауап келуін күтіп жүргенімізде, жолдан таймай, табанды болуға көмектеседі.

Бірде Құдайдан барға қанағат ете білудің не екенін түсіндіруін сұрадым. Жүрегіме келген жауап: “Менің еркіме толықтай қанағат ету” деген жауап келді. Иеміз Иса Мәсіхтің өмірі – қанағатшылдықтың шынайы көрінісі. Иса мына бір сөзін жиі қайталайды: «Өзімді Жібергеннің еркін іске асырып, Оның тапсырғанын толық орындау Маған «нәр» болады» (Жохан. 4:34). «Сенің еркінді орындауға құштармын, уа, Құдайым, жүрегімде Сенің тағылымың» (Забур. 39:9). Забур жырларының осы бір үзіндісінде Исаның көңілі Құдайдың еркіне толықтай сәйкес екенін көреміз. Құдайдың еркінен тыс шыққан ешбір қалауы, ешбір құлшынысы жоқ. Жүрегінің жалғыз қалауы – Әкесінің еркін орындау.

Қанағатшылдықты паңдықпен, тоқмейілдікпен шатастырмауымыз керек. Олардың қанағат ете білу сияқты асыл қасиетке еш қатысы жоқ. «Сонымен қатар Мәсіх жер бетінде жүргенде Өзін өлімнен құтқаруға құдіреті жететін Әкесіне қатты дауыстап сиынып, көз жасын төгіп жалбарынды. Мәсіх Әкесін терең қастерлегендіктен мінажаты қабыл болды» (Евр. 5:7). Иса қатты дауыстап сиынатын, көз жасын төгіп жалбарынатын да. Ғибадатханаға барып, ондағы

саудагерлердің үстелдерін аударып тастағаны да бар. Адамдардың адасқан, шайтанның шырмауында қалған, ауру-сырқау қалпына Иса тіпті де қанағат еткен емес. Ондайда Иса халықтың жоғын жоқтаушы, әлсіздерді қорғаушы, тұтқындарды азат етуші болатын. Алайда, Өзінің жеке қалаулары мен қажеттіліктеріне келгенде, Иса қанағатшыл болатын. Ол Көктегі Әкеге мінәжат етіп, сұрағанын беретініне сенетін.

Иса: «Мәңгі тірі Әкем Мені жіберді және Мен Ол арқылы өмір сүремін» дейді. Иса Құдайдың еркіне толықтай қанағат еткендіктен, Өзін осы дүниеден мүлде тәуелсіз, азат, қауіпсіз сезінетін: «Мен қайдан келгенімді, қайда баратынымды білемін» (Жохан 6:57 және 8:14). Құдайдың еркіне, жоспарына, бергеніне қанағат етсең, көңілің тыныштық табады, жолдан таймайсың.

Ашкөздік

Пұтқа табынушылықты анықтауға қатысы бар екінші ұғым – “ашкөздік”. Ол қанағатқа толықтай қарама-қарсы. “Ашкөздік” сөзінің Киелі жазбадағы мағынасын анықтап алайық. Түсіндірме сөздіктерге қарасақ, бұл сөздің мағынасы – “басқалар жақсы деп есептейтін нәрселерге қол жеткізіп, иемденуге деген құмарлық”. Қолостықтарға жазған хатында Пауыл елші ашкөздік жайында не дегенін қарастырайық:

«Сонымен, Мәсіх өлімнен қайта тірілгенде сендер Онымен бірге рухани тірілдіңдер. Сондықтан көкке а лайықты қасиеттерді иемденуге ұмтылыңдар! Өйткені Мәсіх көкте, Құдайдың оң жағында отыр. Ойларыңды күнәкар дүниедегіге емес, көктегіге аударыңдар! Себебі сендер рухани өлдіңдер, енді өлген кісідей бұрынғы күнәлі іс-әрекеттеріңе жоқсыңдар. Ал Мәсіхпен бірлесіп сүрген жаңа өмірлерің ел көзінен таса, Құдайдың алдында. Өмірлеріңнің бірден-бір бастауы мен мақсаты — Мәсіх. Ол жер бетінде қайтадан көрінген кезде сендер де Онымен бірге салтанатты ұлылықпен көрінесіңдер» (Қолос. 3:1–4).

Қолда барға қанағат ете білудің кілті осында. Иса Мәсіхтің құрбандығының арқасында Құдіретті Құдаймен мәңгі бұлжымас

Келісімшартқа кірдік. Осыны терең ұғынған сенушінің түсінетіні – біз енді ешнәрсеге мұқтаж емепіз. Сондықтан не ішіп-жейміз, не киеміз деп уайымдамайық. Ең бастысы, Құдай Патшалығының қамын ойлап, Құдайдың әділ еркін орындауға ұмтылсақ, көктегі Әкеміз басқаның бәрін қосып береді.

Дұшпан Исаға ең алдымен осы салада шабуыл жасаған болатын. Айдаладағы сынақ үстінде шайтан Исаны көмекті Құдайдан емес, басқа жақтан іздеуге азғырды. Сол сәттегі Исаның жағдайы ауыр болатын. Иса қырық күн, қырық түн ораза тұтып, соңында әбден ашықты. Сонда әзәзілдің үміттене күткені – Иса қанағат қалпынан шығып, ашкөздікке беріледі. Бірақ шайтанның күткеніндей болған жоқ, Иса азғыруға көнбеді. Артынша періштелер келіп, Исаға қызмет көрсетті! Иса шайтанның жоспарын жүзеге асыртпай тастады. Алайда сол стратегияны жау бізге қарсы қолдануда. Ол бізді нысанаға алады, көздегені – бізді барға қанағат қалпымыздан шығарып, наразы күйге түсіру, сенушілердің назарын Құдайдың Патшалығының қамын ойлап, Құдайдың еркін орындаудан басқа жаққа бұру.

Пауылдың бұл сөздері Құдайды өз қалауларын қанағаттандыру үшін пайдаланып жүргендерге емес, Құдай Тағаланы шын көңілімен іздейтіндерге арналған. Құдайға ұнамды өмір сүріп, Оған шын ниетімен еретіндер көзін көкке, асқақ армандарға қадайды, алдына биік мақсат қояды, күнделікті тіршілік қамына шырғаланбайды. Осылай өмір сүрсек, Исаға ұқсай түсеміз. Жүрегімізде жалындаған жалғыз тілек – Құдайдың еркін орындау. Осындай көзқарастың ғажайып нәтижесі – қайсар да табанды мінез қалыптастырып, Құдай патшалығының нағыз қызметшілеріне айналамыз!

Пауыл елші сөзін әрі қарай жалғастырады:

«Себебі сендер рухани өлдіңдер, енді өлген кісідей бұрынғы күнәлі іс-әрекеттеріңе жоқсыңдар. Ал Мәсіхпен бірлесіп сүрген жаңа өмірлерің ел көзінен таса, Құдайдың алдында. Ал енді, күнәкар дүниеге жататын қылықтарыңды біржола тоқтатыңдар: неке адалдығын бұзу, әр қилы азғындық, нәпсіқұмарлық және арам пиғылдан аулақ жүріңдер; ашкөздікке де салынбаңдар, ол жалған тәңірлерге табынумен бірдей! Құдайға мойынсұнбайтындарға осындай күнәлары үшін Оның қаһарлы соты төніп тұр» (Қолос. 3:5, 6).

“Ашкөздікке салынбаңдар, ол жалған тәңірлерге табынумен бірдей!” дейді елші. Пұтқа табынудың шын мәнінде не екенін түсінуіміз үшін осы аятты треңірек зерттейік. Жалған тәңірлерге арнап ғибадатхана тұрғызатын, мүсіндерге табынатын елдерде пұтқа табынушылықты көру оңай, ал “өркениетті” қоғамдардағы пұтқа табынушылықты ажырату үшін рухани көрегендік қажет. Пауыл елшінің айтуынша, барға қанағат етуден ашкөздікке ауысқанда, Құдаймен жақын қарым-қатынасымыздан шығып, жалған тәңірлерге бас ұрамыз. Неке адалдығын бұзудың нағыз өзі емес пе?

Жоғарыдағы аятта “ашкөздік” деген сөздің орнында түпнұсқада гректің *pleonexia* деген сөзі тұр. Сол сөздің үш сөздіктен алынған үш түрлі анықтамасын келтірмекпін:

1. «Көбірек игілікке ие болсам деген арынды ниет» (Pillar сөздігі).
2. «Қажетінен әлдеқайда көп нәрсені иеленсем деген ниет» (BDAG сөздігі).
3. «Адамның рухын билейтін, өзіме-өзім құдай болсам деген пиғыл» (CCE сөздігі).

Соңғы анықтаманы мұқият қарастырайық. Ең алдымен Құдайдың Патшалығының қамын ойлап, Құдайдың еркін орындауға ұмтылмасақ, осы дүниенің күн көрісіне көшеміз. Бар көздегеніміз – осы дүниеде құнды деп саналатын нәрселерге қол жеткізу болады. Күш-қайратымызды соған саламыз, өйткені, онсыз күніміз жоқтай көрінеді. Ләззат, абырой, мансап, бедел, пайда, билік, даңқ, тән қалауларын қанағаттандыру – өзіне-өзі құдай болып жүрген адамның іздейтіні осылар. Барына қанағат ете білмеген адамды ашкөздік билейді. Құдайдың бергеніне қанағат етіп, ризашылықпен қуана білмеген адам тыныштықтан айырылады, “күнкөрістің қамын ойлау” деп аталатын мазасыз күйге түседі. Құдайдың еркіне, өміріміздегі әрекетіне қарсыласа бастаймыз.

Сөз жоқ, қанағат пен ашкөздік – қарсы күресуші күштер. Қанағат пұтқа табынушылықтан алып шығып, Құдайдың құзырына жетелейді. Ашкөздік Құдайдан алыстатып, жалған тәңірлерге табынуға итермелейді. Осы екі сөздің мағынасы қарама-қарсы, кейінірек ол туралы сөз болады. Ал енді Еврейлерге арналған хаттың мына бір үзіндісіне назар аударайық:

«Ақшақұмар болмай өмір сүріп, қолдағы барды қанағат тұтыңдар! Құдай: «Мен сені ешқашан тастап та кетпеймін, жалғыз да қалдырмаймын», — деген ғой. Сондықтан да біз: «Ием маған жар, мен қорықпаймын ешбір жайттан, не істей алады адам баласы маған?» деп нық сеніммен айтамыз» (Евр. 13:5, 6).

Автордың батылдығы неге негізделетінін түсініп отырған боларсыз. Құдай алдындағы қанағат кез келген ауыр жағдайда сенім мен батылдық береді. Келесі тарауда осыған көзіміз жететін болады. Қанағат сенушілерді түсіру үшін шайтанның құрған тозағынан аман алып қалады. Қанағат рухани байлыққа, жан тыныштығына жеткізеді.

Ашкөздік дегеніміз, керісінше, мазасыздық, адамды билеген алабұртқан құмарлықтар, теңіздей толқыған тынышы кеткен көңіл. Ашкөздікке берілген адамның ажалын табатыны сөзсіз.

ІС-ӘРЕКЕТ

Құдайдың сөзіндегі ақиқатты терең ұғынып, жүрегімізде сақтауға тиіспіз. Құдайдың сөзі біз үшін жазылған, ақиқатты білген жоқпыз деген сылтау жоқ. Ешқайсымыз Құдайдың алдына барғанда, “Ием, оны білген жоқпын!” деп ақтала алмаймыз. Киелі жазбада Құдайдың еркі анық етіп ашылған.

Ауыр тисе де айтайын, Құдайдың сөзін ішінара орындау тілазарлықпен тең, шынтуайтына келгенде, пұтқа табынушылыққа жатады. Осыны білгеніміз үшін Құдайға шүкіршілік етейік. Өйткені, шайтанның арбауына түспейміз. Құдайдың рақымы үшін мың алғыс!

Егер кейбір салаларда Құдайдың сөзін қастерлемей, ішінара ғана орындап жүрген болсаңыз, сол салаларда рухани соқыр болып кетуіңіздің қаупі бар. Мінәжат етіп, өміріңіздің шайтанның ықпалына түскен салалары болса, көрсетуін Киелі Рухтан сұраңыз. Тәубе етіңіз. Құдай өміріңізді жаңартып, жаңа дем, жаңа қуат берсін. Құдайға мойнсұнып, соңынан еріңіз.

ҚЫСЫМ

Алдыңғы тарауда пұтқа табынушылықтың екі қырын— қасарысу мен ашкөздікті – қарастырдық. Олар бірге жүреді, екеуі бірігіп, сенушіні әлсіретеді, криптонитке қарсы тұра алмастай осал етеді. Сол екеуінің бірігіп қалай ықпал ететінін қарастырайық.

Қиын жағдай

Саул патшаға қайта оралайық. Ол Құдайдың еркіне риза емес-ті, Құдайдың бергенін қанағат тұтқан жоқ. Қасарысып, ашкөздікке берілді. Саул алғашқы қателікті Амалек тайпасымен шайқасқанда емес, одан бұрынырақ, філістілермен соғысқанда, жіберген болатын. Філістірлер Исраилге қарсы соғыс жасағын жинады: олардың соғыс күймесінің саны үш мың, жаяу жасақшылары теңіз жағалауындағы құм қиыршықтарындай сансыз болатын. Олар аттанып келіп, Миқмасқа орнығып алды. Жау шабуылға дайын, сақадай сай.

Ал Саулдың жасағы ылғи соғыс көрмеген, өз еркімен қосылған жігіттерден тұрады, саны да аз.

«Исраилдің ер адамдары өз жағдайларының қиындағанын көрді. Жау жан-жақтан тықсырғандықтан, Исраилдің жасағы

қашып кетіп, үңгірлер мен шатқалдарды, жартастардың қуыстарын, шұңқырлар мен жер астындағы су қоймаларын паналады. Кейбіреулері тіпті Иордан өзенінен өтіп, ғад пен Ғилақад аймағына қашып құтылды. Ал Саул әлі де Ғылғалда еді, жанындағы сарбаздарының бәрі қорыққаннан қалшылдап тұрды» (1 Патша. 13:6, 7).

Саулға түскен қысым қандайлық болғанын білесіз бе? Саулдың орнында болсаңыз, қайтер едіңіз? Сіз жетекші, қолбасшы немесе патшасыз дейік. Жаңадан құрылған жасағыңыз соғысқа әбден жараған, саны жағынан да әлдеқайда басым түсетін, әккі жаумен бетпе-бет кездескелі тұр. Саулдың бәрінен де қорыққаны – жасағының ыдырап, тарап кетуі, міне сол күдігі жүзеге аса бастады: “...жасақ Саулдың қасынан бытырап кетіп жатты” (1 Патша. 13:8). Патшаның бір үміті бар: белгіленген күні Самуил келіп, өз қолымен құрбандық шалуға тиіс. Сонда Саул да, сарбаздар да рухтанып, жігерленбек.

«Самуил өзіне айтқандай, Саул жеті күн күте тұрды. Бірақ Самуил Ғылғалға келіп болмаған соң, жасақ Саулдың қасынан бытырап кетіп жатты. Сонда Саул: «Шалып, өртеп ұсынуға арналған және басқа да құрбандық малдарды д маған алып келіңдер!» — деп бұйырды. Содан ол өзі малдарды құрбандыққа шалып, Құдайға бағыштап өртеп жіберді» (1 Патша. 13:8, 9).

Саул құрбандық шалуға құқылы емес-ті. Құрбандық шалу патшалардың емес, тек діни қызметкердің ісі болатын. (Самуил өзі пайғамбар, өзі діни қызметкер еді). Саул мен жасақшылар «мұндай қиын жағдайда ережені бұзса да болар» деп ойлаған болса керек. Ерекше жағдай ерекше әрекетті қажет етеді деп көбіміз ойлаймыз ғой.

Алайда, Самуил бұл мәселеде бірбеткейлік танытты:

«Осы рәсім бітісімен Самуил де келе қалды. Саул амандасып, қарсы алу үшін алдынан шықты». Самуил оған:

- Сен не істедің? - деген сұрақ қойды. Саул:

- Қасымдағы адамдарымның бытырап кетіп жатқанын көрдім. Ал өзіңіз келемін деген уақытта келмей қалдыңыз. Оның үстіне філістірлер Микмасқа жиналды. Мен сонда філістірлер қазір Ғылғалға келіп, маған

қарсы шабуыл жасамақшы, ал мен өзіме оң көзімен қарасын деп Жаратқан Иеге әлі де сый-тарту ұсынған жоқпын ғой деп ойладым. Содан мен құрбандықты шалып, өртеп ұсынуға тиістімін деп есептедім, - деді.

Ал Самуилдің жауабы мынау болды:

- Сен өз Құдайың - Жаратқан Иенің берген бұйрығын орындамай үлкен ақымақтық жасадың! Осы бұйрықты орындағанда Жаратқан Ие сенің патшалығыңды мәңгілікке бекітер еді. Ал сен Жаратқан Иенің саған бұйырғанын жүзеге асырмадың. Енді патшалық етуің берік болмайды! Жаратқан Ие Өзінің көңілінен шыққан біреуді тауып алады. Сол адам Оның меншікті халқының басшысы болады” (1 Патша. 13:10, 14).

Пайғамбарлар қашанда осылай. Олар күмән, дүдәмал атаулыны тамырымен кесіп тастайды. Пайғамбардың қызметі – халықты Құдайдың сөзіне қайта шақыру. Басына күн туғанда адам Құдайдың сөзін ұмытып кетуге бейім келеді. Саулдың дүдәмал, күмілжіген, мазасыз кейпі оны көрген сарбаздардың сеніміне балта шапты. Патшаға қарап, олар қиын-қыстау заманда Құдайдың сөзін бұлжытпай орындауды былай қойып, басқа жол іздеу керек деген ойға қалды. Шын мәнінде олай емес! Қай уақытта да, қандай заманда да ең бастысы - Құдайдың сөзін қастерлеп, бұлжытпай орындау.

Саул Құдайға сенім артып, барға қанағат етсе, күмәнға берілмес еді. Патшаның билігім шексіз болса деген ниетіне жағдай көнбеді. Саул қиындықтың қыспағын көтере алмады, жүкті жеңілдетудің жолын іздеді. Қанағатсыздық тыныштықтан айырады.

Мына бір қарапайым ақиқатты ұғынғанымыз жөн: Құдайға қызмет ету жолында бәріміз де қиындыққа, сынақтарға, тұқыметке кез боламыз. «Күнәкар дүниеде қысымшылық көресіңдер; алайда батыл болыңдар: Мен осы дүниені жеңіп шықтым!» деп Исаның Өзі айтқан (Жохан. 16:33). Сеніміміз қиындықта сыналады. Басымызға қиындық түскенде күмәнға берілсек, сеніміміз жетпей жатса, Құдайға бет бұратын, Оның сөзіне терең үңілетін уақыттың келгені. Сынақ түскенде осылай етсек, қиындықтан бұрынғымыздан әлдеқайда мықты болып шығамыз.

Біздің сеніміміз - қымбат дүние. Ол жер бетіндегі басқа ресурстардың бәрінен әлдеқайда бағалы. Сараптап көріңізші: біреу сізге ұтымды

бизнес-жоспар мен оған қажет қаражат берем десе, қалай қарар едіңіз?

«Мынауыңыз қиын ғой, жұмысы көп екен» деп күңкілдейсіз бе? Әлде, іске тезірек кірісіп, тамаша жоспарды іске асыра бастайсыз ба? Әрине, қай-қайсымыз да екіншісін таңдаймыз. Еңбек етіп, пайда табамыз.

Қиындыққа тап болғаныңызда да тұра осылай болады. Өміріңізде қиындықтардың болуын Құдайдың Өзі қадағалайды. Көктегі Әкеміздің мақсаты – бізді қажыту емес, жеңіске жетіп, зор сенімге ие болуымыз.

Тағы бір қиын жағдай

Ендігі қарастыратынымыз – Дәуіт, Саулға қарама-қарсы кейіпкер. Оның өмірінде болған жағдай Саулдыкінен де ауыр болды. Дәуіт қасындағы алты жүз әскерімен бірге філістілердің жасағынан бөлініп, мекен етіп жүрген қаласы Сикеләкке жетті. Сол күні філістілердің қолбасшылары оған сенбейтіндерін айтты. Дәуіт сарбаздарымен бірге ұзақ жолдан шаршап келгенде көргені: амалектіктер Сикеләкке шабуыл жасап, өртеп жіберген екен. Олар қаладағы әйелдер мен үлкенді-кішілі басқа адамдардың барлығын да тұтқындап, ешқайсысын өлтірмей, өздерімен бірге алып кеткен болатын. Қала да, бала-шаға да, мал-мүлік те жоқ!

Дәуіттің сол сәттегі көңіл-күйі қандай болды деп ойлайсыз? Ол жиырма жыл бойы қуғында, Израилдің тау-тасының арасында тығылып жүрді. Жиырма жыл бойына туған-туыстан жырақта, бала күнгі достарынан алыста жүрді. Жиырма жыл бойы жақындарымен бірге қауымға баруға немесе немесе той үстінде көрісуге мүмкіндігі болған жоқ. Жиырма жылы қуғыншылардан тығылумен өтті. Израилдің ең мықты сарбаздары Дәуіттің ізіне түсіп, аң аулағандай аңдумен болды.

Қуғын әбден таянғанда Дәуіт қасындағы кісілермен, олардың отбасыларымен бірге філістілердің жеріне ауып көшуге мәжбүр болды. Бөтен елде екі жылы өтті. Бұл тауқымет бітеді ме? Құдайға адал болғанының сыйы қайда? Израилдің патшасы Саул Дәуіттің қолына бірнеше рет түскен болатын. Соңына түскен дұшпанын өлтіріп тынуға Дәуіттің әлі жетіп-ақ тұр еді. Бәлкім, сонда басқа түскен қиындықтың бәрінен құтылар ма еді. Жоқ, олай емес. Дәуіт басына түскен жағдайға да, сынаққа да, қолында барға да қанағат етті. Дәуіт адал, Дәуіт табанды,

жиырма жылға созылған осынау сынаққа табандылықпен төзді.

Осы жерде сәл кідіріп, ойлануыңызды сұраймын. Үш аптадан кейін қиындықтан жеңіліп, сенім жолынан таймақ болған сәттеріңіз болды ма? Үш айдан соң ше? Ал үш жыл бойғы сынаққа төзген кездеріңіз болды ма?

Үш жыл бойы үздіксіз қиындыққа төзу өте қиын. Дегенмен, Дәуіттің басынан кешкендеріне қарасақ, үш жыл деген ұзақ мерзім емес. Саул бір аптадан кейін-ақ тайқып шықты. Ол Құдайдың сөзін былай қойып, серіктерінің алдындағы абыройын ойлады. Ол қысымды азайтып, жағдайын жақсартудың жолын іздеді. Саул Құдайдан ғана келетін жауапты күткісі келмеді.

Дәуіттің өміріне қайта оралайық. Сонымен, Дәуіт сарбаздарымен Сикеләгке жеткенде, қала өртелген, ал әйелдері мен ұл-қыздары айдалып кеткен екен. Сонда бәрі бала-шағасын дауыстап жоқтап, әлдері құрығанша егіліп жылай берді. Осы тұста Дәуіттің орнында мен болсам, әбден түңілер ме едім. Алайда, қиындықтың көкесі алда екен.

«Сарбаздар ұл-қыздарын жоқтап, ызаланып, тіпті: «Дәуітті таспен атқылап өлтіреміз!» - десті. Осылайша Дәуіттің жағдайы аса қиын болды» (1 Патша. 30:6).

Жер бетінде Дәуітті қолдайтын алты жүз адам бар еді, енді солар да Дәуіттің жауына айналды, қолдарына тас алып, атқалы тұр.

Осыған ұқсас жағдайда Саулдың жасағы бет-бетімен тарай бастаған еді. Саул басына іс түскенде жалғыз қалғанын сезді. Саулға құрмет, абырой-бедел ауадай қажет. Сондықтан ол Құдайдың тапсырмасын дәлме-дәл орындауды емес, қара басының қамын ойлай бастады.

Дәуіттің сарбаздары бытырап қашқалы тұрған жоқ, Дәуіттің өзін тас атып өлтіргелі тұр! Саулдың басына түскен ауыртпалықтан Дәуіттің жағдайы әлдеқайда қиын. Саулдың қанағатсыздығы оны Құдайға сенім артып Самуилды күтудің орнына, қиындықтан сытылып шығуға итермеледі. Дәуіт басқа жолды таңдады:

«Алайда ол Құдай Иесіне сиынып, Одан қайрат-жігер алды. Содан Дәуіт Ахимәлік ұлы Абиятардан: «Бас діни қызметкердің жеңсіз сырт киімін алып келіңіз», - деп өтінді.

Діни қызметкер оны әкелген соң, Дәуіт Жаратқан Иеден: «Осы шапқыншы әскердің соңына түсейін бе? Оларды қуып жете аламын ба?» - деп сұрады. Жаратқан Иенің жауабы мынау болды: «Соңына түс! Қуып жетесің, құтқарып та аласың!» (1 Патша. 30:7, 8).

Дәуіт қиындықтан қашып құтылудың амалын іздеген жоқ. Өз амалына сеніп өзінше жоспар құрған жоқ. Дәуіт: “Болды, жетер! Осынша уақыт Құдайға дал қызмет еткенімнен не таптым? Жастық шағымды Құдайдың жолына қидым. Құдай болса, мені залым патшаға кіріптар ғып қойды. Құдай мені осынша азапқа салды!” деген жоқ.

Дәуіт Құдайға айып таққан емес. Ол патша болып, сарайда тұруды армандаған жоқ. Саулдан құтылудың мүмкіндігі де бар еді. Бар кегін де алар еді сонда, Құдай уәде еткен таққа да ие болар еді. Жоқ, Дәуіт Құдайды күтті. Саул күткісі келмеді. Дәуіт жүрегін Құдайдың алдында таза сақтап, барға қанағаттана білді. Ол әр істе Құдайға жүгінді.

Барлық жағдайда Құдайдың көмегі келеді. Алайда, көмек келерден бұрын, Құдайдың сөзіне қарсы шығуға мүмкіндік туады. Исаны айдалада азғырғандай, шайтан әрқайсымызды азғырады. Ол қиындықтан қашып құтылудың оңай жолын Исаға көрсеткендей, бізге де көрсетіп, сол жолға итермелейді. Періштелер келіп қызмет етпей тұрып, өз жолына алдап түсіруге асығады. Қолда барға қанағат етсек, табысты болудың, жетістікке жетудің адами жолдарын іздемейміз, шайтанның торына түспейміз.

Тағы да Амалек тайпасы туралы

Саулдың өмірін қарастыруды жалғастырмақпын. Філістілермен шайқастан кейін Саул Амалек тайпасының жасағына ұшырасты.

Амалек жасағын жеңгеннен кейін Саул неліктен Құдайдың бұйрығын дәлме-дәл орындамады? Тілазарлықтың себебі неде? Құдайдың бұйрығы анық, түсінікті болатын, Саул оны сонда да орындамады. Неліктен Амалектің патшасы Агагты және малдың ең жақсысын алып қалды? Жалғыз себеп – қызғаныш пен қанағатсыздық, Құдайдың еркіне деген наразылық.

Біріншіден, Амалектің патшасын неге алып қалды? Құдай оны

өлім жазасына кескен еді ғой. Сол бұйрық не себепті орындалмады? Бүтін бір халықты жеңіп шығу – зор жетістік. Дегенмен, жеңілген патшаны қолға түсіріп, тұтқындау жеңістің тағы да бір айғағы іспетті. Жеңімпаз патшаның сарайында кісенделген жеңілген патша соғыстан түскен тірі олжадай болатын. Оны көрген әрбір адам жеңіске тағы да қол жеткізгендей болатын еді. Патшаның уәзірлері мен қонақтары әміршісінің билігіне бас ие түседі. Жеңімпаз патшаның көңілі марқайып, өзіне-өзі деген сенімі арта түседі. Әсіресе көңілі жарым адам осындай тірек-қолдауды қажет етеді.

Екіншіден, қой-ешкіні, ірі малды алып қалуының себебі неде? Оған да сол себеп – бордақы малды қол астындағыларға беріп, өз беделін арттырмақ ниеті. Сарбаздары ұлы патшасының ақылын, кеңдігін, керемет стратегиясын еске алып жүрер деген үміті. Жеңіске жеткеннен кейін қолбасшылары мен жауынгерлерін сый-сияпатпен риза қылса, Саулды Құдайдың өзі қолдап тұрғанына көздері жетіп, патшаның беделіне ешқайсысы шәк келтірмейтін болады.

Саул өзінің абырой-беделін айналасына дәлелдеумен болды. Бұл да ашкөздіктің көрінісі. Амалекті жеңгеннен кейін өзіне-өзі ескерткіш орнатқаны да бар. Пайғамбар келіп, Саулдың ісін әшкерелегенде, ол былай деп жауап берді: “Мен күнә жасадым. Алайда мені халқымның рубасыларының көзінше әрі бүкіл Израилдің көзінше құрметтей көріңіз! Екеуіміз бірге оралайық. Сонда Құдайыңыз — Жаратқан Иеге ғибадат етеміз” (1 Патша. 15:30). Құдайдың бұйрығын орындамағанына өкініп тұрған жоқ. Халықтың алдындағы беделін ғана ойлап тұр. Бүкіл халық білетін Самуил пайғамбардың патшаның жанынан табылмауы Саулдың абыройына нұқсан келтірмек. Саулдың ойлағаны сол ғана. Саулға керегі – Самуилдың қолдауы, халықтың қошаметі, патшалық билік. Ал сол билікті берген Құдаймен шаруасы жоқ. Бәрінен де аңсағаны құрмет, атақ-абырой, даңқ. Осы ашкөздігінің арқасында қасарысып, Құдайдың сөзін қастерлеуден бас тартты.

Өкінішке орай, Саул Құдайдың бергенін қанағат тұтпады.

Игіліктің көзі

Ашкөз қалауларды жүзеге асырудың құралы – жалған тәңір. Өмірдің қай саласынан да пұттардың табылуы мүмкін. Жалған тәңір Құдайға ғана тиесілі орынды алады да бақыптың, тыныштықтың, қаражаттың, биліктің, абыройдың көзіне айналады. «Өздеріңе ешқандай тәңір бейнелерін жасамаңдар! Не бір тәңірдің ойып жасалған мүсінін, не киелі тас бағана орнатушы болмаңдар! Елде қашалған тас мүсін орнатып, оған тағзым етіп табынушы да болмаңдар! Мен сендердің Құдайларың — Жаратқан Иемін» дейді Құдай Тағала (Леуіл. 26:1). Яғни, жалған тәңірді адамның өзі жасайды. Және пұт дегеніміз тастан, ағаштан, алтыннан жасалған мүсіндер ғана емес. Пұттар адамның жүрегінде.

Өмірімізде Құдайдан басым болғанның қай-қайсысы да пұтқа айналады. Ол біз жақсы көретін, біз қалайтын нәрселер, оларға Құдайдан гөрі көбірек көңіл бөлеміз. Жалған тәңірлер – күшіңізді салып жүрген нәрселеріңіз және олар – күш-қайратты алудың көздері де. Сенуші барға қанағат етуден бас тартып, қалаған нәрсесін Құдайдың еркінен тыс жерде іздегенде, жалған тәңірлерге бас иеді.

Пұтқа табынушылықтың жалғыз ғана мүсін, тұмар, жалған тәңірлердің ғибадатханасы емес екенін түсінген боларсыз. Ұзақ уақыт бойы осы күнәні әлгіндей бейнелермен ғана байланыстырып жүрдік, соның салдарынан Киелі жазбадағы маңызды ескертулердің мән-мағынасынан айырылып қалған болатынбыз. Алдағы тарауларда пұтқа табынушылықтың шынайы бет әлпетін көреміз, жиырма бірінші ғасыр мәдениетіне деген оның жойқын әсерін зерттейміз.

ІС-ӘРЕКЕТ

Пұтқа табынушылықтың мәні мынау – пұтқа табынушы адам күш-қуатын Құдайдан емес, басқадан алады, өмірін Құдайға емес, басқаға арнайды. Жалған тәңір барлық игіліктің көзіне айналады. Енді бәріміз жұмыстан шығып, Құдай қамтамасыз ете алады деген сенімімізді көрсетейік деп отырған жоқпын. Жұмыс арқылы қамтамасыз етіп отырған – Құдай екенін мойындауға тиіспіз. Жанұямыздағы

сүйіспеншілікті беріп жүрген де – Құдай Тағала. Туғандарымызды біз де жақсы көреміз, дегенмен, сүйіспеншілік атаулының қайнар көзі деп бір Жаратушыны білеміз. Және ең бастысы, Құдайды өмірдің бастауы деп дәріптейміз, сондықтан Құдайдан ажырататынның бәрінен беземіз.

Пұтқа табынушылық дегеніміз мүсіндерге табыну ғана емес, соны түсінген боларсыз. Пұтқа табынушылық қалаңыз бен еліңізге қай салада ықпал етіп жүргенін Құдайдан сұраңыз. Құдай көрсеткен салалар үшін мінәжат етіңіз. Оларға Құдайдың нұры келсін, ақиқат түнекті жарып шықсын, сол үшін сиыныңыз. Сол салаларға Құдай Өзінің қызметшілерін жібергей.

КРИПТОНИТ

Алдыңғы тараулардың мазмұнына қысқаша шолу жасайық.

Пұтқа табынушылық дегеніміз – мүсіндер мен жалған тәңірлерге арналған ғибадатханалар емес. Олар – тереңде жатқан мәселенің көрінісі ғана. Құдайдың сөзін ысырып тастап, Жаратушының еркіне қайшы келетін өз тілектерін, қалауларын қанағаттандыру – пұтқа табынушылық дегеніміз осы.

Құдай жалған тәңірлерге құлшылық еткен адамды күнәһар болмысының билігінде қалдырады, ондай адам тән құмарлықтарына еріп, масқара істерге беріледі. Ләззатқұмарлық пен осы дүниенің қызығына берілу ақырында өмір емес, өлімге жеткізеді.

Сенушінің өмірі де осы жолға түсіп кетуі мүмкін. Құдайдың еркін біле тұра, өзінің құмарлығына ере берсе, мәсіхші де жалған тәңірге құлшылық етеді. Пұтқа табынушылық, ол – Құдайдың еркін біле тұра, оған мойынсұнбау. Сенуші сүрініп, күнә жасаса, артынан тәубе етсе – бір басқа да, пұтқа табынып, күнәға батқаны – бір басқа. Ондай адам өз қалауларын Құдайдың еркінен жоғары қояды, сөйтіп жалған тәңір жасап алады.

Пұтқа табынушылық дегеніміз – рухани криптонит.

Алдыңғы тарауда келтірілген бірнеше мысалға назар аударсақ, олардың арасындағы ұқсастықты байқаймыз. Исраилдіктер Иерихоннан

түскен олжаны Тәңір Иеге бағыштап түгел жойып жіберуге тиіс еді. Бұл бұйрықтан Ахан да хабардар болатын. Алайда, қылмысы ашылғанда ол былай деді: «Рас, мен Исраилдің Құдайы Жаратқан Иеге қарсы күнә жасадым. Істегендерім мынау: олжаның арасынан бабылдық әдемі шапан, екі жүз мысқал күміс және салмағы елу мысқал сом алтынды көргенде, оларға қатты қызығып кетіп, ала салдым...» (Иешуа Нұнұлы 7:20, 21). NLT аудармасында әлгі заттарға «құмарттым» деп жазылған.

Ахан үшін Құдайдың талабынан гөрі өз құмарлығы басым болып тұр. Құдайдың екін біле тұра, өз дегенін істеді. Құдайды қастерлемегендіктен осы жолды таңдады. Оның қасақана жасаған күнәсі нағыз пұтқа табынушылық еді. Рухани криптониттің әсеріне түсіп, ақырында өзін ғана емес, отбасын да, бүкіл Исраил халқын да Құдайдың қаһарына ұшыратты. Аханның арқасында Исраил жауынан күйрей жеңілді.

Қорынтағы қауым Құдайдың сөзін ескерусіз қалдырып, өз қалауын қанағаттандыруға көбірек мән беретін. Пауыл елші оларға: «әлі де ескі күнәкар болмыстарыңа сүйенесіңдер:...» деп жазды (1 Қорынт. 3:3). Араларында бірліктен гөрі бәсекелестік көп. Дастарқан басында жиналса, нан үзу рәсіміне тиісті мән бермейді, жиналуының мақсаты – Исаны еске алу емес-ті. Өз құлқынын тойдыру үшін жиналады, Құдайдың еркін біле тұра, оған қайшы әрекет ететін еді. Сол себепті Пауыл елші оларға: “Сонымен, бауырластар, Иеміздің асына бас қосқанда бәрі жиналғанша күтіңдер! Кімнің қарны ашса, сол үйінен тамақтанып келсін, әйтпесе жиналғанда Құдайдың жазасына ілігіп қаласыңдар” деп жазады (1 Қорынт. 11:33, 34). Ашкөздіктің (пұтқа табынушылықтың) нәтижесі әлсіздік, дерт, ерте өлім болды.

Жақып елшінің хаты да сондай адамдарға арнап жазылған. Олар да бірін-бірі көре алмайды, жанжалдасады, өзіншіл ниеттің жетегінде жүреді. “Сендер бір нәрсені аңсап, иемдене алмайсыңдар; сонда кісі өлтіретіндей жек көріп, қызғанасыңдар, алайда аңсаған нәрселеріңе қол жеткізе алмайсыңдар. Жанжалдасып, төбелесесіңдер, бәрібір иемденбейсіңдер, өйткені оны Құдайдан сұрамайсыңдар” дейді елші (Жақып. 4:2). Тағы да өз құмарлықтарына еріп, күнәға батқан сенушілерді көріп отырмыз. Киелі жазба оларды “опасыз әйел” дейді. Өйткені, олар жалған тәңірлермен көңілдес болып, серт беріскен жұбайы Жаратқан Иеге деген адалдығын бұзады.

Пұтқа табыну – жәй ғана ағаттықпен жасалған күнә емес, ол біле

тұра, қасақана жасалатын күнә. Яғни, пұтқа табынушы Құдайдың бұйрығын біле тұра ескерусіз қалдырып, өз қалауымен жүреді.

Едем бағында да солай болған. Адам ата мен Хауа ана өздеріне ұнаған, тиімді де пайдалы болып көрінген нәрсеге қол жеткізбек болды. Құдайдың еркі оларға мәлім болса да, өз дегенін істеді.

Осындай қадам жасаған адам енді тіпті адасады. Ол Құдайдың алдында тазамын деп алданады. Құдай оған шындықты айтатын адамын жібереді. Алайда, өзімшіл адам көбінесе қасарысады. Оның санасында бекіністер пайда болады, оларды бұзу оңайға соқпайды. Ондай адам “әділетсіз істері арқылы шындықты аяққа басады” дейді Киелі жазба (Рим. 1: 18). Ақиқатты түсіну мен ұғыну қиындай береді. Кейін “Олар Құдай туралы білсе де, Оны Құдай деп дәріптеп, шүкірлік етпейді. Керісінше, түкке тұрғысыз ойға беріледі. Содан саналарын қара түнек басып, наданға айналады. Өздерін ақылдымыз деп жүріп, шын мәнінде ақымақ болып шығады” (Рим. 1:21, 22 қараңыз). Ақиқаттан қол үзіп қалғандар Құдай туралы бұрмаланған ұғымдарға ереді. Сол ирелең жолдарда одан сайын адаса түседі.

Жалған тәңірлерге бас иген сенуші де, Құдайды танымайтын күнәһар да бір. Жақып елші былай дейді: “Құдайдың айтқандарын құр естуші ғана болмай, оларды іске асырушы болыңдар! Әйтпесе өздеріңді-өздерің алдайсыңдар” (Жақып. 1:22).

Құдайдың сөзін анық естіп тұрып, оны орындаудан бас тартқанымызда тұрған түк те жоқ деп ойламаңыз. Сондай сәттерде жүрегімізді өтіріктің түнегі басады. Енді біз Құдайдан алшақтап кетсек те, Иеміздің алдында ақпыз деп сенеміз. Ағылшын тілінің Мэриам Уэбстер түсіндірме сөздігі “өтірік” деген сөзге мынадай анықтама береді: “шындыққа жатпайтын, ақиқатқа қатысы жоқ нәрсені шындық немесе ақиқат деп мойындауға әлдекімді көндіру”. Сізді білмеймін, өзімді осы бір анықтама сақ болуға шақыратын тәрізді. Қасақана тілазарлықты жай еркеліктей көру – қауіпті.

Құдайдың рақымы, кешірімі, сүйіспеншілігі тілазарлығымызды жуып-шаяды деп сенуіміз – үлкен қателік. Бізге рақымын, кешірімін, сүйіспеншілігін көрсеткен Құдай қасарысудың қаншалықты қауіпті екенін де көрсетті. Соны есте сақтаңыз.

Киелі жазбаның өзімізге ұнайтын жерлеріне көңіл бөліп,

шымбайымызға бататын жерлерін елемей, көрмегенсіп жүре алмаймыз. Осының өзі алдануға жатады. Құдайдың сөзін түгелімен, толықтай, тұтас қабылдауымыз керек. Өкінішке орай, қазіргі қауымдар сол індетке беріліп, ақиқатқа мән бермей жүр.

Жақып елшінің хатын әрі қарай оқиық:

«Өйткені Тәңір Иенің хабарын естігенмен, оны іске асырмайтын адам айнаға қарап, бет әлпетін көрген біреуге ұқсайды: ол өзіне байыппен қарайды, бірақ былай шыға бере-ақ өз түрін ұмытып қалады» (Жақып. 1:23, 24).

Құдайдың сөзін ести тұра, орындамайтындар өздерінің Мәсіхте кім екенін ұмытады. Олар қауымда немесе Құдайдың сөзі жарияланатын басқа жерлерде өздерін қалай ұстау керек екенін жақсы біледі. Былай шыға бере осы дүниедегі кез келген адамнан еш айырмашылығы болмайды. Құдайдың сөзі – айна. Сол айнаның алдында тұрғанда олар өздерін соған лайық ұстайды. Ал айнаның алдынан кеткенде өздерінің кім екенін ұмытып қалады. Күнәһар дүниедегі адамдарша өмір сүретіндерін ақтау үшін неше түрлі бұрмаланған тәлім ойлап шығарады. “Мәсіхшілер күнәсі кешірілгені болмаса, күнәһардан басқа еш айырмасы жоқ” дейді олар. Немесе “пендеміз ғой, Құдай пендешілігімізді біледі ғой, Оның рақымы шексіз” деп күнәні ақтайды.

Төмендегі сұрақтарға жауап беріп, әрі қарай қалай өмір сүрмекпіз, соны шешуге тиіспіз.

- Күнәнің торына шырмалып өмір сүргіміз келеді ме?
- Бізді, Құдайдың елшілерін, криптонит әлсіреткенін қалаймыз ба?
- Жалған ілімдерді ұстанып, өзімізге уәде етілген өмірден әлдеқайда төмен деңгейде өмір сүруге келісеміз бе?
- Күнәһар дүниенің салтына сай өмір сүріп, соңында жұмаққа түспекпіз бе?
- Әлде, жер бетінде Құдай Патшалығының таралуын, Құдайдың уәделерінің орындалуын көргіміз келеді ме?

Криптониттің ықпалына түсіп, Құдай берген күш-қуаттан, жүректегі жалыннан, адамдарды құтқаруға деген қабілетімізден айырыламыз. Шындығына келгенде, ақиқатты аяқ асты етеміз. Ақиқатты тежеп, Исаны жасырамыз. Пауыл елшінің төмендегі сөздерінің себебі де – осы:

«Дұрыстап ақылға келіңдер: күнә жасауды доғарыңдар!
 Кейбіреулерің Құдайды әлі де танымайсыңдар. Мұны сендер
 ұялсын деп айтып отырмын» (1 Қорынт. 15:34).

Осы дүниеде Иса қалай өмір сүрсе, солай өмір сүруге қабілетті екендерін Пауыл елші сенушілерге айтып жеткізбек. Алайда, олар әлі де жалған тәңірлерге табынуда. Өздерінің “маңызды” істері тұрғанда, Құдайдың еркін елемей-ақ қоюға болады деп әлі де ойлайды.

Осы пұтқа табынушылардың айналасындағы адамдар Исаны олардың өмірінен көріп, тани алмайды. Пауылдың әлгі сөздерінде “адамдар Исаны сендер арқылы ғана танып біле алады, Құдайдың болмысы мен құдіретін сендерден көрмесе, басқа қайдан көрмек? Ақиқатты аяқ асты етпеңдер! Өздерің үшін, қауым үшін, күнаһар адамдардың құтқарылуы үшін Құдайдың жолымен жүріңдер” деген жолдау бар.

Айналамызда жүрген адамдар біздің өмірімізден Құдіретті Патшамызды көре алады ма? Алғашқы қауымды еске түсіріңізіміз: оларды халық адам бейнесінде келген Құдай ма деп қалған жағдайлар болған. Сонда олар: “Жоқ! Біз Құдай емеспіз, Құдайдың жаршыларымыз!” деп өздерінің де пенде екенін дәлелдеуге тура келді.

Римдік әскербасы алдына құлай кеткенде Петір: «Түрегеліңіз, мен де сіз сияқты пендемін», — деп, оны тұрғызып алды (Елші. 10:26).

Лүстра қаласының тұрғындары Барнаба мен Пауылға арнап құрбандық шалмақ болды. “Барнаба мен Пауыл осыны естігенде, көйлектерінің өңірін айыра жыртып, наразылықтарын білдірді. Көпшіліктің арасына жүгіріп барып, қатты дауыспен былай деді: «Ей, азаматтар, неге бұлай істейсіңдер? Біз де сендер сияқты пендеміз ғой! Сендерге Ізгі хабарды әкелдік: түкке тұрмайтын тәңір бейнелерін тастаңдар, аспан мен жерді, теңізді және олардағы бар нәрселерді жаратқан тірі Құдайға бет бұрыңдар!» (Елші. 14:14, 15).

Пауылдың улы жылан шаққаннан кейін еш зардап шекпегенін көргенде Мальта аралының тұрғындары: «Мынау бір тәңір болар!» — десті» (Елші. 28:6).

Салониқалықтар қаладағы жаңлықтарды айтқанда: «Бүкіл әлемде төңкеріс жасаушылар мұнда да келіпті!» десіп жүрді (Елші. 17:6).

Иерусалимде: «...Бөтендерден ешкімнің де оларды мазалауға

батылы бармады, ал халық бұларды дәріптеп мақтады» (Елші. 5:13).

Қорынт қаласында да, біздің заманымызда да осындай жаңалықтар естілмейді. Криптониттің ықпалына түсіп кеткендігімізден бе екен? Хабарлама жібере алмайтын смартфонның ақауына әбден көндігіп алғанбыз-ау, сірә. Осы бір қалыптасып қалған жағдаймен келісім келмейді. Құдай берген күш-қуатымыздан, өміршеңдігімізден, денсаулығымыздан, күнәнарларға тірі Құдайды көрсете білуге деген қабілетімізден айырылғанымызды қаламаймын. Меніңше, күн көрістің қамымен ғана шектеле беруден әбден шаршағандаймыз, басқаша өмір сүргіміз келеді.

Қазіргі заманның қоқысының арасында өмір сүруден шаршаған болсаңыз, менің жолдауым сізге арналады. Биік мақсаттарға, Құдайдың құдіретіне толы асқақ өмірге ұмтылып жүрсеңіз, менің жолдауым сізге арналады.

Көктегі Әкеңіз сіздің басқаша өмір сүргеніңізді қалайды. Жаратқан Ие бізден ештеңесін жасырмайды, бізді тежеп тұрған нәрсе болса, ол – пұтқа табынушылық қана.

Келесі тарауларда қазіргі қауымда көптеген адамдарды адастырып жүрген жалған ілімдерді қарастырамыз. Ақиқаттан алшақ жатқан нәрселерді Мәсіхшілік деп қабылдап жүргенімізге көзіміз жететін болады.

Құдайымыздың бізге дайындап қойған ұлы тапсырмасы, керемет аманаты бар. Мүлгіген қалпымыздан серпіліп, Иса Мәсіхтің ұлылығына, салтанатына, құдіретіне бөленейік.

ИС-ӘРЕКЕТ

Құдайдың сөзіне жүрегімізден орын бермей, ақиқаттан теріс айналғанымызда, жалған тәңірлерге табыну басталады. Қандай да пұтқа табынушылықтың түп-тамыры – осы. Сондықтан да Жаратқан Ие Исраил халқына киімін емес, жүректерін тазартуды бұйырған болатын. Мәселенің тамырын жұлып тастай алмайтын, үстіртін ғана тәубе Құдайға керек емес. Қасарысқан жүрек әбден шеменденіп, Құдайдың дауысын естуден, Құдайдың сөзін қастерлеуден жұрдай болады.

Заңды қайталау кітабының сегізінші тарауын оқып көрейік: “Ол

сендерді Өзіне мойынсұндыру үшін, әрі шынайы ниеттеріңнің қандай екенін: Оның өсиеттерін орындайсыңдар ма, жоқ па, соны білу үшін түрлі сынақтардан өткізді. Жаратқан Ие сендерді мойынсұндыру үшін кейде аштыққа душар етті. Адам тек нанмен ғана емес, Жаратқан Иенің аузынан шыққан әрбір сөзімен де өмір сүреді дегенді үйрету үшін Ол сендерді өздерің де, ата-бабаларың да бұрын татып көрмеген тәтті нанмен (маннамен) қоректендірді” (Заң. 8:2,3). Израил халқын сынақтан өткізгендегі Жаратқан иенің мақсаты – адам тек нанмен ғана емес, Құдайдың сөзімен де өмір сүреді дегенді халқының санасына сіңдіру. Құдайдың сөзіне сай өмір сүру, барлық игіліктің қайнар көзі деп бір Құдайды ғана білу, осының бәрі – пұтқа табынушылықтан қорғанып, құдіретке толы өмір сүруіміздің кепілі.

Сіздің өміріңізде Құдайдың сөзінің орны қандай? Әрір ісіңізде Құдайдан ақыл-кеңес сұрайсыз ба? Мінәжат еткенде тоқтаусыз сөйлеумен боласыз ба, әлде Құдаймен сұхбаттасасыз ба? Дәл қазір уақыт бөліп, Құдаймен сөйлесіңіз. Тыныштық тауып, Құдайдың даусын тыңдап көріңіз. Құдаймен сырласуға біраз уақытыңызды бөлгеннен кейін, сізге не айтқанын жазып алыңыз.

КҮНӘ

Күнә. Ол туралы сөз қозғауға батылымыз барады ма? Тым күрделі тақырып емес пе? Дұшпанымызды анық көріп, онымен бетпе-бет келген шайқаста жеңіп шығуға дайын болғанымыз дұрыс емес пе?

“Күнә” деген сөз уағыздарда да, жай әңгіме барысында да өте сирек айтылады. Ауыр тиеді ме, жағымсыз естіледі ме деп, осы сөзден көбінесе қашқақтаймыз. “Күнә” сөзінің Киелі жазбадағы мәні мен мағынасын қарастырайық.

«...әділетсіз істерің Құдаймен араларыңды ажыратып келеді!
Жасаған күнәларың Оның бетін сендерден бұрып әкетеді.
Сондықтан да Құдай Ие мінажаттарыңа құлақ салмайды...»
(Ишая 59:2).

Иврит тілінде «күнәлар» — “авон”. Көне Өсиетте күнә деген мағынаны беретін сөздердің ең бастысы – осы сөз. WSWTDICT сөздігі бұл сөзді «зұлымдық болып табылатын іс, әдейі бұрмалау, қасақана шатастыру» деп аударған. Әдейі, қасақана, біле тұра істелген күнә — рухани криптонит, — сенушіні Құдайдан алшақтатады. Құдайға ұнамды өмір сүруіміз үшін қажет игіліктердің бәрінен ажыратады. Күнәға құлай берілген, онысына еш өкінбеген адам — пұтқа табынушы, әрі опасыз әйелмен бірдей.

Жаңа Өсиеттегі hamartia сөзі «күнә» деп аударылған (hamartia – зат есім, hamartano – етістік, екеуінің түбірі бір). Жаңа Өсиетте осы екі сөз күнәға қатысты жиі қолданылады. WSNTDICT сөздігі hamartiaға аяқ басқан адам «өмірінің мәні болып табылатын Құдайдан, Құдайдың жоспарынан қол үзеді» дейді.

Кітапты қоя тұрып, осы жайлы ойланып көріңіз! Күнә жасағанда адам жалғыз дұрыс бағыттан таяды. Өміріміздің қайнар көзінен ажырайды – қуаныштан, тыныштықтан, қанағаттан және көптеген басқа игіліктерден көз жазып қалады. Есі дұрыс кісі сол бағыттан өз еркімен еш уақытта таймас еді.

Кейбір тәлімгерлер күнәні ағаттыққа теңейді. “Күнә” сөзінің жоғарыда келтірілген негізгі мағынасын ойыңызда сақтай отырып, ойлап көріңізші: “нысанаға дәл тимеу”, “мүлт кету” деген пайымдамалар күнәнің мән-мағынасын толық көрсетеді ме?

Жаңа Өсиетте күнәға тағы да бірнеше анықтама беріледі, олар: әділетсіз істер, ережені бұзу, теріс қылық, жазық. Осы сөздердің әрқайсысын терең зерттемек емеспін. Күнәның түрлі қырларын, адамды шынайы өмір көзінен ажырататын арбаушы құдіреті жайлы ойларымды сіздермен бөліспекпін.

Күнәнің көздейтіні – өміршеңдіктен, сүйіспеншіліктен, күш-қуатымыздан, жүректегі жалыннан, мақсатымыздан айыру. Алданбаңыз, күнә қауіпті де залым. Ол жағымды болуы мүмкін, бірақ онысы өткінші. Күнә жасау дегеніміз – бір сәттік рахат пен ұзақ уақытқа созылатын азап. Күнә улы жыландай шағады, оның уы – ұзақ мерзімге созылатын қасірет. Ескі болмысымыз күнәға бейім. Дегенмен, Мәсіхте қайта жаратылған, Құдайдың болмысын бойына қабылдаған адам ретінде күнәдан жиренеміз, оған төтеп бере аламыз.

Жаратқан Ие Қабылға: “...істегенің дұрыс болмаса, онда босағанды күнәнің жағалағаны: күнә сені иемденуге құштар, бірақ сен оған жол бермеуің керек” деген еді (Жарат. 4:7). Күнә адамның өміріне босағандан аттап, яғни есік арқылы, кіре алады. Ол есіктің аты “құмарлық”. Адам “...құмарлыққа берілсе, сол күнәні тудырады, ал күнә жасау рухани өлімге ұшыратады” (Жақып. 1:15). Қалау-құмарлығымызға деген өзіміздің көзқарасымызға қарай, есік не ашық, не жабық. Күнә бізді билеп алуға, иемденуге құштар. Күнәнің өз құмарлығы бар, оның құмартқаны – бізді өзіне толықтай бағындыру, құлақ кесті құлына

айналдыру. Иса: «Сендерге өте маңызды шындықты айтамын: кім күнә жасаса, сол — күнәнің құлы» деген болатын (Жохан. 8:34).

Пауыл елші де соны айтады: “Сендер білесіңдер ғой: егер біреуге бағынып, оның еркін орындасаңдар, онда сол қожайындарыңның құлы боласыңдар. Сол сияқты, сендер не мәңгілік өлімге апаратын күнәға құл боласыңдар, не Құдайға мойынсұнып, әділдікке қызмет етесіңдер» (Рим. 6:16). Ол аз болса, Петірдің сөзі бар: «... адам неден жеңілсе, соның құлы болар» (2 Петір. 2:19). Құлдықта еш жақсылық жоқ, күнә - қатыгез қожайын. Күнәмен ойнауға болмайды, күнәның ақыры – өлім екенін ұмытпаңыз. Күнә құмарлықты одан сайын қоздыра түседі, күнәның қазіргі берері – ләззат болғанымен, болашақта берері – қиянат.

Күнә бізді құлдыққа түсіргісі келетінін жасырады. Ол алдамшы, өзіне бағындырғыш (Евр. 3:13), ол Киелі Рухтың дауысын ажыратуға, естуімізге, түсінуімізге кедергі жасайды. Күнә адамды тура жолдан тайдырады, жалған тәңірлерге табынуға итермелейді. Есіңізде ме, Жаратқан Ие Сүлейменге бір емес, екі рет Өзі келіп, тіл қатқан еді ғой. Соған қарамастан, Сүлеймен патша кейін пұттарға табынды. “Құдайдың Өзімен тілдескен адам қалай ғана жалған тәңірлерге бет бұрады?” дейсіз ғой? Өтірікке алданғандықтан. Құдайды көрген Сүлеймен солай адасса, біздің адаспасымызға кім кепіл?

Күнә — жеңіл-желпі ойыншық емес. Күнәнің ықпалы өте күшті, ол адамның жүрегін лезде өзгертіп жібереді. Алдымен алданып, сосын жүрегін қасарыстырған адам, күнәға белшесінен батып жүріп, өзін Құдай алдында ақпын деп ойлайды. Ең жаманы, ондай адам рухани соқыр болып, адасқанын білмейді. “Құдайдың рақымы бізді күнәның зардабынан аман алып қалады, сондықтан, күнә жасасаң да, бәрібір соңында бәрі жақсы болады” деген өтірікке сене көрмеңіз. Күнәмен ойнау отпен ойнағанмен бірдей. Осы ойымды түсіндіре кетейін.

Адам алғаш рет теріс қылық істегенде, ар-ожданы маза бермейді. Жүрегі аласапыран болады: “Ағаттық істедің, тура жолдан тайдың, бағытыңды түзе, тәубе ет!” Осы тұста шындап тәубеге келсе, күнәсіне өкініп, Құдайдан кешірім сұраса, жүрегі тазарады да, Киелі Рухқа деген сезімталдығы арта түседі. Киелі жазбада: «Күнәларын жасырған жан өркендемейді, оларын мойындап, бас тартқан рақым көреді» делінген (Нақыл. 28:13).

Ал ар-ожданының даусына көңіл аудармаса, жүректі түнек басады да, шеменденеді. Келесі жолы күнә жасағанда аса бір жайсыздықты сезіне қоймайды. Іште тек бір тұншыққан дауыс қана бар сияқты, тікенектей қадалған. Бірте-бірте ол да естілмей кетеді, өйткені, ар-ожданы бірте-бірте сезімталдығын жоғалтады. Дегенмен, әлі де күнәға өкініп, көзқарасын өзгертуіне болады.

Ал егер аж-оданымыздың бәсең даусына назар аудармай жүре берсек, жүрек тіпті шеменденіп, Құдайды естуден қаламыз. Қателікті түсініп, тәубе ету қиындай береді.

Ар-ожданның даусын елемеді жалғастыра берсе, ақырында ар-ождан меңіреу қалыпқа түсіп, ақ пен қараны, әділдік пен әділетсіздікті айыра алмайтын күйге түседі. Ондай адам өміріндегі пұтқа табынушылықты байқамайды, күнәға батып жүргенін сезбейді. Киелі Рұхтың даусын естуден мүлдем жұрдай қалады. Енді күнә жасаса да, ары былқ етпейді. Күнәға бату деген осы. Енді тәубе етіп, Құдаймен арадаға қарым-қатынасты қалпына келтіру тіпті қиын. Себебі, адам әділетсіз істерін күнә деп қарастырмайды. Күнәсін сезінбесе, тәубе етуі де екіталай.

Осындайда Құдай күнәға батқан адамды құтқару үшін пайғамбарды, бағушыны немесе сүйіспеншілікпен әшкерелей алатын адал досын жібереді. Күнәһар адам Құдайдың сол елшісін тыңдамаса, Құдай тағы да әрекет жасайды. Қиындық, сынақ жібереді. Дәуіт: «Мен азап шекпес бұрын жолдан адасқан едім, ал енді Сенің сөзіңді сақтап жүремін» деген еді (Забур. 118:67).

Құдайдың сөзін мұқият орындап, күнәдан аулақ жүргеніміз дұрыс. Олай етпесек, Көктегі Әкеміз бағытымызды түзеп, тура жолға қайтару үшін қиындық пен сынақтарды қолдануға мәжбүр болады.

Дәуіттің әлгі сөздері Киелі кітаптың Жаңа аудармасында былай жазылған: «Сен мені жазалағанға дейін жолдан адасқан едім, ал енді Сенің сөзіңді сақтап жүремін» (Забур. 118:67).

Пауыл елшінің Қорынттықтарға жазған хатына оралайық. Мұнда да Құдайдың бізді тура жолға қайтармақ ниетін көреміз «Ал бізге күнәкар дүниемен бірге қияметте үкім шығармас үшін Тәңір Иеміз бізді қазірдің өзінде тексеріп, жазалауда» (1 Қорынт. 11:32).

Өгей шешесімен көңілдес болған адам жайлы Пауыл елші былай дейді: “әлгі адамды ескі күнәкар болмысын әлсірету үшін қауымнан

шығарып, шайтанның қолына тапсырыңдар. Осылай ол теріс жолынан қайтып, жаны Иеміз қайта оралатын күні құтқарылсын” (1 Қорынт. 5:5). “Қауымнан шығарыңдар” дегенде, күнәның індетше жайылуынан тек қауымды қорғау ғана емес, елшінің ниеті, сонымен қатар, – ар-ожданы сезімталдықтан айырылған адамды қиындық арқылы болса да, құтқару.

Құдайдың перзенттеріне деген сүйіспеншілігі адал да ыстық. Міне, сондықтан Ол біздің ар-ожданымызды ояту үшін түрлі әдістерді қолданады. Көктегі әкеміз балаларының күнәнің құлдығына түсіп кеткеніне қол қусырып қарап тұра алмайды. Жаратқан Иеміз үшін бүгінгі жайлылығымыздан мәңгілік өміріміз маңызды.

Еврейлерге арналған хатта күнәнің әсері жайлы былай деп жазылған:

«...бізге бөгет болатынның барлығынан, әсіресе, тез шырмап алатын әрбір күнәдан арылып, алдымыздағы «жарысты» қажырлылықпен аяқтайық!» (Евр. 12:1).

“Тез шырмап алатын” деген сөзге назар аударыңыз. Мені тез шырмап алатын күнә басқа да, сізді тез шырмап алатын күнә басқа болуы мүмкін. Мені шырмап алған күнә маскүнемдік, өсек-аяң немесе дүниеқоңыздық емес, порнография болатын. Аласапыран рухани соғыстан соң 1985 жылы сол қатыгез қожайыннан құтылғаным жайлы әңгімені келесі тарауда айтып беремін. Әрқайсымыз өзіміздің осал тұсымызды, қандай нәрсеге елігетінімізді біліп, азғырылудың жолын кесіп тастағанмыз дұрыс. Исаның мына сөздері есімізде болсын:

«Егер сені өз қолың не аяғың (секілді өте қажетті нәрсең) күнәға азғырса, ол сен үшін «шауып тасталған» сияқты жоқ болсын. «Екі қол-аяқпен» мәңгі сәнбес тозақ отына лақтырылғаннан гөрі «сыңар аяқ-қолмен» мәңгілік өмірді иемденгенің артық болар еді. Егер де сені көзің (секілді өте құнды нәрсең) күнәға азғырса, ол сен үшін ойып тасталған сияқты жоқ болсын. «Екі көзіңмен» тозаққа лақтырылғаннан гөрі «сыңар көзбен» Құдайдың Патшалығына кіргенің артық болар еді» (Марқа. 9:43-47).

Иса “қол-аяғыңды шауып таста” немесе “көзіңді ойып алып таста”

деген жоқ. Тез шырмап алатын күнәға жол бермей, қайта сол жолдың бәрін кесіп таста дейді.

Кезінде маскүнемдікке салынған бірнеше досым бар. Сол достарымның біріне ішімдіктен арылуға өзім де көмектескен болатынмын. Қазіргі кезде ол тіпті шарапты татып көруден де бас тартады. Дос таңдауда да өте сақ. Бұрынғы күнәға қайта оралғысы келмейді. Исаның сөзін мұқият ұстанады, күнәға қайта оралу мүмкіндігін кесіп тастап отырады.

Университетте оқып жүргенімде, Исаға келмей тұрған кезімде, ішкен кездерім болды. Кейде достарыммен бас қосқанда әжептәуір тойып алатынмын. Бірде, каникул кезінде бір басқосуда достарымның бәрі мас болды. Олардың әрқайсысын үйлеріне апарып салдым. Түнгі он екі жарымда үйге келсем, анам күтіп отыр екен. Кештің қалай өткенін айтып бердім де: “Мама, ішімдік ішкенді жек көремін” деп көңілімдегіні ақтарып салдым.

Анам “Сен нағыз Биверсің” деп күлді.

Әкемнің мас болғанын ешқашан көрмеген екенмін. Оны сол сәтте ғана түсіндім. Отбасымызда араққа салынған адам болған жоқ. Биверлер үшін маскүнемдік – тез шырмап алатын күнә емес-ті. Алайда, басқа күнәлар болды. Өміріңізден қандай да болса күнәның орын алуына жол бермеңіз. Еврейлерге арналған хатта әрі қарай былай делінген:

«Расында Құдайдың сендерді Өзінің рухани балалары деп атаған мынадай ескертпесін ұмыттыңдар ма:

«Балам, Тәңір сені тәрбиелегенде

Онысын ешқашан менсінбей жүрме,

Ол сені жөнге келтіргенде,

Лайым еңсең түсіп жүнжіме!

Иеміз Өзі сүйетін әркімді

Түзетеді әрі тәрбиелейді,

Бауырына басқан әр баласын да

Жазалайды қажет болғанда»» (Евр. 12:5, 6).

Пауыл «Балам, Тәңір сені тәрбиелегенде онысын ешқашан менсінбей жүрме” деп не мақсатпен жазады? Әрі қарай оқысақ, түсінеміз:

«Әке-шешелеріміз өз пайымдауларынша шектеулі уақыт аралығында жазалап та тәрбиелесе, Құдай бізді нағыз игілігіміз үшін басымызға қиыншылықтар туғызып тәрбиелейді. Осылайша Өзінің қасиетті болғанындай бізді де қасиетті етуді көздейді. Кезінде әрбір жаза қуаныш емес, реніш туғызады. Ал соны басынан өткізіп тәрбиеленгенге ол кейінірек әділдік пен тыныштықтың игілікті жемісін береді» (Евр.12:10, 11).

Назар аударыңыз, әрбір жаза қуаныш емес, реніш туғызады! Жаза жанға батады. Құдай Әке балаларын ауыртып тұрып жазалудан қорықпайды. Мұны жасырудың қажеті жоқ. Құдайдың еркіне кереғар құмарлықтарымызға ере беруіміз нағыз ақымақтық емес пе? Күнәдан аулақ жүріп, аман-есен болғаныңыз жақсы ма, әлде күнә жасап бір сәттік ләззәт алғаныңыз жақсы ма? Қайсысы дұрыс деп ойлайсыз?

Пауыл елші арқылы Киелі Рух қорынттықтарға, соның ішінде әлгі күнәнарға да, сөйлеген еді. Қазіргі заманда Құдай балаларына сөйлейді, адасқандары тура жолға салады. Ондағы мақсаты Құдайдың салтанатты ұлылығынан өз еншімізді алуымыз. Екі жолдың бірін таңдауға тиіспіз. Біріншісі: Құдайдың сөзін қастерлеп, берекелі өмір сүреміз. Екіншісі: жалған тәңірлерге табыну, күнәға бату, рухани криптониттің әсеріне түсу, сөйтіп ақырында азапқа ұрыну. Үшінші жол жоқ.

ІС-ӘРЕКЕТ

Күнәнің табиғаты алдамшы. Күнә рахат пен ләззәт сыйлаймын, қуанышқа кенелтемін, бақытқа жеткіземін деп алдайды. Күнә еліктіреді. Тоқтағың келген кезде тоқтайсың, билік өзіңде деп алдайды. Шын мәнінде күнә адамды билейді, өзіне бағындырады. Күнә Мәсіхпен арадағы шынайы қарым-қатынасымызға кедергі келтіреді, Құдай уәде еткен еншімізді алудан қақпайлайды.

Құдай біз арқылы қаншалықты тамаша жоспарын жүзеге асырғысы келетінін назарымызда ұстасақ, Құдаймен қаншалықты жақын бола алатынымызды, қандай құдіретке, азаттыққа, жетістікке ие бола алатынымызды ұмытпасақ, күнәнің тұзағына түспейміз.

Өміріңіздің қай салаларында Құдайдың жоспарын назарыңыздан

шығарып алдыңыз? Қай салаларда күнәға жол беріп жүрсіз? Құдайдан соны көрсетуін сұраңыз. Сол салаларда сізге деген Құдайдың жоспары қандай? Оны да Киелі Рух сізге көрсетсін. Құдайдың ашқанын жазып алыңыз.

КРИПТОНИТТИҢ ӘСЕРІ

「3-БӨЛІМ」

КҮНӘНІҢ КҮШІ (1-БӨЛІМІ)

Көне Өсиетте Жаратқан Ие Қабылға былай деген еді: “...істегенің дұрыс болмаса, онда босағаңды күнәнің жағалағаны: күнә сені иемденуге құштар, бірақ сен оның үстінен билік жүргіз” (Жарат. 4:7, НРП аудармасы). Осы ескерту әрбірімізге қатысты. Күнә адамды иемденуге, өзіне бағындыруға, толықтай билеп алуға құштар. Күнә – алдамшы, арбаушы, шебер еліктіруші, ол осал жау емес.

Қалайша оған билік жүргізе аламыз? Құдайдың еркіне, сөзіне мойынсұнып, Құдайдың жолымен жүру арқылы. Жетінші аяттың басында Құдай Қабылға не дегенін тағы қайталап оқып шығыңыз: “Егер істегенің дұрыс болса, онда сені қабылдар едім. Ал істегенің дұрыс болмаса, онда босағаңды күнәнің жағалағаны: күнә сені иемденуге құштар, бірақ сен оған жол бермеуің керек” (Жарат. 4:7). Құдайға шын жүректен мойынсұнып, Оған ұнамды істер істейтін адамның өмірінде күнә кірер есік жабық. Пауыл елші Құдайдың рақымы жайлы терең рухани түсінік алған адам болатын. Сол жайтты назарыңызда ұстай отырып, елшінің мына сөздерін оқып шығыңыз:

«Сендер білесіңдер ғой: егер біреуге бағынып, оның еркін орындасандар, онда сол қожайындарыңның құлы боласыздар. Сол сияқты, сендер не мәңгілік өлімге апаратын күнәға құл боласыздар, не Құдайға мойынсұнып, әділдікке қызмет етесіңдер» (Рим. 6:16).

Жартқан Иенің Қабылға айтқан сөзіне ұқсас, солай емес пе? Алайда осы екі үзіндінің арасында үлкен айырмашылық бар. Көне Өсиет заманында өмір сүрген адамдардың рухы өлі болатын. Жаңа Өсиеттегі, жоғарыдан туылған адамның рухы Құдаймен біртұтас, болмысымыз – Құдайдың болмысы. Сол себепті екі жолдың бірін таңдай аламыз: рухымыздың қалауымен жүреміз бе, әлде күнәһар болмысымызға бағынамыз ба – ерікті таңдау өзімізде.

Және бізде Құдайдың рақымы да бар, ол бізді құтқарып қана қоймайды, сонымен қатар, ақиқатты айнымай ұстануға күш-қуат береді. Пауыл елші ескертеді: «Сонымен, өзіміз шаңырағы ешқашан шайқалмайтын Патшалықтан үлес алғандықтан, біз сол үшін Құдайға шын жүректен шүкірлік айтайық! Оны риза қылатындай қызмет етіп, терең қастерлеп, Оған ұнамсызды істеуден шошынатын болайық! Біздің сиынатын Құдайымыз жалмап қоятын от іспетті!» (Евр. 12:28).

Петір елші: «Лайым сендер Құдай мен Иеміз Исаны бұрынғыдан да жақынырақ танып білгендерің арқылы сендерге рақым, амандық және тыныштық молынан жауа берсін! Құдай бізді құдіретті күшімен және Оны жақыннан танып білуіміз арқылы Өзіне ұнамды жаңа өмір сүруімізге қажеттінің бәрімен қамтамасыз етті. Ол бізді Өзінің ұлы да ізгілікті болмысы арқылы меншікті халқы болуға шақырады» деп жазады (2 Петір. 1:2, 3). Осы екі үзіндіде де, Жаңа Өсиеттің басқа да көптеген аяттарында да рақымның жігерлендіруші, әрі қуат беруші әсерін көреміз. Қабылдың да, Көне Өсиетте өмір сүргендердің ешқайсысының да үлесіне тимеген жаңа болмыс пен рақым бізге тиесілі.

Олай болса, неліктен көптеген сенуші күнәға билік етудің орнына оның құлына айналады?

Сізде белгілі бір күш бар дейік. Дегенмен, сол күшіңізді пайдаланбасаңыз, пайдасын көре алмайсыз. Осыны ұмытпағанымыз жөн.

Құдай бізге ерікті таңдау мүмкіндігін берді. Не істеп, нені істемейтінімізді өзіміз шешеміз. Жаратушымыз бізді өз дегеніне мәжбүрлеп көндірмейді. Сондықтан, сенуші Құдайға бағынбаса, күнәға бағынады. Күнә сенушіні Құдайға мойынсұнғаннан өз дегеніңмен жүру тиімді деген өтірікке сендіруге тырысады. Сондықтан да Пауыл елші: «Өлім тудыратын «ұлы тіс» — күнә, ал күнә өз күшін заңнан алады» деп жазады (1 Қорынт. 15:56).

Адамға билік жүргізу құқығын күнә заңнан алады. Осы бір ойды түсіну қиынға соғады. Бәріміз ең алдымен ойлайтынымыз: маған Мұсаның заңы жүрмейді! Алайда, Киелі жазбадағы “заң” сөзі Мұса пайғамбар арқылы берілген заңды ғана білдірмейді. Жақып елші «Киелі жазбада берілген «асыл заң» мынау: «Өзіңді қалай сүйсең, маңайыңдағы кісіні де солай сүй!» дейді (Жақып. 2:8). Пауыл елші сенушілердің жүрегінде жазылған «Құдайдың заңы» туралы айтады (Рим. 8:7 және Евр. 8:10). Біріміздің ауыр жүгімізді екіншіміз көтеріскенде “Мәсіхтің өсиетін” орындайды екенбіз (Ғал. 6:2). «Мәсіхтің өз тәлімі” деген заң бар екен, ол бізге рухани азаттық әкелген, сол бойынша Мәсіх бізге төрелік ететін болады (Жақып. 2:12). Тағы да басқа “заңдар” бар. Қорынттықтарға арналған бірінші хатта (15:56) Пауылдың айтып отырғаны бұл заңдар да, Мұсаның заңы да емес.

Олай болса, күнәға сенушінің өміріне билік жүргізу құқығын беретін қай заң? “Бұл фильмді көруге болмайды, өйткені, онда балағат сөздер мен әдепсіз қылықтар бар”, “Ондық беруге міндеттімін”, “Тым ашық киінген ана бір әйелге қарауыма болмайды”. Осы ойлар сізге таныс па? Осындай ойлар – Пауыл айтқан заңның көрінісі.

Осылай ойлайтын адам Құдайдың сөзін жігер мен жұбаныштың көзі деп қарастырмайды, шектеу мен тыйым салушы деп біледі. Құдайдың сөзі оны тырп еткізбей тұсап отырғандай, өмірдегі бар жақсылықтан айырып отырғандай көреді. Алайда Забур жырларында мынадай сөз бар: «Сенің еркіңді орындауға құштармын, уа, Құдайым, жүрегімде Сенің тағылымың» (Забур. 39:9). Әлгіндей «заңға бағынған» адам Құдайдың еркін орындауға құштар емес, әрине (Жохан. 7:17 қараңыз).

“Менің қалауым – ..., бірақ Құдайдың сөзі оған рұқсат бермейді”. Міне, Пауыл айтқан заңмен жүру деген осы. Көне Өсиетте осындай көзқарастың жақсы мысалы бар.

Өз дегенімен жүрген пайғамбар

Балағам пайғамбар болатын. Ол Құдайдың даусын танитын, Құдайға не ұнамды екенін де білетін еді. Балақ – Моаб халқы мен мадияндықтардың патшасы. Исраилдіктер көшіп барып, Моабтың елсіз алқаптарына орналасты. Исраил халқының соншама көп екенін

көргенде, моабтықтар олардан қатты қорықты. Қорықпай қайтсін, дәуірлеп тұрған Мысырдың өзін тонағандай қылып, алтынын түгел сыпырып алып кеткен, Қызыл теңізді жарып өткен, Исраил халқы келе жатыр. Мысыр ауыл шаруашылығы жойылған, экономикасы құлдыраған, әскери күшінен айырылған күйде қалды. Оның үстіне тылсым күштің әсерінен Мысыр еліндегі әрбір отбасы тұңғышынан айырылды.

Мысырды жайраған күйінде қалдырып, Қызыл теңізден өткен Исраил Аморлықтарға тап болды. Оларды да күйрете жеңді. Енді міне, сол Исраилдіктер Моабтың елсіз алқаптарына келіп қонды. Моабтықтар қатты састы, олар Мысыр мен Амордың кебін киетін болдық деп қатты қорықты. Моаб пен Мадиянның патшасы Балаққа Евфрат өзенінің бойындағы Петор деген жерде Балағам атты әйгілі пайғамбар тұрады-мыс деген хабар жетті. Балағам әлдекімді қарғаса, қарғысы орындалмай қоймайды екен. Балақ патша елшілерін жіберіп, Балағамды өзіне шақыртты. Патша Балағамға мынадай сәлем жіберді: «Мысырдан бір халық көшіп шығып, жер бетін қаптап кетті. Олар енді қасымызға қоныстанып жатыр. Өтінемін, келіп, сол халықты қарғап беріңіз. Олар бізден сондай қуатты! Мүмкін, осылай оларды күйретіп, елден қуып шыға алармын. Себебі сіз кімге бата берсеңіз, соның жарылқанатынын, ал кімді қарғасаңыз, соның қарғысқа ұшырайтынын білеміз» (Рулар. 22:6). Моаб пен Мадиянның ақсақалдары Балағамға сәуегейлігі үшін беретін сый-тартуын ала шығып, Балақтың сәлемін жеткізді. Балағам оларға:

««Бүгінше осында түнеп шығыңыздар. Жаратқан Ие маған не айтса, соны сіздерге жеткіземін», — деді. Содан Моабтың әміршілері Балағамның қасында қалды» (Рулар. 22:8).

«Жаратқан Ие» деген сөзге назар аударыңыз. Яғни, Балағам жалған тәңірлерден ақыл-кеңес сұраған жоқ. Ол жалғыз шынайы Құдай, аспан мен жерді жартқан Құдай Тағаланың пайғамбары болатын. Түпнұсқада Балағам Құдайды “Яхве” дейді. Көне Өсиетті жазған адамдар бұл есімді жалған тәңірлерге қатысты қолданған емес. “Яхве” – еврей халқының Құдайы, тірі Құдайдың аты.

Құдайдың Балағамға не дегенін оқып білейік. Бір қызығы, Құдай Балағамның мінәжат етуін күтпей-ақ Өзі келіп тіл қатты:

«Түнде Құдай Балағамға келіп тіл қатып: Мына қасыңдағы адамдарың кім? — деп сұрады» (Рулар. 22:9).

Құдай пайғамбарға: “Мына адамдарың кім? Олардың Маған не қатысы бар? Бұлар Менімен келісімшартта емес! Менің халқымды шынымен де қарғамақсың ба? Менен соған рұқсат сұрағалы тұрсың ба? Шынымен де сол жайында мінәжат етіп, Менен жауап күтесің бе? Сонда Менің жауабым қандай болады деп ойлайсың?” дегісі келетін сияқты.

Кейбір нәрселерге қатысты Құдайдың еркі бәрімізге мәлім, Киелі кітапта олар түсінікті етіп жазылған. Олар жайында мінәжат етіп, Құдайдан сұраудың қажеті жоқ!

Мысалы, басқа мәсіхшілермен қатынасуым керек пе, керек емес пе деп сұраудың қажеті жоқ. Ол жайлы Киелі кітапта «Кейбіреулер сенушілердің жиналыстарына бармай қалуды дағдыға айналдырып алған сияқты. Ал біздер солай істемей, бір-бірімізді одан бетер жігерлендірейік» деп анық жазылған (Евр. 10:25).

Өзіңізге қызмет етіп жүрген адамдарға құрбандық беруім керек пе деп сұраудың қажеті жоқ. Өйткені: «...Иеміз Ізгі хабарды уағыздаушылардың осы қызметтерімен күндерін көруіне әмір еткен» (1 Қорынт. 9:14).

Гомосексуалды қатынасқа түсуім керек пе немесе басқалардың сондай қатынасын қоштауым керек пе деп Құдайдан сұрамай-ақ қойыңыз. Киелі жазбаның бұл жайында айтатыны анық:

«Әділетсіздердің Құдайдың Патшалығынан орын алмайтынын білмейсіңдер ме? Алданбаңдар: азғындар, жалған тәңірлерге құлшылық етушілер, неке адалдығын бұзушылар, нәпсіқұмарлар, еркекжанды еркектер, ұрылар, дүниеқоңыздар, маскүнемдер, өсекшілер және тонаушылар үшін Құдайдың Патшалығында орын жоқ!» (1 Қорынт. 6:9, 10).

Салық төлеуім керек пе деп сұраудың қажеті жоқ. Салықтан жалтару ұрлыққа жатады. Жігітіммен немесе қалыңдығыммен үйленбей тұрып, бір үйде тұрып, бір төсекке жатқаным дұрыс па деп сұраудың да қажеті жоқ. Бұл – күнә. Басқа біреудің әйелімен көңілдес болу неке адалдыған бұзу деп аталады, ол да – күнә. Осындайларды әлі де тізіп айта беруге

болады. Жаңа Өсиетте осы сияқты, Құдайдың еркін анық көрсететін қағидалар көп.

Сонымен, Құдай әрі қарай былай дейді: “Жарайды, Балағам, өзің түсінбедің, дұрысын айтқанда, түсінгің келмеді. Олай болса, еркімді саған анық та түсінікті етіп ашып берейін” “Олармен барып, сол халықты қарғаушы болма! Себебі олар жарылқанған” (Рулар. 22:13). Ертеңіне таңертең Балағам орнынан тұрып, Балақтың жіберген әміршілеріне былай деді: «Елдеріңізге қайта беріңіздер. Өйткені Жаратқан Ие маған сіздерге ілесіп жолға шығуға рұқсат берген жоқ».

Бір қарағанда, Балағам мақтауға тұрарлық іс істеген сияқты. Ол Моабтың ақсақалдарына еріп, Израил халқын қарғаудан бас тартты. Өте дұрыс емес пе? Алайда, Балағамның сөздерінде түймедей ғана ақау бар. «...Жаратқан Ие маған сіздерге ілесіп жолға шығуға рұқсат берген жоқ» дейді пайғамбар (Рулар. 22:14). “Барар едім, әттең, рұқсат жоқ” деп тұр ма, қалай?

Осыған орай бір мысал қарастырайық. Бір мектепте оқитын жасөспірімдер жиналып, алдымен дүкен аралап, артынан киноға бармақшы. Эми әке-шешесінен рұқсат сұрайды. “Бүгін дастарқан басында бәріміз бас қоспақпыз, бізбен бірге болғаның дұрыс қой” дейді анасы.

Эмидің достары машинамен үйдің жанына келеді. “Дайынсың ба? Кеттік”. Эми бетін тыжырайтып, “Жоқ, бара алмаймын” дейді. “Сендермен барғым келіп-ақ тұр, бірақ үйде қалуға тиіспін” – Эмидің айтқалы тұрғаны осы. Әке-шешесінің қалауы Эмиге өз қалағанын істетпей, шек қойып отыр. Анасының сөзі Эми үшін – заң. Балағамның айтып тұрғаны да сол.

Тиімді іс

Моабтың ақсақалдары қайтып келіп, Балаққа Балағамның жауабын жеткізді. Патшаны пайғамбардың жауабы қанағаттандырмады. “Сонда Балақ Балағамға бұлардан да қадірлі әрі көбірек әміршілерін жіберді. Олар Балағамға келіп, былай деді: “Сипор ұлы Балақтан сізге дұғай сәлем. Еш нәрсе де сіздің маған келуіңізге бөгет болмасын! Мен сізге зор сый көрсетіп, айтқаныңыздың бәрін де орындаймын. Өтінемін, тек

келіп, ана халықты қарғап берсеңіз екен”” (Рулар. 22:15-17).

Сіздің көршіңіз “сұрағаныңның бәрін беремін” десе қандай, бір елдің патшасы “қалағаныңды беремін” десе қандай? Патшаның мынадай ұсынысына қарсы тұра аласыз ба?

Мектептің жоғарғы сыныптарында оқып жүрген кезімде Флип Уилсон атты әзілқой актер болатын. Оның “маған осыны шайтан мәжбүрлеп істетті” деген бір ауыз сөзі көрерменге кеңінен тарап кетті.

Осы сөзі жұрттың аузынан түспейтін сүйікті әзілге айналды. Алайда, Флип қателескен еді. Шайтан сенушіні ешнәрсеге мәжбүрлей алмайды. Киелі жазба бұл жөнінде: «...адамды өзінің құмарлықтары еліктіріп, ол солардың жетегінде кеткенде сынақтан өтеді» деп анық айтады (Жақып. 1:14). Еліктіру. Мұндағы ең маңызды сөз – осы. Шайтанның қолынан келетіні – осы ғана. Және есте болар бір жайт: әр адам құмар нәрсесіне ғана елігеді. Менің алдымда кокаин тұрса, “мынаны менен аулақ әкетіңіз” дер едім. Есірткі мені еліктірмейді. Оған құмар емеспін.

Алайда шайтан ақымақ емес, қол қусырып қарап отырмайды. Ол сіздің өміріңізді ғана емес, әке-шешеңіздің, ата-әжелеріңіздің де өмірін бақылайды. Қандай құмарлықтарыңыз барын білуге, нені қалайтыныңызды түсінуге тырысады. Өзіңізге тән немесе аталардан мұра болып қалған осал тұстарыңызды іздейді. Балағамның да тыныс-тіршілігін әбден зерттеп, пайғамбардың байлыққа, қошаметке, абырой-атаққа құмар екенін білген. Балағамның осал тұстарын білгендіктен, шайтан Балақ патша арқылы оған соншалықты тиімді ұсыныс жасайды. Дегенмен, Балағам бұл ұсыныстан бас тартады:

«Балақ маған сарайын алтын-күміске толтырып берсе де, мен Құдайым Жаратқан Иенің бұйрығына қарсы шығып, не үлкен, не майда-шүйде еш нәрсені де өздігімнен істей алмаймын» (Рулар. 22:18).

Бұл жолы Балағам әлдеқайда зор сыйдан бас тартып отыр. Нағыз әділ адам емес пе? Жоқ. Қоя тұрыңыз. Пайғамбардың сөзіне мұқият көңіл бөлсек, аяғына тұсау, қолына кісен түскен кісіше сөйлеп тұрғанын байқаймыз. “Жоқ, олай істемеймін” деп еркін айта алар емес. “Еш нәрсені де өздігімнен істей алмаймын” дейді. Тағы да сол, “істегім келіп-ақ тұр, бірақ істей алмаймын”. Құдайдың сөзін тұсаудай көреді.

Заңның билігінде. Балағамның келесі сөздері соны растай түседі:

«Сіздер де бүгін осында түнеп шығыңыздар. Жаратқан Ие маған тағы не айтар екен, соны біліп алайын» (Рулар. 22:19).

Не дейді? Бұрынғысынан гөрі мол сыйлыққа бола Құдай Өз пікірін өзгертеді деп ойлайды ма? Сонда, ана жолы “жоқ” дегенде, Құдай келесі жолғы ұсыныстың тиімдірек боларын білген, “соны күт” дегені ме? Бұл не деген өрескел ой! Балағамға Құдай “молырақ сый бергендерін күт” деген жоқ, әрине. Олай болса, ол жайлы сиынудың не қажеті бар? Моабтың ақсақалдары алғаш рет келгенде-ақ Құдай Балағамға: «оларға ілесіп барушы болма» демеп пе еді?

«Сонда да Балағам тағы да мінәжат етеді. “Түнде Құдай тағы да Балағаммен кездесіп: «Мына адамдар сені шақыруға келген соң жолға жиналып, оларға еріп бара бер. Бірақ тек Менің айтқанымды ғана істейтін бол!» — деп бұйырды» (Рулар. 22:20).

Тоқтай тұрыңыз! Бұл жолы Құдай: «оларға еріп бара бер» деді ме? Рас па? Бұл қалай сонда? Жағдай күрт өзгерді ғой! Құдай Балағамға Моабтың ақсақалдарымен бірге сапарға аттануды бұйырады. Балағам Құдайдың айтқанын орындауға кірісті. Ол таңертең тұрып, есегін ерттеп, мініп алды да, Моабтың әміршілеріне ілесіп сапарға аттанды. Балағам Құдайдың бұйрығын орындауда. Алайда әрі қарайғы оқиға таңқалдырады:

«Бірақ оларға ілесіп шыққаны үшін Құдай Балағамға қаһарланды» (Рулар. 22:22).

Не болды? Құдай қателесті ме? Пайғамбар Құдайдың түндегі айтқанын дәлме-дәл орындап жатқан жоқ па? Олай болса Құдай неге ашуланды? Мұны қалай түсінеміз?

Осы сұрақтың жауабын Киелі жазба беттерінен табуға болады. Күнәнің күші – заң. “Өлім тудыратын «ұлы тіс» — күнә, ал күнә өз күшін заңнан алады” дейді Пауыл елші (1 Қорынт. 15:56). Келесі тарауда осыған көбірек тоқталамыз.

ІС-ӘРЕКЕТ

Күнәнің күшінен біржола арыла аласыз. Осы жолдауды сенушілердің барлығы естуге тиіс. Бұл жолдауда үміт бар.

Иә, дәл солай. Мәсіхші күнәнің үстінен қарай алады. Иса бізге аспанға кіру билетін сыйлау үшін ғана құрбан болды десеңіз, қателесесіз. Исаның құрбандығы бізді күнә мен өлімнің билігінен азат етті. Олар бізге емес, біз оларға билік етеміз.

Бұл билікті бізге берген – Құдайдың рақымы. Рақым – Құдайдың құдіреті, ол бізге адамның қолынан келмейтін істерді жүзеге асыру үшін берілген. Құдайдың рақымы біз үшін қолжетімді, қалаған кезімізде осы күшке жүгіне аламыз. Бірақ рақымды дұрыс қолдана білмейміз, сондықтан пайдасын да көрмейміз. Құдайдың рақымы деп аталатын осынау керемет күшті сенушілердің дұрыс қолдана алмауының себебі – сол күштің өз қолдарында екенін білмеуі.

Күнәға шынымен де билік жүргізе алатыныңызды көрсететін Киелі кітаптың аяттарын мұқият зерттеңіз. Сол арқылы күнәға төтеп бере алатын болыңыз. Сол аяттардағы ақиқатты назарыңызда ұстаңыз. Ақиқатқа әбден бекініңіз.

Өміріңіздің Қай салаларында билікті күнәға беріп жүрсіз? Құдайдан сол үшін кешірім сұраңыз. Сізді күнәнің билігінен азат еткені үшін Құдайға алғыс айтыңыз. Жіберген қателіктеріңіз үшін өзіңізді-өзіңіз кешіріңіз. Құдайдан болашағыңыздың қандай болуы керектігін сұраңыз. Құдайдың айтқанын, көрсеткенін жазып алыңыз.

КҮНӘНІҢ КҮШІ (2-БӨЛІМІ)

Өткен тарауда Балағам пайғамбар туралы сөз болған еді. Балақ патша бірінші рет жіберген елшілермен бірге сапарға аттануға Құдайдан рұқсат болмады. Бұрынғылардан беделдірек елшілер келгенде, Балағам тағы да мінәжат етіп, Құдайдан рұқсат сұрайды. Пайғамбар осы жолы Құдайдан қолдау табам ба деп үміттенеді.

Сіздің өміріңізде осындай жағдай болып па еді? Құдайдың еркін біле тұра, басқа жауап алам ба деген үмітпен мінәжат еткен кездеріңіз болды ма? Құмарлық меңдегенде “осы мәселе жайында мәнәжат етіп, Құдайдың не айтатынын білуім керек” деп ойлаған боларсыз, мүмкін?

Сізді білмеймін, өз басымда сондай жайттар болған. Солар туралы осы таруда бүкпесіз айтып бермекпін.

Балағам ұлы патшаның берер сыйы мен көрсетер қошаметіне ынтызар еді. Бірақ Құдай қойған “шектеуден” аттай алмады. Құдайдың бұйрығын біліп тұрып бұзса, жарлқаудан айырылатынын ақылды пайғамбар білетін. Білгендіктен айланың жолына түсті.

Сонымен, Құдай Балағамға: “Орныңнан тұр да мына кісілерге ілесіп сапарға шық” деді. Пайғамбар таң қалған болар. “Тамаша болды ғой! Сиынғаным дұрыс болған екен” деп те ойлаған шығар.

Ол таңертең тұрып, есегін ерттеп, мініп алды да, Моабтың әміршілеріне ілесіп сапарға аттанды. Алайда, осы тұста күтпеген

оқиғалар басталады: “Бірақ оларға ілесіп шыққаны үшін Құдай Балағамға қаһарланды” (Рулар. 22:22).

Не болды? Құдай қателесті ме? Пайғамбар Құдайдың түндегі айтқанын дәлме-дәл орындап жатқан жоқ па? Олай болса Құдай неге ашуланды? Мұны қалай түсінеміз?

Мұнда көбіміз білмейтін, түсінбейтін ақиқат бар. Өзім де көп қиындықты бастан кешіріп барып, осы ақиқатты ұғындым. Менің түсінгенім мынау:

Әлденеге қатты құмарттық дейік. Ал Құдай сол нәрсеге қатысты Өз еркін Өзінің сөзінде немесе мінәжат арқылы ашып берген болса, оны біле тұра, әлгі нәрсені әлі де құмарлықпен қалайтын болсақ, Құдай тілеуімізді қабыл қылып, сұрағанымызды береді. Сұраған нәрсеміз өзімізге жақсы болмаса да береді. Ақырында сол үшін жауап беретін боламыз.

Бәлкім, бұл сөзім сізді қайран қалдырған болар. Дегенмен, айтып отырғаным – ақиқат. Киелі кітаптан мысал келтіріп, сөзімді дәлелдеймін.

Қабыл болған қалаулар

Израил халқы басқа елдердей өздерін де патша басқарғанын жөн көрді. Олар Самуил пайғамбарға осы тілегін жеткізді. Олар : «...басқа халықтардағыдай бізге де билік айтатын патшамызды тағайындап беріңіз», — деп өтінді (1 Патша. 8:5).

«Бізге билік айтатын патшамызды тағайындап беріңіз» деген сөздер Самуилге мүлдем ұнамады. Дегенмен, Самуил пайғамбар осы өтінішті Құдай алдына әкелді. Ол Жаратқан Иеге сиынып Оның еркін сұрады. Сонда Жаратқан Ие оған мынадай жауап берді: «Халықтың айтқандарының бәріне көн. Олар сенен емес, Менен бас тартып, өздеріне патшалық етуіме қарсы шығып тұр. Мен оларды Мысырдан алып шыққаннан бері Маған адал болмай, бөтен тәңірлерге құлшылық етіп келгендері сияқты, енді саған да солай істеп отыр. Сонымен, айтқандарына құлақ ас. Бірақ үстерінен билік құратын патшаның еркін оларға мықтап білдірт!»

Самуил Жаратқан Иенің барлық сөздерін өзінен патша тағайындауды сұрап отырған халыққа жеткізіп, былай деді: “Сендерді басқаратын патшаның мынадай құқықтары болады: патша сендердің ұлдарыңды алып, өзінің соғыс күймелері мен аттарын қаратып қояды. Олар күймелердің алдында жүгіріп отыратын да болады. Патша ұлдарыңның кейбіреулерін өз жасағына мыңбасылар мен елубасылар етіп тағайындайды, ал басқаларына өзінің жерлерін өңдетіп, егінін орғызып, қару-жарақтар мен соғыс күймелерінің жабдығын жасатып қояды. Патша қыздарыңды сарайына иісмай жасаушы, аспазшы не наубайшы етіп алып кетеді. Патша сендердің ең жақсы егіндіктеріңді, жүзімдіктеріңді, зәйтүн бақтарыңды тартып алып, өз нөкерлеріне үлестіріп береді. Ол, сондай-ақ, өздеріңнің егіндіктерің мен жүзім бақтарыңнан жинаған өнімдеріңнің он бөлігінің бірін алып, уәзірлері мен басқа да қызметкерлеріне табыстайды. Ол ең жақсы құл-күңдеріңді, мүйізді ірі қараларың мен есектеріңді алып, өз жұмысына салады. Соның үстіне ұсақ малдарыңның он бөлігінің бірін де патшаға алым-салыққа беріп, ақырында өздерің оның құлы болып шыға келесіңдер. Осы сөздерім жүзеге асқанда, өздерің тілеп алған патшаларыңнан құтқаруды сұрап жалбарынасыңдар. Бірақ Жаратқан Ие сол кезде өтініштеріңе құлақ салмайтын болады!

Алайда халық Самуилдің айтқандарын тыңдағысы келмей: “Жоқ, өз патшамыз болсын! Сонда біз де басқа халықтар сияқты боламыз. Патшамыз бізге билік жүргізіп, алдымызда бізді бастап жүріп, соғыстарымызды жүргізетін болады” деп тұрып алды” (1 Патша. 8: 8-20).

Самуил халықтың күллі сөздерін тыңдағаннан кейін, Жаратқан Иеге сиынып бәрін айтып берді. Жаратқан Иенің жауабы мынау болды: «Халықтың айтқанына көніп, патшасын тағайындап бер!» (1 Патша. 8:22).

Жаратқан Ие Өз еркіне кереғар болса да, халқының сұрағанын берді. Бұл сұрағандары өздерін жақсы емес еді. Дегенмен, Құдай олардың айтқанына көніп, тілеуін қабыл қылды. Халықты енді патша басқаратын болды. Ол алдын ала ескертілгеннің бәрін істеді.

Тағы бір мысал. Мысырдан шығып, айдаланы кезіп жүрген халықты Құдай “манна” атты ғажайып тамақпен асырады (Забур. 77:25). Маннаның құнарлылығы сондай, Ілияс пайғамбар екі үзімін жеп, қырық күн тоқтаусыз жүгіріп отырғаны бар. Кей күндері менің де сондай асым болса деп армандаймын!

Алайда, Исраил халқы маннадан жалықты, олар күңкілге басып, Құдайдан ет сұрай бастады. “Халық ет сұрағанда Ол бөденелер жіберді, аспаннан түскен нанмен тойындырды” дейді Забур жырлары (104:40). Құдай олардың өтінішіне жауап берді.

«Құдай аспанда шығыстан жел тұрғызды,
 Құдіретімен оңтүстіктен жел соқтырды,
 Ол аспаннан тозаңдай мол ет жаудырды:
 Теңіз жағалауындағы құм сықылды
 Сансыз көп боп ұшып келген құстарды
 Халық қоныстанған жердің ортасына
 Қондырды, шатырларының маңайына» (Забур. 77:26–28).

Тәңір Ие халықтың сұрағанын беріп қана қойған жоқ, ғажайып кереметін көрсетті! Өзінің құдіретті күшімен жүздеген мың құсты шатырларының айналасына әкеліп тастады. Халық оларды аулаған жоқ, торға, тұзаққа түсіріп алған жоқ, тазы иттің де, мылтықтың да көмегінсіз осынша олжаға қарық болды. Бөденелер өздері ұшып келді, топ етіп түскен құстарды теріп алу ғана қалды. Осындай жағдай қазіргі заманда болса, ол туралы жаңалық әлеуметтік желілерге лезде тарап кетер еді. Бұл Құдайдың кереметі болатын. Бірақ соңы немен бітті? Әрі қарай оқиық:

«Осылайша халық тойына ет жеді,
 Құдай оларға аңсағандарын берді,
 Ал құмартқан тамақтарын жеп болмастан,
 Ауыздарындағы етті жұтпастан,
 Оның зәрі оларға қарсы көтерілді,
 Ол ең мықты адамдарын өлтірді,
 Сұлатып исраилдік жас жігіттерді» (Забур. 77:29–31).

Оларға сұрағандарын берген жалған тәңір емес, жын-шайтан емес, Құдайдың Өзі болатын. Алайда, сонша құмартқан еттерін жеп болмай жатып, сотталды олар.

Есімізде болсын, Құдай адамды ерікті етіп жаратты. Яғни, барлық жағдайда таңдау өзімізде. Сонымен қатар, Өзімізге зиянды болатын, Құдайдың еркіне жатпайтын нәрселерді таңдауымыз мүмкін екенін де Жаратушымыз біледі.

Адасқан ұл есіңізде болар? Ол әкесінен еншісін беруін сұрады. Әкесі ұлының қаражатты дұрыс жұмсай алмайтынын, ондай дағдысы жоқ екенін білетін. Дегенмен, ұлы қатты құмартқандықтан, әкесі сұрағанын берді. Нәтижесінде ұлы шошқа қорадан бір-ақ шықты.

Киелі жазбадан әлі де біраз мысал келтіруге болар еді. Алайда, ойымды түсінген боларсыз. Өмірімізге деген Құдайдың еркіне кереғар келетін нәрсені құмарта қалаған кезімізде өзімізге-өзіміз зиян келтіреміз.

Ақылды есек

Балағамға қайта оралайық. Пайғамбар Моабтың әміршілеріне ілесіп сапарға аттанды. Бірақ оларға ілесіп шыққаны үшін Құдай Балағамға қаһарланды. Күтпеген жерден Жаратқан Иенің періштесі Балағамға қарсы шығып, жолын бөгеп тастады. Періште – қолына ойыншық садақ ұстаған томпақ сәби емес, – зор бітім мен алапат күш иесі. Балағамның жолын бөгеген періштенің бойы екі жарым метр мен үш метр аралығында болса керек.

Сонымен, Жаратқан Иенің періштесі қолына жалаң семсер ұстап, жолда тұр. Осы кезде Құдай есектің көзін ашып, періштені көре алатын қабілет береді. Балағамның астындағы есек жолда тұрған, қылышы жалаңдаған періштенің көрді. Есек жолдан шығып, ашық далаға қарай беттеді. Ал Балағам оны ұрғылап, жолға қайтарды.

Бұдан кейін Жаратқан Иенің періштесі жүзімдіктердің арасындағы соқпақ жолға тұрып алды. Соқпақтың екі жағынан да дуалдар қоршап тұрды. Есек Жаратқан Иенің періштесін көріп, дуалға жабыса ығысып, Балағамның аяғын қысып тастады. Балағам жануарды қайтадан ұрғылады.

Ал Жаратқан Иенің періштесі алға жылжып, не оңға да, не солға да бұрылып өтуге мұрша бермейтін бір тар жерге келіп тұрып алды. Жаратқан Иенің періштесін көрген мәші есек жерге жата кетті. Бұдан Балағамды ашу кернеп, есегін таяғымен ұра бастады.

Сонда Жаратқан Ие мәшіге тіл бітіріп, ол: “Мені үш рет қатарынан ұрып-соғатындай саған не жаздым? — деп сұрады (Рулар. 22:28).

Балағам есекті ұруын тоқтатса да, ұрысуын жалғастырды. Сонда

Жаратқан Ие Балағамның көзін ашып, ол Жаратқан Иенің періштесінің қолына жалаң семсер ұстап жолда тұрғанын көрді. Балағам оның алдында иіліп, етпетінен жерге жығыла кетті.

«Періште оған: “Не себептен сен мәші есегіңді үш рет қатарынан ұрып-соқтың? Мен өзім бөгет болу үшін саған қарсы шыққан едім. Себебі сен маған қыңырлана мойынсұнбайсың. Жүрген жолың сені менің көз алдымда тұңғыыққа құлатпақ! Ал есегің мені көріп, үш рет қатарынан менен жалтарды. Ол солай етпегенде, мен қазір-ақ сені өлтіріп, оны тірі қалдыратын едім, — деп ескертті» (Рулар 22:32, 33).

Балағамның есегі иесінің өмірін құтқарып қалды! Есек періштеден жалтармағанда, періште пайғамбарды өлтіріп, есекті тірі қалдыратын еді. Осыдан кейін Балағам Балақтың елшілеріне: “Ақсақалдар, мен осы жерден қайтуға тиіспін. Патшаға айтыңыздар, сыйларын өзіне қалдырсын” деп, кері қайтты дейсіз бе? Жоқ. Ол Құдай алдында күнәсін мойындай бастайды:

«Мен күнә жасадым. Сіздің маған қарсы шығып, жолды бөгеп тұрғаныңызды білмеген едім. Ал енді, егер мұным сізге ұнамаса, онда кері қайтайын» (Рулар. 22:34).

Балағам күнәсін мойындайды да, “егер мұным сізге ұнамаса” деген сөзді қосады.

Балағам-ау, не болды саған? Қашанғы күмілжисің? Құдайдың Өзі жолын бөгеп тұрса да, өз дегеніме жетем бе деген үмітпен қоштасар емес, шіркін. Балақ патшаның қымбат сыйлары мен қошаметін құлай құмартқаны сонша, бұл іске Құдайдың Өзі келіп араласқаны санасына жетпей тұр. Жүрегін билеп алған пұтқа табынушылық Балағамды көр соқыр қылды.

Өз қалауларымыз Құдайды қастерлеуден басым түскенде, дәйім осылай болмақ. Құдайдың сөзін тұсау, шектеу, тыйым деп білсек, солай болмақ. Күнәнің күші өтіріктің арқасында арта түседі. Құдайдың еркіне сай келмейтіні анық болып тұрған нәрселер бірте-бірте көмескіленеді. Құдайдың сөзін қастерлейтіндер осыны анық көргенмен, пұтқа табынушылар алданады.

Менің қателіктерім

Жасым отыздан жаңа асқан кезім болатын. Америкадағы ең ірі баспалардың бірінде кітабымды басып шығармақ болдым. Алайда Құдай Лизаға да, маған да осы келісімшартты қоштамайтынын анық ашып берді. Баспаның ұсынысынан бас тарттым.

Ертеңіне редактор тағы да қоңырау шалды. Осы мәселеге қатысты Құдайдың еркін білетін болсам да, ол кісінің не айтатынын естігім келді. Әңгімені жалғастырғым келгенінің өзі дұрыс ниет емес еді. Бірақ сол сәтте мен оны түсінбедім. Неліктен басқаның бәрінен бас тартып, Құдайға бағынуды ойламадым? Оның баспасында кітабымды басып шығарудың артықшылықтары туралы сөздерін неге тыңдадым? Бәлкім, жүрегімдегі өзімшілдік қалауларыма сай болғандықтан ба екен? Мүмкін оның сөздері өзімшілдігіме жаққан болар?

Редактор баспаның ұжымы менің жолдауымды басып шығаруды аңсап отырғанын шабыттана айтты. Елімізге менің жолдауымның қаншалықты қажет екенін, ол шынымен де Құдайдың сөзі екенін, баспа ең үздік дистрибьюторлармен жұмыс істейтінін, кітапты еліміздің барлық дүкендеріне тарата алатынын айтып, мені өз дегеніне көндіруге тырысты.

Беймәлім жазушылардың кітаптарын басып шығарып, бүкіл Америкаға таратқандары туралы әңгімелер айтып берді. Әлгі авторлар көпшілікке танымал болып, конференциялардың қалаулы қонақтарына айналды. Соның бәрі осы баспаның арқасында жүзеге асқан екен.

Мен «жоқ» деп нақты айтпағандықтан, ол келесі бірнеше аптаның ішінде маған күнара хабарласып тұрды. Сөзін тыңдаған сайын, кітабымды сол баспада басып шығаруды жөн көрдім. Бір кезде жүрегімдегі мазалаған сезім ғайып болды. Жүрегімдегі Киелі Рухтың дауысы естілмей қалды. Өз қалауларымның Құдайдың нұсқауларынан басым түсуіне жол бердім.

Баспаның редакциясы басқа штатта болатын. Менің қолым тимегендіктен, редакцияға Лиза баратын болды. Жұбайым келісімшартқа қол қоюға тиіс еді. Лиза ұшаққа отыратын күні ұлым ауырып қалды, құсып, екінші қабатқа апаратын баспалдаққа төселген кілемді түгел бүлдірді. Үйдің ішін тазартып жүргенімізде Лиза: “Джон, осы келісімшарт – Құдайдың еркі емес, осыны қойсақ қайтеді?” деді.

“Жоқ. Бізді тоқтатқысы келіп жүрген – дұшпан” дедім. Осымен қиындықтарымыз тәмам болса, менің айтқаным дұрыс болып шығатын ба еді. Алайда, іс насырға шапты, ал мен болсам, өз дегенімнен қайтпай жүре бердім. Құмарлыққа алдандым.

Сол күні Лиза келісімшартқа қол қойды. Келісімге қол қойған күннен бастап сырқаттандым да, сол сырқаттан жазылмай-ақ қойдым. Суық тиюден басталды – есімді білгелі екінші рет суық тиіп ауырғаным. Одан жазылысымен, вирус жұқтырып алдым. Сол ауырғаным үш аптаға созылды. Бұл жайт бізді қатты таң қалдырды. Ешқашан өйтіп ауырған емеспін.

Ақыры антибиотиктер ішіп жазылдым. Бірақ бір аптадан кейін қайтадан суық тиді. Өзімді өте нашар сезіндім, тамағым ауырып, басымды көтере алмай жаттым, аурудың басқа да симптомдары болды. Дерттің беті қайтпай қойды.

Осы аурудан айыққаннан кейін, тіземді жарақаттап алдым. Жарақаттың ауырлығы сондай, бірнеше апта бойы балдаққа сүйеніп жүрдім. Осының барлығы аз болғандай, тізем жазылысымен қайтадан вирус жұқтырдым. Үш ай бойы жарақат пен аурудан емделумен болдым. Лиза болса, еш ауруға шалдыққан жоқ.Баспамен келіссөз де қиын болды. Баспашымен тіл табыса алмай-ақ қойдық. Мәмілеге келе алмай, іс алға жылжымай-ақ қойды.

Мұнымен де біткен жоқ, шешілместей болып көрінетін мәселелер бірінен соң бірі туындай берді. Қызметім мыңдаған доллар қаражатынан айырылып қалды. Сол үш айдағы өміріміз аса қиын болды.

Дегенмен, Балағамнан айырмашылығым, қандай жағдайда екенімді түсіндім: құмарлығымның арқасында көр соқыр болып, Құдайдың еркін түсінуден қалған екенмін. Құдайдың жазасына ілігіппін. Пауыл елшінің айтқаны есіңізде ме: “Сондықтан да сендердің көбің әлсіз де аурусындар, біразың қайтыс болдыңдар. Егер алдымен өзімізді-өзіміз сынасақ, Құдайдың жазасына ілікпес едік. Ал бізге күнәкар дүниемен бірге қияметте үкім шығармас үшін Тәңір Иеміз бізді қазірдің өзінде тексеріп, жазалауда” (1 Қорынт. 11:30–32). Өзіме-өзім жалған тәңір жасап алғанымды түсінуім үшін, қайдағы жоқ қиындыққа ұрынуым қажет болыпты. Рақымды Құдай қатемді көруге мүмкіндік берді. Қызметімнің табысты болуын Құдайға бағынудан жоғары қойған екенмін. Құдай мен жұбайымның алдында жаңсақтығымды мойындап, тәубе еттім.

Алайда мен әлі де тұзақта едім. Әлгі баспамен жасаған келісім-шарттан шығу үшін Құдайдың кереметі керек болды. Лиза екеуіміз қол ұстасып, Құдайдың іске араласуын сұрап, мінәжат еттік. Екі аптадан кейін баспаның бізбен келісімшарттан шығатыны туралы хабарлама келді.

Бір жылдың шамасындай уақыт өткенде бір танымал баспадан кітабымды басып шығаруға ұсыныс алдым. Құдай менің жүрегіме сөйледі: «Бірінші баспа – сенің жоспарың еді. Осы баспа – Менің жоспарым». Дәуіт: «Мен азап шекпес бұрын жолдан адасқан едім, ал енді Сенің сөзіңді сақтап жүремін»,– деп жазған болатын. Сол сынақтардан кейін менің де ниетім өзгерді. Ендігі жалғыз қалауым – Құдайдың еркін орындау. “Шайтан тұзағы” деген атпен шыққан сол кітабымның бүгінде екі миллионнан астам данасы сатылды.

Сол жолы сабақ алдым да, ондай ағаттыққа қайтып ұрынған жоқпын деп айтқым келеді. Алайда, он жыл өткенде, жасым қырықтан аса бергенде, тағы да мүлт кеттім. Құдайдың анық етіп ашып берген еркін де, жұбайымның ақылын да, әріптестерімнің кеңесін де ескерусіз қалдырдым. Бұл жолғы адасуым да бұрынғымнан бетер болды, Құдайың жазасы да бұрынғыдан ауыр да ұзақ болды. Он сегіз айға созылған азаптан кейін жалған тәңір жасап алғанымды түсіндім де, тәубеге келдім.

Балағам Құдайдың еркіне мойынсұнып, жүрегін ашқанда, болашақта ұтары көп болар еді. Бұған күмәнім жоқ. Алайда, ол жалған тәңірлерінен бас тартқысы келмеді. Кейін Құдайдың жазасын тартты. Израилдіктер жауларына қоса, сәуегейшілікпен айналысатын Балағамның да көзін құртты (Ешуа. 13:22 қараңыз).

Менің басымнан өткен ауыртпалықтар сіздің басыңызға түспей-ақ қойсын. Осы жолдауым сізді артық қиындыққа жолығудан сақтасын.

ІС-ӘРЕКЕТ

Қалауымыз бен құмарлықтарымызды Құдайға бағындырмасақ, олар бізді жартушы Иемізден алшақтатып әкетпек. Құмарлықтарымызды ауыздықтамасақ, Құдай бізді сол құмарлықтардың билігінде қалдыруы да ықтимал. Көп нәрсеге қатысты Құдайдың еркі Киелі жазбада анық ашылған. Алайда, Құдайдың халқы, біле тұра, Құдайдың еркінен тыс

нәрселерді сұрағанда, Құдай тілеулерін қабыл ғып, сұрағандарын береді. Оның жемісі жақсы болмайды.

Құдай өзгермейді. Бүгін де солай. Біздің қалауымыз Құдайдың еркіне кереғар болса да, тілегіміз қабыл болады. Бірақ жарылқадан құралақан қаламыз. Бұның соңы ауыр жаза болады.

Сондай жолға түспеңіз. Құдайдың бізге деген еркі – әрқашан да игі, соған сеніңіз. Құдай арманымызға әділ жолмен жеткізеді. Құдайға ерсек, жарылқау жолымен жүреміз, мәреге Құдайдың уақытында жетіп, тиісті сыйымызды аламыз. Жүретін жолыңызды Құдайдың қолына тапсырыңыз. Өз дегеніңізбен емес, Құдайдың жетелеуімен жүруге бүгіннен бастап бел байлаңыз. Құдайдың еркіне сай жүруіңіз үшін қандай қадам жасауыңыз керек екенін Киелі Рухтан сұрап біліңіз. Оның айтқанын жазып алыңыз.

АДАСҚАНДАР

Пұтқа табынушылықтың не екенін қысқаша қайталап кетейік, ол – Жаратқан Иенің еркіне кереғар келетін өз құмарлықтарын қанағаттандыру үшін Құдайдың талаптарын орындаудан бас тарту. Бұл сенушілерге де, сенбеушілерге де қатысты. Пауыл елші Ефестіктерге былай деп жазады:

«Мынаны біліп қойыңдар: неке адалдығын бұзатындар, ұятсыздар және ашкөз адамдар — жалған тәңірлерге табынушылар. Мұндайлардың ешқайсысына да Мәсіхтің және Құдайдың Патшалығында орын жоқ. Ешкім де сендерді өтірік сөздерімен алдамасын! Себебі Құдайға мойынсұнбайтындарға осы күнәлары үшін Оның қаһарлы соты төніп тұр. Сондықтан олардың іс-әрекеттеріне сыбайлас болмаңдар!» (Ефес. 5:5–7).

Құдайдың қаһары сенбеушіге де, жалған тәңірлерге табынып жүрген (ашкөз) сенушіге де бірдей төніп тұр. Сенушіні жазалаудағы Құдайдың мақсаты – оны тура жолға қайтарып, болашақтағы мәңгі жазаланудан сақтау. Алайда, Балағам сияқты қасарыса берген сенушінің ақыры да Балағамдыкіндей болуы мүмкін. Пауыл елші сенушілерді ескертеді: «...қымбатты бауырластар, ескі күнәкар

болмысымыздың еркімен өмір сүруге міндетті емеспіз! Өйткені, егер оның еркіне сай өмір сүрсеңдер, Құдайдан ажырап, мәңгілік өлімге ұшырайсыңдар. Ал егер Киелі Рухтың күшімен күнәкар болмыстарыңның іс-әрекетінен мүлдем бас тартсаңдар, шынайы өмір сүресіңдер» (Рим. 8:12, 13). Жақып елші: «...құмарлыққа берілсе, сол күнәні тудырады, ал күнә жасау рухани өлімге ұшыратады. Сүйікті бауырластарым, алданып қалмаңдар» (Жақып. 1:15, 16).

Пұтқа табынушылық баяу әсер ететін ү іспетті, ол – рухани криптонит. Онымен ойнау – қауіпті. Пұтқа табынушылықтың шырмауы жібектей жұмсақ та, темірдей мықты. Балағамды мысалға келтіре отырып, сол шырмауды танып, ажырата бастадық. Зерттеуімізді жалғастырайық. Жаратқан Иенің Исраил халқының жетекшілеріне айтқанын мұқият зейін қойып оқып шығайық:

«Сонда Жаратқан Ие маған сөзін арнап былай деді: «Пендем, мына адамдар өз жүректерінің төріне жалған тәңірлерді орнатқандар. Сөйтіп, олар өздерін адастырып күнәға батыратын зұлым нәрселерді басты орынға қойып алған. Ендеше олардың Менен ақыл сұрауларына жол беруім қажет пе?» (Езекиел. 14:2, 3).

Пұтқа табынушылық мүсіндер мен жалған тәңірлердің ғибадатханаларымен шектелмейді. Пұтқа табынушылар жалған тәңірлерді жүректерінің төріне орнатқан. Ғибадатханаларда тұрған мүсіндер немесе жалған тәңірлердің бейнесі емес. Жоқ, адамдардың жүрегінен орын алған жалған тәңірлер, яғни, Құдайдың еркіне кереғар құмарлықтар. Әрі қарай оқиық:

«Сондықтан оларға былай де: Жаратушы Тәңір Ие мынаны айтады: Исраил халқы жүрегінің төріне жалған тәңірлерді орнатып, өздерін адастырып, күнәға батыратын зұлым нәрселерді басты орынға қойып алған. Әйтсе де, олар енді Менен ақыл сұрау үшін пайғамбарыма барды. Сондықтан Мен, Жаратқан Ие, оларды өздерін арамдайтын жалған тәңірлерінің молшылығына сәйкес жазалап, жауабымды беремін» (Езекиел. 14:4).

Пұтқа табынушы адам діни қызметкерге барып, ақыл-кеңес сұраса, Құдайдың еркіне қайшы келетін кеңес естуі мүмкін. Алған кеңесі

Балағамның алған жауабына ұқсас болары ықтимал.

Пұтқа табынушының күнәсін әшкерелуден бас тартып, оны қоштаған діни қызметкердің жазасы қандай болатынын Құдай алдын-ала скертеді:

«Егер бір пайғамбар оларға бәрібір пайғамбарлық сөз айтуға көндірілсе, онда бұл Менің оны еліктіргенімнен болады. Мен ондай пайғамбарға қарсы қолымды созып, оны халқым Израилдің арасынан жоямын» (Езекиел. 14:9).

Қазіргі уағыздаушылар, әсіресе, Батыс елдеріндегі қауым қызметкерлері, қаншалықты өрескел тәлімдер таратып жүргенін ойлап, жүрегім қарс айырылып, Құдайымның алдында еңірей жылағаным бар. Талай рет мінәжат етіп, Ізгі Хабардың осынша әлсіреуінің себебін түсінуге тырыстым. Киелі Рух Езекиел пайғамбардың жазбасы, 13 және 14 тарауларынан жауап берді. Осы тарауларды зейін қоя оқып шықсақ, күнәға батқан сенушіні әшкерелеуден қашқақтайтын бұлдыр тәлімдердің негізінде пұтқа табынушылық жатқанына көзіміз жетеді. Шәкірттерінен немесе атағынан айырылудан қорыққанынан Ізгі Хабарды кесіп-пішіп жүрген тәлімгерлер шын мәнінде ашкөздікке берілген. Жалған ілімдер кеңінен тараған заманда өмір сүрген Еремия пайғамбар:

«Кішігінен ұлығына дейінгі бәрі де пайдақұмар. Тіпті пайғамбарлары мен діни қызметкерлері де арамзальық жасайды» деп қынжылады» (Еремия. 6:13).

Қазіргі қауымды меңдеген дерт – сенушілер мен қызметкерлердің криптониттің әсеріне шалдығып, дәрменсіз күйге түсуі. Осы мәселенің түп-тамырын зерттей бастағанымда қауымдағы біраз нәрселерді байқадым. Мысалы, өздерін сенуші деп санайтын көптеген адамдардың жүрегіндегі наразылық пен қанағатсыздық.

Тағы байқағаным – өздерінің құмарлықтарына еріп, тұра жолдан тайып кеткен уағыздаушылардың ақиқатты бұрмалаған уағыздары. Олар Киелі жазбаның күнәні әшкерелейтін тұстарынан қашқақтап, тыңдаушыларының күнәға батып бара жатқанын көрсе де, көрмеген болып жүр.

Осындай көзқарас сенушіні де, қызметкерді де барған сайын адастыра түседі. Олар қайда барса да, өздерін одан сайын шатастыратын, жалған

тәңірлерге бұрынғысынан бетер табындыратын ақыл-кеңес естиді.

Жаңа Өсиетте Пауыл елшінің болашаққа қатысты айтқан пайғамбарлық сөзі бар:

«Себебі адамдар дұрыс тәлімді еш қабылдамайтын уақыт та туады. Олар жеке құмарлықтарының жетегінде кетіп, құлақтарына жағатындарды ғана айтатын тәлім берушілерді көптеп шақырып, соларды тыңдайтын болады. Осылай олар шындыққа құлақ салмай, бос аңыздарға назар аудармақ» (2 Тім. 4:3).

Пауыл айтқан уақытқа қош келдіңіз! Тыңдаушылар өздері сияқты ашкөз “қызметкерлерді” тапса болды, құлақтарына жағатынды естиді.

Алайда, Құдайды қастерлейтін қызметкер Киелі жазбаның бірде-бір ескертуін елеусіз қалдырмайды. Құдайдың сөзін ұнамды жерлерін ғана емес, толығымен қабылдауға тиіспіз. Құдайдың адал қызметшісі шындықты айтады, түзетеді және жігер береді.

Пауыл айтқан “құлаққа жағатын” уағыздаушылар өз абыройын, өз жоспарларын, өз мақсаттарын ойлайды. Олар Құдайдың сөзін батылдықпен жариялаудың орнына тыңдаушыларына жағымды болуды, өз мақсаттарына жетуді көздейді.

Шындықты айтқан жалғыз адам

Яһуда патшасы Жосапат мол байлық пен зор атақ-даңқты иемденді. Алайда ол (соған қанағаттанбай, Солтүстік Исраилдің зұлым патшасы) Ахабпен одақтасып, құдандалы болды.

Жосапат үшін бұл одақ – жақсы іс емес-ті. Өйткені, ол өзі – Құдайды қастерлеуші, ал құдасы Ахаб – пұтқа табынушы болатын. Біраз жыл өткен соң Жосапат сапарға шығып, Ахабтың астанасы Самарияға қонаққа барды. Ахаб Жосапатты ғилақад аймағындағы Рамот қаласына бірігіп аттанып, шабуыл жасауға еліктірмек болды. Содан Ахаб Жосапатқа: “Менімен бірге ғилақадтағы Рамот қаласына аттанасыз ба?” деген сауал қойды. Жосапат Ахабқа: “Өзім де, халқым да сіздің құзырыңыздамыз. Сізбен бірге соғысқа аттанамыз” деп жауап берді. Мұнан кейін ол: “Алдымен Жаратқан Иенің осыған айтатын сөзін біліп алсаңыз екен!” деп қосты.

Сонда Ахаб патша Исраил халқының бетке тұтар уағыздаушылары мен пайғамбарларын шақыртты. Қос патшаның алдына бас-аяғы төрт жүздей адам жиналды. Бұл жиналғандар Бағалдың, Астартаның, Шемостың немесе басқа жалған тәңірлердің қызметкерлері емес, Жаратқан Иенің пайғамбарлары болатын. Ахаб олардан: “Ғилақадтағы Рамот қаласы үшін шайқасуға аттануымыз қажет пе? Әлде содан бас тартайын ба?”

Барлығы бірауыздан: “...аттаныңыз! Құдай оны патшамыздың қолына тапсырып отыр” деді (2 Шежіре. 18 тарауды қараңыз). Бұл ұстаздар тыңдаушыларына, әсіресе, сыйлы адамдарға, тек жағымды, жігерлендірер жолдау айтуға әбден машықтанып алған екен. Олар да Жаратқан Иенің пайғамбарлары болғанымен, шын мәнінде ашкөздікке берілген пұтқа табынушылар еді.

Бұл кісілер Исраил елінің ең беделді тәлімгерлері еді, олардың айтқандарына ешбір жан күмән келтірмейтін. Дегенмен, Жосапатқа мына кеңестері ұнамады. Құдайды қастерлеген адам ажырата білу қабілетінен айырылмайды. Жосапат: “Бұл жерде Жаратқан Иенің де пайғамбары жоқ па екен? Сол арқылы Жаратқан Иенің еркін сұрап біліп алайық” деп қоймады. Әлгі кісілердің Яхве Құдайдың қызметкерлері екенін ол білетін, алайда, олардың сөздері көңіліне қонбағандықтан осылай айтты.

Ахаб патша: “Елімізде Жаратқан Иенің еркін сұрап білуімізге болатын әлі де бір адам бар, Имелах ұлы Миқая. Бірақ оны жек көремін. Ол мен туралы әрдайым жақсы емес, тек жағымсыз пайғамбарлық сөздерді ғана айтады” деп жауап қайырды. Пұтқа табынушыға, жағымды уағызға үйреніп алған қауымға Шынайы Ізгі Хабар қызметкері сыншыл да міншіл, айыпшыл адамдай көрінеді.

Миқая Ахаб патшадан ештеңе дәметкен емес. Сондықтан да көзқарасы басқалардыкінен өзгеше. Оның қастерлейтіні патша емес, Құдай еді. Құдайды Жалғыз Ием деп білетін, бар үмітін бір Құдайға артатын. Патшаға емес, Құдайға ұнамды болуға тырысатын. Осындай көзқарасы Миқаяны басқалар тәрізді адасудан сақтады.

Жосапат былай деп өтінді: “О, патша, солай дей көрмеңіз. Оның да не айтарын тыңдап көрейікші”. Сонда Ахаб бір нөкерін шақырып алып, оған: «Имелах ұлы Миқаяны тез алып кел!» деп бұйырды. Бұл кезде екі патша Самария қаласының қақпасының жанындағы ашық алаңда орналасқан екі тақта отырған еді. Әлгі пайғамбарлардың барлығы екеуінің алдында

ерекше күйге түсіп, не болатыны туралы сәуегейлік айтып жатты. Хенаған ұлы Седекиях өзіне темірден екі мүйіз жасап алып: “Жаратқан Ие мынаны айтады: Осы мүйіздер сияқты зор күшпен арамалықтарды сүзіп, біржола құртасың!” деп пайғамбарлық сөз айтқанысыды.

Басқа пайғамбарлардың барлығы оның сөзін қостай жөнелді: “Ғилақадтағы Рамотқа өрлеп барып, жеңіске жетіңіз! Жаратқан Ие оны патшаның қолына тапсырып отыр”. Әрине, кереғар сөйлеп, көзге түскеннен көпшіліктің сөзін қоштаған қашанда оңай. Айналамыздағылар бас изесіп, сөзімізді мақұлдап отырса, бұрынғыдан бетер жігерлене түсеміз, жолымыздың дұрыстығына көзіміз жете түседі. Солай емес пе? Иә, олар Ахабтың құмарлықтарын дөп тауып айтты, жүрегіндерді қалауларын мақұлдап, ашкөздігін одан сайын қоздыра түсті, жалған тәңірлерінің тұғырын нығайтқандай болды.

Бұл кезде Ахабтың нөкері Миқаяға келіп, былай деп бұйырды: “Тыңда, пайғамбарлардың бәрі бірауыздан патшаға жағымды сөз айтуда. Сенің сөзің де солардікіндей болсын! Сен де жағымды жайтты болжамдарсың!” (2 Шежіре. 18:12).

Осындайды менің де естігенім бар. Кейбір атышулы қауымдардың бағушылары: “Джон, уағызыңды тыңдауға келген адамдарды жігерлендіргенің дұрыс қой. Уағызың позитивті болсын. Тыңдаушыларыңа қайрат пен жұбаныш бер. Жиналысты жігерлі өлеңмен аяқтаймыз, уағызыңның соңы соған сай болсын. Адамдарымыз рухтанып, көңілдері көтеріліп қайтсын” деп ақыл айтып жатады. Мен жай ғана қызметкер емеспін бе? Патшаның жолдауын қалайша бұрмаламақпын? Құдайдың жолдауын бұрмалап, өзгертсек, Құдайдың сөзін жеткізуші пайғамбары болудан қаламыз. Онда біз – Жаңа Өсиеттен жағымды аяттарды теріп алып, тыңдаушылардың естігісі келгенін айтып жүрген жай ғана жақсы адам болғанымыз.

Миқая жағымпаздыққа жоқ, сондықтан: “Мәңгі тірі Жаратқан Иенің алдында шын айтамын: Құдайым маған нені білдірсе, тек соны ғана айтып беремін!” деп жауап берді.

О, Әке! Біздің заманымызда да осылай сөйлей алатын жетекшілерді жібергейсің!

Миқая пайғамбар патшаның алдына келгенде, патша басқаларға қойған сұрағын оған да қойды: “Миқая, біздің ғилақадтағы Рамот

қаласы үшін шайқасуымыз қажет пе? Әлде содан бас тартайын ба?” Миқая (сықақтап) былай деп жауап берді: “Аттаныңыз, жеңіске жетесіз! Жаратқан Ие қаланы қолыңызға түсіреді!”

Миқаяның сықақтағаны Ахабтың намысына тисе керек: “Жаратқан Иенің атынан тек шындықты ғана айт деп саған қанша рет бұйыруға тиіспін?” деп ескертті ол. Сонда Миқая Құдайдың сөзін айтты: “Мен (бір бейнелі көріністе) бүкіл Израилдің бағушысы жоқ қойлар сияқты қыраттарда бытырап жүргенін көрдім. Жаратқан Ие мынаны айтты: Бұлардың қожайыны жоқ екен. Дұрысы, барлығы да үйлеріне тыныштықпен қайтсын!”

Ахаб Жосапатқа бұрылып: «Ол мен туралы әрдайым жақсы емес, тек жағымсыз пайғамбарлық сөздерді ғана айтады демеп пе едім?!» деп налыды.

Ал Миқая сөзін жалғастырып былай деді: “Жаратқан Иенің сөзін тыңдаңыздар! Мен Өзінің тағында отырған Жаратқан Иенің аянын көрдім. Көктегілердің бүкіл тобы ж Оның оң және сол жақтарында тұрды. Сонда Жаратқан Ие: «Израилдің патшасы Ахабты Ғилақадтағы Рамотқа өрлеп аттанып, сол жерде қаза табуға қайсың сендіресіңдер?» деген сауал қойды. Біреуі ананы, біреуі мынаны айтты. Ақыры бір рух ортаға шыға келді де, Жаратқан Иенің алдында тұра қалып: «Оны мен сендіремін» деп ұсынды. Жаратқан Ие одан: «Соны қалай істемексің?» деп сұрағанда, рух: «Мен сол жерге барып, Ахабтың барлық пайғамбарларының аузындағы өтірік хабар айтқызатын рух з боламын!» деп жауап берді. Сонда Жаратқан Ие: «Сен оны сендіріп, табысты боласың. Бар да солай істе!» деп шешті. Ал енді, міне, қараңыз: Жаратқан Ие мына барлық пайғамбарларыңыздың ауыздарына өтірік хабар айтқызатын рухты салып қойған. Себебі Жаратқан Ие сіздің басыңызға пәле түсетінін алдын ала кесіп қойды!” (18–22 аяттар).

Ахаб патша жүрегіндегі ашкөздігіне сай сәуегейлік естіді. Осы оқиға – Езекиел пайғамбардың сөзінде ашылған ақиқаттың дәлелі. Балағамның да, Ахабтың да жүрегін билеп алған пұтқа табынушылықты да, жалған сәуегейлік айтқан қызметкерлерін де Құдай әшкерелейді.

Ахаб Құдайдың сөзін емес, өзінің қалауларын қоштайтын сөз естігісі келді, соны естіді де. Ал Құдайдан келген ақиқат сөзден, өзін қорғай алар, құтқара алар сөзден бас тартты. Ақыры Ахаб патша жорыққа аттанды. Ол өзін ешкім танып қоймасын деп киімін өзгертіп, шайқасқа

шықты. Патша жаулары танымасын деп сақтық жасаса да, кездейсоқ атылған жебе Израилдің патшасы Ахабқа дәл тиді, патша қансырап барып, күн батарда жан тәсілім етті. Адамнан тығыла аламыз-ау, Құдайдан қайда тығылмақпыз?

Ал бүгінгі күніміз қалай? Бізге керегі – Құдай уәде еткен қауіпсіздік пен молшылық па, әлде құлаққа жағатын уағыздар ма? Алданып, тұзаққа түсіп отырып, “бәрі жақсы болады” деген жеңіл-желпі уағыз естігіміз келеді ме?

Осының барлығын Киелі жазба тұрғысынан қарастыра аламыз ба? Құдайдың сөзіне қастерлеп, ұзаққа созылатын жарылқауға ие болғанымыз жөн бе, әлде, қысқа мерзімді үстіртін игілікті иемденгеніміз дұрыс па?

ІС-ӘРЕКЕТ

Мәсіхші атанып жүрген адамдардың көбісі, өкінішке орай, тек жағымды сөздерді естігісі келеді. Құдайдан гөрі адамды қастерлеу мен ашкөздік тәлімгерлерді тура жолдан тайдырады, олар енді тыңдаушыларын жігерлендіруді ғана көздейді. Әрине, тәтті сөз құлаққа жағымды, алайда, адал өмір сүру үшін әдемі уағыз тыңдағанымыз жеткіліксіз. Және оған ере бергендердің ақыры қандай болары белгілі.

Ауыр тисе де, ақиқатты естігеніміз жөн. Шындық шымбайымызға қанша батса да, адасып барып, шайтанның тұзағына түскеннен жақсы.

Сіз ақиқатты аңсайтын адамсыз ба? Өміріңіз жайлы ақиқатты ашып беруін Құдайдан сұраңыз. Өміріңіздің кейбір салаларында білместікке бола алданып жүрген жоқсыз ба, Құдайдан соны сұрап біліңіз. Көктегі Әкенің көрсеткенін жазып алыңыз. Келесі аптада жазғаныңызды қайта қарап, ой елегінен өткізіңіз. Құлаққа жағымсыз болса да, ақиқатты айта білуіңіз үшін Құдайдан батылдық сұраңыз. Адамдармен ерегісудің қажеті жоқ. Алайда, Миқая пайғамбар айтқандай, “Құдай маған нені білдірсе, соны ғана айтамын” дей білу керек.

ЖАЛҒАН ИСА

«Қайдағы жалған Иса?» деп ойлаған шығарсыз? Осы тарауда сенушілерді жалған тәңірлерге бас идіретін күшті қарастырамыз. Неліктен сенушілер рухани криптонитке жем болып жүргенін түсінуге тырысамыз. Криптонит жеке сенушілерді де, бүтін қауымдарды да тонап, күшін тартып алып жүр.

Сендерді Өзіме алып келдім

Жоғарыда айтқанымдай, Израил халқының Мысырдан шығуы біздің күнәһар дүниеден шығуымызды бейнелейді. Мұса пайғамбар жанып тұрған бұтаның жанында Құдаймен кездескен болатын. Енді ол халықты сол төңірекке, Синай тауына қарай бастап келе жатыр. Мұсаның ниеті – Израил халқы да Құдаймен сондай ғажап кездесуді басынан кешірсін деген ниет. Уәде етілген жерге кірерден бұрын, халқын сол уәдені берген Құдай Тағаламен жолықтырмақ. Синайға жетісімен, «...Мұса Құдайдың алдына баруға тауға көтерілді. Жаратқан Ие оған тау басынан былай деп тіл қатты: «Жақыптың әулеті — Израил халқына мынаны жеткіз: «Сендер Менің мысырлықтарға не істегенімді, әрі өздеріңді балапандарын қанаттарымен тасыған қыран іспетті осы жерге, Өзіме аман-есен алып келгенімді көрдіңдер»» (Мысыр. 19:3,

4 орысшадан аударма). “Өзіме ... алып келгенімді” деген сөзге назар аударыңыз. Бізді күнәһар дүниеден алып шыққандағы Құдайдың түпкі ниетін осы сөзден көруге болады. Құдай сізді Өзіне алып келді. Құдай сізді қалайды, сізбен әке мен баланыкіндей қарым-қатынаста болғысы келеді. Ол – сіздің қамқор Әкеңіз.

Бірнеше жүз жыл бойы тұтқында болған халқын қарсы алғандағы Құдайдың қуанышы қандай болды десеңізші! Төрт ұлымның әрқайсысының дүниеге келуін асыға күткенім есімде. Лизаның аяғы ауыр болғаннан бастап, тоғыз ай бойы күтумен болдым. Баламды көруді, құшағыма алуды, емірене иіскеуді аңсадым. Олардың өскенін көріп, дауыстарын естіп, қандай адам боларын біліп, жаныма серік етуді армандадым. Басқа сөзбен айтқанда, төрт ұлымның әрқайсысын ыстық ықыласпен аңсадым.

Құдайдың да көңілі солай еді, және Ол балаларын тоғыз ай емес, әлдеқайда ұзақ күтті!

Осы кездесуге халық лайықты түрде дайындалуға тиіс еді. «Содан Жаратқан Ие Мұсаға мынаны бұйырды: “Халыққа бар да, оларды бүгін-ертең Маған бағышталып, күнәдан таза болуға шақыр. Бәрі киім-кешектерін жуып тазартып, бүрсігүнге дайын болсын! Сол күні Мен — Жаратқан Ие бүкіл халықтың көз алдында Синай тауына түсемін» (Мысырдан шығу 19:10, 11).

Құдайдың халыққа айтқан сөзін былай деп түсінуге болады: “Сендерді сағына аңсағаным рас. Алайда Менімен кездесуге дайын болуларың үшін киімдеріңді Мысырдың кірінен жуып тазартуларың керек. Мен сендердің Әкелеріңмін, сонымен қатар, Мен — Киелі Құдаймын, үстіртін ғана қарым-қатынсақа келіспек емеспін”.

Өзімшіл адаммен нағыз дос, сырлас бола алмайсыз. Жаратқан Иеміз біздің өзімшіл қалауларымызға еріп, күнәһар дүниенің адамдарынша өмір сүргенімізге, басқа адамдарды өзімшілдікпен пайдалануымызға жол бермейді. Біз үшін Өзін құрбан еткен Құдай біздің өзімшіл ниетіміздің соңында кеткенімізді қаламайды. Халық Синай тауына жеткеннен кейін, үшінші күні таң ата күн күркіреп, найзағай ойнап, таудың басын қалың бұлт басып, ғаламат қатты керней даусы естілді. Қоныстағы халықтың бәрі де қорыққаннан дірілдеп қоя берді. Мұса оларды Құдаймен кездестіру үшін қоныстарынан алып шығып, олар таудың етегіне барып тұрды. Жаратқан Ие тау басына от жалынына оранып в түскендіктен, Синай

тауын түгел түтін жапты. Таудан балқыту пешінен шыққандай түтін шығып, бүкіл тау қатты шайқалып тұрды. Керней даусы күшейген үстіне күшейе түсті. Қатты қорыққан Исраилдіктер Мұсадан: “Бізбен өзіңіз сөйлесіңіз, ал біз тыңдайтын боламыз. Құдай бізбен тікелей тілдесе көрмесін, әйтпесе құрып кетерміз” деп өтінді (Мысырдан шығу 20:19).

Мұса қайран қалды. Өздерін құлдықтан алып шыққан Құтқарушымен кездескісі келмегендері ме? Жаратқан Иенің даусын естігісі келмегендері қалай? Ал енді Құдайдың қаншалықты кейігенін ойлаңызшы. Осы сәтті асыға күткен Әженің көңілі қандай болды деп ойлайсыз? Мұсамен сырлас, жақын дос болғанындай, Исраил халқымен де жақын қарым-қатынаста болуды аңсаған еді. Олар болса, Құдайдың құзырына кіруден бас тартты.

Ұлдарымның бірі “Папа, менімен өзің сөйлескеніңді қаламаймын. Маған айтпағыңды ағам арқылы жеткізетін бол” десе, жүрегім қарс айырылмас па еді? Бұл не деген сұмдық!

Діни қызметкерлерді тағайындау

Халық Құдаймен тікелей тілдескісі келмеген соң, діни қызметкерлерді тағайындау керек болды. Діни қызметкер – халықтың атынан Құдайдың алдына келіп, халықтың сөзін сөйлейтін адам. Құдайдың айтқанын халыққа жеткізетін адам – пайғамбар. Еврейлердің пайғамбары Мұса болатын. Енді халықпен үздіксіз байланыс орнату үшін діни қызметкерлер керек болды.

Сонда Жаратқан Ие Мұсаға былай деп тапсырды: «Төменге түсіп, Һаронмен бірге қайта көтеріл» (Мысырдан шығу 19:24). Һарон Құдайдың ең алғашқы діни қызметкері болды. Алайда, Құдайдың бастапқы жоспарында Исраил халқы түгелдей діни қызметкерлер болуға тиіс еді. Олар Синай тауының маңына жеткенде Құдай: «Бүкіл жер — Менің иелігім, ал сендер Маған бағышталған қасиетті халқым болып, басқалардың игілігі үшін діни қызметкер мен патша секілді рухани билік жүргізетін боласыңдар» деген болатын (Мысырдан шығу 19:6). Құдайдың қалауы – Исраилдіктердің әрқайсысымен жеке қарым-қатынас еді.

Жаратқан Ие Мұсаға: “Төменге түсіп, Һаронмен бірге қайта көтеріл»деп тапсырған еді ғой. Алайда, әрі қарай оқысақ, Һаронның

Мұсамен бірге таудың басына көтерілгені жайлы жазылмаған. Мұса тауға шығып, қырық күн сонда болғанда, харонның қоныста қалып қоюының себебі неде? Бәлкім, Құдайдың құзырында болғаннан, адамдардың арасында болу харон үшін жайлырақ па? Құдаймен оңаша қалудан қорықты ма? Оны біле алмаймыз. Жалғыз білетініміз – көп ұзамай, харон ақылға қонбас іс істеді.

Жасанды Яхве

«Ал Мұсаның таудың басынан ұзақ уақыт бойы төмен түспегенін көрген халық харонның қасына жиналып: «Кәне, бізге алдымызда жүріп отыратын тәңір мүсіндерін жасап беріңіз! Себебі бізді Мысыр жерінен бастап алып шыққан анау Мұса болса, оған не болғанын білмейміз» деді» (Мысырдан шығу 32:1).

Не болғанын егжей-тегжейлі қарастырайық. Біріншіден, халықтың өз қалаулары бар еді. Екіншіден, харонда халықты аузына қарата алатын жетекшілік ету дарыны бар. Адамдардың көбісі мықты жетекшіге еруге бейім, оның Құдайды қастерлейтін-қастерлемейтініне қарамайды. Әлдебір танымал қызметкердің жолын қуушылардың көп болуы – оның Құдайды шынымен де танитынының дәлелі емес. Халықтың харонға айтқанын тыңдайық:

«Кәне, бізге алдымызда жүріп отыратын тәңір мүсіндерін жасап беріңіз! Себебі бізді Мысыр жерінен бастап алып шыққан анау Мұса болса, оған не болғанын білмейміз» (Мысырдан шығу 32:1).

Мұндағы көңіл аударатын жайт, адамдар “Құдайға не болғанын білмейміз” деп тұрған жоқ. Осы жерде бір маңызды мәселе көрініс тауып тұр. Оған кейінірек ораламыз.

Назар аударатын екінші жайт, халықтың “тәңір мүсіндерін жасап беріңіз” деуі.

«Тәңір» дегенді білдіретін еврей сөзі — *elohiym*. Көне Өсиетте бұл сөз 2600 реттен аса кездеседі. 2250 рет осы сөз Жаратқан Иеге қатысты

қолданылған. Мысалы, Жартылыстың басталуы кітабында отыз екі рет кездеседі. Киелі кітаптың ең бірінші аяты: “Әуел баста elohiym аспан мен жерді жаратты” дейді.

Заңды қайталау кітабында да солай (13:4): «Сендер тек Құдайларың (elohiym) Жаратқан Иенің (Яхве) жолымен жүріп, жалғыз Оны ғана қастерлеулерің керек! Оның өсиеттерін орындап, даусына құлақ асатын болыңдар! Әрдайым Жаратқан Иеге қызмет етіп, Одан ажырамастай берік ұстаныңдар!» Киелі жазба Құдайдың Өз есімін Яхве деп атайды да, elohiym сөзі Құдай деген мағынаны береді. Ол – Құдай, тыныс-тіршіліктің көзі, Оның мәртебесі бәрінен де жоғары.

Көне Өсиетте elohiym сөзі 250 рет Дагон (1 Патша. 5:7) немесе Бағал (3 Патша. 18:21) тәрізді жалған тәңірлерге қатысты айтылады. Сөздің кім жайында болып тұрғанын дұрыс түсінуіміз үшін аятты үзіп оқымай, мәнмәтінге қарауымыз керек.

Һарон халықтың дегеніне көніп, іске кірісті. Ол халыққа: “Ендеше әйелдерің мен ұл-қыздарыңның құлақтарындағы алтын сырғаларын шешіп алып, маған әкеліп беріңдер” деп тапсырды. «Һарон сырғаларды қолдарынан қабыл алып, балқытып, құралмен қағып, жас бұқа мүсінін жасады. Сонда халық: “Әй, Израил, сені Мысыр елінен бастап алып шыққан тәңірің — осы!” десті» (Мысырдан шығу 32:4). Иврит тілінде “тәңір” деген сөз elohiym. Алайда, олардың кімді айтып тұрғанын “сені Мысыр елінен бастап алып шыққан тәңірің” деген сөзден түсінеміз. Олар ақымақ емес, өздерін Мысырдан Кім алып шыққанын жақсы біледі. «Мұны көрген Һарон мүсіннің қарсы алдынан құрбандық ұсынатын орын тұрғызып, қатты дауыстап: “Ертең Жаратқан Иеге арналған мейрам болады!” деп жариялады» деген аяттардан да соны көреміз (Мысырдан шығу 32:5). Мұнда “Жаратқан Ие” деген сөздің орнында түпнұсқада Яхве деген сөз жазылған. Киелі кітаптың түсіндірме сөздігінде (CWSB) “Бұл сөз – Құдайдың жалқы есімі. Құдай Өзін Мұсаға Яхве деген атпен таныстырған болатын (Мысырдан шығу 6:2, 3). Құдайдың атын қастерлегендіктен, Яхве деген сөз дауыстап айтылмайтын. Орта ғасырларға дейін Көне Өсиетте Құдайдың аты тек дауыссыз әріптермен YHWH деп жазылатын”.

Яхве деген сөз Киелі кітаптың ешбір басқа жерінде жалған тәңірге қатысты қолданылған емес. Те осы аятта ғана солай болып тұр. Һарон бастаған халық өздерінің қолынан шыққан бұқаның мүсініне

қарап тұрып, оны Яхве деп атайды. Ақылға қонғысыз. Бұқаны Бағал, Дагон, Астарта, Ра, Нефтида немесе мысырдың жалған тәңірлерінің бірінің атымен атамайды. “Бізді Мысыр елінен бастап алып шыққан Ра — осы!” демейді. Есіңізде ме, олар “Мұса болса, оған не болғанын білмейміз” деп еді ғой, “Құдайға не болғанын білмейміз” деген жоқ. Яғни, Яхвенің бар екеніне күмән келтірмейді. Халық өздерін құтқарған, сауықтырған, қамтамасыз еткен – Яхве екенін мойындайды. Олар жай ғана шынайы Яхвені өздеріне қолайлы, сұрағандарын беретін Яхвенің бейнесімен алмастырды.

Осыны көзіңіздің алдына келтіру үшін қазіргі заманға сәйкес мысал келтірмекпін. Біздің «Messenger International» атты ұйымымызда тамаша адамдар қызмет етеді, сондықтан келесі әңгіме – жай ғана ойдан шығарылған мысал. Шын мәнінде әріптестерім ондай іске ешқашан бармайды. Лиза екеуіміз жетекші болғандықтан, жұмысымызда және күнделікті өмірімізде ұстанатын қағидаларымызды әрқашан жариялап жүреміз. Мысалы, ұйымымыздағы жұмыс күні сегіз сағат болса да, қызметкерлерімізден тоғыз сағат жұмыс істегендей нәтиже беруін сұраймыз. Ұжымның ішінде жақсы қарым-қатынас қалыптастыруға ұмтыламыз, әр адамның өз міндетін сапалы орындауын талап етеміз. Қызметкерлеріміз ұйымның серіктестеріне сүйіспеншілікпен қызмет етеді деп, күн сайынғы қойылған мақсаттардың бәріне жетіп отырады деп күтеміз. Тағы да осы тәрізді бірсыпыра талаптарымыз бар. Атқарушы директорымыз, атын өзгертіп, Тим дейін, біздің талаптарымыздың орындалып, ұйымның жұмысы тиісті деңгейде болуын қамтамасыз етеді.

Ал енді мынадай жайт болды дейік. Лиза екеуіміз іссапардамыз. Атқарушы директор да жұмыс орнында жоқ. Ұйымды уақытша бас бухгалтер басқаруға тиіс, оның аты Джордан болсын. Тим кеңседен шығысымен, Джордан: “Жігіттер, Джон мен Лиза жұмыстағы уақытымыз көңілді өтуін қалайды. Диджей шақырайық, музыканы қаттырақ қоямыз, би билейміз, бастықтар келгенше бірнеше күн дискотека жасаймыз” дейді.

Осылай көңіл көтеріп жүріп, олар “Джон мен Лизаның еркін орындап жүрміз. Олар біздің жұмыс уақытымыз көңілді өткенін қалайды” деумен болады. Қызметкерлердің бірі: “Жігіттер, Джонмен хабарластым. Тамаша дискотека ұйымдастырғанымызды айттым, ол қуанып қалды” дейді. Бұл айтқаны, әрине, – өтірік. Телефон шалып,

болып жатқанды білсем, қатты ашуланар едім.

Сонымен, бірнеше күннен соң Тимның іссапары аяқталып, кеңсеге келеді. Ол да қызметкерлерге ренжиді. Музыка мен жарқылдаған шамдарды сөндірітіп, ойындағысын айтып салады: “Джон мен Лизаға мыналарың ұнамайды. Олар осыны қалайды дегенді қайдан ғана шығардыңдар?!” Сосын Тим біздің талабымызға қарама-қарсы, мынадай ерескел нәрселерге жол берген жетекшілерді жұмыстан шығарады.

Енді өздеріне қолайлы құдай “Яхвени” жасап алған Исраил халқына қайта оралайық.

«Олар келесі күні ерте тұрып, құрбандық шалып, өртеп жіберді. Содан соң басқа да мал алып келіп, ризашылық құрбандығы ретінде шалды. Халық жайғасып отырып, құрбандықтан ішіп-жеді; біраздан кейін олар азғын ойындар ойнау үшін орындарынан тұрды» (Мысырдан шығу 32:6)

Яхвениң мерекесі тойланып жатыр. Жетекшілер де, қарапайым халық та құдайға арнап, құрбандық әкелуде. Осы істерінің “Яхвеге” ұнамды екеніне өздерін-өздері әбден сөндірген. Ол ашкөздікке де, желіккен мастыққа да, жүгенсіз той-томалаққа да қарсы емес деп ойлайды. Осындай істер Құдайдың алдында тіпті де күнә емес, қалыпты нәрсе деп өздері шешкен.

Енді халық пұтқа табынушылықтың ең алдамшы сатысында. Олар өздеріне жалған Яхве – шынайы Құдайға қарама-қарсы жалған тәңір – жасап алды. Осы бір жасанды құдай оларға өз қалауынша өмір сүруді, құмарлықтарына ес-түссіз берілуді рұқсат етеді. Тірі Құдайды қастерлемейтін пұтқа табынушы халықтардан еш айырмасы жоқ. Пауыл елші: “Олар Құдай туралы білсе де, Оны Құдай деп дәріптеп, шүкірлік еткен жоқ. Керісінше, адамдар түкке тұрғысыз ойға берілді. Содан саналарын қара түнек басып, наданға айналды” дейді (Рим. 1:21). Жалғыз айырмашылық, пұтқа табынушы халықтар өз тәңірлерін Дагон, Ваал, Хапи, Аммит, Сопду, тағы басқа аттармен атайтын, ал Исраил халқы өз Құдайын Яхве дейді.

Әрі қарай не болғанын көрейік. Құдай атқарушы директор Мұсаға былай деп бұйырды: “Тезірек төмен түс! Сен Мысырдан бастап алып шыққан халқың азғындыққа салынды! Олар Мен өздеріне өсиет

еткен жолдан лезде тайып шығып, алтыннан құйылған жас бұқа мүсінін жасап алды. Соған иіліп құлшылық етіп, құрбандық шалып, «Әй, Израил, сені Мысыр елінен бастап алып шыққан тәңірің — осы!» десті» (Мысырдан шығу 32:7, 8).

Мұса халықтың арасына қайтып келді. Ол біріншіден һаронның, сосын жетекшілердің, соңында халықтың есеп беруін талап етуге тиіс еді. “Мұса халықтың жүгенсіз кетіп, һаронның да олардың шектен шығуларына жол беріп, жауларына таба болғандарына көзі жетті. Сондықтан ол ел қонысының кіреберіс қақпасы алдына шығып алып: «Кім Жаратқан Иенің жағында болса, сол қасыма келсін!» деп шақырды. Сонда оның қасына Леуі руының барлық ер адамдары жиналды” (Мысыр. 32:25, 26). Леуіліктер Құдайға әндерін арнап, мадақтау үшін ғана емес, Құдайға жақ екендерін, Оның еркін орындауға дайын екендерін көрсетуге де келді. Біз де солай етуге тиіспіз.

Сонымен, өте маңызды бірнеше сұраққа жауап беруіміз керек.

Ойымызға келгеннің барлығын беретін әлдебір Исаны ойдан шығарып алып жүрген жопыз ба?

Иса біз үшін қанын төгіп, құтқарғанына, күнәдан азат еткеніне сенеміз бе?

Исаға арнап және Иса туралы өлеңдер айтып жүрміз. Мадақтап жүрген “Исамыз” Әкенің оң жағында отырған Иса ма, әлде жасанды, жалған “Иса” ма?

Жалған “Иса” жасап алып, шынайы Исаны келемеждеп жүрген жоқпыз ба?

Қауымдарымызда Мысырдан шыққан Израилдіктерге ұқсас адамдар көп пе?

Тағы бір, қосымша сұрақ: Мұса тәрізді, Құдайдың тауынан түсіп, алданғандарды әшкерелей алатын атқарушы директорлар қайда? Олардың жүректері жалын мен сүйіспеншілікке толы ма?

Сондай қызметкерлер болмаса, халық бұрынғысынан да адаса түседі. Онда Өміріміздің соңына дейін криптониттің әсерінен шыға алмаймыз.

ІС-ӘРЕКЕТ

Исаға сенемін деп айту оңай. Дегенмен, айналамыздағы адамдар сенушілер мен өздерінің арасындағы айырмашылықты көріп жүр ме? Мәсіхшілер Исаның атын жариялайды, Құдайды қастерлейміз дейді, сөйте тұра, күнәда өмір сүреді. Көптеген адамдардың мәсіхшілікке қарсы болып жүргенінің себебі осындай екіжүзділікте емес пе? Мұса «Кім Жаратқан Иенің жағында болса, сол қасыма келсін!» деген еді. Нағыз мәсіхшілер де бауырластарына осындай үндеу тастайтын күн келді. Кім Жаратқан Иенің жағында болса, сол ақиқатқа келсін!

Исаның жолын қуудың құны қымбатқа түседі. Өз өмірімізге өзіміз билік жүргізбейміз. Құдайға толықтай бағынамыз. Олай етпесек, Оны Иеміз деп мойындамағанымыз. Құдайдың бізді қамтамасыз ететініне сенеміз. Мәсіхшіліктің ұраны сол – Құдайға кел, құтқарылуды қабылда, өміріңді Исаның қолына тапсыр.

Шынайы Мәсіхшіліктің не екенін ойға салып көріңіз. Осы жайындағы өз ойларыңызды қағазға түсіріңіз. Бұрынғы пікіріңіз бен осы кітапты оқығаннан кейінгі ойыңыз ұқсас па? Отбасыңыздағы немесе қауымыңыздағы адамдардың қайсысымен осы ойларыңызды бөлісе аласыз? Сол адамға ақиқатты жеткізіңіз.

САЯХАТТЫҢ БАСТАЛАР ЖЕРІ

Мұса Таудан төмен түскенде Израилдіктер пұтқа табынушылыққа әбден батқан болатын. Бұрынырақ айтқанымыздай, пұтқа табынушылықтың түп-тамыры – Құдайдың еркін біліп тұрып, кереғар әрекет етуде. Иса Мәсіхті Ием әрі Құтқарушым дей тұрып, билігін мойындамасақ, пұтқа табынушылықтың ең алдамшы түріне шырмалғанымыз.

«Messenger International» ұйымындағы жағдайға қайта оралайық. Оның ойдан шығарылған мысал екенін есімізден шығармағанымыз жөн. Атқарушы директор Тим кеңсеге қайтып келіп, әлгіндей жүгенсіздікті көрсе, бас бухгалтер Джорданға ашуланар еді. Алайда, Джордан Тимге: “Кеңседегі көңіл күй көтеріңкі болсын деп Джон мен Лизаның өздері тапсырған, айтқандарын дәл орындап жүрміз!” деп жеңіл-желпі жауап береді.

Тим сонда не демек? “Джон мен Лизаның жұмыс орнында көңіл көтеріп жүріңдер дегені рас. Ал басқа тапсырмалары ше? Орындалып жатыр ма? Жұмыс күні сегіз сағат болса да, тоғыз сағат жұмыс істегендей нәтиже шығардыңдар ма? Ұйымның серіктестеріне сүйіспеншілікпен қызмет ету жағы қалай? Күнделікті қойылған мақсаттардың бәріне жетіп жүрсіңдер ме? Қойылған талаптың біреуін ғана орындап, қалғандарына мән бермей кетіпсіңдер ғой”.

Қазіргі қауымның істеп жүргені осы емес пе? Меніңше, Жаңа Өсиеттен өзімізге ұнайтын тапсырмаларды теріп алып, соларды ғана ұстанып жүрміз. Құтқарылу бізге тегін берілетінін, өз істерімізбен құтқарыла алмайтынымызды сеніммен жариялап жүрміз. Бауырластарымызды сүйетінімізді айтамыз. Өміріміздің жайлы болуын қалаймыз. Бірімізге біріміз қызмет етеміз. Жақсы, жаңа мадақтау жырларын жазып, оларды нақышына келтіріп орындап жүрміз. Заманымызға сай, жақсы жетекшіміз. Қауымдарымызды нығайтуға бар күшімізді саламыз. Осы айтылғандардың барлығы – дұрыс, Жаңа Өсиетте осындай әдістер айтылады.

Алайда, Құдайға ұнамды өмір сүру, кішіпейілділік, ұстамдылық, порнографиядан және басқа да күнәдан аулақ болу сияқты маңызды нәрселерді елеусіз қалдырып жүрген жоқпыз ба?

Жақындарымызға гомосексуализм, азғындық, маскүнемдік, түрпайы қалжың, бос сөз, ашу-ыза, кекшілдік, өсек-аяң сияқты күнәлардан бойын аулақ ұстауды ескертіп айтамыз ба? Жаңа Өсиеттегі басқа да нұсқаулар мен ескертулерді өзіміз ұстанып, басқаларға да үйретеміз бе?

Исаның сөздерінің арасынан қоғамымыздың бұрмаланған көзқарасына қайшы келмейтіндеріне назар аударып, басқасын көрсек те, көрмегендей болып жүргеніміз дұрыс па?

Бойымызға сіңген Құдайға ұнамсыз әдеттерді қоштайтын Исаны қолдан жасап алған жоқпыз ба?

Мәңгі өмірге апаратын тар жолды кеңейтпек болып жүрміз бе?

Бір-екі ауыз сөзден тұратын мінәжатты қайталап айтып шықса болды, күнәһар тозақтан құтқарылады деп сене аламыз ба?

Киелі жазбадағы Құдайға ұқсамайтын, жасанды Исаға сеніп жүрген жоқпыз ба? Жаңа Өсиетте қойылған қиын сұрақтар мен мәселелерден қашқақтап жүрміз бе?

Пауыл елші: «Сондықтан бүгін сендерге салтанатты түрде ешкімнің қанын мойныма жүктемеймін деп мәлімдеймін. Себебі мен уағыз айтқанда ештеңені жасырмай, Құдайдың еркін түгел жарияладым» дейді (Елшілер. 20:26, 27).

Ақиқатты жарым-жартылай емес, толық айтып, толық қабылдап,

толықтай іске асыруға тиіспіз. Пауыл елші Ізгі хабардың жағымды тұстарын ғана емес, ештеңені жасырмай, Құдайдың еркін түгел жариялады. Тағы бір аудармада “Құдайдың сөзін жариялағанда не қорыққан, не қысылған, не өзімді тежеген емеспін, сөйтіп Құдайдың еркін, нұсқауын, жоспарын сендерге түгел жеткіздім” делінген (ағылшыннан аударма, *Amplified Classic*).

Жаңа Өсиеттің қолайсыз тұстарын жасыратын болсақ, Пауыл елшімен бірге «Сондықтан бүгін сендерге салтанатты түрде ешкімнің қанын мойныма жүктемеймін” деп айта алмаймыз. Ақиқатты түгел жариялай аламыз, алайда одан бас тартамыз. Сонда келесі жиналысымызға ешкім келмей қояды деп қорқамыз ба?

Мәсіхшілер қиын сұрақтардан қашқақтай бастағанына біраз жыл болды. Соның жемісін қазір татып жүрміз. Көптеген сенушілер күнәнің жолына түсіп кетті. Осы орайда көптеген мысал келтіруге болады. Есіме бір танымал қызметкер әйел түсіп отыр. Ол кісі көптеген конференцияда уағыз айтқан, бірнеше кітаптың авторы. 2016 жылы сол әйел некесінің аяқталғанын жария етті (оны қалай түсінетініңізді өзіңіз біліңіз). Жұбайынан ажырасып, басқа әйелмен тұрмыс құрып, неке қиятынын айтты.

Ол әлеуметтік желілерде сол әйелмен бірге түскен суреттерін шығарып, екеуінің өмірінде болып жатқан жаңалықтарды жұртпен бөлісіп жүреді. Бірде екеуінің сүйісіп тұрған сәтін суретке түсіріпті де, осы махаббатының әрбір сәті “пәк таза да қасиетті” екенін жазыпты. Киелі жазба қасиеттілік деп осыны айтып па еді? Сол әйелдің осындай күйге түскенін ойласам, жүрегім қарс айырылады. Осы бір “Ізгі хабар қызметшісі” өзін Құдайдың алдында ақпын деп жүр, өзі адасып жүріп, өзгелерді құтқарғысы келеді, адамдарға қызмет етпек.

Бәрінен де алаңдататыны – жүздеген мың адамдардың оған қолдау көрсетуі, жылы сөз айтып, қолпаштауы. Ол Құдайдың атынан сөйлейді, ал оқырмандары мен тыңдаушылары сонысымен келіседі. Жолын қуушылардың саны артып келеді. Осының бәрі жаныма қатты батады, жүрегімді ауыртады.

Америкадағы өте танымал бағушылардың бірі жақында оқырмандары мен қауымының мүшелерінің алдында мәлімдеме жасады. Оның айтқаны, еркекжанды еркектер де, әйелжанды әйелдер де Исаның адал шәкірттері атана алады. Оның айтуынша, біржынысты жұптармен көп

сөйлесіп, оларды әбден түсінгеннен кейін осындай байламға келген. Олардың махаббаты еркек пен әйелдің арасындағы махаббатпен бірдей-міс. Міне, Жаңа Өсиеттің кейбір аяттарын әдейілеп көрмегенсу осылай алжастырады. Осы жетекшінің сөздері қаншама адамды адастырды десеңші!

Өте қайғылы жайт. Батыс елдеріндегі қауымдарда Жалған Иса пайда болды, сондықтан шынайы Исаны табу қиындап бара жатыр. Шынайы Иса осындай ма? Құдайдың сүйіспеншілігі осындай ма? Шынайы сүйіспеншілік дегеніміз тек мейірімділік, төзім мен қайырымдылық па? Осы сұрақтарды өзімізге өзіміз қоюға тиіспіз. Әрине, мейірімділік, төзім, қайырымдылық дегендер – өте жақсы қасиет. Дегенмен, Киелі жазбадағы шынай сүйіспеншіліктің анықтамасын есте ұстағанымыз жөн. «Ал өсиеттерін орындағанымыз — Құдайды сүйгеніміз; оларды орындау қиын емес» (1 Жохан. 5:3).

Сүйіспеншілікті басқаша түсінгеніміз – Жаңа Өсиетпен келіспегеніміз ғой?

Тәубе ету қажет

Паул елшінің сөзіне назар аударайық: “Ел алдында және жеке үйлерде уағыз айтып, тәлім беріп жүргенде сендерге пайда болатын еш нәрсені қалдырмай, бәрін түгел айттым. Яһудилер мен гректерге: «Күнәларыңа өкініп, Құдайға бет бұрып, Иеміз Иса Мәсіхке сеніңдер!» деп ескерттім” (Елшілер. 20:20, 21).

Міне, шынайы Ізгі хабар! Алғашқы қадам – күнәға өкініп, Құдайға бет бұру! Тәубе ету, күнәға өкініп, Құдайдан кешірім сұрау – шарт, онсыз ешкім де жоғарыдан туылмайды, Құдаймен татуласа алмайды. Алайда, Ізгі хабарды айтқанымызда, күнәнарларды мінәжатқа шақырғанымызда, осыны айтпай, жасырып қаламыз.

Осыдан бірнеше жыл бұрын басымнан өткен жайды әңгімелеп берейін. Бір күні Киелі Рух: “Марқа жазған ізгі хабардың бірінші тарауын оқып шық” деді. Тарауды бастан-аяқ оқып шықтым. Бұрын байқамаған, жаңадан ашылған ештеңе болмады. Киелі Рух: “Тағы да қайталап оқып шық” деді. Тағы бір оқып шықтым. Тағы ештеңе бйқамадым. Осылайша үшінші, төртінші, бесінші рет қайталанды. Жетінші рет оқығанымда асықпай, әрбір сөзге мән бере оқыдым.

Бірінші сөйлем жарқ еткендей болды: «Мұнда Иса Мәсіх — Құдайдың рухани Ұлы туралы Ізгі хабардың бастамасы жайында баяндама берілген...» (Марқа 1:1). Келесі сөздер назарымды өзіне аударды: “Біліп ал, Мен хабаршымды алдыңнан жіберемін, ол жүретін жолыңды дайындап қояды”. Сол хабаршы – Жақия пайғамбар болатын. Жақияның атқарған қызметі “шомылдыру рәсімі” болатын. Шомылдыру дегеніміз суға жарым-жартылай емес, толықтай батыру. Жақия пайғамбардың толықтай тәубе ету жайлы уағызы – Ізгі хабардың бастамасы болып табылады. Тәубе етпей, ешкім де Исамен жақын қарым-қатынасқа кіре алмайды.

Сол жолы Киелі Рух: “Төрт Ізгі хабардың әрқайсысы Жақияның қызметі жайлы әңгімеден басталады. Жақияның қызметі Жаңа Өсиеттегі Ізгі хабардың маңызды бөлігі болып табылады” деді.

Әрі қарай Киелі Рух назарымды Исаның мына сөздеріне аударды: “Барлық Пайғамбарлар жазбалары мен Таурат Құдайдың хабарын Жақияға дейін жеткізіп келді” (Матай. 11:13). Атып тұрып, “Иә, дәл солай!” деп дауыстадым. Иса: “Барлық Пайғамбарлар жазбалары мен Таурат Құдайдың хабарын Маған (Иса Мәсіхке) дейін жеткізіп келді” деген жоқ. Жоқ, олай емес. Өйткені, Жаңа Өсиеттің басталар тұсы – Жақияның қызметі. Яғни, Ізгі хабар тәубе етуден басталады. Адам барлық күнәларына өкініп, тәубе еткеннен кейін ғана Құдайға бет бұрып, Исамен шынайы қарым-қатынасқа кіре алады.

Тәубе ету – кіре беріс есік!

Джастин мен Анджела жайлы әңгіме есіңізде болар? Анджеланың неке туралы түсінігі бұрмаланған түсінік еді ғой, есіңізде ме? Ол бұрынғы жігіттерімен қош айтысқан жоқ. Джастинді сүйетіні рас, ол – Анджеланың ең жақын адамы, уақытының көбісін Джастинмен өткізгісі келеді. Алайда, неке қияр алдында бұрынғы көңілдерімен арадағы барлық байланысты (тәндерінің, жандарының, сезімдерінің байланысын) үзу керектігін Анджелаға ешкім түсіндіріп айтпаған сияқты. Осындай үзілді-кесілді шешім ғана – оның Джастинмен некедегі қарым-қатынасының бастамасы бола алады.

Әйелінің Тонимен оңаша кездесетінін білгендегі Джастиннің қаһарын көргенде Анджела қайран қалды. Ол неге сонша күйіп-піседі? Анджела “Мұнысы несі, қызғанғаны ма?” деп таң қалды. Иә, Джастин әйелін қызғанады. Қызғануға хақылы да. Құдайымыз

да бізді қызғанады, басқаша болуы да мүмкін емес. Біз Құдаймен келісімшартқа кірдік. Енді ашыналарымызбен ойнасты қалайша жалғастыра бермекпіз?

Жақия пайғамбардың Киелі жазбада келтірілген алғашқы сөздері: «Теріс жолдан қайтып, Құдай жолына түсіңдер! Құдай Патшалығының жер бетіне орнайтын кезі таяп қалды!» (Матай. 3:2). Бұл да кездейсоқ жағдай емес.

Теріс жолдан қайтып, тәубе етуге шақырған жалғыз Жақия ма? Жаңа Өсиетте осыны айтқан басқа адамдар жоқ па? Жоқ! Исаның мына сөзін оқиық: «Теріс жолдан қайтып, Құдай жолына түсіңдер! Себебі Құдай Патшалығының жер бетіне орнайтын кезі таяп қалды!» (Матай. 4:17).

Иеміз Иса Мәсіх тәубе етудің Құдаймен әрі қарайғы ұзақ та терең қарым-қатынас үшін маңызы қаншалықты зор екенін біледі.

Кейінірек Иса Өзінің істеген кереметтерін көбірек көрген қалаларды күнәларына өкініп, теріс жолдан қайтпағандары үшін айптаған болатын (Матай. 11:20).

Анджела бұрынғы жігіттерінен үзілді-кесілді бас тартып, өзін толықтай жалғыз ғана Джастинге арнауға тиіс еді. Біз де солай, Өзімізді жалғыз Иеміз Иса Мәсіхке бағыштауымыз үшін, бұрынғы күнәнің бәрінен тәубе етіп бас тартуға тиіспіз.

Исаның жолдауының нағыз өзегі – тәубе ету, теріс жолдан қайту. «Мен «әділдерді» и емес, күнәкарларды теріс жолдан қайтуға шақыру үшін келдім» (Лұқа. 5:32). *“Теріс жолдан қайту”* деген сөзге назар аударыңыз. Ең басты шарт – осы. Басқа жерде Иса жиналғандарға: «Жоқ, деймін сендерге, олай емес. Егер сендер теріс жолдарыңнан қайтып, Құдайдың жолына түспесеңдер, бәрің де осылай құрсыңдар!» деп айтады (Лұқа. 13:3).

Тәубе етпей, теріс жолдан қайтпай, Құдайға келу де мүмкін емес – ақиқаты сол.

Исаның шәкірттері миссионер ретіндегі алғашқы саяхатында не уағыздағанын көрейік: “Сонымен елшілер жолға шығып, халыққа: «Теріс жолдан қайтып, Құдай жолына түсіңдер!» деп уағыздап жүрді” (Марқа 6:12).

«Халыққа» деген сөзге назар аударыңыз. Тәубе етпей, құтқарылу жоқ, осыны барлық адамға, халықтарға жеткізуге

тиіспіз. Тозақ отына түскен бай да тәубе етудің қаншалықты маңызды екенін біледі: «...Ыбырайым ата! Егер өлгендердің біреуі барса, онда олар теріс жолдан қайтады, — деп жалынады ол» (Лұқа. 16:30).

Иса қайта тірілгеннен кейін осы жолдау өзгерді ме? Лұқа жазған ізгі хабарды ашып оқиық. Иса шәкірттеріне ақиқатты түсіндіре отырып, былай дейді: «Оның атынан Иерусалимнен бастап барлық ұлттарға да теріс жолдан қайтқан адамдардың күнәларын Құдай кешіреді деген Ізгі хабарды жариялау қажет» (Лұқа. 24:47).

Көне Өсиет пайғамбарлары алдын ала айтып кеткендей, Құдайдың кешірімін тек Мәсіхте, және ағынан жарылып тәубе ету арқылы ғана алуға болады. Петір елші де осыны айтады. Петірдің тұңғыш уағызының алғашқы сөздері мынау: «Әрқайсың күнәларыңның кешірілуі үшін теріс жолдан қайтып, Иса Мәсіхтің атымен шомылдыру рәсімінен өтіңдер! Сонда сендер Құдайдың сыйын — Оның Киелі Рухын қабылдайсыңдар» (Елшілер. 2:38).

Құдайдың алдына тәубе етпей келе алмайтынымызды тағы да көріп отырмыз. Пауыл ше? Исраилдан тыс, басқа елдердегі уағыз да сондай ма? Пауыл елшінің Агриппа патша алдында тұрып айтқан сөздерін оқиық:

«...маған көктен аян беріп, Бұйырғанға бағынбай тұра алмадым. Керісінше, алдымен Дамаск пен Иерусалимнің, одан кейін бүкіл Яһудея аймағының тұрғындары мен басқа ұлт адамдарына да: «Теріс жолдан қайтып, Құдайға бет бұрыңдар, әрі соған лайықты іс істеңдер!» деп уағыз айтып жүрдім» (Елшілер. 26:19, 20).

Қай ұлттың адамы болсын, құтқарылуы үшін тәубе етуі шарт. Бұл шартты қойған Құдайдың Өзі. Пауыл елші түсіндіреді:

«Өткен дәуірлерде Құдай мұндай ұғымсыздыққа сабырлылық көрсетті, алайда қазір Ол барлық жердегі адамдардың бәріне де теріс жолдан қайтуды бұйырады» (Елшілер. 17:30).

Иса Мәсіхтің ілімінің негіздеріне үңілсеңіз, бірінші қағиданың қандай боларын біліп отырған шығарсыз:

«Сол себепті Мәсіхтің Ізгі хабарының ең бастапқы тәлімін былай қойып, одан бетер жетілу үшін алға басайық. Тағы да ең негізгі тақырыптарға: бізді рухани өлімге бастап әкететін қылықтардан бас тартып, Құдайға сенім арту жайында...» (Евр. 6:1).

Теріс жолдан қайтудың міндет екенін айтатын аяттар әлі де көп, олардың бәрін келтірудің қажеті жоқ деп ойлаймын. Әуелі тәубе етіп, теріс жолдан қайтпай, Иса Мәсіхте сенімге ие бола алмаймыз.

Міне, сондықтан да, порнографиядан бас тартпай, өзімізді мәсіхші дей алмаймыз.

Үйленбей тұрып, жыныстық қатынасқа түсуді тоқтатпасақ, өзімізді сенуші деп санай алмаймыз.

Шынымен де сенуші болсақ, салық төлеуден қашпауымыз керек.

Кешірім беруден бас тартсақ, өзімізді мәсіхші деп санай алмаймыз. Бұл тізімді әлі де жалғастыруға болады.

Жаңа Өсиеттегі нұсқауларды ішінара ғана орындайтын болсақ, “Исаның көшірмесін” жасап алғанымыз. Олай болса, сеніміміз – жалған, алданып жүрміз. Киелі жазба былай деп ескертеді:

«Құдайдың айтқандарын құр естуші ғана болмай, оларды іске асырушы болыңдар! Әйтпесе өздеріңді-өздерің алдайсыңдар» (Жақып. 1:22).

Ақиқатты біз айтпасақ, Құдайды іздеп жүргендер Оны қалай таппақ? Біз оларға тек: “Құдайдан теріс айналып кеткен болсаң, көктегі Әкеңе орал. Ол сені күтуде. Менімен бірге мінәжат ет” деп қана үндеу тастасақ, оларға деген сүйіспеншілігіміз кәне?

Олай етсек, Анджеланың әке-шешесіндей болғанымыз. Олар да ең маңызды нәрсені айтпай қалған. Неке қиярда басқа жігіттердің бәрінен үзілді-кесілді бас тартасың деп ескертпеген. Енді міне, Анджела адасып, түк түсіне алар емес. Ал оны жан-тәнімен сүйетін, некеге адал жұбайы Джастин ашулы.

Тыңдаушымыз кім болса да, шынайы Ізгі хабар біреу-ақ: біріншіден, теріс жолдан қайтып, тәубе ету, екіншіден, Құдайдың жолына түсу.

Анджела шындықты бұрынырақ, тұрмысқа шықпай тұрып,

білмегеніне өкінді. Құтқарылу үшін не істеу керектігін айтпағанда, біз де Анджелаға ұқсас сенушілердің санын көбейтеміз.

ІС-ӘРЕКЕТ

Жаңа Өсиеттің жолдауы анық: теріс жолдан қайтпай, құтқарылу жоқ. Күнәһар дүниемен қош айтыспай, Исамен неке қия алмақ емеспіз. Жаңа өмір бастау үшін ескі өмірден бас тарту керек.

Бұқарамен байланыс жөніндегі маман болсаңыз, жұмысыңыздағы ең басты нәрсе – ойыңызды өте түсінікті, тайға таңба басқандай анық етіп жеткізе білу екенін түсінесіз. Осы қағиданы ұстанбасаңыз, тыңдаушыларыңыз сізді дұрыс түсінбейді, сөзіңіз нысанасына тимейді. Сондықтан да Құдай бізге Өз жолдауын өте анық та түсінікті етіп жеткізді. Құдайға келген әрбір адам алдымен тәубе етуге тиіс!

Тәубе етудің қаншалықты маңызды екенін осы кітапты оқи отырып бұрынғыдан тереңірек түсінген боларсыз? Осыған орай өміріңізде қандай өзгерістер болмақ? Айналаңыздағы адамдармен, туған-туысқан, жақындарыңызбен, күнәһарлармен қарым-қатынасыңыз өзгереді ме? Ол қандай өзгеріс? Тәубе етудің маңыздылығын түсінгеннен кейін қандай әрекет жасауыңыз керек, соны Құдайдан сұрап біліңіз. Құдайдың айтқанын жазып алыңыз да, іске кірісіңіз.

ТӘУБЕ ЕТУ

Алдыңғы тарауда Киелі кітаптан “Теріс жолдан қайтып, Құдайға бет бұрыңдар” деген сөзді бірнеше рет оқыдық. Теріс жолдан қайту, тәубе ету — мәңгі өмірге ие болудың міндетті шарты. Сондықтан тәубе етуді жан-жақты қарастырғанымыз жөн.

Біріншіден, Жаңа Өсиеттегі тәубе ету мен Көне Өсиеттегі тәубе етудің айырмашылығы бар. Көне Өсиетте адам күнәларына өкініп, теріс жолдан қайтудың белгісі ретінде азалы киім киіп, басына күл себетін. Зар еңіреп жылау, жерге етпетінен түсіп жату, көзінің жасын көл қылу, осының бәрі – тәубеге келіп, тура жолға қайтудың көрінісі еді. Ал Жаңа Өсиетте тәубеге келудің нышаны – сырт көзге көрінер істер емес, жүрек тереңіндегі өзгерістер⁷

Жаңа Өсиеттегі тәубе ету

Жаңа Өсиетте «тәубе» (metanoia) сөзі жиырма төрт рет, ал «тәубе ету» сөзі (metanoieo) отыз төрт рет кездеседі. Осы сөздің кең тараған анықтамасы — «сананың өзгеруі». Алайда, осы екі сөзбен ғана шектелсек, тәубе етудің шынайы мағынасынан көз жазып қаламыз.

«Baker Encyclopedia of the Bible» атты Киелі кітаптың

энциклопедиясына жүгінсек, тәубе ету — «сананың толықтай өзгеруі, адамның жеке жоспарларының, ой-ниетінің, пікірінің өзгеруі ғана емес, жеке тұлғаның күнәһар өмірден Құдайға қарай бұрылуы» (курсивті қосқан өзім).

Маған осы түсіндірмедегі жеке тұлға деген сөз аса ұнайды. Яғни, ой-сананың өзгеруі жеткіліксіз. «The Lexham Theological Wordbook» сөздігі одан да терең анықтама береді, тәубе ету дегеніміз — «адамның өзінің ой-санасы мен өз еркін күнәдан Құдайға қарай бұруы» деп түсіндіреді.

Тәубе етуге ой-санамыз қатысады, әрине. Дегенмен, ой-санамен тәубе ету аз, сезім де, ерік те қосылуы тиіс. Жүрегімізбен, сана-сезімімізбен, жан-дүниемізбен тәубе етеміз. Иса былай деген:

«Себебі жүректен шығатындар мыналар: жаман ойлар, кісі өлтіру, неке адалдығын бұзу, азғындық, ұрлық, өтірік, жамандау. Осылар адамды арамдайды. Ал қол жуу рәсімін орындамастан тамақ ішу ешкімді арам қылмайды» (Матай. 15:19, 20).

Іс-әрекет қашанда жүректен шығады. Теріс жолдан қайту үшін тек ой-сананың өзгеруі жеткілікті болса, Иса: «...ой-санадан шығатындар мыналар...» деп айтар еді. Исаның мына сөздеріне назар аударайық: «Оларды «жемістерінен» (яғни іс-әрекеттерінен) танысыңдар...» (Матай 7:16). Іс-әрекетіміз шын мәнінде кім екенімізді көрсетеді.

Ізгі хабар біздің тереңде жатқан ой-ниеттерімізді өзгерту арқылы, іс-әрекетімізді өзгертеді. Ізгі хабардың шынайы ықпалы жаңаша ойлау, немес жаңа эмоциялардан емес, тереңде жатқан ниеттер мен пікірлердің өзгеруі, сол арқылы іс-әрекеттің түбегейлі өзгеруінен көрінеді.

Өмірлік қағидалары мен іс-әрекеті Жаратушының мінез-құлқына кереғар екенін сезінгенде ғана адам тәубе ете алады. Осыны жүрекпен ұққан адамның көзқарасы да, қалаулары да, іс-әрекеті де өзгереді. Құдайға ұнамсыз нәрселерді құмартып әрі қоштап жүргенімізді түсінгенімізде жан-дүниеміздің түбегейлі өзгеруін қалаймыз, әлгі істер мен құмарлықтардан арылуға тырысамыз. Тәубе ету дегеніміз Құдайға шын жүректен мойынсұну. Тәубе ету арқылы Құдайдың рақымы келеді. Сол рақым бізге Құдайға ұнамды өмір сүруге күш-қуат береді.

Сенбеуші

Теріс қылықтарына өкіну – сенушінің де, сенбеушінің де өмірінде болатын нәрсе. Алайда, екеуінің арасында біраз айырмашылық бар. Алдымен сенбеушіні қарастырайық.

Алдыңғы тарауда Жақия пайғамбардың, Исаның, елшілердің “Теріс жолдан қайтып, Құдайға бет бұрыңдар” деген сөзін мысалға келтірдік. Осы екі талап бірімен-бірі тығыз байланысты. Екеуін бөліп-жара алмаймыз. Киелі кітаптағы тәубе ету – Құдайға бет бұру деген сөз. Құдайға шын жүрегімен бет бұрған адам:

«Ненің дұрыс, ненің бұрыс, ненің жақсы, ненің жаман екенін өзі білетін адамша өмір сүрген екенмін. Адасқан екенмін, соны білдім. Бұдан былай Құдайдың жақсы дегенін шын жүрегіммен, ой-санаммен жақсы деп қабылдаймын, соны жүзеге асыратын боламын» деп мәлімдеме жасайды.

Тәубе еткен адам шын жүрегімен, яғни ой-санасымен, еркімен, эмоцияларымен Құдайдың еркін орындауға шешім қабылдайды. Күнәһар адам тәубе еткенде өз өмірін өзі басқарудан бас тартып, Құдайға толықтай бағынатынын мойындайды. Сонда Құдайдың даусын ести алатын болады.

Күнәһарлар шын жүректен тәубе еткенде пұтқа табынушылықтан бас тартып, Құдайға толықтай мойынсұнады да, Құдайдың еркіне сай жүруге бел буады. Яғни олар: “Бұдан былай ешбір ойды, пікірді, дәлелді, пайымдауды Құдайдың сөзінен жоғары қоймаймын” деген шешім қабылдайды. Пауыл елші былай деп батылдықпен айтады:

«Қолданып жүрген қаруларымыз осы дүниелік емес, оларда Құдайдың құдіреті бар. Солармен жау бекіністерін талқандаймыз; оның дәлелдемелерінің қате екенін әшкерелеп, адамдардың Құдайды тануларына бөгет болатын тәкаппарлық атаулыны құртып, күллі ой-пікірлерін Мәсіхке бағындырамыз» (2 Қорынт. 10:4, 5).

Құдайдың қаруы – Оның Сөзі, даналығы, ақыл-кеңесі. Күнәһар болмыстың қаруы – философия, мәдениет, салт-дәстүр, заң, қоғамда

кеңінен тараған, Құдайдың сөзіне кереғар өмір салты. Осыдүниелік жүйе арқылы шайтан сенушілерге қысым түсіріп отырады, мәсіхшілерді де, сенбеушілерді де ар-ожданынан аттауға көндіруге тырысады.

Жоғарыда келтірілген үзіндідегі “талқандаймыз” және “құртып” деген сөздерге назар аударайық. Осы екі сөз Көне Өсиетте адамдардың жалған тәңірлерден бас тартуына қатысты жиі айтылады. Сондайда Исраил халқы пұттарды құлатып, сындырып, талқандап, құртып, жоятын еді. Пұтқа табынушылықтың тамыры – жалған тәңірдің мүсіні емес, Құдайға қарсы іс-әрекеттер, сондықтан, олар пұттарды талқандаумен ғана шектелмей, күнәһар істерінен арылуға тырысты. Осыны ұмытпағайсыз.

Пауыл елші де осы жайында айтады. Мәсіхтен алшақтап кеткен адамдардың күнәһар ой-пікірлерін Құдайдың сөзімен әшкерелейміз. Соның арқасында тыңдаушыларымыз теріс жолынан қайтып, Құдайды тануларына бөгет болатын тақаппарлық атаулыны құртады да, күллі ой-пікірлерін Мәсіхке бағындырады. “Теріс жолдан қайтып, Құдайға бет бұрыңдар” деген осы.

Философиядағы айырмашылық

Алғашқы қауым мен қазіргі қауымның қызметінің арасындағы басты айырмашылықты қарастыратын уақыт келді. Күнәһарларды құтқаруда Ізгі хабардың күнәні әшкерелемейтін тұстарына көңіл қойғанымыз дұрыс деген пікір қазіргі заманда, әсіресе, Батыс елдеріндегі қауымдарда кеңінен тараған. Басқа сөзбен айтқанда, позитивті болуымыз керек, күнә жайында сөз қозғамағанымыз дұрыс. Тауардың жақсылығын асырып, жамандығын жасырған, сөйтіп сатып алушыны алдаған сатушыдай болып кеттік. Өкінішке орай, осы әдіс Ізгі хабар тарату ісінде кеңінен қолданылып жүр. Осы бір қате философияның екі түрлі “пайдасы” бар. Біріншіден, заңшылдықтан аулақ боламыз, адамдардың жанын жараламаймыз. Заңшылдықта жанашырлық жоқ. Заңшыл адамның ниеті – өз пікірінің дұрыстығын дәлелдеу, басқаларға билік жүргізу, өз абыройын асыру. Осыған жету үшін ол жанашырлықты былай қойып, заңның мүлтіксіз орындалуын қадағалайды. Заңшылдық қатігез, адамдардың жанын жаралайды. Исаның атынан сөйлейтін кейбір адамдар мен қауымдар сенушілерді жаралап тастағандықтан, олардың енді барар жері жоқ. Көптеген сенушілердің Құдайдан теріс айналып кетуіне заңшылдық кінәлі.

Заңшыл “қызметтің” салдары қандай болатынын Иса суреттеп берген болатын: «...Дін мұғалімдері мен парызылдар, екі жүзділер, сендер қасіретке қаласыңдар! (Халық үшін) Құдайдың Патшалығын халықтан жауып құлыптап қоясыңдар: өздерің де кірмейсіңдер, кіргісі келгендерге де жол бермейсіңдер!» (Матай. 23:13).

Сонымен, заңшылдықтан арылмақ ниетіміз – орынды. Дегенмен, шектен шыққанымыз дұрыс болмас. Заңшылдыққа түсіп кетуден қорқып, енді Жаңа Өсиет қызметінен бас тартамыз ба? Заңшылдыққа жол бермейміз деген ниетпен енді күнәні әшкерелеуден, адамдарды тәубе етуге шақырудан бас тартпақпыз ба?

Меніңше, кейінгі кезде қалыптасқан ізгі хабар Киелі жазбаға сәйкес емес. Тәубе етуге шақырмасақ, адам қалай құтқарылмақ? Құтқарылу үшін тәубе етіп, теріс жолдан қайтудың шарт екенін Киелі кітаптан анық көрдік. Біздің қысқартылған Ізгі хабарымызды естіген адамдар шын мәнінде де құтқарылады ма?

Тәубе ету жайлы айтпаудың екінші “пайдасы” – жаңа адамдарды жинау оңайырақ. Ірі қауым, не үлкен қызмет құру, рухани жанұя ашу жылдамырақ жүзеге асады. Һаронның қате әрекетіне көпшіліктің ергені есіңізде болар? Жолымызды қуушылардың көп болуы Құдайдың алдында әділ екенімізді дәлелдейді ме? Таразы – қауымдағы адам саны емес, ақиқатты ұстану-ұстанбауымыз. Исаның құрбандығын ұмытқынымыз ба? Күнәдан бас тарту (өзіңнен бас тарту) мен айқышыңды алып жүру (Оған толық мойынсұну) жайлы Исаның айтқандарын ұмыттық па?

Күнәға батқан адамды әшкерелемесек, ол Құдайдың сөзіне емес, қоғамның талабына сай өмір сүре береді. Қоғамда неке қимай тұрмыс құру, маскүнемдікке салыну, тұрпайы әзіл-оспақ бағдарламаларын көру, тағы басқа істер айыпқа саналмайды. Ал бұлардың бәрі Жаңа Өсиеттің нұсқауларына кереғар.

Аспанның стандарттары

Жаңа Өсиетте қандай нұсқаулар бар демексіз ғой? Ендеше айтайын, Жаңа Өсиетте қасиетті өмір сүруге, ойымызды таза ұстауға шақыратын бесжүздей нұсқау бар. Құдайдың рақымы туралы ең терең рухани түсінік алған адам – Пауыл елші: «Сүндеттелу не сүндеттелмеу

маңызды емес, бастысы — Құдайдың өсиеттерін орындау» деп жазады (1 Қорынт. 7:19).

Мысалы, Құдай некеден тыс жыныс қатынасына тыйым салып қана қоймайды, ондай істердің жазаланатынын да ескертеді. Ефестіктерге арналған хатында Пауыл елші былай дейді:

«Мынаны біліп қойыңдар: неке адалдығын бұзатындар, ұятсыздар және ашкөз адамдар — жалған тәңірлерге табынушылар. Мұндайлардың ешқайсысына да Мәсіхтің және Құдайдың Патшалығында орын жоқ. Ешкім де сендерді өтірік сөздерімен алдамасын! Себебі Құдайға мойынсұнбайтындарға осы күнелары үшін Оның қаһарлы соты төніп тұр» (Ефес. 5:5, 6).

Еврейлерге арналған хатта былай делінген:

«Некеге барлығың да құрметпен қарап, жар төсегін былғамандар! Азғындар және неке адалдығын бұзғандар Құдайдың сотына түспек» (Евр. 13:4).

Бұл сөздер некеден тыс жыныс қатынасына ғана емес, порнографияға да, азғындықтың басқа түрлеріне де қатысты. Осыны біз айтпасақ, адамдар қалай білмек? Адамдарды шын сүйсек, олардан ақиқатты жасырамыз ба?

Азғындар, жалған тәңірлерге құлшылық етушілер, неке адалдығын бұзушылар, нәпсіқұмарлар, еркекжанды еркектер, ұрылар, дүниеқоңыздар, маскүнемдер (соның ішінде нашақорлар да бар), өсекшілер және тонаушылар үшін Құдайдың Патшалығында орынның жоқтығын Киелі кітап анық айтады.

«Әділетсіздердің Құдайдың Патшалығынан орын алмайтынын білмейсіңдер ме? Алданбаңдар: азғындар, жалған тәңірлерге құлшылық етушілер, неке адалдығын бұзушылар, нәпсіқұмарлар, еркекжанды еркектер, ұрылар, дүниеқоңыздар, маскүнемдер, өсекшілер және тонаушылар үшін Құдайдың Патшалығында орын жоқ!» (1 Қорынт. 6:9, 10).

Заңшылдар шынайы сүйіспеншілігі жоқтықтан Құдай Патшалығына көп зиян тигізді. Олар Жаңа Өсиеттің сөздерін басқалардан өздері

мақұл көретін стандарттарға сай болуды талап етудің құралы ретінде пайдаланды. Осындай заңшыл талаптардан аулақ боламыз деп жүріп, Исаның өсиеттерін жариялаудан қалып қойған жоқпыз ба? Осыдан біраз уақыт бұрын бір үлкен қауымда Қорынттықтарға арналған бірінші хаттың осы аяттарына сүйене отырып, уағыз айттым. Бірінші уағызымнан кейін маған тағы да бірнеше рет сөз берілуге тиіс еді. Әлгі уағыздан кейін маған қауымның бағушысы жолығып, қалған уағыздарымда гомосексуализм мәселесін қозғамауымды сұрады. Дәл сол кезде жанымызға бір әйел келді. Ол басқа әйелмен жиырма жылдан астам уақыт жыныс қатынасында болыпты. Көзіне жас алып тұрып: “Джон, сіз бүгін мен туралы айттыңыз. Сіздің “Жақсылық па, Құдай ма?” деген кітабыңызды қайдан алуға болады?” деп сұрады.

Ізгі хабарға деген өз көзқарасымызды ұстана берсек, жұрт аспанның стандарттары жайлы қайдан білмек? Жақия пайғамбардың тәлімі сол заманғы қауымда кең тараған күнәларды әшкерелейтін. Ол байларға байлығын жарлылармен бөлісуді, салық жинаушыларға белгіленген мөлшерден артық еш нәрсе талап етпеуді, мықтыларға әлсіздерге зорлық жасамауды, жұмыскерлерге алған жалақыларын қанағат тұтуды үйретті. Ақиқатты аңсаған халық Исаға еріп айдалаға баруға да дайын еді. Исаның уағызын естіп, тәубе еткендер көп болды. Әлгі әйел де солай, көп жыл бойы істеп жүргені күнә екенінен бейхабар болатын, енді ақиқатты естіп, жүрегін ашты.

Жақия пайғамбар Ирод патшаның жеңгесімен көңілдес болып жүргенін бетіне басып, күнәсін әшкереледі. Сол шындықты айтқанының құны – өз өмірі болды. Жақия билік басындағы адамға жағынуды ойлаған жоқ. Ол Иродты әшкерелемегенде, өмірі ерте үзілмес пе еді. Алайда, Жақияның өмірінің болашақтағы жемісіне қараңызшы: біраздан кейін Исаның Өзі Жақияны көпшіліктің алдында қошаметпен еске алады (Матай 11:7–15). Және, ең бастысы, – Жақияның мәңгілікте алар тамаша сыйы. Жақия күнәһарларды құтқаруда аспан стандарттарына адал болды.

Пауыл елші де сол ақиқатты ұстанады. Оның күнәһарларға арналған уағызы екіұшты емес, тік, тайға таңба басқандай анық: «...алдымен Дамаск пен Иерусалимнің, одан кейін бүкіл Яһудея аймағының тұрғындары мен басқа ұлт адамдарына да: «Теріс жолдан қайтып, Құдайға бет бұрыңдар, әрі соған лайықты іс істендер!» деп уағыз айтып

жүрдім» (Елшілер. 26:20). Пауыл Тимотеге: «Құдайдың сөзін уағызда! Мұны адамдарға ұнауы, ұнамауына қарамастан әрдайым орындауға табандылықпен ұмтыл. Олардың қателерін әшкерелеп, тыйым сал, әрі жақсылыққа жігерлендіре тұрып, зор сабырлылықпен тәлім бер!» (2 Тім. 4:2). Басқа қызметкерге: «Бұларды қауымдарға барлық беделіңмен айтып беріп, насихаттап, елемейтіндерді әшкереле. Ешқайсысы сені менсінбей жүрмесін» деп тапсырады (Тит. 2:15).

Пауыл сөзін жұмсартып, бұлтармайды. Бірде ол ел басқарып жүрген Феликс атты адам мен оның жұбайы Друзиллаға Ізгі хабар айтты. Ұлы елші оларға жігер беретін жарқын уағыз айтудың орнына тіпті басқа нәрселерді айтты:

«Бірнеше күннен кейін Феликс Друзилла есімді яһуди әйелімен қайтып келді де, Пауылды шақыртып алып, Мәсіх Исаға сену туралы айтқандарын тыңдады. Бірақ Пауыл әділдік, ұстамдылық және болашақ қиямет соты туралы айта бастағанда, Феликс үрейленіп: «Енді бара бер, реті келгенде, сені тағы шақыртып аламын», — деді» (Елшілер. 24:24, 25).

Осы әңгімені басынан аяғына дейін оқып шықсақ, Феликс Пауылды Құдай туралы хабарды естімек болып шақырғанын көреміз. Ол Жаратушыны танып білмек. Феликсті қауымға келіп жүрген, Құдайды білгісі келетін, бірақ әлі құтқарылмаған адаммен салыстыруға болады. Пауылдың уағызы Феликстің тәтті күнәларын әшкерелесе керек. Феликстің үрейленіп, Пауылды қайтарып жібергені де сондықтан.

Билік басында жүрген беделді адам қауымдағы жиналыстан шығып бара жатып: “Уағыздаушының сөзі үрейлендіреді екен, енді келмеспін” дегендей. Ол неге үрейленді? Күнәсі әшкереленген, сол күнәдан бас тартқысы келмейді. Себеб сонда емес пе?

Пауыл елші қазіргі Батыс философиясына сай уағыз айтса, жолдауы мынадай еді: “Феликс, Құдай сені сүйеді. Иса сен үшін құрбан болды. Оны жүрегіңе қабылдағың келеді ме? Мінәжаттың сөздерін менің соңымнан қайталап шық”. Болды.

Феликс пен Пауылдың арасындағы әңгіме олай болған жоқ. Феликс елшінің сөзінен үрейленді. Феликс жалғыз жолмен – тәубе ету арқыла ғана мәсіхші бола алады. Пауыл соны біледі. Пауыл әшкерелейтін

уағыз айтпай, жігер беретін уағыз айтып, артынан Феликсті тәубе етуге емес, Исаны қабылдауға шақырса, Феликс алданып жүре берер еді. Ол жоғарыдан туылдым деп жүргенде шын мәнінде әлі сол құтқарылмаған пұтқа табынушы болып қала берер еді. Сонда Пауыл елші Қауымға криптониттің кіруіне жол беретін еді. Алайда, елші – Иса Мәсіхтің адал қызметшісі, ондайға жол бермек емес.

Қазіргі замандағы Ізгі хабар таратушы – біз де сондай болуға тиіспіз.

ІС-ӘРЕКЕТ

Қазіргі қауымдардағы адамдардың көбісі – “құтқарылу мінәжатын” қайталап, соның арқасында құтқарылдым деп жүргендер. Олар Исаның біз үшін құрбан болғанын мойындап, өміріне шақырады. Ал егер қызметкерлер адамдарды теріс жолдарынан қайтып, тәубе етуге шақырса, не болар еді? Қауымдарымыз қандай болар еді? Қауымда қанша адам қалар еді деп ойлайсыз?

Бәлкім, осы ойдың өзі кейбір адамдарды, әсіресе жетекшілерді ызаландырар. Алайда, сол қалған адамдар қандай сенуші болар еді, соны ойлаңызшы. Уағыздаушылар қауымдарды аралап, тәубе етуге шақырғанда алғашқы ояныш басталған болатын. Сол жалынды уағыздарды естігендер күнәларына өкініп, орындықтардың арасында Құдайға жалбарынып, жылап жататын. Сол жиналыстарда тәубе еткен мыңдаған адамдар әлемді өзгертті. Бүтіндей бір қалалар Құдайға бет бұрды.

Күнәні әшкерелейтін, тәубе етуге шақыратын уағыз қауымдарымыздағы адам санын сиретуі де, көбейтуі де мүмкін. Тәубе етуде жатқан құдіретті күшті сізге ашып беруін Құдайдан сұраңыз. Осы күш сіздің жеке өміріңіз бен қауымымызға келсін, сол үшін мінәжат етіңіз.

ҮШ ПАТША

Соңғы қырық жылдың ішінде Патшалықтар туралы төрт жазба мен екі Шежірелер кітабын бірнеше қайталап оқыдым, мұқият зерттедім. Жақында осы кітаптарды ерекше зейін қойып тағы оқыдым. Бір жайтты байқамай жүр екенмін, Құдай соны көрсетті.

Әрі қарай сол кітаптарға егжей-тегжейлі шолу жасаймыз. Көне Өсиеттегі патшалардың өмірін қарастыра отырып, терең ақиқатты ашамыз.

Әлгі кітаптарды бұрын оқып жүргенімде Исраил мен Яһуда патшаларын екі санатқа бөлетінмін. Бірі – “Жаратқан Иеге ұнамды әділ істер істейтіндер”, екіншісі – “пұтқа табынушылар”. Алайда, осы жолы түсінгенім – патшалардың кейбіреуі үшінші санатқа жатады екен.

Олардың біреуі де Құдайға ұнамды істер істеп, әділ жолмен жүрген жоқ. Яһуда елінен бастайық. Онда Саул, Дәуіт, Сүлейменнен кейін жиырма патша билік құрды. Робоғам, Абиях, Жорам, Охозиях, Аталия, Ахаз, Манаса, Амон, Жоғахаз, Жохақым, Ехониях және Седекиях. Осы патшалардың тұсында елдің жағдайы нашар болды, жан-жақтан шапқан жауға таланды.

Құдайды қастерлеген патшалар да болды. (Мысалы, Дәуіт пен Сүлеймен, алайда Сүлеймен кейінгі жылдары Құдайдың өсиеттерін көп бұзатын болды). Исраил екі патшалыққа бөлінгеннен кейін, Аса,

Жосапат, Жоғас, Амасиях, Ұзиях, Жотам, Езекия және Жосия сияқты патшалар болды. Сегіз патша кіретін осы тізімді екіге бөлер едім. Бір тізімге жеке өмірінде Құдайға ұнамды, әділ істер істейтін, бірақ халықтың арасындағы пұтқа табынушылықпен күреспеген патшалар, екінші тізімге жеке өмірінде де Құдайды қастерлейтін, патшалық билігін пайдаланып, пұтқа табынушылықпен де күрескен патшалар кіреді.

Тарихқа үңілсек, екінші тізімдегі патшалар билік құрған жылдары халықтың әл-ауқаты жақсарып, ел өркендей түскенін көреміз.

1. Дәуіт. Оның тұсында ел арасында пұтқа табынушылық болған жоқ. Дәуіт патша халықты Құдайға шын жүректен, жан-тәнмен беріле қызмет етуге шақырды. Дәуіттің тұсында Израил жаудан жеңілген емес. Дәуіттің тақта отырған жылдары – патшалықтың өркендеген шағы. Өзінен кейін билікті ұлы Сүлейменге мұра етіп қалдырды.
2. Сүлеймен. Патшалық құрған жылдарының көбісінде әкесі Дәуіттің жолымен жүрді. Құдайды қастерлеуінің арқасында өзінің де, халқының да өмірі тамаша болды. «Сүлеймен патшалық құрған уақыттың бәрінде Яһуда мен Израилдің халқы алаңсыз тіршілік етіп, солтүстіктегі Даннан оңтүстіктегі Бер-Шебаға дейінгі бүкіл өлкеде әр адам өз бау-бақшасында тұрып жемістерін рақаттана жейтін» (3 Патша. 4:25). Елде өкіметтің жәрдеміне зәру болып отырған бірде-бір адам болған жоқ. «Бүкіл дүниенің патшалары Сүлеймен патшаның даналығы туралы естіп білгендіктен, күллі ұлттардың өкілдері оның даналығын тыңдап, үйренуге келіп жататын» (3 Патша. 4:34). Әрі қарай: «Жердің барлық адамдары Сүлейменмен жүздесіп, оның Құдай сыйлаған даналығын и тыңдауға құштар болды» деп жазылған (3 Патша. 10:24). Киелі жазба Сүлеймен жайлы: «Осылайша Сүлеймен әкесі Дәуіттің орнына патша болып, Жаратқан Иенің халқының тағына отырды. Сүлеймен іс-әрекеттерінде табысты болып, бүкіл Израил халқы оған мойынсұнды» дейді (1 Шежіре. 29:23). Сүлеймен патшаның тұсында ел гүлденді: «Патша Иерусалимде алтын мен күмісті тас сияқты үйреншікті нәрсе әрі шетелден әкелінетін қымбат самырсындарды өз елінің төменгі қыраттарында көптеп өсетін тұт ағаштары іспетті мол етті» (2 Шежіре. 1:15). Алайда

Сүлеймен көптеген шетелдік әйелдерге ғашық болды. Олар оны тура жолдан тайдырып әкетіп, адастырды, қартайған шағында әйелдері Сүлейменнің жүрегін бөтен тәңірлерге бұрып әкетті. Сонда Израилдің Құдайы Жаратқан Ие Сүлейменге қаһарланды. Өйткені ол өзіне екі рет аян берген Жаратқан Иеден теріс бұрылып кетті. Соның нәтижесінде Құдай патшалықты Сүлейменнің ұлы Робағамның қолынан жұлып алды, оның билігінде екі ру ғана қалды.

3. Робағам. Робағамның заманында Яһуда халқы Жаратқан Иеге жек көрінішті істер істей берді.
4. Абиях. Абиях өзінен бұрын патша болған әкесінің жолымен жүріп, оның жасаған күнәларының барлығын да жасай берді.
5. Аса. Аса да Жаратқан Иеге ұнамды әділ істер істеді. Онысымен қоймай, пұтқа табынушылықпен күресті. Ол жалған тәңірлердің табыну орындарында азғындықпен айналысқан барлық еркектерді елден аластатып, өзінің аталары жасап қалдырған тәңір мүсіндерінің бәрін қиратып құртты. Сондай-ақ, Аса патша тіпті өзінің әжесі Маханы «патшаның шешесі» деген құрметті атағынан айырды. Себебі Маха жалған тәңір Ашераға арналған ағаш бағананы жасатып, орнатқан еді. Патша сол жексұрын бағананы шауып құлатып, Қидрон сайында өртеп жіберді. Аса тек биіктеу жерлердегі табыну орындарын ғана құртпады. Әйтсе де бүкіл өмір бойы Аса Жаратқан Иеге шын жүректен берілген адам болды. Аса әкесінің және өзінің Құдайға бағыштаған заттарын: алтын-күміс пен басқа да құнды бұйымдарын Жаратқан Иенің киелі үйіне апарып қойды (3 Патша. 15:11–15). Асаның заманында елде он жылға тыныштық орнады. Аса өзінің сиынатын Құдайы Жаратқан Иеге ұнамды ізгі де әділ істер істеді. Ол бөгде тәңірлерге арналған құрбандық орындарын және биіктеу жерлердегі табыну орындарын қиратып құртты. Солардағы тас бағаналарды сындырып, Ашераға бағышталған ағаш бағаналарды да шауып тастады. Патша, сондай-ақ, яһудалықтарға ата-бабаларының сиынған Құдайы — Жаратқан Иеге бет бұрып мойынсұну әрі Оның Таурат заңы мен өсиеттерін орындау жайлы да бұйырды (2 Шежіре. 14:2–4). Аса халықты пұттарға табынудан бас тартып, Жаратқан Иеге бет

бұрғызды, соның арқасында елде тыныштық орнап, халықтың берекесі кірді: «Аса Яһуданың күллі қалаларынан биіктеу жерлердегі табыну орындарын және хош иісті заттар түтетілетін үстелдерді құртып, алып тастады. Оның тұсында патшалық бір тыныш кезеңді өткізді» (2 Шежіре. 14:5). Осы бейбітшілік жылдарында патша Яһуда елінде қамалды қалалар салды. Сол жылдары онымен ешкім соғысқан жоқ, себебі Жаратқан Ие оған тыныштық сыйлаған еді. Кейінірек Құштық Зарах сан мыңдаған жасақшылардан және үш жүз соғыс күймесінен тұратын әскер қолымен Яһуда еліне қарсы аттанып, (елдің батыс жағындағы) Мареша қаласына жетті. Яһуда патшасы Аса оларға қарсы шығып, екі жақ Марешаның маңындағы Сефата аңғарында сап түзеп, шайқасқа дайындалды. Аса Құдай Иесіне дауыстап сиынып былай деді: «Уа, Жаратқан Ие, әлсізді мықтыдан қолдап-қорғайтын құдірет жалғыз Сенде ғана! О, Құдайымыз — Жаратқан Ие, бізді қолдай гөр! Біз Саған сенім артамыз, Сенің атыңмен осы қарақұрым тобырға қарсы аттанып шықтық. Уа, Жаратқан Ие, Сен біздің Құдайымызсың! Пенденің Өзіңнен басым болуына жол бере көрме!» Сонда Жаратқан Ие Асаның және Яһуда жасағының көз алдында құштық Зарахтың жасақшыларына соққы берді. Содан олар қаша жөнелді. Құштықтардың қаза тапқандары соншама көп болып, олар қайтадан күш жинай алмады. Өйткені олар Жаратқан Иенің және Оның қолдаған жасағының алдында қырылып талқандалған еді. Ал яһудалықтар қолдарына ағыл-тегіл олжа түсіріп, алып кетті (2 Шежіре. 14 тарауды қараңыз). Асаның әскері күші басым жауды талқандап қана қоймай, ағыл-тегіл мол олжаға кенелді. Құдайды жеке өзі қастерлеумен шектелмей, басқаларды да соған шақырған жетекшінің қандай жарылқау алатынын көріп тұрмыз.

6. Жосапат. Жосапат жеке өмірінде де, халық басқаруда да Жаратқан Иеге ұнамды әділ істер істеді. Ол халықты жалған тәңірлерден бас тартып, теріс жолдан қайтуға шақырды. Әкесі Асаның заманынан бері жалған тәңірлердің табыну орындарында азғындықпен айналысқан еркектердің кейбіреулері әлі де елде қалып отырған еді. Жосапат патша

соларды құртып, жоқ қылды. (3 Патша. 22:46) Патша шын жүректен Жаратқан Иеге бағышталған еді. Содан ол Яһуданың биіктеу жерлеріндегі жалған тәңірлерге табыну орындарын да, Ашераға арналған ағаш бағаналарды да қиратып алып тастады. (2 Шежіре. 17:6). Патшалық құрған үшінші жылы Жосапат бірнеше лауазымды қызметкерлерін халыққа тәлім беру үшін Яһуда елінің қалаларына жіберді. Олар Жаратқан Иенің Таурат заңының кітабын алып, Яһуда елінде солардан тәлім бере бастады. Осылайша олар бүкіл Яһуда елін аралап, халыққа Таураттағы ережелерді үйретіп шықты. Жосапаттың жүргізген билігі қандай нәтиже берді? «Жаратқан Иенің Өзі Яһуданың айналасындағы елдердің бәріне үрей төндіргендіктен, Жосапатпен соғысуға олардың дәті бармады. Қайта, бірсыпыра філістірлер Жосапат патшаға сыйлықтар және алым-салық ретінде күміс әкеліп, табыстап отырды. Көшпенді араб тайпалары да отарларынан жеті мың жеті жүз қошқар мен жеті мың жеті жүз серке айдап әкеліп беретін. Күш-қуаты барған сайын өсе берген Жосапат Яһудада қорғандар және азық-түлік пен қару-жарақ қорлары сақталатын қалалар салғызды...» (2 Шежіре. 17:10–12). Келесі тарауда: «Осылай Яһуда патшасы Жосапат мол байлық пен зор атақ-даңқты иемденді» делінген (2 Шежіре. 18:1). Жосапат тура жолдан таймағандықтан, Жаратқан Ие оған жар болды. Яһуда еліне жау шапқанда, Құдай оларды біріне-бірін қарсыластырып, өзара қырғынға салды, бірінің семсерінен бірі қырылған жаудан Жосапат пен Яһуда халқы көптеген олжа алды. «Содан Жаратқан Ие Жосапаттың қолындағы патшалық билікті нығайтып, бүкіл Яһуда елі оған сыйлықтар алып келіп тұрды. Осылайша патша мол дәулет пен зор атақ-даңққа ие болды. Патша шын жүректен Жаратқан Иеге бағышталған еді. Содан ол Яһуданың биіктеу жерлеріндегі жалған тәңірлерге табыну орындарын да, Ашераға арналған ағаш бағаналарды да қиратып алып тастады» (2 Шежіре. 17:5,6). Жосапаттың жіберген үлкен қателігі – Исраилдің патшасы, пұтқа табынушы Ахабпен құда болып, әскери одақ құруы. Осының салдарынан ұлы зардап шекті, өзі де жау қолына түсе жаздады. Сонда Ханани ұлы Еху атты пайғамбар патшаның істерін былай деп әшкереледі: «Зұлым

адамды қолдап, Жаратқан Иені жек көретіндерді жақсы көргеніңіз дұрыс па?!» (2 Шежіре. 19:2). Бірақ, жалпы алғанда, Жосапаттың өз өмірі де, Яһуда халқы да патшаның Құдайға деген мойынсұнуының арқасында өркендеуде еді.

7. Жорам. Жаратқан Иеге жек көрінішті істер істеді.
8. Охозиях. Жаратқан Иеге жек көрінішті істер істеді.
9. Аталия. Жаратқан Иеге жек көрінішті істер істеді.
10. Жоғас. Ол туралы: «...Жоғас Жаратқан Иеге ұнамды әділ істер істеді» (2 Шежіре. 24:2) деп жазылған. Алайда Жоғас жалған тәңірлерге табынатын жерлерді жойған жоқ. Пұтқа табынушылықпен ел арасында күрес жүргізбеді. Кейін, «...діни қызметкер Еходай қайтыс болғаннан кейін, Яһуда елінің басшылары Жоғас патшаның алдына келіп, бастарын иіп, патшаны өздерінің айтқандарына құлақ асуға көндірді. Содан олар ата-бабаларының сиынған Құдайы Жаратқан Иенің киелі үйін ескерусіз қалдырып, Ашераға арналған бағаналарға және басқа да тәңірсымақтардың мүсіндеріне табынатын болды. Олардың осы кінәларының кесірінен Құдайдың қаһары Яһуда мен Иерусалимге төнді» (2 Шежіре. 24:17, 18). Айналасындағыларға патша ықпалын тигізуге тиіс еді. Керісінше, Жоғас олардың ырқына өзі көніп кетті. «Осы кінәларының кесірінен Құдайдың қаһары Яһуда мен Иерусалимге төнді» (18-аят). Құдайдың Рухы Зәкәрия атты діни қызметкерге қонды. Зәкәрия бүкіл халықтың алдына шығып, былай деді: «Құдай мынаны айтады: Сендер неге Жаратқан Иенің өсиеттерін бұза бересіңдер? Бұларыңмен табысқа жетпейсіңдер! Сендер Жаратқан Иеден бас тарттыңдар, енді Ол да сендерден бас тартатын болады!» (20-аят). Сол жылдың соңында Арама елінің әскері Жоғасқа қарсы аттанды. Олар Яһуда мен Иерусалимге басып кіріп, олардың халық арасындағы барлық басшыларын өлтірді. Жау әскері тонап алған олжаларының бәрін Дамаскідегі Арама патшасына жіберді. Яһудалықтар ата-бабаларының сиынған Құдайы — Жаратқан Иеден бас тартып кеткен еді. Сол себепті Арама әскері азғана адаммен аттанып келсе де, Жаратқан Ие Яһуданың өте үлкен әскерін олардың қолына тапсырды. Осылай жау Жаратқан Иенің Жоғас патшаға шығарған үкімін орындап шықты (23, 24 аяттар). Арамалықтар кетіп қалған кезде

Жоғас патша қатты жаралы болып жатты. Нөкерлері оған қарсы астыртын сөз байласып, төсекте жатқан жерінде өлтіріп тастады. Жоғас – күнәға батқан халқын тәубе етіп, теріс жолдан қайтуға шақырмаған жетекші. Оның ақыры қайғылы болды.

11. Амасиях. Киелі кітап: «Амасиях Жаратқан Иеге ұнамды әділ істер істесе де, онысын шын жүректен істеген жоқ» дейді (2 Шежіре. 25:2). «Биіктеу жерлердегі табыну орындары қиратылып тасталмады. Халық сол орындарда құрбандық шалып, өртеп, хош иісті зат түтетіп ұсынуларын жалғастыра берді» (4 Патша. 14:4). Амасиях патша Едомның әскерін жеңіп, талқандады. Осы жеңісінен кейін паңданған Амасиях Израил патшасы Жоғасқа елшілерін жіберіп, “Кел, бетпе-бет соғысайық!” деген шақыруын жолдады. Жоғас патша “Паңдана өркөкіректеніп кетіңіз ғой. Басыңа пәле іздеп, не қыласың?! Әйтпесе Яһудамен қоса құрып кетесің!” деген жауап қайтарды. Бірақ Амасиях оның сақтандыруын тыңдамай қойды. Сонда Израилдің патшасы әскерін ертіп Амасияхқа қарсы аттанып барды. Яһуда әскері Израилден жеңіліп, Жоғас патша Яһуда елінің патшасы Амасияхты қолға түсіріп, оның астанасы Иерусалимге алып барды. Жоғас Иерусалимді қоршаған қабырғаның Ефрем және Бұрыш қақпаларының арасындағы үлкен бөлігін құлатып тастады. Сол бөліктің ұзындығы шамамен төрт жүз шынтақ болатын. Жоғас, сондай-ақ, Құдайдың киелі үйіндегі құрал-жабдықтардың бәрін тонап, патша сарайындағы қымбат бұйымдарды да қолға түсірді, әрі кепілдікке адамдар алып, Самарияға қайтып кетті. Амасиях Жаратқан Иеден бас тартқан кезден бастап дұшпандары оған қарсы астыртын сөз байласып жүрген еді. Амасияхты солар өлтіртті (2 Шежіре. 25:11–28 қараңыз). Өзі Құдайға ұнамды өмір сүруге ұмтылса да, қол астындағы халықты күнәдан қайтуға шақырмаған жетекшінің ақыры қандай боларын тағы да көріп отырмыз.
12. Ұзиях. Ол Жаратқан Иеге ұнамды әділ істер істеді. Ұзиях патша Құдайдың алдында әділ жүрген уақытта Жаратқан Ие патшаға да, елге де тыныштық пен береке берді. Дегенмен биіктеу жерлердегі табыну орындары қиратылып тасталмады. Халық бұрынғыдай сол жерлерде хош иісті заттарды түтетіп

ұсынуларын жалғастыра берді. Кейінірек Жаратқан Ие Ұзияхты (еркінсіп жасаған күнәсі үшін) жазалап алапес ауруын жіберді. Ұзиях өмірінің соңына дейін алапес болып, жеке үйде тұрды.

13. Жотам. Бұл патша туралы мәлімет аз. Ол Жаратқан Иеге ұнамды әділ істер істеді. Алайда, Жотам патшалық құрған уақытта халық Құдайға жек көрінішті істер істеді. Жотамның тұсында “биіктеу жерлердегі табыну орындары қиратылып тасталмады. Халық сол жерлерде құрбандық шалып өртеп, хош иісті заттарды түтетіп ұсынуларын жалғастыра берді» (4 Патша. 15:35). Нәтижесінде: «Оның патшалық құрған заманында Жаратқан Ие Араманың патшасы Ресинді және Солтүстік Исраилдің патшасы Ремалиях ұлы Пақахты Яһуда еліне қарсы аттандырып, шабуыл жасата бастады» (4 Патша. 15:37).
14. Ахаз. Жаратқан Иеге жек көрінішті істер істеді.
15. Езекия. Езекияның әкесі Ахаз Құдайдан безген адам еді. Ол ғибадатхананың қақпасын жауып, Құдайға құлшылық етуді тоқтатқан болатын. Патшалық құруының бірінші жылының бірінші айында Езекия Жаратқан Иенің киелі үйінің есіктерін ашып, оларды жөндетті. Ғибадатхананың іші-сыртын түгел тазарттырып, ретке келтірді. Жаратқан Иенің киелі үйінің қызметі қайтадан қалпына келтірілді. «Езекия түп атасы Дәуіт істегендей Жаратқан Иеге ұнамды әділ істер істеді. Ол биіктеу жерлердегі табыну орындарын қиратып, жалған тәңірлерге бағышталған тас бағаналарды талқандап, Ашераға арналған ағаш бағаналарды шауып тастады. Езекия, сондай-ақ, ежелде Мұса пайғамбар мыстан жасаған жыланды да құлпарша етіп талқандады. Өйткені сол уақытқа дейін Исраил халқы Нехуштан деп атаған сол мүсінге арнап хош иісті заттарды түтетіп келген еді» (4 Патша. 18:3, 4). Езекия бүкіл Исраил мен Яһуда еліне хабар жіберіп, бәрін Исраилдің Құдай Иесінің өсиет еткен Құтқарылу мейрамын өткізу үшін Жаратқан Иенің Иерусалимдегі киелі үйіне шақырды. Сөйтіп, көптеген жылдар бойы ескерусіз қалып, ұмытылып кеткен Құтқарылу мейрамын бүкіл халық жиналып, тойлады. «Мейрам біткеннен кейін оған қатысқан исраилдіктердің барлығы Яһуданың қалаларына барып, олардағы жалған тәңірлерге бағышталған тас мүсіндерді

қиратып, Ашераға арналған ағаш бағаналарды а шауып тастап, биіктеу жерлердегі табыну орындарын және құрбандық үстелдерін талқандады. Олар Яһуда мен Бунямин руларының жерлерінің бәрінде әрі Ефрем мен Манаса руларының жерлерінде сол табыну орындарын түгелімен жойып тастады. Бұдан кейін исаилдіктер өз қалалары мен үй-жайларына қайтты» (2 Шежіре. 31 таруды қараңыз). «Езекия Жаратқан Иеден ажырамастай берік ұстанып, Оның жолынан таймады, әрі Жаратқан Иенің Мұса арқылы тапсырған күллі өсиеттерін мұқият орындай берді. Содан Жаратқан Ие онымен бірге жүріп жар болды. Езекия қандай іске кіріссе де, парасатпен шұғылданып, табысқа жетіп отырды. Ол тіпті Ассур патшасының билігіне қарсы шығып, оған қызмет етуден бас тартты» (4 Патша. 18:6, 7). Сириялықтар Яһуда елінің (Иерусалимнен өзге) барлық қамалды қалаларына қарсы аттанып, оларды басып алды, алайда Жаратқан Иенің періштесі ассурлық әскер қосына барып, ондағы бір жүз сексен бес мың адамды қырып кетті. Езекия патшалық билігін дұрыс пайдаланды, күнәға батқан халқын теріс жолдан қайтаруға бар күшін салды. Сол себепті Құдай еліне тыныштық, ісіне пен береке берді.

16. Манаса. Жаратқан Иеге жек көрінішті істер істеді.
17. Амон. Жаратқан Иеге жек көрінішті істер істеді.
18. Жосия. Жосия Жаратқан Иеге ұнамды әділ істер істеп, толығымен түп атасы Дәуіттің жолымен жүрді және мұнысынан не оңға, не солға таймады. Ол жеке өмірінде де, ел басқарушы ретінде де Құдайға ұнамды, әділ істер істеді. Жосия жайлы былай деп жазылған: «...патша Яһуда халқы мен Иерусалимнің тұрғындарын, діни қызметкерлер мен пайғамбарларды, үлкенді-кішілі бүкіл халықты ертіп алып, Жаратқан Иенің киелі үйіне өрлеп барды. Сол жерде патша бәрінің алдында Жаратқан Иенің киелі үйінен табылған Келісім кітабының барлық сөздерін басынан аяғына дейін оқып берді» (4 Патша. 23:2). Жаратқан Иенің алдында тұрып Онымен Келісім жасады. Жосия Жаратқан Иенің жолымен жүріп, Оның күллі өсиеттерін, бұйрықтары мен ережелерін шын жүректен, бүкіл жан дүниесімен орындап, осы кітапта жазылған Келісімнің шарттарын жүзеге асыруға

ант берді. Бүкіл халық та бұл Келісімге мойынсұнды. Бұдан соң патша Жаратқан Иенің ғибадатханасынан Бағалға, Ашераға, аспан денелерінің бүкіл тобына табынуға бағышталған күллі құрал-жабдықтарды шығартты. Бұлардың барлығын өртеп, ұнтақтап, күлін соларға табынған адамдардың қабірлерінің үстінен шашып тастады. Осы патшаның халықты күнәдан арылту жолындағы істерін баяндаған уағыздаушылар мен жазушылар көп. Жосияның сол істері мынадай сөздермен суреттеледі: «өртеп, күлін шығарып тастады, алып тастады, қырып-жойды, өртеп ұнтақтап, күлін шашып тастады, бұзып тастады, арамдады, қиратты, өртеткізіп жіберді, құлпарша етіп талқандап, лақтырып тастады, жойды, қиратып тастады, талқандап, ұнтақтап жоқ қылды, бауыздады». Патшалықтар туралы 4-кітаптың 23-тарауында осындай сөздер жиырма жеті рет кездеседі. Киелі кітап былай дейді: «Жосия сияқты шын жүректен, бүкіл жан дүниесімен, бар күш-қуатымен Жаратқан Иеге бет бұрған және Оның Мұса арқылы берген Таурат заңына толығымен бағынған ешбір патша одан бұрын да болған емес, одан кейін де шыққан жоқ» (4 Патша. 23:25). Жосия патшалық құрған жылдары ел тыныш, халық аман болды.

19. Жоғахаз. Жаратқан Иеге жек көрінішті істер істеді.
20. Жохақым. Жаратқан Иеге жек көрінішті істер істеді.
21. Ехониях. Жаратқан Иеге жек көрінішті істер істеді.
22. Седекиях. Жаратқан Иеге жек көрінішті істер істеді.

Осы патшалардың өмірінен қорытында жасайық: билік басындағы адам Құдайға ұнамды өмір сүрсе, әрі халқының қайталана берген күнәларымен (пұтқа табынушылықпен) күрес жүргізсе, елде тыныштық пен молшылық орнайды. Ал егер патша өзі Құдай алдында әділ жүргенімен, халықтың күнәларымен күреспесе, бүкіл елдегі жағдай басқаша болады екен.

Қазіргі қауым осыдан сабақ алуға тиіс. Адамдарды тәубе етуге шақырмай, жай ғана мінәжат етуге шақыруды жалғастыра берсек, қиын жағдайға тап болуымыз ықтимал. Ал жаңадан келген адамдарымыз күнәларынан теріс айналмаса ше? Қауымдарымызға пұтқа табынушыларды жинай бермекпіз бе?

Біз, жетекшілер, өзіміз әділ өмір сүріп жүріп, басқаларды да соған шақырмасақ, ақырымыз патшалардың ақырындай болады. Ізгі хабарды айтқанда адамдарды теріс жолдан қайтуға шақыруға тиіспіз. Олай етпесек, олар күнә жасап жүріп, Құдай алдында ақпыз деп алданады, рухани криптониттің әсері қауымға жайыла береді.

ІС-ӘРЕКЕТ

Яһуда елі мен Исраилдің тарихын егжей-тегжейлі зерттегенде көргеніміздей, жетекшілер өз өмірін ретке келтіріп, Құдай берген билікке жауапкершілікпен қараған кезде, елде тыныштық, молшылық, амандық орнайды екен.

Сіз патша да, патшайым да емес шығарсыз. Бәлкім, лауазым иесі емессіз. Алайда, сізге Құдай әлдебір салада билік берген. Жеке өміріңізде ғана емес, сол салада да жауапкершілік алыңыз. Құдайдың сізге қай салада билік пен жауапкершілік бергенін сұрап біліңіз. Құдайдың айтқанын жазып алыңыз. Нақты жасайтын қадамдарыңызды жазып, жоспар құрыңыз.

КРИПТОНИТТЕН АРЫГУ

「4-БӨЛІМ」

БЕТПЕ-БЕТ

Ең алдымен криптонитке деген немқұрайлы көзқарастың, оны елемеудің салдары қандай болатынын қарастырайық. Содан кейін жеке өмірімізді де қауымдарымызды да осы бір улы заттан тазартуға кірісеміз.

Мектепте оқып жүргенімде, есірткі қолданудың салдары қандай болатынын көрсететін екі күндік курсқа қатысу – жоғары сынып оқушыларының міндеті болатын. Сондағы көргендерім, сондай сұмдық салдардан қорыққаным кейін мені нашақорлықтан сақтап қалды.

Сол сабақтардағы басымнан өткендей әділ қорқыныш өмірімізді билеп алмақ құмарлықтардан сақтайды. Киелі жазба:

«Құдайдың шынайы тыныштық сыйлайтын елге кіргізу жайлы уәдесі әлі де күшінде. Сол себепті бірде-біреуіңнің осы мүмкіндікті жіберіп алмауларың үшін сақ болайық!» деп ескертеді (Евр. 4:1). «Жаратқанды шын қастерлейтін күнәдан аулақ жүрер» (Нақыл. 16:6).

Осы тараудағы сөзімді тағы да қауым жетекшілеріне арнамақпын. Дегенмен, мұндағы ескертулер бәрімізге де қатысты, өйткені әрбір сенуші “төменде емес, тек жоғарыда жүреді” (Заң қайталау. 28:13 қараңыз). Барлығымыз Құдай Патшалығының елшісі болуға, яғни, жетекшілікке шақырылғанбыз.

Қазіргі қауымдардың стратегиясын Киелі жазбамен салыстырып көрдік пе? Пұтқа табынушылық тәрізді, сенушілердің өміріне әбден сіңіп кеткен күнәлармен не себептен күреспейміз? Құдайды танығысы келетін адамдар біздің шындықты айтқанымызды күтеді. Ақиқатты жасырып, сол кісілерді қауіпті білместік жағдайында қалдырамыз, сол жайлы ойланамыз ба? Мәңгі өмір жайлы естігісі келетін адамдардың көңілін қалдырып қайтеміз деп ойлаймыз ба?

Анджелаға да некенің шарттары жайлы ешкім алдын-ала айтып бермеген еді. Сол білместігінен ол өзіне де, жұбайына да қиянат жасады. Исаға мірәжат етіп жүріп, бұрынғы күнәларын қайталай беруде тұрған дәнеңе жоқ деп ойлауға жол береміз бе? Қауымға жаңадан келген адамдарымыз шынымен де құтқарылған ба? Шынымен де олардың Исамен қарым-қатынасы бар ма?

Осы мәселені жан-жақты қарастырайық. Құдайды іздеушілер үшін, криптониттің әсерін мойындаудан қашқақтап жүрген жетекшілер үшін және қауым үшін нәтиже қандай боларын талдайық.

Іздеушілер

Көптеген адамдар қиямет соты күні Исаның алдына келіп: «Уа, Тақсыр Ие, Сенің атыңмен біз жұртқа Құдайдың хабарын жеткізбедік пе? Сенің атыңмен жындарды қуып шығарып, көптеген кереметтер жасамап па едік?» — деп жалынатын болады. Бірнеше адам емес, көптеген адамдар. Олар Құдай Патшалығына кіретініне сенімді. “Сонда Мен оларға: «Сендерді ешқашан (өз адамдарым ретінде) таныған емеспін. Әділетсіздік істегендер, Менен аулақ кетіңдер!» — деп ашық айтамын” дейді Иса (Матай. 7:23).

Бұл адамдар – кім? Сиқыршы, балгерлер ме? Басқа діннің адамдары ма? Жоқ. Осы үзіндіні мұқият оқысақ, бұл адамдар – арамызда жүрген кісілер екенін көреміз. Олар жексенбі сайын жиналысқа келеді, өздерін мәсіхші деп санайды. Исаны «Мырза, Ие!» деп атайды. Исаның сөздерін мұқият оқыңыз: «Маған: «Мырза, Ие!» дейтін әркім емес, көктегі Әкемнің еркін орындайтындар ғана Оның Патшалығына кіре алады» (Матай жазған Ізгі хабар 7:21). Иса Мұхаммедті, Джозеф Смитті, Будданы, Кришнаны, Конфуцийді, не заманымыздың басқа кез-келген

жалған пайғамбарын емес, нақты Исаның Өзін Ием деп атайтын адамдар туралы айтып отыр. Иә, ол адамдар Иса Мәсіхті батылдықпен, шын ықыласымен Ие деп атайды.

Иса неліктен мағыналас екі сөзді (Мырза, Ие) қолданды? Білетініміздей, Киелі Жазбада кез-келген сөз тегін айтылмады. Автор сөздің мәніне ерекше көңіл аударады. Дегенмен, мұндай жағдайларда қайталану бір ойға көңіл аудару үшін ғана емес, эмоциялық реңкті көрсету үшін қолданылады.

Мысалы: «Патша бетін жауып алып, дауыстап: «Беу, сорлы ұлым Абессалом, о, Абессалом, сорлы ұлым-ай!» – деп дауыстап жоқтаумен болды» (2 Патша. 19:4). Меніңше, Дәуіт шынымен де екі рет «ұлым» деп айтқан жоқ. Бәлкім, бұл оқиғаны жазған адам қайталауды Дәуіттің ащы қайғысын көрсету үшін қолданған шығар.

Қайталау Аян кітабында да кездеседі: «Мұнан кейін қарасам, аспанда ұшып жүрген бір бүркітті көріп, оның қатты дауыспен: «Қасірет, қасірет! Қалған үш періште кернейлерін тартқанда, күнәкар дүниеде өмір сүргендердің қасіреті қандай болмақ!» – деп ескерткенін естідім» (Аян. 8:13). Басқа аудармаларда періште «қатты дауыстап айқайлады» деп жазылған. Тағы да, автор эмоциялық реңкті көрсету үшін «қасірет» сөзін екі рет пайдаланады.

Ұстаз адамдардың Оған қатысты терең сезімдері туралы айтады. Олар Иса Мәсіх –Құдайдың Ұлы деген ақиқатпен келіседі және олардың сенімдері ынта мен құштарлыққа толы. Бұл адамдар – өз сенімдерінің қызу күәгерлері болып, көздері жасқа толып, куәлік айтады. Олар Исаға беріліп қана қоймай, Оған қызмет етеді:

«Мыңдаған адамдар қиямет соты күні Менің жаныма келіп: «Ұстаз, Сенің атыңмен біз жұртқа Құдайдың хабарын жеткіздік. Сенің атыңмен жындарды қуып шығардық, жұрттың бәрі Құдайдың бізге тапсырған жұмысы туралы айтумен болды» – деп маңғаздана айтады» (Матай жазған ізгі хабар 7:22, The Message, ағылшын тілінен аударма).

The Message аудармасын келітіріп отырған себебім, осы аудармада бұл адамдардың шетте отырған бақылаушы еместігі анық көрсетілген. Олар қауымдардың жұмысына тікелей араласып, оларға қолдау

көрсетіп отырды. Олар өз сенімдері туралы батыл хабарлады – «біз Ізгі Хабарды жарияладық» дейді. Олар адамдардың өміріне игі өзгеістер әкелу үшін көп еңбектенді.

Киелі Кітаптың The Message аудармасында «мыңдаған адамдар» деп жазылған. Алайда аудармалардың көбісінде “көптеген” сөзі қолданылады, грекше *polus*, яғни «үлкен мөлшер, сан немесе жиынтық». Бұл сөз «барлығынан көп» деген мағынада жиі қолданылады. Қалай да болса, Иса мұнда кішігірім емес, үлкен топ – жалпы санның көпшілігі туралы айтады.

Қорытынды шығарайық. Иса Ізгі Хабарға сенетін адамдар туралы айтады. Олар Оны Ие деп атайды, олар шаттыққа толы, олар Ізгі Хабарды жариялайды, олар мәсіхшілік қызметпен белсене айналысады. Оларды шынайы сенуші деуге болады. Олардың ерекшелігі қандай? Олардың нағыз сенушілерден айырмашылығы неде? Иса бізге былай дейді: «Сонда Мен оларға: «Сендерді ешқашан (өз адамдарым ретінде) таныған емеспін. Әділетсіздік істегендер, Менен аулақ кетіңдер!» – деп ашық айтамын» (Матай жазған ізгі хабар 7:23).

Мұндағы негізгі сөздер – «әділетсіздік істегендер». Тәйердің Жаңа Өсиеттің грек-ағылшын сөздігіндегі әділетсіздіктің анықтамасы мынадай: заңды бұзу немесе оны білмеудің нәтижесінде пайда болған заңнан тыс қалып. Киелі Кітап сөздерінің энциклопедиясы анықтаманы кеңейте түсіп, *apomia* сөзі «моральдің діни немесе туа біткен қағидаларын бұзатын әрекеттер» дегенді білдіре алады деп толықтырады. Жай сөзбен айтқанда, заңды бұзатын адам Құдай Сөзінің билігіне бағынбайды. Ондай адам үнемі күнә жасайды да, күнәсіна өкінбейді, тәубе етпейді. Мұндай адам – пұтқа табынушы. Бұл адамдар қайта-қайта сүріне бермейді, олар, дұрысырақ айтқанда, Құдайдың Сөзін әрдайым елемейді, менсінбейді, қадірлемейді, қастерлемейді, Оған бағынбайды.

Меніңше, көптеген сенушілердің күнәның шырмауында қала беруінің себебі – жетекшілердің оларды түзетпеуі, әшкерелемеуі, теріс жолдан қайтуға шақырмауы. Иса Мәсіхпен арадағы Келісімшартқа негізделген қарым-қатынасқа ашыналарды араластыруға болмайтынын оларға ешкім айтып жүрген жоқ. Егер шынымен де Құдайдың рақымымен құтқарылса, олар күнә туралы кез-келген ойды жек көріп қана қоймай, шырмап алатын әрбір күнәдан арылуға барынша тырысар еді. Күнәкар тәндерін айқышқа шегелеп, дұрыс мінез қалыптастырып, өмірінде жақсы жеміс әкелуге талпынар еді.

Иса бір күні оларға: «Сендерді ешқашан таныған емеспін» деп айтады. Тану сөзі, грекше *ginosko*, «жақын білу» дегенді білдіреді. Бұл адамдар Исамен ешқашан шынайы қарым-қатынас жасаған емес. Исаны Ұстаз және Ие деп атайды, бірақ олар үшін бұл сөздер – жай атау ғана, себебі олар Исаның айтқанын істемейді. Исамен нағыз қарым-қатынас – Оның Сөзін орындау.

«Егер Құдайдың өсиеттерін орындасақ, Құдайды жақыннан танитынымызды білеміз. Құдайды танимын дей тұра, Оның өсиеттерін орындамайтын кісі – өтірікші, соның жан дүниесінен шындық орын алған жоқ» (1 Жохан 2:3,4).

Жохан елші Исаның «...адамдарды да «жемістерінен» танып білесіңдер» деген сөзін құптайды (Матай. 7:20). Иса айтқан жемістер – сенушілік қызмет, Ізгі Хабарды уағыздау немесе қауым жиналыстарын қатысу емес, себебі жұмаққа кірмей қалатындар да осының барлығын істейді. Бүгінгі күні адамдардың көпшілігі Құдайдың баласы деп Исаны Ие деп атайтын, Оның іліміне сенетін, эмоциялық қуатқа толы және сенушілік қызметке белсене араласатын адамды айтар еді. Әйткенмен, Исаның сөздерінен бұл қасиеттердің нағыз сенуші бейнесінде басты роль атқармайтынын анық көреміз. Әрине, нағыз сенушіден бұл қасиеттердің барлығы да табылады, оларсыз адам сенуші бола алмайды. Алайда ол қасиеттерге ие болу – Құдайдың шынайы баласы болуды білдірмейді. Ең бастысы – нүнәларынан бас тартып, Құдайдың сөзін қастерлеу. Исаның «бұдан былай күнә жасаушы болма!» деген сөзін орындау (Жохан. 5:14 қараңыз).

Хабаршылар

Енді жетекшілер мен Ізгі хабар таратушылар үшін күнәні әшкерелемеудің салдары қандай болатынын қарастырайық. Әлдебір адамға Құдайдың сөзі сеніп тапсырылса, ол адам сол сөзді толық жарияламай, әшкерелейтін тұстарын жасырып қалса, әлгі кісіге үкім шығарылады. Киелі кітап осы жайында не дейтінін мұқият оқып көрейік: «Егер Мен зұлым жанға: «Сен жазаңды тартып сөзсіз өлесің!» деген хабарымды (өзің арқылы) жіберсем,

ал сен оған соны ескертпесең, әрі оның өмірін сақтап қалу үшін жаман іс-әрекеттерін тастауын айтпай, үндемей қалсаң, онда сол зұлым адам өз күнәларының жазасын тартып өледі. Бірақ сен оның өліміне кінәлі боласың. Ал егер сен сол әділетсіз адамға ескертіп, ол бәрібір теріс жолынан қайтпай, зұлым істерінен бас тартпаса, онда ол өз әділетсіздігінің жазасын тартып өледі, бірақ сен өз өміріңді сақтап қаласың. Егер әділ адам өзінің ізгі іс-әрекетінен бас тартып, әділетсіздікке салынса, әрі Мен оған сүріндіретін бөгет қойғанмен соған мән бермесе, ол күнәларының зардабын тартып өлімге душар болады. Егер сен оған ескертпесең, ол өз күнәсі үшін өледі. Оның бұрын істеген әділ істері ескерілмейді. Бірақ сен оның өліміне кінәлі боласың. Егер сен әділ адамға күнә жасамауды ескертіп, содан ол күнә жасамайтын болса, ол ескертуге құлақ асқандықтан сөзсіз өмір сүре беретін болады. Сен де өз жаныңды аман сақтап қаласың» (Езекиел. 3:18–21).

Осы үзіндіде “ескерту” деген сөздің қаншалықты жиі қолданылып тұрғанына назар аударыңыз. Ізгі хабар таратуға шақырылған әрбір адамға – бағушыларға, жетекшілерге және барлық сенушілерге қояр сұрағым бар. Сіздің қарамағыңызда күнәдан бас тартпай жүрген адам бар дейік. Сіз ол кісінің күнәсін әшкерелемейсіз, теріс жолдан бас тарту керектігін айтпайсыз, ескертпейсіз. Әлгі адам сізге сенеді, құтқарылғанмын, Құдайдың алдында әділ жүрмін деп ойлайды. Сөйтіп күнәда қала береді. Қиямет күнінде сол адам Исадан “Менен аулақ кет” деген сөзді естиді. Сол үшін жауап бергіңіз келеді ме?

«...Мәсіх туралы хабарды біз барлық адамдарға жеткізіп, бәріне де ескертіп, барынша даналықпен тәлім беріп келеміз. Осылай әрбір жанды Мәсіхпен тығыз байланыста, толық кемелденген түрде Құдай алдына әкелуге талаптанудамыз» дейді Пауыл елші (Қолос. 1:28). Ізгі хабарды солай таратқанымыз дұрыс. Тәлім берумен шектелмей, ескертіп те отыруға тиіспіз.

Езекиел пайғамбар арқылы Құдай “сен оның өліміне кінәлі боласың” деп анық айтады. Жердегі жіберген қателерімізді мәңгілікте ұмытпаймыз.

Ишая пайғамбар: «Сонда әрбір айдың басында және демалыс күні сайын бүкіл адамзаттың өкілдері Менің алдыма бас иіп сиынуға келетін болады. Жасаған Ие тағы мынаны айтады: «Олар қаладан шыққанда Менен бас тартқандардың өліктерін көреді. Солардың тәндерін

кеміретін құрттар өлмейді, жалындаған от та мәңгі сөнбейді. Осылай жазаланған күнәкарлар бүкіл адамзатқа жексұрын болады» деп жазады (Ишая. 66:23, 24, НРП аудармасы).

Қармағындағылардың өліміне кінәлі адамдар олардың отты көлде өртеніп жатқанын жәй ғана ұмыта салады деп ойлайсыз ба?

Адамдарға құтқарылуды, тәубе етпей-ақ аспан патшалығына кіруді ұсынып жүре берсек, нәтиже қандай болмақ? Тыңдаушыларымызға жалған қауіпсіздік сыйладық. Шын жүректен тәубе етуге деген ынтасын жойдық. Енді олардың Ишая пайғамбар айтқандай, “жексұрын болуын” көреміз.

Пауыл елшінің мына бір ес жиғызар сөзін тағы да келтірмекпін: «Сондықтан бүгін сендерге салтанатты түрде ешкімнің қанын мойныма жүктемеймін деп мәлімдеймін. Себебі мен уағыз айтқанда ештеңені жасырмай, Құдайдың еркін түгел жарияладым» (Елшілер. 20:26, 27). Пауыл Құдайдың Езекиел пайғамбар арқылы әрбір хабаршыға айтқан сөзін жақсы білетін. Ақиқатты толық жариялаудан бас тартсақ, Құдайдың алдында жауап береміз. Жақып елшінің «Бауырластарым менің, бәрің бірдей тәлім беруші болуға ұмтылмаңдар! Иеміздің бізге, тәлім беретіндерге, басқалардан гөрі қатаңырақ төрелік айтатынын білесіңдер» деуі де сондықтан болар (Жақып. 3:1).

Киелі кітаптың осы сөздерін ескерусіз қалдырмайық. Жаңа Өсиеттегі осы бір ап-анық ескертулерді қалай ғана елемей жүре аламыз? Киелі жазбаның соңғы аяттарының бірі: «кімде-кім Құдайдың хабары жазылған осы кітаптың сөздерінен бір нәрсені алып тастаса, Құдай оның осы кітапта бейнеленген мәңгілік өмір сыйлайтын ағаштан және қасиетті қаладан иемденетін үлесін де алып тастайды» дейді (Аян 22:19). Құдайға бет бұрудағы алғашқы қадам – тәубе ету жайлы адамдарға айтпай жүре береміз бе?

Әлде Құдайдан көп білеміз деп ойлаймыз ба? Адамды қауымға алып келу маңызды, ал тәубе ету кейінге қала жатар деп ойлаймыз ба? Жоқ, олай емес. Егер адам қауымға келіп, мінәжат еткеннен кейін өзінің құтқарылғанын, рухани жанұяға кіргенін естісе, тәубе етуге деген құлшыныс қайдан пайда болады? Ол өзін “құтқарылған”, “Құдайдың рақымына бөленген” адам санайды.

Чарльз Г. Финней ұлы Ізгі хабар таратушы болатын. Ол кісінің қызметі өте мықты еді. Финнейдің өткізген қызметтерінің ықпалынан

бүтін бір қалалардағы күнделікті қарекет тоқтап қалған кездер болды (мысалы, Нью-Йорк штатындағы Рочестер қаласы). Чарльз Финней тыңдаушыларын бірнеше жиналыс бойы тәубе етуге шақыратын. Тәубе еткеннен кейін ғана адамдарға құтқарылу жолын көрсететін еді.

Сол жалынды қызметкердің уағыздарын естіп тәубе еткен мыңдаған адамның тоқсан пайызы сенімін сақтап қалды. Чарльз Г. Финней Жаңа Өсиеттің ілімінен тайған жоқ. Ең дұрыс әдістер Жаңа Өсиетте екенін есте сақтап, сол жолдарды ықтиятты ұстанды.

Қауым

Осы кітаптың бас жағында айтылғандар қаншалықты маңызды екенін көріп тұрған боларсыз. Адамдарға күнәдан бас тартпастан құтқарылуды уағыздасақ, қауымдарымызға күнәнің “ашытқысы” кіруіне жол ашамыз. Біле тұра істелген күнә өрт тәрізді тез тарап, жеке адамдарға да, қауымға да әсерін тигізбей қоймайды. Бұл әсер криптониттің Суперменге тигізетін ықпалымен пара-пар.

Күнәні тоқтатудан бас тартсақ, қауымдарымызды әлсіретеміз. Соның салдарынан еліміз Құдайдың салтанатты ұлылығын көрмейді. Алғашқы қауым бүтін қалалар мен аймақтарды Құдайға бет бұрғызған еді. Жиырма бірінші ғасырда біз неге соны істей алмай отырмыз? Қолымызда Ізгі хабар таратудың заманауи технологиялары тұрса да, алғашқы қауымның жемісіндей нәтижеге нәліктен жете алмаймыз.

Нәліктен Америка мен Батыс елдерінде аборт, азғындық, гомосексуализм сияқты күнәлар етек жайып кетті? Қоғамымыз дамығандықтан емес, әрине. Төртінші және бесінші ғасырларда, қауым суып кеткенде де осындай жағдай болған. Орта ғасырларда қауым римдік қоғамға сіңіп, қоғамдағы салт-дәстүрлерді қабылдай берді. Нәтижесінде жалыннан да, күш-құдіретінен де айырылды. Мен сондай тарихи жағдайдың қайталануын қаламаймын. Өзім де, менімен келісетін басқа жетекшілер де ақиқатты толығымен жариялаудан, нағыз сүйіспеншіліктен, жанашырлықтан бас тартпаймыз.

Бізге қосылыңыз. Ақиқатты бірге уағыздайық. Қалалардың, қауымдардың, елдердің өмірін өзгерте алар Құдайдың сөзін айтыңыз.

ІС-ӘРЕКЕТ

Қауымға кірген күнә бір адамнан тарап, қауымды түгел алып кетуі мүмкін. Күнәні әшкерелемей, білсек те, білмегендей боп, үн қатпастан жүре берсек, көп адам зардап шегеді, оған жауап беретін біз боламыз.

Соңғы сөйлемді өзіңізге қатысты етіп, тағы оқып шығыңыз: күнәні әшкерелемей жүре берсем, адамдар зардап шегеді, сол үшін мен жауап беретін боламын. Осы сөздерді дауыстап бірнеше рет қайталаңыз, санаңызға әбден сіңсін.

Бұл мәселе жайлы сөз айтпастан, үндемей жүре беруге болмайды. Осы ақиқаттың сіздің өміріңізге әсері қандай болуға тиіс? Отбасыңызда қандай өзгерістер болмақ? Қауымдағы адамдармен енді басқаша сөйлесесіз бе? Құдайдан осы сұрақтардың жауабын іздеңіз. Ақиқатты өміріңізде қалай қолданатыныңызды, нақты қандай іс-әрекет жасауға тиіс екеніңізді анық түсінгенге дейін мінәжат ете беріңіз. Өзіңізді түсінетін сырлас досыңызбен сөйлесіп, осы кітаптан түйгеніңізді бөлісіңіз.

ЫМЫРАШЫЛДЫҚ

Қайта тірілген Патшамыздың Өзі айтқан сөздерді қарастырайық.

Киелі жазбаның соңғы кітабында Иса Азияның жеті қауымына жеті сәлем жолдайды. Егер Иеміздің сол жолдаулары тек сол нақты жеті қауымға ғана арналған болса, Киелі кітапқа кірмес еді. Киелі кітапқа кіргендіктен, оларды барлық қауымдарға арналған пайғамбарлық жолдау деп қарастырамыз. Яғни, сол заманғы қауымдарға қаншалықты қатысты болса, бүгінгі біздерге де соншалықты қатысты.

Езабел деген кім?

Иса Тиятирдағы қауымға деген жолдауын былай бастайды: “Бұл — Құдайдың рухани Ұлынан хабар. Оның көздері оттай жалындап, аяқтары балқыған қоладай жалтырайды” (Аян. 2:18). Содан кейін бізді мақтайды: “Мен сенің не істегеніңді — сүйіспеншілігің мен сеніміңді, қызметің мен төзіміңді білемін. Қазіргі игі істерің алғашқыдағыдан көбірек” (Аян. 2:19). Исаның сөзі анық, Оның хабары өлі қауымға емес, өсіп келе жатқан тірі қауымға арналған.

Иса сөзін біздегі сүйіспеншілікті мақтаудан бастайды. Қауым өлі болса, ең алдымен Құдайға және адамдарға деген сүйіспеншілік сөніп, жоқ болады. Осының салдарынан басқа жемістер де солады.

Жеті жолдаудың біріншісі Ефестегі қауымға арналған. Иса ол қауымға: “алғашқы сенген кездегі сүйіспеншілігіңді жоғалтып алдың” деп айтады, Тиятирдағы қауымның сүйіспеншілігін ерекше атап өтеді. Құдай қауым деп біріне бірі қамқор адамдардың жиынын айтады. Құдайдың көзқарасында сүйіспеншілік өте маңызды. Сондықтан да Иса ең алдымен сүйіспеншілік жайлы, содан кейін ғана сенім, қызмет ету, төзім жайлы айтады. Әрі қарайғы сөзі “Қазіргі игі істерің алғашқыдағыдан көбірек”. Міне! Сенушілердің өмірі мен қызметін “сақтап қалу” деген сөз емес, “алғашқыдағыдан көбірек”, “арта түсу”, “өсу-өну” деген сөздер суреттеуге тиіс.

Осыдан кейін түзету сөздері басталады: “Алайда саған айтар наразылығым мынау: өзін пайғамбармын деп атайтын Езабел іспетті әйелге жол бересің. Ол Менің қызметшілерімді азғындық жасап, жалған тәңірлерге арналған құрбандықтардың етін жеуге үйретіп адастыруда” (Аян. 2:20).

Осы сөздерде көп мағына жатыр. Біріншіден, Езабел деген есімді қарастырайық. Бұл сөз нақты адамның есімін емес, белгілі бір қалыптасып қалған мінез-құлықты білдіреді. Езабел дегеніміз – нақты адам емес, белгілі бір ықпал, бұл ықпал бір ер адам, немесе, бір әйел адам, немесе бір топ адам арқылы жүзеге асуы мүмкін. Бұл адамдардың насихаттайтыны – бір ілім. Осы ілімнің әсері қауымға түгел тарайды.

Иса неге осы сөзді қолданады? Сол ілімнің ықпалы Ахаб патшаның әйелі Езабелдің ықпалындай болса керек. Езабел пұтқа табынушылықты насихаттаған болатын. Нәтижесінде Израил елінде Құдайдың сөзі тұншықты. Езабелге қарсы сөз айтуға жетекшілердің де, халықтың да мұршасы болмады. Ақиқатты айтуға жалғыз ғана Илияс пайғамбардың батылы барды.

Илияс пайғамбар халықты әшкерелеп, не Құдайды, не жалған тәңірлерді таңдауын талап еткенде, Езабелдің ықпалы анық көрінеді.

Илияс: “...сіздер Жаратқан Иенің бұйырған өсиеттерінен бас тартып, Бағалдың тас мүсіндеріне құлшылық етіп табынып кеттіңіздер! Ал енді, менімен жүздесу үшін Қармил тауына бүкіл Израил халқын, Езабелдің дастарқанынан тамақтанатын Бағалдың төрт жүз елу пайғамбарын және Ашераның төрт жүз пайғамбарын жинап беріңіз!” деді. Сол заманда әлгі жалған пайғамбарлар қазіргі заманның элитасына парпар болатын. Сол беделді азаматтарға Илияс: “Қашанға дейін екі ойлы

болып толқып жүре бермексіңдер? Егер Жаратқан Ие Құдай болса, онда Оның жолымен жүріңдер! Ал егер Бағал Құдай болса, соның жолымен жүріңдер!” (3 Патша. 18:21).

Құдайдың жолымен жүру дегеніміз – үндемей, іштей ғана сену емес. Біз Құдайымыздың сөзін жариялауға, Иеміздің хабаршысы болуға тиіспіз. Пауыл елші сол жайында былай дейді:

«Құдайдың сөзін уағызда! Мұны адамдарға ұнауы, ұнамауына қарамастан әрдайым орындауға табандылықпен ұмтыл. Олардың қателерін әшкерелеп, тыйым сал, әрі жақсылыққа жігерлендіре тұрып, зор сабырлылықпен тәлім бер!» (2 Тім. 4:2).

Илияс пайғамбар адамдарды шынайы сүйетін, сол сүйіспеншілігіне бола, олардың қатесін көрсете алатын бүкіл Исраилдегі жалғыз адам болып шықты.

Езабелдің ықпалына көндіккен жетекшілер мен халықтың үрейі ұшып, ауыздарына құм құйылғандай қалыпта еді. Ешқайсысы Yahweh есімін атай алмады. Күнә оларды билеп, иемденіп, өзіне толықтай бағындырып алған еді. Ал Құдайдың сөзі ескерусіз қалды. Езабел Жаңа Өсиеттегі қауымды да осындай күйге түсірмек. Мұны болдырмау үшін Иса Илияс пайғамбар тәрізді, қол қусырып қарап қалмайтын қызметшісі Жохан елшіге аян береді.

Қиын сұрақтар

Тиятирдағы қауымға арналған жолдауында Иса азғындыққа салыну мен пұттарға бағышталған асты ішу жайлы айтып тұр ма? Осы тұста өз пікірімді сіздермен бөліскім келеді. Римдіктерге және Қорынттықтарға жазған хаттарында Пауыл елші оларды арам тамақ жедіңдер деп сөккен жоқ (Рим. 14 және 1 Қорынт. 10). Сонда Киелі Рухтың Пауыл елші арқылы мақұлдағанын Исаның күнә деп танығаны ма? Жоқ. Киелі кітапқа түсіндірмелер жинағында былай деп жазылған: «Мұнда сөз азғындық пен жыныс қатынастары туралы емес, ондайға қауым жол бермес еді. Бәлкім, сөз рухани немесе доктриналдық азғындық жайлы болса керек» («Жаңа американдық түсіндірме. Аян кітабы»).

Иса Тиятирдағы сенушілердің белгілі бір іс-әрекеттерін емес, әрекетсіздігін сөгеді. Ол “жол бересің” дейді, яғни күнәға деген ымырашыл көзқарасты айтады. Грек тілінде бұл еао деген сөз. «Жохан елшінің Аян кітабына сілтемелер жинағы» (A Handbook on the Revelation to John) бұл сөзге мынадай түсініктеме береді: «еао сөзінің мағынасы болымды: “рұқсат бересің”, “келісесің”, немесе болымсыз: “тыйым салмайсың”, “тоқтатпайсың”, “болдырмауға тырыспайсың”».

Адамдарды пұтқа табынушылыққа (қайталана беретін күнәға) еліктіретін ілімді таратып жүргендерді Иса Езабел деп атайды. «Мен сол Езабелге өкініп, азғындық жолынан қайтуға уақыт бердім, алайда ол қайтқысы келмейді» дейді Иса (Аян 2:21). Яғни, ескерту жасалған, алайда жалған ілімді таратушылар теріс жолдан қайтпаған.

Азғындыққа жол бергендерді, яғни күнәні әшкерелемегендерді Иса қатаң сөгеді. Біз болсақ, күнә жайлы сөз қозғаудан қашқақтап, Жаңа Өсиеттің жігер беретін жағымды жақтарын айтумен боламыз. Тиятирдағы қауымнан айырмашылығымыз бар ма? Бүгінгі күніміз өртеніп жатқан үйде отырып, оттан шығуға да, басқаларды шығаруға да еш әрекет етпей отырғанмен бірдей. Үйдің шатыры мен қабырғалары қирап жатқан кезде бір-бірімізді жігерлендіріп, сүйіспеншілік көрсетіп, жылы сөз айтып отырымыз.

Осыған ұқсас дилемма Яһуда елшіде де болды. Елші мәсіхші бауырларға құтқарылудың кереметтері жайлы жігерлі хат жазып жолдамақ еді. Алайда, үй өртке оранғандықтан, жолдауы басқаша шықты. Яһуда қауымға еніп кеткен криптонитпен күрес жүргізуге мәжбүр. “Сүйікті бауырластарым, мен бар ынтаммен бәрімізге ортақ құтқарылу туралы хат жазбақшы едім. Алайда Құдайдың Өзіне бағыштаған халқына біржола аманаттаған, бәріміз сенетін шынайы ілімін жан сала қорғауды ескертіп жазуымды қажет деп есептедім. Себебі араларыңа бірқатар адамдар білдіртпей ұрланып еніп алыпты. Осы арсыздар сотталуға баяғыда-ақ белгіленген болатын. Олар азғындықтарына сылтау ету үшін Құдайымыздың рақымы туралы Ізгі хабарды бұрмалайды. Сонымен қатар олар Иса Мәсіхті бірден-бір Әміршіміз әрі Иеміз деп мойындамайды” (Яһуда 3, 4).

Құдайдың осы қызметшісі Иса Мәсіхте уәде етілген игіліктер жайлы айтқысы келеді. Біз сияқты, ол да жігерлі, отты, қанат бітірер сөздер айтқысы келеді. Яһуда елшіні түсінемін. Жігер беруді өзім де жақсы

көремін. Алайда, Киелі Рух сенушілерге қауіп төндіретін нәрселерге көңіл бөлгенімізді қалайды. Яһуданың жүрегіндегі ыстық сүйіспеншілік оны ескерту сөздерін жазуға итермелейді.

Үндемесеніз – келіскеніңіз

Үндемеу де қарым-қатынастың бір түрі. Үндемеу келісімді, рұқсат беруді білдіреді. Үндемей қоя салу “ештеңе етпейді, қарсылығым жоқ, ісінді жалғастыра бер” дегенмен бірдей. Латынның ежелгі мәтелі бар: “Үндемеу – келісудің белгісі. Сөйлейтін кезде сөйлеп қал”. Алғашқы қауымның жетекшілері сенушілер үшін жауапкершілік алып, олар үшін көп дұға ететін. Сол адамдардың өміріне криптониттің улы ықпалының тарауына ешқайсысы да үндемей қарап тұра алмады.

Жохан елші жазады: «Біз Құдайданбыз, бірақ бүкіл дүниеге шайтан билігін жүргізіп отыр, бұны білеміз» (1 Жохан 5:19). Қоғамға шайтан билік жүргізуде. Зұлымдық тоқтамақ емес. Зұлымдықтың ең қауіпті, ең опасыз түрі – жасырын зұлымдық. Ол өңін айналдырып, жақсылық болып көрінеді. Сол жасырын зұлымдық – күнәкар дүниенің дәстүріне сай өмір сүру (Ефес. 2:2 қараңыз). Пауыл елші былай дейді:

«Себебі сендерге бұрын да айтқанмын, қазір де көз жасымды төгіп айтып отырмын: көп адамдар Мәсіхтің айқыштағы құрбандығына қас болып жүр. Бұлардың ақыры — тозаққа түсу, құдайлары — өз құлқыны, ал мақтаныштары — ұятсыз әдеттері. Олар осы күнәлі дүниенің нәрселерін ғана ойлайды. Алайда біздің отанымыз көкте, содан Құтқарушымызды — Иеміз Иса Мәсіхті сағына күтеміз» (Філіпі. 3:18–20).

Тағы да мұқият оқып шығыңыз. Біріншіден, “көп адамдар” деп жазылған. Екіншіден, олардың Мәсіхтің айқыштағы құрбандығына қас болып жүргенін сөздері емес, істері көрсетеді. Ал сөз жүзінде олар Исаны Ием деп мойындайды. «Құдайды білеміз десе де, мұнысын іс-әрекеттерімен жоққа шығарады; олар — жек көрінішті, ешкімге бағынбайтын, ешқандай игі істер жасауға жарамсыз жандар» (Тит. 1:16). Сырт көзге тақуа болып жүреді, іс жүзінде Мәсіхе қас екендерін көрсетеді. Қашанда өз құлқынын ойлайды. Олардың барлық істерінің

түпкі ниеті – нәпсі, абырой, азғын құмарлықтар, өсек-аяң, т.б.

Пауыл елші осы мәселенің бетін ашады, әліптің артын бағып жүрмейді, күнәға қарсы тұрады. Елшінің хаттарын оқып шықсаңыз, күнәһар дүниенің дәстүрімен жүрмеу жайлы көптеген ескертулерді табасыз. Пауылдың қолымен Құдайдың бізге деген хаттары жазылған, соны ұмытпайық.

Кері нәтиже

Исаның қауымға берген соңғы нұсқаулары қандай? Оқып көрсек, жасқаншақтарға арналған сөз емес. Жалған ілімдерге ергендер тәубе етпесе, қатты азап шегетін болады деп Мәсіх анық айтады. “Біліп ал: Мен Езабелді ауруға шалдықтырып, төсек тартқызамын. Егер сол әйелмен бірге азғындық жасап келгендер оның жаман істерінен қайтпаса, оларға да қатты азап шеккіземін. Оның соңынан ергендерді өлтіріп құртамын. Сонда Менің әркімнің жүрегінің түкпір-түкпірін тексеретін Біреу екеніме барлық қауымдардың көздері жететін болады. Мен әрқайсыңның істеріңе қарай еселеріңді қайтаратын боламын” (Аян. 2:22, 23).

Сонымен қатар, жақсы жаңалық та бар: “...Маған адал болып қалғандарға, яғни осы арам ілімді қабылдамай, «шайтанның терең құпиялары» деп аталғанды үйренбегендерге, былай деймін: сендерге тағы басқа ауыртпалық түсірмеймін; алайда Мен келгенше, өздеріңде бар рухани игіліктерді берік ұстаңдар! Істерімді аяғына дейін атқарып, жеңіп шыққандарға халықтардың үстінен билік жүргізу құқығын сыйлаймын. Оларға қатаң билік жүргізеді. Қыш ыдыстарын лақтырып сындырғандай, қиқарлықтарын тас-талқан етеді. Мен де Әкемнен осындай билікті алғанмын. Мен жеңіп шыққандарға таңғы жұлдызды да сыйлаймын. Құлағы барлар Киелі Рухтың қауымдарға айтқандарын жақсылап тыңдап алсын!” (Аян. 2:24-29). Криптониттің ықпалына түспей, Құдайдың жолымен жүргендер Исаның Көктегі Әкеден алған билігіндей халықтардың үстінен билік жүргізу құқығына ие болады.

Нәтижесі – қарама-қарсы екенін көріп тұрмыз. Бірі – қасірет, бірі – мәңгіліктегі тамаша сыйлар. Иеміздің Өз аузынан шыққан осынау ескертулерге мән бермей жүре аламыз ба?

ІС-ӘРЕКЕТ

Езабел Құдайдың пайғамбарларының бірін өлтіртіп, бірін қудалап, үндерін өшірді. Құдайдың атынан сөйлеуге жалғыз Ілиястың батылы барды. Жаратқан Иенің Ілиясқа жасаған қамқорлығын қараңызшы: Құдай оны Өзі қорғап, кереметтер жасап қамтамасыз етіп отырды. Сол кереметтерге әлі күнге дейін сенушілердің барлығы тамсанады.

Мүлгіген қалпынан серпіліп, ақиқатты жариялай алатын Ілияс тәрізді адамдарды Құдай әлі де іздеуде. Жұрттың бәрін сынға алайық деп отырған жоқпын. Біз адамдардың күнәсін теріп жүрмейміз. Сонымен қатар, “жұрт не ойлайды” деп жасқанып, үндемей қалуға да болмайды.

Ең алдымен Исаның ескертүін жеке өміріңізде орындаңыз. Бұрынғы күнәларыңыздан арылуға бар күшіңізді салыңыз. Өзіңіз азат болған соң, басқаларды да күнәнің құлдығынан босатуға кірісіңіз. Күнәнің қаншалықты күйіпті екенін ескертуден жалықпаңыз. Пауыл елші «өздерің Оған толық мойынсұнғаннан кейін (араларыңдағы қиқарлардың) бүкіл бағынбаушылықтарын жазалауға дайын боламыз» дейді (2 Қорынт. 10:6).

Басқаларды түзетуді қиын көрсеңіз, Құдайдан сүйіспеншілік сұраңыз. Сол сүйіспеншілік сізге олардың күнәсін әшкерелеуге күш-қайрат береді.

СҮЙІСПЕНШІЛІК ПЕН АҚИҚАТ

Криптонитті жоюдағы өте маңызды мәселеге тоқталмақпын. Ол – криптонитке қарсы күресіміздің шынайы ниеті. Осы күресте Құдайдың құдіретіне бөленіп, жеңіп шығуымыз түпкі ниетімізге байланысты. Ізгі хабар таратуымыздың түрткісі – адамдарға деген сүйіспеншілік болса, ниетіміздің дұрыс болғаны. Пауыл елші былай дейді:

«...біз бұдан былай әрбір ой толқынына тәлкек болған жас баладай кез келген ағымдағы ілімге ілесуден, әрі қу, айлакер адамдардың алдап-арбауына еріп азғындық жолға түсуден аулақ боламыз. Қайта, бір-бірімізге шындықты сүйіспеншілікпен айтамыз және қауымның Басы — Иса Мәсіхпен тығыз байланысымызда жан-жақты өсіп жетілеміз» (Ефес. 4:14,15).

Тиятирдағы қауымда тараған жалған ілім тәрізді ілімдерді Яһуда, Петір, Жохан, Пауылдар да әшкерелейді. Мұндай жалған ілімдер өте парасатты, даналыққа толы болып көрінеді, оларды ақиқаттан айыру қиынға соғуы мүмкін. Дұшпанымыз ақымақ емес. Күнәға батпаған, Құдайдың құзырына толы тамаша бақта өмір кешіп жүрген Хауаны алдап соққан шайтан күнәһар дүниеде жүрген бізді алдай алмайды ма? Жалған ілімнен қалай сақтанамыз? Өтірікке қарсы тұрар қандай қару бар?

Ол қару – ақиқат. Және жай ақиқат емес, сүйіспеншілікке толы ақиқат. Сүйіспеншіліксіз ақиқат заңшылдыққа итермелейді. Ақыр соңында заңшылдық өтірікке бұрынғыдан бетер шырмалуға септігін тигізеді, Киелі жазбадағы қауымның салауатты болуына қажет қағидалардан бас тартқызады.

Заңшылдық қатыгез, жиренішті, жек көрінішті. Ол адамдарды “ұрып-соғады”. Заңшылдыққа түсіп кетпеу үшін сүйіспеншілікке көңіл бөлеміз. Алайда, ақиқатты жасырған сүйіспеншілік – жалған. Ол сүйіспеншіліктің көшірмесі ғана, мейірім, жылылық, жұмсақтық, шыдам. Осы қасиеттердің бәрін ақиқатсыз қалдырсақ, өтіріктің жолына түсіп кетеміз.

Киелі жазбадағы ақиқаттарды жасыратынымыздың себебі – оларда сүйіспеншілік жоқ деп ойлаймыз. Бұл ақиқаттар адамдарды теріс жолдан қайтуға шақырады. Тәубе етуге шақыру бізге дөрекілік болып көрінеді, мейірімділікке жатпайтын сияқты. Алайда, мына мысалға қараңызшы. Әлдебір соқыр адамның тік жарға қарай адымдап бара жатқанын көріп тұрмын дейік. Сол адамды тоқтатып, жартастан қайтармасам, құздан құлап, мерт болары анық. Әлгі адамның ерікті шешіміне араласқаным дұрыс болмас деп қарап тұра берсем, адам өліміне жол беремін. Мен оны тоқтатпасам, теріс жолдан қайтармасам, ол ажал құшады. Ал егер жігерлендіріп, көңілін көтерсем, қоштап-қолдасам, өлім алдындағы соңғы қадамдары көңілді болары хақ. Бірақ ақырында құздың етегінде, өлі қалпында қалады. Шынайы сүйіспеншілік дегеніміз осы ма?

Сенбеушілердің және көптеген сенушілердің арасында шынайы сүйіспеншілік бірбеткей әрі қатыгез болып саналады. Олар өмірін жетпіс-сексен жылдық мерзім деп қана қарастырады, мәңгілік тұрғысынан қарастырмайды. Алайда, шынайы сүйіспеншілікті танып білу үшін, алдымыздағы мәңгі өмірді естен шығармауымыз керек. Жердегі өмір тұрғысынан қарастырсақ, сүйіспеншілік ешкімді теріс жолдан қайт деп мазаламайды, қалыптасып қалған әдеттерін өзгертуге шақырмайды. Құздан төмен құлар алдындағы соңғы қадамдары жайлы болса болды, басқаның қажеті жоқ. Ал мәңгілікті есте ұстайтын шынайы сүйіспеншілік: “Сенің тағдырың үшін қам жеп жүрмін. Мәңгілік азаптан құтқаруым үшін, сені бірнеше сәт мазалауға дайынмын” дейді.

Қазіргі қоғамда тозақ деген — нақты бар орын емес, жай ғана

көркем теңеу, әсерлі бейне деген пікір кең тараған. Алайда Киелі Жазбаның айтуынша, тозақ дегеніміз — шынында да бар, нақты орын. Руларды санау кітабында (16-тарау) жер қақ айырылып, үш отбасын дүйім жұрттың көз алдында барлық дүние-мүлкімен қоса жұтып қойды. Жаңа Өсиетте Мәсікке қарсы шығушы мен оның жалған пайғамбары туралы «екеуі де күкірт жанып жатқан, мәңгі сөнбейтін отты көлге (яғни тозақ отына) тірідей лақтырылды» делінген (Аян 19:20). Жоқ, тозақ деген —көркем теңеу де, әсерлі бейне де емес, нақты бар орын. Исаның «...бұлар мәңгілік азап шегуге кетеді. Ал әділдер мәңгілік өмірге ие болады» дегенін, Пауыл елшінің “Сол адамдар мәңгі бақи Иеміздің алдын көрмей, Оның салтанатты ұлы құдіретінен аластатылып, құрып кетеді” деген сөзін ескерусіз қалдыра аламыз ба? (Матай. 25:46 және 2 Салониқа. 1:9).

Мәңгі дегеніміз ешқашан бітпейтін дегенді білдіреді, мәңгілікке созылады дегеніміз — ғасырлардан ғасырларға, ешқашан бітпейтін, соңы жоқ, таусылмас, одан азат болу мүмкін емес деген сөз! Кейбіреулердің ойынша, барлық нәрсенің әйтеуір бір соңы болады. Алайда, бұл қате пікір, Құдайдың сөзіне кереғар: «...Олар сонда күні-түні мәңгілік азап шегетін болады» (Аян 20:10). Мәңгілік азап деген сөзге назар аударыңыз. Басқа сөзбен айтқанда, жаза ешқашан бітпейді, ол мәңгі тоқтамайды! Ең үрейлісі, сол адамдар Құдайдың құзырынан аластатылатын болады, осы өмірде ғана емес, мәңгілікте де Құдайға жақындай алмайды.

Иә, рас, тозақ — адам айтқысыз, ақылға қонбайтындай сұмдық жер! Алайда, бастапқыда Құдай отты көлді адамдар үшін жаратқан жоқ, сол есімізде болсын. Сол қорқынышты жерге баратындарға Иса былай дейді: «Бұдан кейін Патша Өзінің сол жағындағыларға да былай деп үкім шығарады: Менен аулақ кетіңдер, қарғыс атқандар! Шайтанға және оның хабаршыларына дайындалған мәңгілік тозақ отына түсіңдер!» (Матай. 25:41). Тозақ адамға емес, шайтан мен жолдан тайған періштелерге арналып дайындалған. Алайда шайтан адамдарды торына түсіріп, өзімен бірге ала кетпек. Иса бізді сол тордан құтқару үшін Өзін құрбан етті. Құтқарылуымыздың құны сондайлық қымбат болса, біз оған жеңіл-желпі қараймыз ба?

Пауыл елші басынан өткерген қиыншылықтар туралы былай деп жазады: “...әлдеқайда көбірек еңбектеніп, түрмеге қамалып, аяусыз

соғылдым, талай рет өліммен бетпе-бет келдім. Яһудилер мені бес рет отыз тоғыздан қамшымен соқты. Мені үш рет таяқпен дүре соқты, бір рет өлтірмек болып таспен атқылады. Үш рет кеме апатына ұшырадым, бір тәулік бойы ашық теңізде қалқып жүріп, әрең аман қалдым. Көп рет саяхатқа шығып, тасыған өзендерден, қарақшылардан, өз ұлттастарым мен басқа ұлттық адамдар тарапынан сансыз қауіп-қатерге ұшырап келемін. Қала мен иен далада, теңізде және жалған бауырластар арасында қатерге тап болдым. Ешқандай аянбастан еңбектеніп келемін, ұйықтамаған түндерімнің есебі жоқ. Аштықтың, шөлдің не екенін білемін, киімге мұқтаж болып талай рет тоңдым” (2 Қорынт. 11:23-27). Осының бәріне қалай төзді? Осындай қауіп-қатер, азаптардан өзінің абырой-атағына бола, немесе танымал жазушы болу үшін, атышулы уағыздаушы болып, ел аралау үшін өтті деп ойлайсыз ба? Жоқ, олай емес. Пауылды алға итермелеген – Құдайдың сүйіспеншілігі. Қозғаушы күш – жалғыз ғана сүйіспеншілік болатын. Пауыл өмірдің өткінші екенін, алда мәңгілік күтіп тұрғанын естен бір сәт шығарған жоқ. Ол ақиқатты атақ-даңққа айырбастаған жоқ.

Шынайы сүйіспеншілік деген не?

«...Құдай — сүйіспеншілік» (1 Жохан. 4:8). Құдайда сүйіспеншілік бар делінбеген, Құдайдың Өзі — сүйіспеншілік. Сүйіспеншілікке қандай анықтама бере аламыз?

Осыдан бірсыпыра уақыт бұрын Құдай маған: “Балам, сен сүйіспеншілік ұғымының өзіне емес, сүйіспеншіліктің әртүрлі қырларына мән беріп жүрсің” деді. Сонда Қорынттықтарға арналған бірінші хаттағы: «Сүйіспеншілік шыдамды да қайырымды, еш қызғанбайды, мақтанбайды, паңданбайды” деген сөздер (13:4) мен Киелі кітаптағы осыған ұқсас басқа да сипаттамалар есіме түсті.

Алайда, күнәнар дүниеде де шыдамды, қайырымды, еш қызғанбайтын, мақтанбайтын, паңданбайтын махаббат пен сүйіспеншілік бар. Оны Құдайдың сүйіспеншілігінен анық ажырату үшін Жоханның бірінші хатын оқиық: «Ал өсиеттерін орындағанымыз — Құдайды сүйгеніміз...» (1 Жохан. 5:3).

Сүйіспеншілік елшісі атанып кеткен Жохан елшінің екінші хатында

мынадай сөз бар: «Ал осы сүйіспеншілік Оның өсиеттері бойынша жүруімізде. «Сүйіспеншілікке сай әрекет ету керек» деген бұл өсиетті бастапқыдан бері естіп келесіңдер...» (2 Жохан. 6).

Қорынттықтарға арналған бірінші хатында Пауыл елші сүйіспеншілікке сипаттама береді, ал Жохан елші өзінің хаттарында сүйіспеншіліктің қандай екенін емес, не екенін айтады, яғни, қасиеттерін емес, мәнісін ашып көрсетеді. Және сүйіспеншіліктің қандай да болса түрлерінің Құдайдың сүйіспеншілігінен айырмашылығын анық көрсетеді. Сүйіспеншілік дегеніміз – Исаның өсиеттерін орындау. «Менің өсиеттерімді жүректеріне сақтап, орындап жүргендер — Мені сүйетіндер....» деп Исаның Өзі айтқан (Жохан 14:21).

Сонымен, егер мен шыдамды да қайырымды адам болсам, дөрекі сөйлемесем, қызғаншақ не мақтаншақ болмасам, бірақ әйелімді алдап жүрсем, немесе, салық төлеуден бас тартып жүрсем, немесе азғындықты мақұлдап жүрсем, онда менде Құдайдың сүйіспеншілігі жоқ болғаны. Оның үстіне, шыдамсыз, дөрекі, қатыгез, қызғаншақ, мақтаншақ, өркөкірек адамнан гөрі менің жағдайым нашар. Себебі әлгі кісі өзінің күнәһар екенін, Құдайдың өсиеттерін бұзып жүргенін біледі. Мен болсам, Исаны қабылдадым ғой. Шындап тәубе етуге тиіс екенімді маған ешкім айтпаған болса, Құдайдың алдында әділмін деп алданып жүре бермекпін. Ал шын мәнінде, Исаның өсиеттерін орындап жүргенім жоқ.

Осы орайда өте маңызды ақиқатты естеріңізге сала кетейін. Құдайдың өсиеттерін орындау бізді құтқармайды. Керісінше, мен құтқарылғанмын, жүрегімде Құдайдың сүйіспеншілігі бар, сондықтан өсиеттерін орындаймын. Құдайды қастерлеуім – Оған өмірімді шындап арнағанымның айғағы.

Тағы да қайталап кетейік, Құдайдың сөзіне кереғар келетін сүйіспеншіліктің қайсыбір түрі – мәңгілікте қалатын сүйіспеншілік емес. Ондай сүйіспеншілік жағымды, жаныңызды жылытады, бәлкім жұбатады, жігер береді. Дегенмен, ол Құдайдың сүйіспеншілігі емес.

Құдайдың сүйіспеншілігін өсіріп-жетілдірудің жолын Жохан елші түсіндіреді:

«Құдайды танымын дей тұра, Оның өсиеттерін орындамайтын кісі — өтірікші, соның жан дүниесінен шындық орын алған

жоқ. Құдайға деген сүйіспеншілік Оның сөзін орындаған кісінде шын мәнінде толық болып, мақсатына жетті. Құдаймен тығыз байланыста екенімізді мынаған қарап білеміз» (Жоханның 1-хаты 2:4, 5).

Кемеліне келген Құдай сүйіспеншілігі ғана Үкім Шығарушының алдында тұруға батылдық беретінін ұмытпаңыз. Құдайдың сүйіспеншілігі қоғамда құпталатын мінез-құлық арқылы емес, Оның сөзін орындау арқылы кемеліне келетінін Жохан анық айтады. Хауа ананы жақсылық пен жамандықты танытатын ағаштың жаман жағы емес жақсы жағы қызықтырған еді. Осыны естен шығармайық! «Әйел ағаштың жемісіне қарап, оның жеуге жақсы әрі көз тартарлық әдемі екенін... көрді» (Жаратылыстың басталуы 3:6). Адам өз санасына сүйеніп, Құдайдың мәңгі еркіне қарама-қарсы келетін сүйіспеншілікті жарата алады.

Ақиқатты сүйіспеншілікпен айтыңыз

Жоғарыда айтылғандарды есте сақтай отырып, шынайы сүйіспеншіліктің қаншалықты маңызды екенін қарастырайық. Сүйіспеншілік дегеніміз не, алдымен соны анықтап алмақпын.

- Сүйіспеншілік шыдамды.
- Сүйіспеншілік қайырымды.
- Сүйіспеншілік қызғанбайды.
- Сүйіспеншілік мақтанбайды.
- Сүйіспеншілік паңданбайды.
- Сүйіспеншілік әдепсіз емес.
- Сүйіспеншілік өзімшіл емес.
- Сүйіспеншілік ашушаң емес.
- Сүйіспеншілік көрген жәбірін есінде сақтамайды.
- Сүйіспеншілік әділетсіздікті еш құптамайды.
- Сүйіспеншілік ақиқатқа сүйсінеді.
- Сүйіспеншілік дәйім қорған болады.
- Сүйіспеншілік ұдайы сенеді.
- Сүйіспеншілік үмітін еш үзбейді.

Сүйіспеншілік бәріне шыдайды.

Сүйіспеншілік ешқашан сарқылмайды.

“Сүйіспеншілік Құдайдың сөзін орындаған кісіде шын мәнінде толық болып, мақсатына жетті” деп Жохан елші жазады (1 Жохан. 2:5).

Егер біз ақиқатты жариялап жүріп, өзіміз кешірімді, шыдамды да қайырымды емес, қызғаншақ, мақтаншақ, өркөкірек, өзімшіл, ашушаң болсақ, Құдайдың сөзін орындамағанымыз. Теріс жолдан қайту мен Құдайға бет бұруды уағыздап жүріп, сүйіспеншіліктен безгеніміз. Олай болса, заңшылдыққа жол беріп, адамдарды құтқарудың орнына олардың жанын жаралап жүрміз.

Бірде қауым жиналысынан кейін, менің жаныма бір жас жігіт келіп: «Сіз сияқты мен де пайғамбарлық сөз айтып, қауымды түзетуге шақырылғанмын»,– деп жымыды.

Осы сөзді айтуы маған оғаш көрінді. Оның ниеті – адамдарға қамқорлық жасау емес, оларды сөгіп, ұрысу екенін сездім.

Одан: «Пайғамбарлық сөзді айтудың сырын білгіңіз келеді ме?» – деп сұрадым. Ол жемісті қызмет етудің құпиясын білуге асығып дәмеленді. «Адамды әшкерелейтін, не түзететін сөз айтқанда, сіз ол адамды шексіз сүйеге міндеттісіз»,– дедім.

Ол маған аң-таң болып қарап тұрып: «Құдай менің жүрегімді өзгертуі керек деп ойлаймын»,– деді. Осыны мойындай алғаны үшін, сол жігітке риза болдым.

Сүйіспеншілік қара басының қамынан гөрі басқа адамның қамын көбірек ойлайды. Сүйіспеншілік немқұрайлы емес, ол адамның жардан құлауына жол бермейді. Шынайы сүйіспеншілікте Қорынттықтарға арналған бірінші хаттың он үшінші аятында айтылған қасиеттердің бәрі бар. Сонымен қатар, шынайы сүйіспеншілік Құдайдың өсиеттерінен ешқашан таймайды.

Сүйіспеншілік маңызды, сүйіспеншілік бізге ауадай қажет, сүйіспеншілік – өміріміздің тірегі. Құдай жүрегіңізді сүйіспеншілікке, Киелі Рухқа толтырғай, сол үшін мінәжат етіңіз. Сонда Мәсіхтің сүйіспеншілігінің қаншалықты кең де көз жеткісіз терең және биік екенін түсіне аласыз.

ІС-ӘРЕКЕТ

Күнәнің қауымға еніп бара жатқанын көріп тұрып, үндемей қалуға болмайды. Алайда, күнәні әшкерелегенде, жүрегіңіз Құдайдың сүйіспеншілігіне толы болуы керек. Олай болмаса, ескертуіміз оң нәтиже бермейді. Киелі жазбада Құдайдың ескертулері көптеп кездеседі. Алайда, Көктегі Әкеміз ескертумен шектелген жоқ, күнәларымыздың құнын төлеу үшін Ол Өзінің Ұлын құрбандыққа қиды. Сүйіспеншілігін ісімен дәлелдеді.

Адамдарды түзетіп, ескерту жасағанда, жүрегіміз осындай сүйіспеншілікке толы болуы тиіс. Сүйіспеншіліктің жалғыз көзі – Жаратқан Ие. Құдайдың Өзі – сүйіспеншілік. Сүйіспеншілігімізді арттырмақ болсақ, Құдаймен қарым-қатынасымызды арттыруға тиіспіз.

Жүйелі түрде Құдаймен оңаша уақыт өткізудің қаншалықты маңызды екенін сөзбен айтып жеткізу мүмкін емес. Жүрегімізді сүйіспеншілік толтырғанда қорқыныш атаулыдан арыламыз, сонда күнәні өз атымен атауға батылымыз жетеді. Сүйіспеншілік бізді айналамыздағы адамдардың мүддесін қорғауға жетелейді. Құдайдың сүйіспеншілігі өзімізді азат етеді де, басқаларды азат етуге жетелейді. Бүгін Құдайдың сүйіспеншілігін сұрап дұға етіңіз.

КРИПТОНИТТИ ЖОЮ

Сенушінің өмірінен күнә орын алатын болса, әрі қарай үш түрлі жағдай болуы мүмкін. Соларды қарастырайық.

Біріншіден, жүректері қасарысқан адамдар күнәсін мойындаудан бас тартады. «Өздерінің осы жексұрын істеріне ұяла ма? Жоқ, оларда ұят деген мүлдем жоқ, олар тіпті қызаруды да білмейді...» (Еремии 8:12). Олар Құдайдың өздері үшін жылаған жүрегіне көңіл аударуды қойған. Ар-ожданының даусын тұншықтырып тастаған, ардан мүлдем безуге дейін барады.

Күнәға деген көзқарастың екінші түрі де өте қауіпті. Бұл – “пендеміз ғой” деген қалыптасып қалған пікір. Осылай ойлайтындар “бәріміз пендеміз, яғни, болмысымыз – күнәһар болмыс. Исаның қаны бізді күнә үшін жазаланудан құтқара алады, бірақ күнәнің құлдығынан босата алмайды” деген өтірікке сенеді. Иса Мәсіхте біз қасиетті болдық деген ақиқатты ұстана отырып, қасиетті өмір сүрудің қажеті жоқ деген өтірікке иланады. Тиятирдағы қауымда осындай ілім кең тараған болатын. Осы бір қате ұғымның мәнісін Пауыл елші түсіндіреді:

«...Құдай күнәларымызды кешіретіндіктен Оның рақымы молайсын деп күнә жасай берейік пе? Жоқ, олай істеуге болмайды! Өлген адам күнә жасамайды ғой. Біз (сенушілер)

де сол өлген адамдай күнәға жоқ болдық. Қалайша бұдан былай күнә жасап өмір сүрмекпіз?!» (Рим. 6:1, 2).

Осы екі көзқарас – таза криптонит, сенушіні де, бүкіл қауымды да әлсірететін күнә. Мұндай көзқарасты ұстанатындар — күнәға батқан адамдар. Қиямет күні Иса оларға: «Менен аулақ кетіңдер!» дейді (Матай. 7:20–23).

Енді күнәмен кездескен адамдардың үшінші санатын қарастырайық. Бұл санатқа күнәдан азат болу үшін күресіп жүрген адамдар кіреді. Күнәнің шырмауынан шыққысы келеді, бірақ шеңгел мықты. Олар Құдайдың сөзіндегі өздерін азат етер ақиқатты әлі тапқан жоқ. Күнә жасап қойғанда шын жүректен тәубе етеді, өйткені Құдайды сүйеді. Күнәсына шындап өкінеді, алайда, біраздан соң сол қатесін тағы да қайталайды. Олар өздерін кінәлі сезінеді, сол сезімге бұғауланған. Күнәсынан ұялады, осындай жайсыз сезімдер олардың күнәдан арылуына бөгет болады.

Егер сіз осы үшінші топқа кіретін болсаңыз, сөзімді мұқият тыңдап алыңыз. Иса былай дейді: «Сондықтан сақтаныңдар! Егер бауырласың күнә жасаса, оған ескерт. Егер де өкініп, теріс жолдан қайтса, кешірім ет! Ол тіпті күніне жеті рет саған қарсы күнә жасап, жеті рет келіп, «өкініп, теріс жолдан қайттым» десе, кешірім ет!» (Луқа. 17:3, 4). Яғни, өкініп, теріс жолдан қайтса, күнә жасаған адамды кешіруіміз керек. Осындай жағдай тіпті күніне жеті рет қайталанса да, кешіруге тиіспіз. Ұстазымыз не себепті осылай дейді? Өйткені, Көктегі Әкеміз бізді кешіргендей, біз де кешірімді болуымыз керек! (Ефес. 4:32). Мынаны түсініңіз: сіз неше рет күнә жасасаңыз да, күнәңызға өкініп, шын жүректен тәубе етсеңіз, Құдай сізді кешіреді. Исаның қанымен тазарып, кешірім алдыңыз, ешқашан күнә жасамағандай тазасыз. Өзіңізді-өзіңіз жазаламаңыз. Исаның қанының қадірін кетіріп, өз күшіңізбен ақталуға тырыспаңыз. Олай етсеңіз, құтқарылу мен кешірімді қабылдай алмайсыз. Кешірім – Құдайдың бізге тегін берген керемет сыйы.

Енді Құдайдың сөзі өзімді азат еткені жайлы айтып бермекпін.

Азат бола алмай қиналдым

Жасым он екі жасар жасөспірім шағымда достарым маған порнографиялық журналдарды көрсетті. Сол журналдар арамызда қолдан қолға көшіп жүрді. Әрине, ұзақ уақыт өтпей тәуелділік торына түстім.

Жеңіл порнографиядан басталған дерт тереңдей түсіп, ауыр мазмұнды суреттерге көштім. Нәтижесінде сексуалды қиялдардың билігіне түстім. Жоғары сыныптарда сабақ үстінде қыздарға қарап, солармен жыныстық қатынасқа түсуді ойлап, қиялға беріліп отыратын болдым. Тән құмарлығы әбден билеп алды.

Он тоғыз жасымда, жатақханада өткен сенушілердің жиналысында өміріме Иса Мәсіхті шақырдым. Күнәларымның көбісінен сол сәтте азат болдым. Ішімдік, балағат сөз, дөрекілік, қыздармен қарым-қатынастағы әдепсіздік, тағы басқа жаман әдеттерім өзінен-өзі жоқ болды. Алайда, порнография мен тән құмарлығы қала берді. Әлі де сол күнәлардың торында болатынымын, құтыла алар емеспін. Құмарлыққа қарсы тұра алмай, күнә жасап қойған сайын өкініп, тез арада шындап тәубе ететінмін.

Құтқарылғанға дейін көп ойланбайтынмын, құмарлық келді ме – күнәға беріле салатын едім. Исаға келгеннен кейін шырғалаң шеңберге түстім. Порнографияның күнә екенін білетінмін, оған жол бергім келмеді. Алайда, тән құмарлығына төтеп бере алар емеспін.

1982 жылы, жиырма үш жасымда Лизаға үйлендім. Енді, сүйген қызыма қосыған кезде, әлгі күнәнің шеңгелінен босаймын деп ойлаған едім. Алайда, азат болудың орнына күнәға бұрынғыдан бетер шырмала түстім. Порнографиялық материалдарға көзім түссе болды, қарсы тұра алмайтын болдым. Тәуелділігім Лиза екеуіміздің жұбайлық қарым-қатынасымызға әсерін тигізбей қоймады.

1983 жылы қауымда қызмет ете бастадым, бірақ порнографиямен әлі де күресуде едім. Менің міндетім бағушыға, ол кісінің отбасына, қауымға келген уағыздаушыларға көмектесу болатын. Біздің қауымымыз Америкадағы ең ірі қауымдардың бірі еді. Әлемге әйгілі уағыздаушылар қауымымызға жиі келетін. Сол қонақтарымыздың бірі – азат ету қызметкері, танымал уағыздаушы Лестер Самралл болатын.

Сол кісінің қызметінде болған таңғажайып оқиғалар жұртқа мәлім, адамдар жындардан азат болып, рухани тұтқыннан босап жататын.

1984 жылдың күзінде Лестер Самралл біздің қауымға келіп, төрт күндік семинар өткізетін болды. Мен қонақты күтіп алып, шығарып салғанша жанында болуым керек. Сол күндердің бірінде сәтін тауып, сол кісіге сырымды аштым, тән құмарлығымен күресіп жүргенімді бүкпесіз айттым. Лестер нағыз рухани әкедей менімен қатал сөйлесті. Мойынсұна, сабырмен тыңдап шықтым. Сосын “Азат болуым үшін мінәжат етіңізші” деп өтіндім.

Лестердің мінәжаты жалынды болды. Бірақ, өкінішке орай келесі апталар мен айларда еш өзгеріс болмады. Сол баяғы құмарлықпен күресуен болдым.

Тоғыз ай өтті. Құдаймен оңаша уақыт өткізуге мүмкіндік туды. Бірнеше күн ораза тұтып мінәжат еттім. Оразамның төртінші күні болатын. Ол күнді ешқашан ұмытпақ емеспін. 1985 жылдың 6 мамыры болатын, нәпсіқұмарлық рухынан толық азат болдым. Киелі Рұхтың жетелеуімен сол жынға өмірімнен кетуді бұйырдым. Сонда керемет рухани билікті сезіндім. Құдайыма шүкір, әлі күнге дейін азатпын!

Бұрын неліктен азат бола алмадым?

Екі жыл өткенде бір сұрақ мазалай бастады. Сол сұрағыммен Құдайдың алдына келдім. «Әке, — дедім мен, — түсіне алар емеспін. Сенің майланған қызметшің Лестер арқылы не себепті азат болмадым? Ол кісі талай жынды қуып шығып, талай адамды азат етті ғой. Мен неге тоғыз ай өткенде ғана азаттық алдым?»

Құдай сол кезеңдегі өмірімді көз алдыма келтіре бастады. 1984 жылдың күзінде, Лестер Самралл келер уақытта күн сайын таңертең кемінде бір жарым сағат мінәжат ететінмін. Екі жылдан бергі әдетім сол болатын. Таңғы сағат 5-те тұрып, 5.30-ға дейін ұсақ-түйек шаруаларымды істейтінмін де, 5.30-дан 7-ге дейін дұға ететінмін. Сондағы Құдайдан жалбарына сұрайтыным: “Құдайым, көптеген адамды Исаға алып келу үшін мені қолдана гөр! Ауруларды сауықтыруда, азат етуде мені қолдана гөр! Халықтарды құтқаруға мені қолдана гөр!” Осылай дұға етіп, күнсайын, үнемі Құдайдан мені қызметке алуын, ешкім жаба алмайтын

есіктерді ашуын сұрайтынмын. Мінәжатым отты болатын.

Бір күні тағы да сол үйреншікті сарынмен мінәжат етіп отырған болатынмын. Кенет Киелі Рух “Балам, сен көптеген адамды құтқарып, сауықтырып, азат етіп, ақырында тозақтан бір-ақ шығуың мүмкін” деді.

Мелшидім де қалдым. Бұл қалай? Менің естіп тұрғаным шынымен де Киелі Рух па? Күмәнданып отырғанымда Ол тағы да сөйледі: “Балам, Яһуда кәсібін тастап, Маған ерді, Яһуда Ізгі хабар таратты, адамды сауықтырды, азат етті, енді Яһуда тозақта” деді.

Мен католик отбасында туып-өскен болатынмын. Жоғарыдан туылғаныма бес-ақ жыл болған. Әрі қарайғы жағдайды басымнан бірінші рет өтті. Әлгі сөздерді естігенімде қалшылдап кеттім. Сөйлеуге шама жоқ. Түк түсінбесем де, жалғыз білетінім, маған сөйлеген – Құдайдың Өзі.

Бар күшімді жинап, тіл қаттым-ау әйтеуір. Құдайдың алдында бас иіп, “ең алдымен не нәрсеге ұмтылуға тиіспін? Ең маңыздысы не?” деп сұрадым.

Өте анық жауап келді: “Мені танып білу”.

Осы кездесуден кейін Дәуіттің, Мұсаның, Пауылдың тілеуі қандай болғанын түсіндім. Пауыл елші:

«Иә, мен бәрін де залал деп санаймын, өйткені Ием Иса Мәсіхті жақыннан танып білу өзге нәрселерден әлдеқайда жоғары. Иеме бола бұлардың бәрінен айырылдым, оларды түкке тұрғысыз сыпырынды деп санаймын да. Осылайша қабылдайтын сыйым — Мәсіхтің Өзі» дейді (Філіпі. 3:8).

Пауыл Исаның Өзін танып білуге ұмтылды, Қызметінің мықты болуының себебі де – сол. Ал менің аңсағаным – Исаның Өзі емес, Исаға қызмет ету екен. Сол күні өміріме түбегейлі өзгеріс келді.

Енді таңғы мінәжаттарымның тақырыбы қызмет емес, қарым-қатынас болатын болды. “Ием, адам баласы Сені қаншалықты танып біле алса, соншалықты білгім келеді. Саған ұнамды болғым келеді. Сенімен сырлас болғым келеді. Маған жүрегіңдегіңді аша гөр, Сен үшін не маңызды? Не нәрсе маңызды емес? Мені Өзің үйрете гөр. Сенің жолыңмен жүре алатын болайын, Сенің көңіліңнен шығайын...” Таңғы мінәжаттарымды жалғастыра бердім, бірақ олардың мазмұны мен бағдары өзгерді. Кейінірек Құдай осының мәнін түсіндіріп берді.

“Лестер Самралдың дұғасынан кейін неліктен азат болмадым?” деген сұрағыма жауап алдым. “Сол қызметкерге сырыңды ашқандағы түпкі ниетің – күнәң қызметіңе кедергі болады деген қорқыныш. Сені қызметтен шығарып тастайды ма деп қорықтың. Өзің үшін қайғырған болатынсың. Қайғың – күнәкар дүниелік қайғы-қасірет болатын. Ал кейін сенің ниетің мен дұғаларың өзгерді. Енді Мені танып-білуге құштарсың. Ендігі қайғың – күнә жасап, Менің жүрегімді жаралаған, сонысына өкінген адамның қайғысы. Бұл қайғың – Менің қайғым”.

Пауыл елші Қорынттағы қауымға былай деген еді:

«Қазір мен қуаныштымын — қасіреттеріңе бола емес, опық жеп қайғырып, теріс жолдан қайта оралғандарыңа бола. Сол қайғыларың Құдайдың еркімен болған еді, сондықтан да ешқандай зиян көрмедіңдер. Себебі Құдайдың еркімен болған қайғы-қасірет адамның Оған бет бұрып, құтқарылуына түрткі болады. Ол кейін соған өкінбейді де. Ал күнәкар дүниелік қайғы-қасіреттің нәтижесі — рухани өлім» (2 Қорынт. 7:9, 10).

Мұндағы гректің «құтқарылу» деген сөзі жоғарыдан туылуды ғана білдірмейді. Түпнұсқада тұрған *soteria* сөзі «қауіпсіздік, азат болу, жойылу қаупінен сақтау» деген мағынаны береді (WSNTDICT). Осы түсірмедегі «азат болу» сөзіне баса назар аудармақпын. Жоғарыдағы үзіндіде «құтқарылу» сөзінің орнына «азат болуды» қойып, қайта оқиық: «Себебі Құдайдың еркімен болған қайғы-қасірет адамның азат болуына түрткі болады».

Екі қайғы

Екі түрлі қайғы, бірі – Құдайдың еркімен болған қайғы-қасірет, екіншісі – күнәкар дүниелік қайғы-қасірет. Екеуінің айырмашылығы неде? Саул патша мен Дәуіт патшаның өмірлерінен сол айырмашылықты анық көруге болады. Жоғарыда айтақанымыздай, Саул Құдайдың Амалек тайпасы жөніндегі бұйрығын орындамады. Пайғамбар келіп, Саулдың ісін әшкерелегенде, ол былай деп жауап берді: “Мен күнә жасадым. Алайда мені халқымның рубасыларының көзінше әрі бүкіл Исраилдің

көзінше құрметтей көріңіз! Екеуіміз бірге оралайық. Сонда Құдайыңыз — Жаратқан Иеге ғибадат етемін” (1 Патша. 15:30). Құдайдың бұйрығын орындамағанына өкініп тұрған жоқ. Халықтың алдындағы беделін ғана ойлап тұр. Бүкіл халық білетін Самуил пайғамбардың патшаның жанынан табылмауы Саулдың абыройына нұқсан келтірмек. Саулдың ойлағаны — сол ғана. Саулға керегі — Самуилдың қолдауы, халықтың қошаметі, патшалық билік. Ал сол билікті берген Құдаймен шаруасы жоқ. Бәрінен де аңсағаны — құрмет, атақ-абырой, даңқ. Міне, күнәкар дүниелік қайғы-қасірет деген осы.

Дәуіт патша да ауыр күнә жасады. Ол тұрмыстағы әйелмен ойнас жасап, күнәсін жасырмақ болып, күйеуін өлтіртеді. Натан пайғамбар Дәуітті уәзірлерінің алдында әшкерелейді. Дәуіттің күнәсі ашылғанда, ол жерге жата кетіп, “Жаратқан Иеге қарсы күнә жасадым, соны мойындаймын!” деп дауыстайды. Саул “мен күнә жасадым” десе, Дәуіт “мен Жаратқан Иеге қарсы күнә жасадым” дейді. Екеуінің сөзінде екі түрлі мағына бар. Дәуіт Сүйіктісінің жүрегін жаралағанын біледі, соған қайғырады. Оның қайғысы — өз қамы емес. Дәуіт таң атқанша Құдайға сиынумен болады, қайғыра, өкіне тәубе етеді, артынан жеті күн ораза тұтады. Істеген ісіне өзегі өртеніп өкінеді. Дәуі былай деп мінәжат етеді:

«Мен Өзіңе қарсы күнә жасадым,
Сенің көз алдында зұлымдық істедім.
Осылай әділ Сенің айтқандарың,
Мүлтіксіз де маған жүргізген сотың» (Забур. 50:6).

Күнәкар дүниелік қайғы-қасірет дегеніміз — адамның өз қамын ойлауы. Теріс қылығымның салдары қандай болады? Жұрт не дейді? Масқара болдым-ау. Қап, әттеген-ай! Қызметтен шығып қалатын болдым ғой. Тағысын тағылар. Құдайдың еркімен болған қайғы-қасірет (кейбір аудармаларда Құдай үшін қайғы-қасірет деп жазылған) Исаның жүрегін ойлайды. Сүйіктімнің жүрегін жараладым. Жазам қандай болса да, *Құдайдың үкімі әділ, Оның алдында бас иемін.*

Сонымен, азат болдым. Алайда, ой-санам жаңаруға тиіс еді, ол екі-үш жылға созылды. 1985 жылдың мамырына дейін порнографиялық материалдар көзіме түссе болды, нәпсінің билігінде кете баратынмын. Біраздан кейін өзімді-өзім тоқтата алатын, порнографиядан теріс

айнала алатын болдым. Бірақ тар киім киген сұлу әйел көрсем, құмарлыққа берілмеу үшін басқа жаққа бұрылуға мәжбүр едім. Бұл әлі де толық азаттық емес еді.

Азат болу мен азаттыққа жетудің арасында айырмашылық бар. 6 мамыр күні азат болдым, алайда Иса былай дейді: «...ақиқатты біле түсесіңдер, ал ақиқат сендерді азаттыққа жеткізеді» (Жохан. 8:32). Ақиқаттың бізді азаттыққа жеткізуін қалаймыз. Бірақ бізді азаттыққа жеткізу үшін ақиқат жан-дүниемізге терең енуі қажет.

Уақыт өте берді. Мен Құдайдың сөзін зерттеумен болдым, мінәжатымды да жалғастырдым. Санамда түбегейлі өзгерістер болып жатты. Құдайдың әйелдерге деген көзқарасын ұғына бастадым. Әрбір әйел – біреудің қызы екенін түсіндім. Осы бір рухани түсінік келгенде, ой-санамда күрт өзгеріс болды. Мүмкін, сіз үшін бұл бір терең ақиқат емес шығар, бірақ мен үшін шынында да жаңа ой еді. Киелі Рух маған әрбір қыз-келіншектің біреудің кішкене ғана қыз баласы екенін көрсетті. Мен бұрын ойлағандай, тек тән ғана емес екен.

Біраздан соң рухани түсінігім тереңдей түсті. Құдай әйелді (рухани жағынан) Өзіне ұқсас әрі бейнелес етіп жаратыпты, құрмет, салтанатты оған тәждей сыйлапты. (Жаратылыс. 1:26, 27 және Забур. 8:6). Осы бір сөздер жүрегіме бойлап барып, өмірімді өзгертті.

Енді порнографиялық журналға көзім түссе, жиренетін болдым! Иә, солай, бұрынырақ еліктірген нәрсем енді жеркеніш сезімін тұдыратын болды. Жанымнан әдемі әйел өтсе, басымды басқа жаққа бұруды қойдым. Азат болғаннан кейінгі бірнеше жылда неше түрлі ойларға беріліп кетпеу үшін сұлу әйелдерге қарамайтынмын. Бұдан былай әйел затының көзіне қарап тұрып, еркін сөйлесе алатын болдым, бұрынғы лас сезімнен арылдым.

Иса Мәсіхтің рақымының шынайы құдіретін көрдім. Түсінгенім, сенушілердің көбісі рақымды құтқарылу, күнәнің кешірілуі, тегін берілетін сый деп біледі екен де, оның өзгертуші құдіретін біле қоймайды екен. Құдайдың құдіреті шын мәнінде бізді түбегейлі өзгертіп, Исаның аманатын орындауға қабілетті етеді.

Иеміздің тегін берген сыйы бізді күнәміз үшін жазаланудан құтқарып қана қоймайды, сонымен қатар күнәнің бұғауынан азат етеді. Мен осыған нық сенемін. Сіз ше?

Құдайымның жаңартушы рақымын қабылдап, азат болдым. Құдайыма деген алғысым шексіз. Ол сізді де азаттыққа жеткізеді! Менің жолым – серуен емес, нағыз шайқас болды. Табандылық пен отты мінәжатқа толы шайқас. Осы қарулар сізге де қажет болмақ. Сонымен қатар, сізді Құдайдың рақымы мен сүйіспеншілігі қолдайды.

ІС-ӘРЕКЕТ

Құтқарушыңыз – Құдай ғана, тек Құдайдың өзі. Адамды күнәдан азат ете алатын бес қадамдық бағдарлама да, адами күш-қайрат та, ережелер де жоқ. Алайда, өзіміз қол қусырып отырғанда, Құдай бізді азат етеді деп сенудің де қисынсыз. Құдай бізді азат етеді. Бірақ бізден де әрекет, Құдайға деген талпыныс қажет. Ниетіміз дұрыс болғаны жөн. Құдаймен арадағы қарым-қатынасымыздан бірдеңе ұту емес, Құдайдың Өзін танып білу, Оған жақын болу. Азаттыққа жеткізетін – осы.

Келесі мәселе, азат болу сіз үшін қаншалықты маңызды? Құдайды іздеуге күш салуға, уақытыңызды бөлуге дайынсыз ба? Құдаймен кездесу үшін арнайы жерге барып, оңаша мінәжат етуге қалай қарайсыз? Құдайдың құзыры келгенше тоқтамай дұға етуге дайынсыз ба? Күнәдан арылғыңыз келеді дейік, сондағы ниетіңіз – тәуелділіктен құтылу ма, әлде Құдаймен қарым-қатынасыңыздың түзелуі ме? Құдайға адал қызметкерлердің алдында мойынсұнып, күнәңізді мойындауға дайынсыз ба? Олардың сіз үшін сиынып, Құдайдың сөзін айтқанын қалайсыз ба?

Күнәнің бұғауында қала берудің де, азат болудың да өз құны бар. Құдайға шын жүрегіңізбен еріңіз. Құдайды танып біліңіз, Иса сізден осыны күтеді!

КҮНӘ БОЛЫП ТАБЫЛМАЙТЫН КҮНӘ

Пұтқа табынушылықтың тағы бір қыры бар. Мен оны күнә болып табылмайтын күнә немесе күнәға жатпайтын күнә деймін. Оны дөп тану қиынға соғады. Бірақ криптониттің әсерінен толықтай арылмақ болсақ, мәселенің басын ашып алуымыз керек. Астарлы әңгімеден бастайық.

Бірде әлдекім Исаға Құдай Патшалығындағы тойда болғысы келетінін айтты. Сол кісіге жауап бере отырып, Иса терең ақиқатты ашып берді. Иса оған астарлап былай деді: «Біреу үлкен қонақасын дайындап, көп адам шақырады. Тамақ ішетін уақыт болғанда, шақырғандарына қызметшісін жіберіп былай дегізеді: “Келіңдер, барлығы дайын тұр!» Бірақ бәрі бірдей кешірім сұрап...» (Лұқа. 14:16–18). Осы астарлы әңгімедегі негізгі сөз – «кешірім сұрап».

Сізде осындай жағдай болды ма? Сіз біреуге өтініш жасайсыз, бәлкім, көмек сұрайсыз, бәлкім тойыңызға шақырасыз, не болмаса бір шұғыл тапсырма бересіз дейік. Сондағы еститініңіз – бос сылтау. Осы әңгімедегі «кешірім сұрау» дегеніміз не? Әлгі адамдардың өз шаруасын сіздің өтінішіңізден маңызды санағаны. Олардың «кешірім сұрауын», шын мәнінде, «мен үшін сенің өтінішіңнен өзімнің жоспарларым басым түседі» деп түсінуге болады.

Исаның әңгімесіндегі адам жолдастарын жай ғана бір-екі кесе шай ішуге шақырған жоқ. Оның дайындағаны – үлкен той, мол дастарқан болатын. Қонақтарын әбден риза етпек еді. Шақыру қағазына әрқайсысының есімі жазылып, ісіне жеткізілді. Сонда түрлі сылтаулар басталды: “...біреуі: Егіндік жер сатып алдым, соны барып көруім керек. Өтінемін, маған кешірім ете гөр! — деді» (Лұқа. 14:18).

Осы тұста туындайтын сұрақ: “Егіндік жер сатып алу – күнә болғаны ма?” Олай емес, әрине. Алайда, егіндік жер сатып алу Құдайдың сөзінен маңызды болса, сонда күнә. Дәлірек айтсақ, пұтқа табынушылық, немесе криптонит. “...келесі біреуі: Бес пар өгіз сатып алып едім, соларды сынап жегіп көруге бара жатырмын. Өтінемін, мені кешір! — дейді» (Лұқа. 14:19). Тағы да сол сұрақ: «Өгіз сатып алу, қазіргі сөзбен айтқанда, кәсібіңе қажет жабдық сатып алу – күнә болғаны ма?” Күнә емес, әрине. Кеңсеме қажет жабдықтарды талай рет сатып алғаным бар. Алайда, әлденені сатып алу Құдайдың сөзінен үстем болса, күнә болғаны. Тағы да сол, күнә емес күнә, пұтқа табынушылық, криптонит.

Үшінші адамның жауабын көрейік: “Ал тағы біреуі: Мен жаңа ғана үйленген едім, сондықтан бара алмаймын, — дейді» (Лұқа. 14:20). Тағы да сол сұрағымды қайталамақпын: “Үйлену – күнә ма?” Күнә болса, үйленгендердің бәрі – күнәар. Оның ішінде өзім де бармын.

Айтпағым түсінікті шығар: әлдекімді, әлденені, елдебір істі Құдайдың сөзінен маңызды деп санасақ, әлгі күнә болып табылмайтын нәрселер күнәға айналады.

Менің криптонитімнің көрінуі

1981 жылы, Пердью Университетінің екінші курсыңда оқып жүргенімде, мәсіхші студенттер клубына қатысатын екі жігіт маған Ізгі хабарды айтып берді. Көзім ашылып, Исаны қабылдап, қайта туылдым. Сол сәтте Құдайға әуестігім оттай жанды. Құдайдың бар екендігіне, Оның осында екеніне күмәнсіз сендім, Исаға деген сүйіспеншілігім мен ризашылығым шексіз болды. Тыңдаған адамдарға да, тыңдамаған адамдарға да Иса туралы айтумен болдым. Исамен кездескеніме

бірнеше ай болды. Футбол жарыстарының сезоны басталды. Мен үшінші курста оқып жүрген едім, жылдағыдай футболға билет алып қойдым. Бірінші, екінші курста ешбір ойыннан қалған емеспін, бірақ енді мен Исаға әуес едім, сондықтан футбол жарыстарының уақытын Киелі Кітапты оқуға арнадым. Жарыс басталғанда, жатақханада адам қалмайтын. Сол тыныштықты пайдаланып мінәжат етіп, Құдаймен сырласатынмын. Ешкім маған «саған футболға баруға болмайды» деп айтқан емес, мен футбол ойнауды немесе көруді күнә деп есептеген емеспін. Келесі жылы футболға бірнеше рет бардым. Алайда сол жылы, үшінші курста оқып жүргенімде уақытымды ойынға емес, Құдайға арнағым келді. Құдайды танып білуге құштар едім. Бар ойым көктегіге бағытталған еді.

Университет бітірісімен, Техас штатына, Даллас қаласына көштім. Жарты жылдан соң Лиза да осында көшіп келді. Мен «Роквелл Интернешнл» компаниясында инженер болып жұмыс істедім. Жиырма екі айдан кейін мен біздің қауымға жұмысқа тұруға ұсыныс алдым. Ол Америкадағы ең үлкен, әрі ең танымал, халықаралық беделі бар қауым еді. Онда әртүрлі қызметтерде еңбектенетін төрт жүздей адам бар.

Сол кезде «Даллас ковбойлары» Ұлттық футбол лигасындағы үздік команда еді. Мичиганда өскендігімнен, мен олар туралы аса көп білмейтінмін, бірақ дүйсенбі сайын әріптестерімнің «Ковбойлар» жайлы айтқан әңгімесін еститінмін. Әріптестерім кофе ішіп отырып, кешегі ойынды еске түсіріп, басқа ойындарды, жеңістерді, жеңілістерді қызу әңгімелейтін.

Осыны қызық көріп, мен теледидардан «Ковбойлардың» ойынын қарайтын болдым. Бастапқыда мен ойынның жартысын не ширегін көріп жүрдім. «Ковбойлардың» ойыны кремет еді, қызыға қарайтынмын. Осыған түрткі болған тағы бір жайт – қауым офисінде жігіттермен бірге ойынды әңгіме ету мүмкіндігі.

Алайда біраздан соң менің қызығушылығым артып, ойындарды бастан-аяқ көретін болдым. Ойын кезінде ойыншыларды жігерлендіріп, кейде оларға айқайлап, теледидармен қызу сөйлесетін болдым. Енді мен бір ойынның бір минутын да жіберіп алмайтын болдым. Ойындар сезоны аяқталғанда да әріптестеріммен арадағы әңгіме

футболдың төңірегінде болды. «Ковбойлар» келесі жылы өздерін қалай көрсететіндерін күтетінбіз. Ойын жайлы әңгімеден тыс уақытта да «Ковбойлар» командасын жиі ойлайтын болдым. Мен нағыз жалынды жанкүйерге айналдым!

Келесі ойын сезонының басталуын асыға күтетін болдым. Жексенбі сайын қауымнан келіп, киімімді айырбастамастан теледидардың алдына отыра кететін болдым. Кейде мен үстімдегі киімім ыңғайсыз болса да (костюм мен галстук) теледидардың алдында жабысып қалғандай отыратынмын. Бір ойынды да жіберіп алғым келмеді.

Үзіліс кезінде киімімді жылдам айырбастай қоямын. Лизаға көмек керек болып жатса, «'Ковбойлардың' ойынын көріп отырмын, қазір емес» дейтін болдым. Матч кезінде емес – ойыннан кейін немесе үзіліс кезінде ғана тамақ ішетін болдық.

Енді мен сүйікті командалық барлық рейтингілерін білетін болдым. Мен олардың әрбір ойынын мұқият бақылап, «Ковбойлардан» одан да жақсы ойын күтетінмін. Жұмыста мен футбол жайлы бәрінен көп білетін болдым. Ойын болған күні сүйікті командалық мақтаумен болатынмын, апта бойы осы әңгімелер тоқтамайтын. Қауымдағы кейбір адамдардың сезонға алдын ала алынған абонементтері бар еді, олар мені ойынға шақырғанда, қуанышым қойныма сыймайтын. Ойынға бармай қалуға ешқашан де сылтау іздеген емеспін. Бір жылдан кейін, келесі сезонда не болғанын айтып берейін.

Бір күні жай ғана қарапайым (менің ойымша) мінәжат еттім. Сол мінәжатым өмірімді қаншалықты өзгертетінін білген жоқпын. Құдайға: «Құдай Ием, менің өмірімді өзгерте гөрші, өзін Саған арнаған киелі адам болғым келеді, сондықтан, жүрегімде Саған ұнамсыз нәрсе болса, соны әшкерелеп, алып тастағайсың»,– дедім. Бұл мінәжатымның қаншалықты маңызды болатыны, өзімді қаншалықты әшкерелейтіні жайлы ол кезде бейхабар едім.

Футбол ойындарының сезондары аяқталуға жақындап қалған еді, алда «плей-офф» ойындары. Өте маңызды ойын болатын күн келді. «Ковбойлар» «Филадельфиялық қырандарға» қарсы ойнады. Жеңген команда «плей-офф» ойынына өтеді, жеңілген команда ойыннан шығады. Мен теледидарға жабысып қалғандай болдым,

диванға отырмастан, түрегеп тұрдым. Сол ойын кезінде бір орында отыру мүмкін емес еді. Финалдың соңғы ширегі басталды – ойынның соңына дейін сегіз минут. «Ковбойлар» төрт ұпай артта қалды, олардың бас шабуылшысы басқаларын алаңмен жетелеп келе жатты. Ойыншылардың сәтсіз әрекеті кезінде қатты қынжылып, тамаша ойнағанда қуанғанымнан дауыстап жіберемін, осылай бөлмеде әрлі-берлі жүрмін. Ойынның шиеленісінен көңілімді дегбірсіздік кернейді.

Кенеттен Киелі Рух мінәжат етуімді сұрады. «Мінәжат ет, мінәжат ет, мінәжат ет!» деген қалау бойымды билеп алды. Жүрегімнің түкпірінен шыққан осы бір сезім, өте айқын да күшті болды. Киелі Рух мінәжатқа шақырып, баурап алғанда осындай сезімге бөленетінімді білемін.

Бөлмеде жалғыз едім, сондықтан дауыстап: «Құдайым, ойынның бітуіне сегіз-ақ минут қалды. Ойын біткен соң мінәжат етемін»,– дедім. Мінәжатқа шақыру тоқтаған жоқ.

Бірнеше минут өтті. Мен әлі де ойынды көре бергім келді: «Құдайым, ойын біткен соң бес сағат мінәжат етемін. Алты-ақ минут қалды!».

Команда допты алаңмен жүргізіп келе жатыр. Олар гол салып, осы маңызды ойынды ұтатынын білемін. Дегенмен, Киелі Рухтың мінәжатқа шақыруы тоқтамады. Қайта, күшейе берді. Не істерімді білмей кеттім.

Назарымды ойыннан бөлгім келмеді де, «Құдайым, кешке дейін, қаласаң, түні бойы мінәжат етемін!» деп дауыстадым.

Ойынды соңына дейін көріп шықтым. «Ковбойлар» жеңді, стадиондағы көрермендер масаттануда. Осы қуанышқа мен де қосылдым. Алайда, Құдайға берілген уәдемді орындауым керек. Бірден теледидарды сөндіріп қойдым. Кеңсеме кіріп, есікті жаптым да, дұға етпек боп кілемге отыра кеттім. Бірақ, әлгінде ғана баураған сезім зым-зия жоқ. Мінәжат етуге ешқандай қалау да, түрткі де, шабыт та жоқ. Ештеңе жоқ. Шабытты қайтаруға әрекет жасадым. Мінәжат етуге тырысып көрдім, бірақ сөздерім өзіме қайтып оралғандай болды. Не болғанын түсіне қойдым. Жеңіл-желпі сылтау тауып, Құдайдың шақыруын қайтарған екенмін. «Даллас ковбойларының» ойынын Құдайдың өтінішнен артық көріппін. Сонда Құдайдың алдында тәубе еттім: «Құдай Ием, 'Сен үшін не маңыздырақ, Құдай ма, әлде 'Даллас

ковбойлары' ма' деген сұраққа 'әрине Құдай!' деп жауап берер едім. Бірақ, мен үшін шын мәнінде ненің маңызды екенін көрсеттім. Мен Саған керек едім, бірақ Сені емес, ойынды таңдадым. Мені кешіре гөр!».

Сол сәтте: «Балам, Маған сенің бес сағат мінәжат етіп, құрбандық жасағаның керек емес. Маған бағынғаның керек»,– деп Құдай жүрегіме сөйледі.

Өмірдің кез келген саласы

Пұтқа табынушылықтың осы бір түрі өмірдің қай саласынан да табылуы мүмкін. Бір кездері гольф ойынына деген қызығушылығым өмірімде тым көп орын алған болатын. Сол себепті Киелі Рух гольфке арналған құралдарымды басқа бағушыға беруімді талап етті. Ол бағушының өмірінде гольф менің өмірімдегідей тым көп орын алмайтын, сондықтан Киелі Рухтың жетелеуімен, доптаяқтарымды сол кісіге бердім.

Арада бір жарым жыл өткенде, бір кәсіби гольфистің жүрегіне Құдай құны бірнеше мың доллар гольф жабдығын маған сыйлауды салды. Күмілжіп қалдым. «Джон, осылай істеуге тиіс екенімді білемін»,– деді сыйлаушым. Ол кісі көп мінәжат ететін адам еді. Тағы бірнеше ай өткенде бір бағушы Құдай оның жүрегіне маған гольф жабдығын сыйлауды салғанын айтты. Ол адам – Оңтүстік Кореяда орналасқан дүниежүзіндегі ең үлкен қауымның негізін қалауға қатысқан бағушы. Бұрынғыдан да қатты күмілжідім. «Бұл жабдықты қайтемін?» – деп Құдайдан сұрадым.

«Бар, гольф ойна»,– деген сөз жүрегіме келді.

«Бір жарым жыл бұрын гольф ойнауды тоқтат, ойынның жабдығын беріп жібер деп едің ғой».

«Ол кезде гольф ойыны сен үшін артық нәрсе еді, ал енді гольф ойнап, рахаттанып, тынығасың»,– деп жауап берді Құдай.

Сол кезден бері гольф ойнайтын болдым. Құдай маған бұл ойынды ұлдарыммен, қауым жетекшілерімен, қызметтегі әріптестеріммен бірге демалуым және тынығып, күш жинауым үшін берді. Достармен және әріптестермен гольф ойнау және гольф турнирлерін ұйымдастыру арқылы

Messenger International қызметі миссионерлік жобаларға үш миллион доллар қаражат жинады. Гольф ойнаудан мүлде бас тартсам, осыған қол жеткізбес едік. Гольф ойыны менің өмірімде криптонит болудан қалды.

Өмірдің кез келген саласындағы, күнәға жатпайтын нәрселер күнәға айналуып кетуі мүмкін. Қызметте, бизнесте, спортта, қарым-қатынаста, тағысын тағы салаларда осындай қауіп бар.

Жаратушымыз өмірге рахаттанғанымызды қалайды. Пауыл елшінің мына бір сөзі не деген тамаша:

«...Құдай адамдар рақатын көрсін деп игіліктердің бәрін сыйлайды» (1 Тимоте. 6:17).

Құдай бізге берген жарылқауларының барлығын қабылдағанымызды, өмірге рахаттанғанымызды қалайды. Жалғыз-ақ, өміріміздегі басты орынды Өзіне беруімізді сұрайды. Яғни, Құдайдың Өзі, Құдайдың еркі кез келген уақытта, кез келген жерде бәрінен маңызды.

Ешқандай жеңіл-желпі сылтау да, салмақты себеп те жоқ!

Тойдан қалып қоймаңыз!

Исаның астарлы әңгімесіне оралайық. Тойға шақырылған адамдардың сылтау айтқандары жөнінде оқыдық. Әрі қарай былай делінген:

«Қызметшісі қайта оралып, мұны қожайынына айтып береді. Үй иесі қаһарланып, қызметшісіне: “Тез барып, қаланың үлкенді-кішілі көшелерін аралап, жарлы-жақыбайларды, кемтар, ақсақ, соқырларды алып кел!” деп бұйырады. Кейінірек қызметшісі: “Мырза, бұйрығыңызды орындадым, бірақ әлі де бос орын бар” дейді. Ал қожайыны былай деп тапсырады: “Қаладан шығып, үлкен жолдарда әрі үйлердің айналасында жүргендерді шақырып, келуге көндірі! Осылайша үйім толсын. Сендерге шындығын айтамын: алдымен шақырылғандардың ешқайсысы да қонақасымнан ауыз тимейді!» (Неге десеңдер, шақырылғандар көп, ал таңдап алынғандар аз)» (Лұқа 14:21–24).

Бұл астарлы әңгіме Құдайдың Тоқтысының үйлену тойы жайында айтады. Заманның ақырында Әкенің Ұлына арнап жасайтын мерекелік салтанаты жайлы. Сол тойға бәріміз шақырылғанбыз. Сонымен қатар, мұнда күнделікті өмірімізге қатысты бір қағида да бар. Құдай біздің жоспарымызды бұзып немесе бір әуес нәрсемізді істеп жатқан сәтте келіп, ісімізді, ойымызды не жоспарымызды бөлуді мүмкін. Ондайда бір тамаша нәрсе дайындап қойғаны. Құдайдың осындай кенеттен келуіне бар көңіліңізді қойсаңыз, бұл күтпеген кездесу нағыз тойға, Құдай сөзінің, даналығының, құдіретінің тойына ұласады.

Сол жолы, теледидардан «Даллас ковбойларының» ойыны көрсетіліп жатқан кезде, Құдайдың маған дайындап қойған жарылқауы бар еді. Оның не екенін бір кезде білетін боламын. Әу баста маған арналған сол жарылқау «үлкен жолдарда әрі үйлердің айналасында жүрген» біреудің үлесіне тиді, білем. Мен болсам, одан құр қалдым.

Дегенмен, оным үшін өзімді кінәлі санамаймын. Өйткені, Құдайдың рақымы мол, кешірім сұрадым, кешірімін алдым. Осы қателігімнен де, басқа қателіктерімнен сабақ алдым, әрине. Бұдан былай криптонитке жабысып, Әкемнің бірде-бір сыйынан құр қалмақ емеспін.

Құдайымыздан осындай күтпеген шақыру алғанда, сылтау-желеудің бәрін былай қойып, әкенің алдына келейік, Құдайдың сөзіне, даналығына, құдіретіне бөленейік. Криптонит сенушіні әлсіретеді, соны ұмытпайық.

Өкінішке орай, кейбіреулер тағы да сылтау таба бастайды. Олар Құдайды Өмірінің өзегі етпейді, Мәсіхтің тойынан қалып қояды.

Сіден өтінетінім, мына бір қарапайым мінәжатты оқып шығыңыз да, Құдайға осылай сиыныңыз: «Көктегі Әке, Ием Иса Мәсіхтің атымен сұраймын, жүрегімді өзгерте гөр. Өзімді Саған толықтай бағыштап, Сенің алдыңда әділ болғым келеді. Өмірімде Саған ұнамсыз нәрселер болса, көрсетіп, олардан мені арылтқайсың. Сенімен кездесудің бірінен де қалып қойғым келмейді!»

ІС-ӘРЕКЕТ

Тараудың соңында айтылғандай мінәжат еткен боларсыз. Олай болса, Құдай сіздің өміріңізде әрекет ете бастайды, сізді Өзіне жақындату үшін арада тұрған кедергілерді көрсете бастайды. Жүрегіңізді Құдайға ашыңыз, сізге сөйлеуін сұраңыз, қандай сылтау тауып жүргеніңізді көрсетсін. Құдайдың ашып бергенін жазып алыңыз.

Осы тараудың соңында айтылғандай мінәжат етпеген болсаңыз, дәл қазір уақытыңызды бөліп, басқаша дұға етіңіз. Әлгіндей мінәжат етуге Құдайдан батылдық сұраңыз. Мінәжатта ашылған нәрселерді жазып алыңыз.

ТОЙҒА КІРЕТІН ЕСІК

Аян кітабында жазылған Исаның жеті қауымға жолдаған хабарына оралайық. Қауымдардың біріне Иса мынадай таң қаларлық сөз айтады:

«Міне, Мен есік алдына келіп, қағып тұрмын. Кімде-кім даусымды естіп, есік ашса, Мен оның жан дүниесіне еніп, онымен бірге «дастарқандас» боламын; ол да рухани нәр алып, Менімен тығыз байланыста болады» (Аян 3:20).

Бұл сөздер өткен тарауда айтылғандарға өте ұқсас. Той үстінде Исамен дасатарқандас болу! Ұстазбен сырласу! Сол тойда Исаның даналығы, ақыл-кеңесі, құдіреті және басқа да жарылқаулары дастарқанда, сіздің алдыңызда тұрады. Осындай ас рухани тәбетіңізді ашады, Исаның қолынан осындай дәмдерді татуға асығатын боласыз. Міне осы рухани ас күш-қайрат бітіреді, криптониттің әлсіретуші әсерін жояды. Қайрат-жігерді күннің сәулесінен алатын Супермен есіңізде ме? Иса – біздің Күніміз, көктен түскен Нанымыз. Исаның құзыры криптониттің әсеріне қарсы тұруымызға күш-қайрат береді.

«Исаның қағып тұрғаны – қай есік?» деген сұрақ туады. Осы аятты көбінесе адамдарды Исаға келуге шақырғанда оқимыз. Алайда, Исаның бұл сөзі сенбеушілерге емес, қауымға айтылған еді ғой, соны ұмытпайық. Исаның айтпағы есік емес еді, басты назарымыз “кімде-

кім даусымды естіп...” деген сөзде болу керек. Менің үйім ү-шуға, даңғаза айқайға толы болса, қадірлі қонағымның есік қаққанын қалай естімекпін? Қонақ жабық есіктің алдында қашанғы тұра бермек? Бұрылады да кетеді.

Енді “Есіктің қағылғанын естуге не кедергі?” деген сұрақ туады. Бұл сұраққа жауап табуға тиіспіз, өйткені, естімесек, есік ашпаймыз, есік ашпасақ, Исамен дастарқандас бола алмаймыз.

Қасиеттілік

Қасиеттілік. Осы сөзді айтыңыз да, бұл сөзден адамдардың күмілжіп қалатынын байқаңыз, олар әңгімені тезірек басқа жаққа бұрғысы келеді. Көбінесе адамдар қасиеттілікті көңілсіз, жалықтырар, қызық өмірге кедергі жасайтын нәрсе деп ойлайды. Көбінесе, қасиеттілік құтқарылуға өз істері арқылы қол жеткізуге негізделетін заңшылдықтың бір бөлігі деп саналады. Қасиеттілік туралы әңгіме қозғасаңыз, мынадай жауап естуіңіз мүмкін: «Мен Құдайдың рақымымен азат болдым. Мені заңға бағындыруға тырыспаңыз».

Алайда, Жаңа Өсиеттегі қасиеттіліктің заңшылдыққа немесе өз ісіне сүйенушілікке еш қатысы жоқ. Жаңа Өсиетте Иса Мәсіх “жетекшілікті дамытып жүрген”, немесе “заманауи”, “жетістіктері көп” қауымын алып кетуге келеді деп жазылмаған. Бұлардың бәрі қауымның өсіп-жетілуі үшін өте маңызды. Дегенмен, Исаның қалыңдығының ең басты сипаттамасы бұл емес.

Өкінішке орай, бұрынырақта көп айтылған заңшыл уағыздардың арқасында сенушілердің көбісі қасиеттілік тақырыбынан шошитын болды. Қауым өссін десеңіз, бұл тақырыпты қозғамай-ақ қойыңыз деушілер көп. Сонымен қатар, бүкіл Жаңа Өсиеттің қасиеттілік жайлы айтатынын, бұл тақырыптан қашып құтыла алмайтынымызды қызметкерлер біледі. Сондықтан уағыздаушылар мен тәлімгерлер қасиеттілік ұғымын жұмсартып, адамға қолайлы қалыпқа енгізбек. Олар былай деп үйретеді:

«Құдай бізді Өзінің алдында қасиетті де мінсіз халқы болып жүрсін деп, әлемді жаратпастан бұрын Мәсіхтің құрбандығына бола сүйіспеншілікпен таңдаған еді» (Ефес. 1:4).

Құдай бізді әлем жаратылмастан бұрын, яғни біз ешбір игі істер жасамай тұрып, таңдап алды. Сол таңдауы арқылы бізді қасиетті деп жариялады. Құдайдың көзқарасында біз пәк таза, мінсіз, қасиетті адамдармыз. Бұл – біздің Құдайдың көзқарасындағы қалпымыз. Исаны қабылдаған сәтте осындай қасиетті қалыпқа ие болдық, өйткені Құдайдың Өзі бізді қасиетті деп жариялады. Бұған ештеңе қоса алмаймыз. Ешбір ісімізбен Құдай алдында ақтала алмағанымыздай, енді қасиеттілігімізді де арттыра алмаймыз. Жиырма моллион жыл өтсе де, Исаны қабылдаған сәттегідей қасиетті болып қала береміз.

1981 жылдың маусым айында Лиза Тоскано атты қызбен таныстым. Лизаға ғашық болдым. 1982 жылы, қыркүйектің екісінде некеміз қиылды. Бүгін, отыз бес жыл өткенде, Лиза – менің жұбайым. Және үйленген күні қаншалықты жұбайым болса, бүгін де солай. Некеміз қиылған күні Лиза менің әйелім атанды. Жетпіс жылдық мерейтойымызда да сол қалыпта, “Джон Бивердің әйелі” деген қалыпта қала бермек. Осылай атану үшін Лиза еңбек еткен емес, ақы да төлеген жоқ. Мен оны таңдап алдым, сондықтан Лиза – менің әйелім.

Кейбір уағыздаушылар осындай қасиеттілік жайлы айтады. Ол шынымен де бар. Ал енді қасиеттіліктің басқа қырын қарастырайық. Тағы да мысал ретінде некемді қарастырмақпын.

Менімен таныспай тұрғанда, Лиза жігіттермен танысуға кетері емес-ті. Ұнаған жігітке телефон номерін беріп, кездесуге барып жүре беретін. Некелескеннен кейін жігіттерге көз салуды тоқтатты. Енді ол өзін тұрмыстағы әйел мәртебесіне лайық ұстайды.

Петір елшінің сөзін оқиық:

«Құдайдың рухани балалары ретінде Оған мойынсұнуға тиіссіңдер. Бұрын Оның шынайы хабарын білмей, өмірлерің жаман істерге жетелейтін құмарлықтардың билігінде болып келді. Бұған енді жол бермеңдер! Қайта, өздеріңді шақырған Құдайдың қасиетті болғаны сияқты, сендер де бүкіл іс-әрекеттеріңде Оған бағышталған қасиетті болуға тиіссіңдер!» (1 Петір. 1:14, 15, ағылшыннан аударма).

Біріншіден, “тиіссіңдер” деген сөзге назар аударайық. Бүкіл

іс-әрекетімізге, жүріс-тұрысымызға міндетті шарт қояды. Екіншіден, Петір Құдайдың көзқарасындағы қалпымыз емес, іс-әрекетімізді айтады. Бұл қалып қасиеттілігі емес, іс-әрекет қасиеттілігі. Лизаның тұрмысқа шыққаннан кейінгі жүріс-тұрысының өзгеруі іспетті нәрсе. Іс-әрекетіміз Құдай алдындағы қалпымызды көрсетуге тиіс.

Осы тұста түсінбеушілік басталады. Мәсіхшілік жолымның басында қасиетті өмір сүруге тырысумен болдым. Бірақ үнемі сәтсіздікке ұшырайтынмын. Осыған қатты налитынмын. Кейінірек Құдайдың рақымы деп аталатын құдіреттің бар екенін ұғындым. Құдайдың рақымы өзіміздің қолымыздан келмеген істерді жүзеге асыруымызға қабілет береді екен. Порнографияға тәуелділіктен арыла алмай ұзақ жүрдім. Алайда, рақымның не екенін білгеннен кейін, азаттықта өмір сүруді, Құдайдың рақымына сенуді, оған сүйенуді үйрендім.

Бірер жыл бұрын мыңдаған американдық мәсіхшілердің арасында сауалнама жүргізілді. Сауалнамаға әр түрлі қауымдардағы қайта туылған, Киелі Кітапқа сай өмір сүретін сенушілер қатысты. Сұрақтардың арасында келесідей бір сұрақ болды: «Құдай рақымының үш немесе одан көп анықтамасын немесе сипаттамасын жазыңыз». Жауаптардың басым бөлігі мынадай болды: құтқарылу, тегін сый және күнәлардың кешірілуі.

Америкадағы сенушілердің тек рақым арқылы құтқарылатынын білуі өте жақсы. Құтқарылу суды бүркіп шашу, қауымға мүше болу, дін заңдарын сақтау, жақсы істердің жаман істерден басым болуы, т. б. арқылы берілмейді. Америкадағы сенушілер Құдайдың рақымы жайлы іргелі ақиқаттарды біледі, себебі ол жайлы қауымдарда жиі уағыздалады, меніңше, бұл Құдайға ұнамды.

Дегенмен, бірнеше мың мәсіхшілердің арасында тек 2%-ы ғана рақым – Құдайдың күшін иелену деп жауап бергені – қайғылы жайт. Алайда, Құдай Өз рақымын тура осылай сипаттайды: «Саған қажеттінің барлығы – Менің рақымым, өйткені әлсіз жағдайыңда Менің құдіретім толықтай іске аса алады» (2 Қорынт. 12:9, ағылшыннан аударма).

Құдай өзінің рақымы туралы бізге Өз құдіретін сыйлағаны ретінде айтады. Әлсіздік «қабілетсіздік» дегенді білдіреді. Құдай: «Менің рақымым – Менің Өз құдіретімді саған сыйлағаным, ол сенің қабілетіңнен асып түсетін жағдайларда іске қосылады».

Құдай рақымының тура осындай анықтамасын Петір де береді:

«...Сендерге рақым, амандық және тыныштық молынан жауа берсін! Құдай бізді құдіретті [рақымының] күшімен және Оны жақыннан танып білуіміз арқылы Өзіне ұнамды жаңа өмір сүруімізге қажеттінің бәрімен қамтамасыз етті...» (2 Петір 1:2,3). Осында да рақым «Оның құдіретті күші» ретінде көрсетіледі. Петірдің айтуынша, Құдайға ұнамды, қасиетті өмір үшін қажетті қабілет пен барлық ресурстарға рақым арқылы қол жеткізе аламыз.

Алайда, сауалнамаға сәйкес, ол туралы Америкадағы сенушілердің 2 пайызы ғана біледі, сондықтан бұл мәселені ескермей кетуге болмайды. Түсіндіріп берейін. Құдайдан бір нәрсе алу үшін, сенуіміз керек. Сол себепті, Жаңа Өсиет мәтіндері «сенім сөзі» деп аталады (Рим. 10:8). Басқаша айтқанда, сенбейтін болсақ, ала алмаймыз.

Өте маңызды мысал келтірейін. Иса барлық дүниенің күнәсі үшін өліп, қайта тірілді. Бірақ тек Оған сенетіндер ғана құтқарылмақ. Осыдан үлкен мәселе туындайды: біз білмейтін нәрсеге сене алмаймыз. Егер сенушілердің 98 пайызы Құдайдың рақымының – Оның бізге беретін күші екенін білмесе, олар қасиетті өмірге өз істерімен қол жеткізгісі келеді, ал бұл оларды жеңіліс пен түңілуге соқтырады.

Уағыздаушылар қасиеттілікті тек Құдайдың көзқарасындағы қалпымыз ретінде қарастырады. Көптеген сенушілердің қасиетті өмір сүруге қабілеті жетпей қиналады. Рақым – Құдайдың құтқаруы мен кешіруі ғана емес, қасиетті өмір сүруге қажетті жарағы! Пауыл елші былай дейді:

«...Құдайға бағышталған қасиетті өмір сүруге ұмтылыңдар!
Мұнсыз ешкім Жаратқан Иені көре алмайды. Абай болыңдар,
ешқайсың Құдайдың рақымынан құр қалып жүрмеңдер!»
(Евр. 12:14, 15).

Осы аяттарда терең мән бар. Грек тіліндегі түпнұсқада «ұмтылу» сөзі — *dioko*, «қысым түсіру, әлденеге еру, әлденеге құштарлықпен, табандылықпен ұмтылу» дегенді білдіреді (WSNTDICT). Басқа сөздікте: «белгілі бір мақсатпен әлденені жүзеге асыру үшін күш салу» деп жазылған (LOUW-NIDA).

Осы екі анықтаманы оқып шыққаннан кейін, сізден сұрамағым, Пауыл елшінің айтқаны – Құдайдың көзқарасындағы қалпымыз ба, әлде іс-әрекетіміздегі қасиеттілік пе? Әрине, сөз – іс-әрекет жайлы.

Біреу менің жұбайыма: “Лиза, Джон Бивердің әйелі болуың үшін күш салуың керек” десе, “Мен онсыз да Джонның әйелімін” деп, Лиза күле жауап берер еді. Біз де солай, қалпымыз жағынан қасиеттіміз. Бірақ Пауыл елшінің айтып тұрғаны – іс-әрекет жағынан қасиетті болу.

Еврейлерге арналған хаттың осы тарауы мынадай сөздермен аяқталады: “Сонымен, өзіміз шаңырағы ешқашан шайқалмайтын Патшалықтан үлес алғандықтан, біз сол үшін Құдайға шын жүректен шүкірлік айтайық! Оны риза қылатындай қызмет етіп, терең қастерлеп, Оған ұнамсызды істеуден шошынатын болайық!” (Евр. 12:28). Рақым бізге Құдай риза болатындай қызмет етуге, Құдайды терең қастерлеуге, қасиетті өмір сүруге күш береді.

Ал енді өте маңызды нәрселер жайында сөз қозғамақпын. Киелі жазба: «...қасиетті өмір сүруге ұмтылыңдар! Мұнсыз ешкім Жаратқан Иені көре алмайды» дейді (Евр. 12:14). Пауыл елші нені айтады? Исаны әрбір адам көреді деп жазылған ғой. “Біліп алыңдар, Мәсіх бұлттармен қайтып келеді! Әркім де, Оны түйрегендер де Мәсіхті көзімен көреді...” (Аян. 1:7). Олай болса, “мұнсыз ешкім Жаратқан Иені көре алмайды” деп неге жазады? Бұл қалай сонда?

Исаны көру

“Жаратқан Иені көрудің” не екенін түсіндіріп берейін. Мен Америка Құрама Штаттарының азаматымын, жасым елу сегізде. Осы елу сегіз жылдың ішінде Америкада он екі президент ауысқан екен. Мен өз елімнің азаматымын, ал президент оның көшбасшысы, сондықтан мен президентпен белгілі бір «қарым-қатынастамын». Президенттің шешімдері барлық американдықтар сияқты менің де өміріме әсер етеді, мен де елімнің басқа азаматтары сияқты президенттің қол астындамын. Осындай қарым-қатынасқа қарамастан, мен президентпен бірде-бір рет кездескен емеспін. Жасым алпысқа таянса да, мен ешқашан бірде-бір президентті көрген емеспін.

Алайда президентпен жиі көрісіп тұратын американдықтар бар. Мысалы, оның достары мен жақын әріптестері. Қайткенде де олар Ақ үйдегі адамды менен жақсы таниды. Олар президентпен бірге болады.

АҚШ президенттері жайлы көп білемін, өмірбаяндарынан

хабардармын, қай президенттің қай мәселелерге көңіл бөлгенін, қандай шешімдер қабылдағанын білемін, олар туралы басқа да ашық мәліметтермен таныспын. Алайда, президенттердің бірімен де кездескен емеспін. Сондықтан да жеке өмірінің ерекшеліктерінен бейхабармын. Бірде-бір президентпен дос болу да маған бұйырмапты.

Сол сияқты, Иса Мәсіхтің қол астында миллиондаған сенушілер бар. Өздерінің айтуынша Иса – олардың патшасы. Иса оларды қорғайды, қамтамасыз етеді, жақсы көреді, сұрағандарын береді. Мәселе басқада – олар Исаны көреді ме? Басқа сөзбен айтқанда, олар Исаның құзырында болады ма?

«Менің өсиеттерімді жүректеріне сақтап, орындап жүргендер – Мені сүйетіндер. Оларды Әкем де сүйеді. Мен де соларды сүйіп, Өзімді оларға жақынырақ таныстырамын» (Жохан 14:21).

Иса “Мен...Өзімді оларға жақынырақ таныстырамын” дейді. Жаратқан Иенің өсиеттерін жүрекке сақтап, орындап жүру дегеніміз – іс-әрекетте қасиетті болуға ұмтылу. Сондай адамдар Исаны көреді. Иса Өзін оларға жақынырақ таныстырады, айқын көрінетін құзырына кіруге мүмкіндік береді. Қарым-қатынас Исаның билігіне жай ғана бағынудан Патшамен жақын, достық қарым-қатынас деңгейіне көшеді. Иса тағы да айтады:

«Егер Менің тапсырғандарымды орындасаңдар, Маған доссыңдар» (Жохан. 15:14).

Осы аяттағы “егер” деген сөзге назар аударыңыз. Исаны Досымыз ретінде көрсететін кітап оқимыз, уағыздар мен өлеңдер айтамыз. Алайда, достықтың шарты бар екен. Мұны “егер” деген сөзден көреміз. Исамен арадағы достық шынайы қасиеттілікке негізделеді. Қасиетті өмір сүретіндер құл санатынан шығып, дос санатына кіреді. Иса Өзіне адал болып қалғандарға: “Сендерді бұдан былай құл демеймін, құл иесінің не істеп жүргенін білмейді. Қайта, сендерді достарым деп атадым...” дейді (Жохан. 15:15). Исаның “сендерді бұдан былай құл демеймін” деген сөзі бір кездері оларды дос емес, құл деп санағанын көрсетеді.

Айтпақшы, Құдайдың құлы болу сондайлық нашар жағдай емес, Құдайды мүлде білмегеннен әлдеқайда жақсы. Алайда, құл әр нәрсенің мән-жайын, себеп-салдарын біле бермейді, ал сырлас дос біледі.

Бәлкім, сіз “Құдайдың перзенттеріміз ғой” деп, менімен келіспейтін боларсыз. Онда Пауыл елшінің сөзін есіңізге түсірмекпін: “Тағы айтпағым мынау: мұрагер болашақта барлық байлықты иемденуге қақылы болса да, балалық кезінде оның құлдан еш айырмашылығы жоқ” (Ғалат. 4:1). Балаға «неліктен» деген сұрақтың жауабын ешкім түсіндірмейді, мұрагер есейіп, ер жеткенде ғана жақындыққа, сырластыққа лайық болады. Баласының өміріндегі осы жаңа кезең ата-ананы қатты қуантады. Құдайдың отбасында да солай. Қарым-қатынасымыз тереңдеген сайын көктегі Әкеміз бізге құпия сырларды аша түседі. Біздің де жүрегіміз өзгереді. Енді Құдайдың өсиеттерін орындауға ғана емес, бүкіл өмірімізбен Әкемізді риза етуге ұмтыламыз. Әрине, Құдайдың сөзін қастерлеуге қашанда тиіспіз. Сонымен қатар, енді тағы бір қозғаушы күш пайда болады, ол – Әкемнің көңілін қалдырмасам екен деген ниет.

Есік

Сондықтан, қасиеттілік – мәре емес. Заңшылдар қасиеттілікті өздеріне мақсат етеді. Бірақ, шын мәнінде, қасиеттілік – Құдайдың құзырына кіретін есік, Құдаймен жақын қарым-қатынастың, сырлас достықтың бастамасы. Қасиетті өмір сүруге мән бермесек, Құдайды естуге деген қабілетімізден айырыламыз. Олай болса, Исаның тойына кіре алмақ емеспіз. Үйдің іші у-шу болса, келген қонақтың есік қаққанын естімейміз. Көптен күткен қонағымыз есікті ұзақ қағады, дауыстап шақырады, бірақ ақырында кетіп қалады. Қасиеттілік жайлы айтпасақ, Патшамызбен жақын болуға апаратын жолды жапқанымыз.

Лиза екеуіміздің неке қию туралы куәлігіміз бар, яғни, некеміз заңды. Мен бір күні Лизаға мынадай сөз айттым делік: “Мына куәлікті көріп тұрсың ба? Демек, некеміз заңды. Алайда, менің басқа да әйелдерім бар”. Заң жүзінде мен әлі де Лизаның жұбайы болып қала берермін, бірақ арамыздағы қарым-қатынас бұрынғы қалпында қалмайтыны анық. Лиза енді маған сырын ашпайды, арамыз

алшақтайды. Мен Лизаның сырлас досы бола алмаймын, сенім жоғалады. Бақытты неке деген осы ма? Осы үшін үйленіп пе едік? Іс-әрекетім өзгермесе, әйелімнен айрыларым анық.

Қазіргі тәлімдер сенушілерді осындай өмірге шақырып жүрген жоқпыз ба? Киелі кітаптың аяттарын жұлып алып, қалай өмір сүрсек те, бәрі жақсы болады деген өтірікке бірімізді-біріміз сендіріп жүрміз бе? Күнәһар дүниемен ойнас жасап жүріп, Исаға “мен Сендікпін, Сенің рақымыңмен құтқарылғанмын” деп айта аламыз ба? Жаратқан Иеміз бізге жүрегін ашады деп ойлаймыз ба?

Лизаға деген адалдығымды ешқашан бұзбақ емеспін. Өйткені, екеуіміздің арамыздағы сырластықты, ешкімге айтпайтын сөздерін құлағыма сыбырлап айтқан сәттерді жоғалтқым келмейді. Осы бір тамаша әйелмен, сүйікті жұбайыммен арадағы қарым-қатынастан айырылғым келмейді.

Исамен де солай. Исаға опасыздық жасамаймын. Себебі, арамыздағы жақындық, достық қарым-қатынас қымбат. Одан артық рахат жоқ. Исамен жақын болудан асқан бақыт та, ләззат та, мәртебе де, лауазым да, күнә да жоқ.

Құдайымның “...сен білмейтін ұлы да құпия жайттарды білдіремін!” деген керемет уәдесін қалай ұмытпақпын (Еремии 33:3). “Ол құпия, көмескі жайттарды ашады...” (Даниял. 2:22). “Бұдан былай астарлап емес, Әкем туралы ашық айтатын кезім де келеді” (Жохан. 16:25). «Құдай Рухы...болашақта не болатынын сендерге хабарлайды (Жохан. 16:13). Осындай керемет уәделерден артық не бар?

Қасиеттілік – Жаңа Өсиеттегі ең позитивті ақиқат. Қасиеттіліктің әуелетін толық түсінсек, одан қашқақтауды қойып, барлық жерде сөз етер едік!

ІС-ӘРЕКЕТ

Қасиеттілік – көңіліңді су сепкендей басатын ауыр сөз емес. Қасиеттілік – жүрегіңіздің есігін Құдайға ашатын кілт. Қасиеттілік болмаса, Құдайдың өзіңізге арналған сөзін ести алмайсыз. Қасиеттілік – Иса Мәсіхтің құрбандығының арқасында берілген сый ғана емес, ол сіздің міндетіңіз. Қасиеттілікті өмірімізбен, ісімізбен, сөзімізбен көрсетуге міндеттіміз.

Осы күресте Құдай сізді жалғыз қалдырмайды! Ол бізге рақымын береді. Құтқарылудың өзі де керемет сый, бірақ Құдай бізді құтқарумен шектелмейді. Құдайдың рақымы Жаратқан Иемізге ұнамды, іштей де, сырттай да қасиетті өмір сүруге күш береді.

Дәл қазір Құдайдың алдына келіңіз. Уақыт оздырмаңыз, Құдайдан рақым сұрау үшін дәл осы сәтті пайдаланыңыз. Өміріңіздің қай саласында Құдайдың рақымына ерекше мұқтаж болып жүрсіз? Сол үшін мінәжат етіңіз. Құдайдың дауысын естуге кедергі келтіріп жүргеннің барлығынан арылуға Киелі Рухтан көмек сұраңыз. Құдай сізді Өзінің рақымына кенелтсін!

「
ОЯН
」

Неліктен көрермендер суперқаһармандар жайлы фильмдерді жақсы көреді? Әскери кинодан да, махаббат жайындағы хикаялардан да, вестерн, шпиондар жайлы шиеленіскен хикаялардан да суперқаһармандар жайлы фильмдер көбірек көрермен жинайды. Блокбастерлерді ерлер де, әйелдер де ұнатады. Мұның себебі неде? Бәріміздің орындалмаған армандарымыз бар, суперқаһармандар сол айтылмаған армандарымызды көз алдымызға келтіретіндей.

Сурперменді еске алайықшы. Іс насырға шауып, қатер төнгенде Кларк Кент Daily Planet-тен жүгіріп шығып, телефон кабинасына кіріп кетеді. Бірнеше сәт өтер-өтпесте ол көмекке ұмтылады. Жеңілместей көрінген дұшпандарды қалай жеңетінін көргіміз келеді, көңіл дүрліктірер оқиғалар бәрімізге ұнайды. Әділдіктің орнауы, қаналғандардың азат болуы, қоғамда заңдылық орнауы бәрімізді масайратады.

Суперқаһармандардың зұлымдықты жеңгенін көріп, көңіліміз тойғандай болады, себебі, әділдік – әр адамның жүрек қалауы. Өйткені, әуел баста “...Құдай адамды (рухани жағынан) Өзіне ұқсас әрі бейнелес етіп жаратты” (Жарат. 1:27) және Киелі кітапта “Ием — батыр жауынгер” деп жазылған (Мысырдан шығу 15:3). Сол жайлы ойланып көрдіңіз бе? Құдай болмысының осы қыры жайлы көп айтыла бермейді. Бұл ақиқатты не істерімізді білмейтін секілдіміз. Ишая пайғамбар да:

«Иеміз күшті жауынгердей аттанады, батырдай қайрат-жігер танытады, даусын көтеріп ұранын салады, жауларының бәрін жеңіп шығады!» дейді (Ишая 42:13).

Әділетсіздікке қарсы күрескендер – нағыз батыр. Ал Иса – батырдың батыры, суперқаһарман. Ол – Жеңімпаз әрі Билеуші.

Ишая пайғамбар әлгі сөзін жазбастан көп жыл бұрын Ешуа Нұнұлы Исаны көрген болатын. Біздің Патшамыз қолына қылыш ұстаған жауынгер бейнесінде келіп, Өзін “Иенің әскербасы” деп таныстырды (Нұн ұлы 5:14).

Сол кездесуден жүздеген жылдар өткеннен кейін Жохан елші де Исамен кездесті. “Атқа мінгеннің көздері оттай жалындап”, “...аузынан шығып тұрған, халықтарды шауып тастайтын өткір семсері бар екен” деп суреттейді елші Исаны (Аян 19:12, 15).

Иса – қаһарман жауынгер! Жауынгер болбыр, селқос, бұйығы болмайтынын бәріміз білеміз. Жоқ, шайқас ішінде жүрген жауынгер қаһарлы, айбарлы, батыл.

Ал біз ше? Исаның Аян кітабындағы жеті қауымға айтқан “Мен жеңіп шыққандарға таңғы жұлдызды да сыйлаймын” деген сөзі есіңізде ме? “Жеңіп шыққандарға...” дейді. Жау болмаса, кімді жеңбекпіз? Шайқас болмаса, жеңіске қалай жетпекпіз? Бүгінгі таңда көптеген сенушілер Иса жеңген, біз болсақ, сол жеңістен үлес аламыз дейді. Ол да рас. Алайда, толық ақиқат бұл емес. Жеңіс құтқарылумен бірге берілетін болса, неліктен Иса “жеңіп шығу” туралы айтады?

Дүниеде Лекс Лютор тәрізді залым бар, оның аты – шайтан. Оның қол астында толып жатқан шабарманы бар, олардың бірінші мақсаты – сізді тоқтату, бұғаулау, үстіңізден үстемдік ету. Заман ақырына дейін шайтан тәулігіне жиырма төрт сағат, аптасына жеті күн тынбай еңбек етеді. Алайда, ол жеңілген. Бізге билігі жүрмейді!

Лекс Лютор да дәл солай Суперменнің алдында дәрменсіз болатын. Бірақ ол Суперменге дауа тапты, онысы – криптонит. Криптониттің арқасында ол Суперменді қолға түсіре алатын болды. Шайтан да солай, өзінің түбіне жеткен нәрсе – рухани криптонитті – пайдаланып, жеңіске жетпек.

Рухани криптониттің әсері қандай екенін шындап түсінсек, одан аулақ жүреміз, шайтан соны біледі. Сондықтан, қаруын мұқият

жасырады. Криптониттің ықпалына аздап болса да берілсеңіз, ішіңізде қандай өзгерістер басталатынын байқап па едіңіз? Қысқа ғана ләззат алармыз, алайда, ақырында әлсіреп, нан орнына кебек жегендей күйде қалатынымыз бар. Өзіңіздің жеңімпаз болмысыңыздан ажырап, күн сәулесі мен судан құр қалған шөптей қуарасыз. Күннен күнге іштей сола түсесіз.

Шұғыла

Құдайдың сүйікті перзенті, өзіңнің шынайы болмысыңа қайта орал. Осы заманның суперқаһарманы болу сенің үлесіңе тиген. Жеңіске жету үшін қажеттің бәрі бойыңда бар. Мен мұны ойдан шығарған жоқпын. Ел-елді аралап, дүние жүзіндегі Иса Мәсіхтің Денесін көріп жүрмін.

Көргендерімнен бірнеше мысал келтірейін. Халқының саны жағынан әлемдегі ең үлкен мұсылман елі болып табылатын мемлекетте болғаным бар. Онда жүз қырық мыңнан астам мүшесі бар қауымда бірнеше рет уағыз айттым. Сол қауымдағы сенушілердің тең жартысы бұрынғы мұсылмандар. Қауымның бас ғимараты отыз бес мың адамды сыйғызады. Сондықтан олар жексенбі күні бірнеше рет жиналыс өткізеді. Сол қауымда өзім болып, өз көзіммен көрмесем, сенбес едім. Жағдайың қиындығына қарамастан, қауым жемісті қызмет етуде, өсіп-өркендеуде. Сол қауымның мүшелері – нағыз батырлар.

Қауымның бағушысының жұбайы екінші ұлын босанғанда нәрестенің миына зақым келген екен. Дәрігерлер бала дұрыс жетілмейді, жүру, сөйлеу дегендерге ешқашан жете алмайды депті. Бағушы мен оның әйеліне айтқандары – сәби қанша жасқа келсе де, тілі шықпай, тәй-тәй баспай, шалқасынан жатқан дәрменсіз қалпында қала бермек.

Сонда Құдай бағушыға сөйлеп: “Мен қайдамын?” деп сұрапты.

Бағушы: “Аспандағы тағыңдасың” деп жауап береді.

“Жоқ, Менің сенің жан-дүниенді мекендеймін”, – дейді Жаратқан Ие – “сондықтан Мен сөзіммен әлемді жаратқандай, сен де балаңның миына бұйрық беріп, жаңа ми жаратуға тиіссің”.

Бағушы Құдайдың сөзін қастерлейтін адам. Ол баланың миына күн сайын бұйрық береді. Бірте-бірте баланың тілі шығады. Сонда Құдай бағушыға тағы да сөйлейді. Дәл осылай баланың аяғына да бұйрық беру керектігін айтады. Алты жасында бала тәй-тәй басып, жүре

бастайды. Сол елге бір барғанымда әлгі баламен гольф ойнағаным бар. Қазір ол ересек азамат, үш баланың әкесі.

Сол бағушы – криптониттен жеңілмеген нағыз жеңімпаз.

Жақында бір елге барып, қауым жетекшілері мен бағушыларға уағыз айтуға шақыру алдым. Стадионға келдік. Саны он екі мың бес жүздей, стадион толған Құдайдың қызметкерлерін көргенімде қайран қалдым. Жүректері жалындаған адамдар, сол жалыннан мен де қуат алдым.

Келесі күні үш кісімен, бас жетекшілермен кездесіп, бірге түстендік. Олардың қауымдарында бас-аяғы үш жүз мыңдай адам бар екен. Бұл қауымның қашан ашылғанын сұрадым, өзімше бір-екі ұрпақ болған шығар деп топшылады. Сөйтсем, бұл қауымдар он алты жыл бұрын жалғыз адамнан бастау алыпты.

Қайран қалдым. “Дамыған елде осылай болуы мүмкін бе?” деп сұрадым.

Әлгі кісінің жауабы: “Біз адамдарды мәңгілікті естен шығармай өмір сүруге үйретеміз”.

Мен үнсіз қалдым.

“Көптеген америкалық қауымдарда болдым”, — деді ол — “байқағаным, Америкадағы сенушілер өмірін жердегі жетпіс-сексен жылдың тұрғысынан ғана қарастырады екен. Біздің адамдарымыз өмірді мәңгілік тұрғысынан қарастырады”.

Осындай көзқарас оларды рухани криптониттің ықпалынан сақтайды.

Лиза екеуіміз Арменияның астанасы Ереванда, үш мың бес жүз бағушы мен жетекшінің алдында уағыз айтқан болатынбыз. Сол жиналыста Ираннан келген қызметкерлер көп болды. Үзілісте біздің жанымызға бір қыз келіп, Иранның полициясы өзіне қоңырау шалып, қайда жүргенін тексеріп отыратынын айтты.

“Өміріңе қауіп төніп тұрса, еліңе неге қайтасың?” дедім.

Ол ойланбастан, “мен барып айтпасам, Иранның халқына Иса туралы кім айтады?” деп жауап берді. Ұялғанымнан жерге кіріп кете жаздадым. Бұл қыздың криптониттен аулақ жүргені анық.

Осыдан бірер жыл бұрын бір қауымда екі айға созылған күнделікті жиналыстар өтті. Құтқарылған, шипа алған, азат болған адамдардың саны өте көп болды. Кештердің бірінде сол қауымға Иса келді. Көрген адамдар

айқай салды. Иса бір сәт қана көзге көрінді де, ғайып болды. Алайда, Өзі көзден ғайып болғанымен, сол қауымға келгенінің айғағы қалды. Жұрт жиналған залдың қабырғасында Исаның бейнесі пайда болды. Бұл биіктігі екі жарым метр, ені екі метрдей сурет қабырғада он сегіз ай бойы сақталып келді де, кейін бірте-бірте көмескіленіп, жоқ болды.

Басқа бір жолы сол қауымға жедел жәрдем машинасы келіп, сал болған ауруды жеткізді. Науқас жатқан сырғытқы сахнаға қойылды. Ол кісінің бір тәуліктей ғана өмірі қалған екен. Сол жиналыстағы Құдайдың құдіреті әлгі кісіге қонғанда, ол құлан-таза сауығып кетті де, кетерінде сырғытқысын залдан өзі алып шықты.

Мен осы оқиғаға куәмін, сол жиналыстарға көрермен ретінде емес, бағушының көмекшісі ретінде қатысқан болатынымын.

Долданған дауылдың тына қалғанын, кеңсемізге жақындап қалған ғаламат өрттің басылып барып өзінен-өзі сөнгенін, басқа да адам сенгісіз кереметтерді көрдім. Саңырау адамның құлағы, зағиптардың көздері ашылғанын, ақсақ адамның жүріп кеткенін көрдім. Мексика мен Орталық Америкада бірнеше адамды өліден қайта тірілкен досым бар. Құдайдың құдіреті айқын көрінген, көз көрмеген кереметтер болған жиналыстарға қатыстым.

Исамен бірге болу

Сол адамдардың барлығына ортақ, алғашқы қауымда да болған нәрселерді үш сөзбен суреттеуге болады: билік, құдірет, батылдық.

Исаның ғибадатханаға келуі мұң екен, ондағылар “Оның тәліміне таңданып, қатты қайран қалды. Себебі Иса оларға дін мұғалімдері сияқты емес, Құдайдан келген ерекше билікпен тағылым берді” (Марқа 1:22).

Содан кейін күтпеген жайт болды: “Сол кезде мәжілісханада жын соққан бір кісі де болды. Ол қатты дауыстап: “Назареттік Иса, бізде нең бар? Бізді құртуға келдің ғой! Кім екеніңді білемін: Сен Құдайдың Киелісің!” деп айқайлады” (Марқа 1:23, 24). Бірақ Иса жынға: “Үніңді өшір, шық одан!” деп қатаң бұйырды. Сонда жын сол адамды қалшылдатып, қатты дауыспен айқай салып, денесінен шығып кетті. Исаның билігін, батылдығын, құдіретін көрген жұрт үрейлері ұшып: «Бұл немене? Не қылған жаңа ілім? Ол тіпті жындарға билікпен бұйрық

беріп, олар Оған бағынады ғой!» деп өзара сұрасып, таңғалысты. Тез арада Иса туралы хабар сол төңіректегі Ғалилея аймағының барлық жеріне жайылды (21–38 аяттарды қараңыз). Інжіл кітабынан осындай мысалдарды көптеп келтіруге болатынын өзіңіз де білесіз.

Исаның жердегі мерзімі аяқталарда мынадай керемет сөздерді айтқан еді: «Сендерге амандық пен тыныштық болсын!...Әкемнің Өзімді осы дүниеге жібергені сияқты, Мен де сендерді адамдарға жіберемін» (Жохан. 20:21). Бұл аз болса, тағы да: “Сендерге өте маңызды шындықты айтайын: Мен жасаған кереметтер сияқтыларды Маған сенуші де істейді, тіпті одан да зорларын істейді...” дейді (Жохан. 14:12). Иса жасағандай кереметтер, тіпті одан зор істер! Мүмкін бе? Құдайдың Өзі айтса, мүмкін болғаны! Алғашқы қауым осы уәденің орындала бастағанын көрді. Олар билікке, батылдыққа, құдіретке бөленіп жүргендіктен, қалалар мен ауылдар бірнеше күннің ішінде Исаға түгелімен келіп жатты.

Сол керемет күндердің бірінде Петір мен Жохан ғибадатханаға бара жатты. Сал болып туған бір адам күн сайын ғибадатхананың алдында қайыр сұрап отыратын. Петір мен Жоханды көргенде, әлгі сал адам олардан қайыр сұрады. Петір: «Менде күміс пен алтын жоқ. Дегенмен саған барымды беремін: назареттік Исаның атынан айтамын: орныңнан тұрып, жүріп кет!» деді де, оны оң қолынан ұстап демеді. Сол сәтте-ақ оның аяғы мен тізесіне күш бітіп, ұшып тұрып, жүріп кетті. Содан әлгі адам екі елшімен бірге ғибадатхана ауласына кіріп, әрі-бері жүріп, секіріп, Құдайды мадақтаумен болды. Күллі жұрт оның жүріп кеткенін және Құдайды мадақтағанын көрді, бұның ғибадатхана қақпасының жанында отырып, қайыр сұрайтын сал кісі екенін танып, болған оқиғаға таңғалып, қатты абыржыды. Халықтың абыржыуын тоқтату үшін қала әкімшілігі Петір мен Жоханды қамауға алды.

Ертеңіне Петір мен Жохан діни кеңестің алдында тұрды.

«Кеңес мүшелері Петір мен Жоханның батылдығын көріп, олардың арнайы діни даярлықтан өтпеген қарапайым адамдар екенін байқағанда таңғалды. Сондай-ақ, олар екеуінің Исаның шәкірті болғанын білді» (Елшілер. 4:13).

Елшілердің батылдығы Кеңес мүшелерінің назарынан тыс қалмады. Петір мен Жохан үндемей-ақ қойса да болар еді, ел ағаларының

алдында өз ойын айтпай-ақ ымыраға келе салса қайтеді? Жоқ, бастарына қатер төніп тұрса да, олар Исаға адал болып қалды.

Осынау батылдық пен қайрат қайдан келді? Олар “Исаның шәкірті” деп жазылған. Міне, батылдықтың түп-тамыры қайда жатыр. Олар Исаның құзырында қала берді. Исаның ісін жалғастыра берді. Нәтижесінде бүтіндей бір қалаларға өзгерістер келді. Олар қасиетті өмір сүрді. Алғашқы қауым криптониттен бойын аулақ ұстап, Құдайдың Ұлына жақын болуға, Оның құдіретіне бөлене беруге тырысатын.

Өкінішке орай, Қорынттағы қауым өз қаласына Исаның шәкірттері Иерусалимге ықпалын таратқандай әсер ете алмады. Сондай мықты ықпал кейінірек Самария, Яффа, Лүдия, Сарон, Антақия қалаларына, Яһуда мен Азияның басқа да өңірлеріне да тарады. Қорынтта жағдай басқа болды. Оларда Киелі Рухтың құдіреті мен дарындары бар еді, кереметтер де болып тұратын. Алайда, қалаға ықпал етуге қажет басты нәрсе жоқ еді.

Көне Өсиеттегі билердің бірінің өмірін қарастырайық. Самсонның өмірінен сабақ алғанымыз дұрыс деп ойлаймын. Самсон тілазарлыққа жол беріп жүріп, күнделікті тыныс-тіршілігі Құдайдың өсиеттерінен алыстап кеткенін байқамай қалған болса керек. Ақырында, криптонит Самсонның күшін ұрлап алғанда, сол бейбастығының құны сұмдық болды. Ол енді бұрынғыдай алапат күш иесі емес. Алайда, басына қиындық түскенде Самсон тәубе етеді де, қайтадан күш жинайды. Өмірінің соңында Самсон бұрынғысынан да көп жаудың көзін жояды.

Даниял пайғамбар заманның ақырында болатын апаттардан да беті қайтпайтын батыл ұрпақ туатынын алдын-ала айтқан болатын:

«Солтүстіктің патшасы қасиетті Келісімді бұзғандарға жағымпазданып, оларды арамдыққа бұрынғыдан бетер еліктіреді. Алайда Құдайға сенімділер нығая түсіп, оған қарсы тұрады» (Даниал 11:32).

Сол адамдардың батылдығының сыры – олар “Құдайға сенімді”, шын жүрегінен қасиеттілікке ұмтылады.

Қорытынды сөз

Дәл солай. Құдай сізге қаһарман, чемпион, жеңімпаз болуды, өз ықпалымен айналадағы өмірді өзгерте алатын адам болуды аманат еткен. Батыл да қайратты болыңыз, Патшаңызға жақындай түсіңіз, Ол сізді қалайды. Ол сізбен бірге болғысы келеді, сізді құдіретіне бөлегісі келеді. Ол сізге сенеді және, ең бастысы, сізге деген сүйіспеншілігі – мәңгілік.

Сіз – осы әлемдегі нағыз суперқаһармандардың бірісіз. Сіздің жүрегіңізді мекендеген чемпион күнәһар дүниедегі Лекс Лютордан әлдеқайда зор. Иса – құдірет-күштің қайнар көзі, сол бұлақтан сусындаңыз. Патшаның алдына барғанда ғана айналаңызға қандай ықпал таратқаныңызды білетін боласыз. Криптонитке қарсы тұрғаныңызға сол күні де, бүгін де қуанасыз.

Сондықтан криптонитті жойыңыз, өлтіріңіз, криптониттен қайтсеңіз де құтылыңыз, оған өміріңізден бір елі орын бермеңіз. Сіз ұлы даңқ пен құдірет үшін жаралғансыз. Сізге тпасырылған аманат бар, әлемге сол аманатты орындағаныңыз қажет.

ИС-ӘРЕКЕТ

Құдайымыз – жауынгер, біз Оған ұқсас жаратылғанбыз. Суперқаһармандар жайлы фильмдердің бізге сондайлық әсер етуінің сыры осында. Ұлы істер үшін жаратылғанымызды ішіміз біледі!

Тарихта Құдайдың ұлы аманатын орындап, криптонитке иненің жасуындай да жол бермеген адамдар көп. Сондай адамдардың қайраты мен батылдығының арқасында бүтіндей бір қалалар бірнеше күннің ішінде толықтай өзгеріп шыға келетін. Құдай бізді алға басуға, Оның ұлы істеріне қатысуға шақырады.

Сізді Құдай қай шайқасқа шақырды? Сізге қай қала, қай аймақ, қай елге Ізгі хабар тарату тапсырылған? Киелі Рухтан осыны сұраңыз да, жауабын жазып алыңыз. Сол тапсырманы орындау үшін Құдай сізге рақымын бергей. Енді адалдықпен қызмет еткендердің үлесіне тиетін мәңгі сыйды есте ұстап, Құдайдың аманатын орындауға кірісіңіз. Жаратқан Ие сізді батыр болуға шақырған!

ТАЛДАУҒА АРНАЛҒАН СҰРАҚТАР

Егер сіз осы кітапты «*Криптонитті жою*» курсының бір бөлігі ретінде оқитын болсаңыз (Солай етсеңіз, тамаша болар еді!), топпен жиналып, апта сайын бір бейнесабақты көріп, кітаптың соңындағы талдауға арналған сұрақтарға жауап беріңіз. Содан соң топтың әр мүшесі келесі кездесудің алдында сол аптаға арналған тарауларды оқиды. Бір аптада бір тарауды оқып талдаған дұрыс. Бейнесабақтардың реті мен мазмұны кітаптың тарауларына сәйкес, кітаптағы басты ойларды тереңірек түсінуге септігін тигізеді, сондықтан, топтың әр мүшесі бейнесабақтарды көріп, кітапты оқығаны дұрыс.

Рахаттаныңыз!

1-ші сабақ. Біздің әуелетіміз

1-3 тараулардағы тақырыптарды қамтиды

1. Әуелетіңізді білмесеңіз, оны ашып, іске асыруға талаптанбайсыз. Осы қағиданың күнделікті өмірде жүзеге асатынын қалай байқадыңыз? Қай жаңа технологияларды, жаңадан шыққан

өнімдерді, жаңа идеяларды, олардың пайдасын білгеннен кейін, өміріңізге енгіздіңіз? Сол әрекетіңіз осы сабақтан білгеніңізге ұқсайды ма?

2. Құдайдағы әуелетіміз бізге ақылға қонбас зор мүмкіндіктерді береді. Осы сабақ Мәсіхтегі әуелетіңізді ұғынып, іске асыруға түрткі болды ма? Қай салаларда өрісіңіз тар, көзқарасыңыз шектеулі болып жүр екен?
3. Қалай ойлайсыз, қазіргі қауымдарда Мәсіхтегі әуелетіміз жайлы тәлім неліктен аз? Егер сондай тәлімдер көбейсе, қауымдарымыз қалай өзгерер еді? Осы ақиқаттар туралы ойлана бастағаныңызда, ой-санаңыз қалай өзгерді?
4. Біз Құдайдың жоспарындағыдай мәсіхші болудан бас тартсақ, күнәһар дүниенің Құдай туралы және мәсіхшілік туралы түсінігіне қалай әсер етеміз? Құдай берген әуелетімізді толық жүзеге асырсақ, дүниенің сенушілерге деген көзқарасы қалай өзгерер еді? Құдайға деген көзқарасы ше?

2-ші сабақ. Жалғыз адамның күші

4-7 тараулардағы тақырыптарды қамтиды

1. Пауыл елшінің айтуынша, Иеміздің денесіне тиісті құрмет көрсетпегендіктен сенушілердің көбісі әлсіз де ауру, біразы қайтыс болды. Бұл сөздердің бізге де қатысы бар. Сіздің Мәсіхтің Денесі ретіндегі қауым туралы білетініңізден осы айтылғанның айырмашылығы бар ма? Осы жайлы барлық сенушінің білгені неліктен маңызды?
2. Мәсіхтің Денесіндегі көптеген сенушілер әлсіз де ауру, мезгілсіз қайтыс болғандар да бар, сенушілердің көбісі өз әуелетін білмейді. Мұндай жағдайдың себебі – жалғыз ғана күнә дей алмаймыз. Осыны білу не себепті маңызды? Сенушілердің өмірінде кездесетін қиындықтардың тағы қандай себептері болады?
3. Күнәһар дүниедегі адамдарға жекешіл көзқарас тән. Алайда,

Аханның күнәсінан бүкіл Исраил халқы зардап шеккенін көрдік. Осы ақиқат сіздің қауымдағы атқаратын роліңізге деген көзқарасыңызды қалай өзгертеді?

4. Рухани криптонит дегеніміз – қайталана беретін, біле тұра жасалатын күнә. Олжадан түскен заттың ешқайсысын алуға болмайтынын Ахан да білген, Нан үзу рәсімінің үстінде мас болудың, өзімшілдікпен қарын тойдырудың күнә екенін қорынттықтар да білген. Екі жағдайда да кінәсіз адамдар зардап шекті, кейбіреулері, тіпті, өмірмен қош айтысты. Қалай ойлайсыз, не себепті Құдай қауымның ішіндегі күнәға осыншама қатал қарайды? Құдай не себепті жеке сенушілерді ғана емес, қауымды да жоғары бағалағанымызды қалайды?

3-ші сабақ. Криптонит

8-10 тараулардағы тақырыптарды қамтиды

1. Джастин мен Анжеланыкіндей хикая өмірде болуы мүмкін бе? Болмайтын шығар. Дегенмен, кейбір сенушілердің Құдаймен арадағы Келісімшартқа деген көзқарасы Анжеланың некеге деген көзқарасындай. Жұбайына деген адалдығын бұзуды түкке тұрғысыз нәрседей көретін адамдар туралы не ойлайсыз? Ал Құдайға деген адалдығын бұзып жүрген адам туралы ше?
2. Біле тұра жасалған күнә дегеніміз – рухани криптонит. Ал криптонит – бұл пұтқа табынушылық. Қауымға келіп жүрген адамдардың көбісі пұтқа табынады дегенді қалай түсінесіз? Жалған тәңірлердің мүсіні қойылмайтын, пұттарға құлшылық етпейтін елдерде пұтқа табынушылық қалайша жүзеге асып жүр?
3. Уағыздаушылар пұтқа табынушылық тақырыбын қозғай қоймайды. Осы сабақтың ішіндегі қай ақиқаттар сізді таң қалдырды? Таң қалуыңыздың себебі неде, қалай ойлайсыз?
4. Киелі кітапта Құдай пұтқа табынушылықты неке адалдығын бұзуға теңейді. Оның себебі неде, өз сөзіңізбен айтып беріңіз. Құдайдың бізді қандай қарым-қатынасқа шақыратыны туралы не білдіңіз?

5. Пұтқа табынушылық Жаратушының орнына жаратылысқа табынудан басталады. Осындай іске Құдай қалай қарайды? Не себепті Құдай өзінен бас тартқандардан алшақтайды? Қалай ойлайсыз, не себепті гомосексуализмді қолдау – қоғамның пұтқа табынушылыққа батып бара жатқанының белгісі?
6. Пұтқа табынушылықты мойындауға дайын болсақ, Құдайға шынайы ғибадат етудің не екенін дұрыс түсінуіміз керек. Құдайға шынайы ғибадат ету, Құдайды қастерлеу – әдемі ән орындау емес, Құдайдың өсиеттерін орындау. ғибадат етуді дұрыс түсіну сіздің мәсіхшілік өмір жайлы ойыңызды қалай өзгерте алады? Таныстарыңыздың арасында Құдайды бүкіл өмірімен қастерлеп жүрген адамдар бар ма?

4-ші сабақ. Қазіргі замандағы пұтқа табынушылық

11-14 тараулардағы тақырыптарды қамтиды

1. Саулдың тілазарлығы, Амалек патшасының өмірін сақтап қалғаны бізге қауымдағы пұтқа табынушылықтың тамырын көрсетеді. Саулдың қанағатсыздығы пұтқа табынушылықпен пара-пар. Не себепті деп ойлайсыз?
2. Самуил Саулға қасарысудың жалған тәңірге табынумен бірдей екенін айтқан болатын. Құдайдың еркін орындаудан өзіміз құмартқан нәрсені артық көреміз, сол нәрсеге ұмтыламыз. Саулдың өмірінен көргеніміздей, мұның арты одан да зор күнәға апарып соқтырады. Осы мысалдағы пұтқа табынушылықтың мәні неде? Ол неліктен одан зор күнәларға итермелейді?
3. Қанағатсыздық пұтқа табынушылық болып табылады. Өз өміріңіздегі құндылықтарыңыз бен күнделікті әдеттеріңізге назар аударыңыз. Не басым, қанағат па, көз тоймаушылық па? Қанағатыңызды қалай арттыра аласыз?
4. Әр мәсіхшіге қанағат керек, дегенмен, қанағат пен тоқмейілу – бір емес. Екеуінің арасындағы айырмашылықты өз сөзіңізбен түсіндіріңіз. Қанағатшыл адамнан тоқмейіл адамды қалай ажыратасыз?

5. Тағы бір есте болар жайт: пұтқа табынушылық деп күнәні айтпаймыз, күнәға берілуді айтамыз. Осы екеуінің арасындағы айырмашылықты қалай түсіндірер едіңіз?
6. Біле тұра жасалған күнә – рухани криптонит екенін түсінсек, Құдайдың бізге мүлде жаңа өмірді, Оның болмысындағы өмірді ұсынатынын түсінуге тиіспіз. Күнәға емес, қасиетті өмір сүруге бейім бола аласыз, соны білесіз бе? Осылайша өзгере алатыныңызды сезесіз бе?

5-ші сабақ. Жалған Иса

15-18 тараулардағы тақырыптарды қамтиды

1. Құдай бізді Өзіне алып келу үшін құтқарды. Жаратқан Ие сізбен жақын қарым-қатынаста болғысы келеді. Ол үшін сіз күнәһар дүниеге тән нәрсенің бәрінен арылуға тиіссіз. Өйткені, Құдайдың қалайтыны – шынайы, адал қарым-қатынас. Осыны қалай түсінесіз? Құдаймен сондай қарым-қатынаста екеніңізді неден біле аласыз?
2. Құтқарылғандар өздерін құтқарған – Құдай екенін мойындай тұра, Оған жақындаудан бас тартса, оларды асыға күткен көктегі Әкенің жүрегі қандай күйде болады? Үйленгеннен кейін жұбайыңыз сізбен бір бөлмеде болудан бас тартатын болса, өзіңізді қалай сезінер едіңіз? Сізбен телефон арқылы да сөйлескісі келмесе ше? Ол сізбен тікелей сөйлеспей, басқа біреу арқылы сәлем жолдап отырса қайтер едіңіз? Қарым-қатынасыңыз ақырында не болар еді?
3. Һарон қоста қалған болатын. Демек, тау басында, Құдаймен бірге болғаннан қоста, адамдардың арасында болу оған жайлырақ болғаны. Сондай сенушілер бар: олар өздерін Құдайдың құзырында емес, қауымда жайлы сезінеді. Құдайдың құзырын сезінгенде сіз не істейсіз?
4. Исраил халқының бас діни қызметшісі оларды Мысырдан шығарған Яхве екенін айтты, Яхвеге арнап құрбандық шалды, ғибадат етті. Сөйте тұра, қалың тобырдың қалауын орындамақ ниетпен алтыннан бұқа мүсінін жасап берді. Осындайға Исраил жол берсе, бүгінгі таңда

біз де соны істеп жүрген жоқпыз ба? Біз кімге табынып жүрміз?

5. Исраил Құдайдың өсиеттерінің бірін орындап, бірін елеусіз қалдырды. Жер жүзіндегі қауымдар да соны істеп жүр. Біз өзімізге ұнаған аяттарды оқып, орындаймыз. Ал қасиетті болуға, Құдайға бағышталуға шақыратын аяттарды көрмегендей жүре береміз. Жалған Исаға емес, шынайы Исаға табынып жүргенімізді қалай біле аламыз?

6-ші сабақ. Саяхаттың басталар жері

19-21 тараулардағы тақырыптарды қамтиды

Исраил халқының заманында жалған Яхве, біздің заманымызда жалған Иса қалай пайда болды? Екеуі де шынайы тәубеге келмеген, қасарысқан жүректерден шығады.

1. Осы сабақ тәубе ету тақырыбына арналған, тәубе етудің не екенін, оның қажеттілігін, Ізгі хабардағы ролін түсіндіреді. Тәубе ету жайлы ұғымыңыздың осы сабақта айтылғандардан айырмашылығы неде? Ұқсастығы ше? Ізгі хабар жайлы түсінігіңіз өзгерді ме? Өзгерсе, қалай өзгерді?
2. Інжіл кітабындағы Ізгі хабардың төртеуі де Жақия пайғамбардың халықты теріс жолдан қайтуға шақырғанынан басталады. Демек, Ізгі хабар әрқашан да тәубе етуден басталады. Осы жайында не ойлайсыз? Ізгі хабар үшін тәубе ету неліктен осынша маңызды?
3. Теріс жолдан қайтпай, Иса Мәсіхке деген шынайы сенім жоқ. Күнәмен қош айтыспай, мәсіхші болу жоқ. Құдай біздің өмірімізге неге осынша көп көңіл бөледі деп ойлайсыз?
4. Джастин мен Анджеланың хикаясы есіңізде ме? Анджела тұрмысқа шығарда бұрынғы жігіттерімен хош айтысуға тиіс екенін білмейді. Исамен жаңа өмір бастаған адам да солай. Мұны ешкім айтып түсіндірмесе, олар қайдан білмек?
5. Кім екенімізді ой-ниетіміз емес, іс-әрекетіміз көрсетеді. Ізгі хабардағы құдірет бізді түбегейлі өзгерте алады. Тәубе ету

дегеніміз игіліктердің бастамасы. Күнәдан бас тарту жайлы Құдайдың талабы – Жаратқан Иенің бізге деген рақымы екенін өз сөзіңізбен түсіндіріңіз.

7-ші сабақ. Ақиқат, ымырашылдық және сүйіспеншілік

22-24 тараулардағы тақырыптарды қамтиды

1. Яһуда елші құтқарылудың игіліктері жайлы жазбақ еді, алайда, ескерту жазуға мәжбүр болды. Елші Құдайдың рақымын күнә жасауға берілген рұқсат деп қарастыратын адамдардың көбейіп кеткенін айтады. Құлаққа жағатынды ғана айтып, Құдайдың ескертулерін елемей жүрген кездеріңіз болды ма?
2. Сүйіспеншілік жайлы ұғымымыз бұрмаланған, сондықтан қауымдар күнәға келгенде ымырашыл болып кетті. Шынайы сүйіспеншіліктің негізі – ақиқат. Ал ақиқатты мәңгіліктің тұрғысынан қарағанда ғана көруге болады. Мәңгілік тұрғысынан қарағанда өміріңіздегі маңызды нәрселерге деген көзқарасыңыз қалай өзгереді?
3. Құдайға деген шынайы сүйіспеншілік – Құдайдың өсиеттерін орындау. Сенушінің сүйіспеншілігінің күнәһардың сүйіспеншілігінен айырмашылығы – осы. Құдайдың өсиеттері туралы сөз қозғамай, Құдайдың сүйіспеншілігінің осыдүниелік сүйіспеншіліктен айырмашылығын қалай түсіндіруге болады?
4. Құдайдың ақиқатына негізделмеген сүйіспеншілік – шынайы сүйіспеншілік емес, жасанды нәрсе. Мәдениетіміз шынайы сүйіспеншіліктен алшақтап барады, сондықтан қауымдар да жалған Исаға сенуге бейім болып бара жатыр. Ақиқатты сүйіспеншілікпен айтуға қалай қарайсыз? Қалай ойлайсыз, неліктен адамдардың көбісі ақиқатты түрпі тигендей көреді?

8-ші сабақ. Криптонитті жою

25-28 тараулардағы тақырыптарды қамтиды.

1. Кейбір сенушілер күнәға төтеп беруді қажет деп санамайды, себебі, күнәсі Құдайдың жүрегін жаралайтынын білмейді. Енді бір сенушілер пендешіліктен арыла алмай жүр. Олар Исаның қаны бізді күнә үшін жазаланудан құтқара алады, ал күнәнің бұғауынан босата алмайды деп сенеді. Бұл сенушілер – біле тұра күнә жасап жүрген, криптониттің әсеріне түскен адамдар. Осы айтылғандар сіздің өміріңізге қалай әсер етті? Мәсіхшімін деп жүрген адамдардың өміріне осындай жағдайлар қалай әсер етеді?
2. Сенушілердің үшінші тобы – күнә жасап жүргенін біледі және сол күнәмен күресуде. Азат болғысы келеді, бірақ, Құдайдың сөзіндегі өзін азат етер ақиқатты әлі тапқан жоқ. Күнәсі үшін ұялады, сол ұят оларды бұғауда ұстайды. Осындай жағдайда жүрген сенушімен осы сабақтағы қай ақиқатты бөлісер едіңіз?
3. Осы сабақта мен Құдайдың өзімді порнография мен нәпсіқұмарлықтан қалай азат еткенін айтып бердім. Менің күәлігімде сізді жігерлендірген не? Не себепті? Қай сөзім сізге көбірек әсер етті? Не себепті?
4. Күнәһар дүниенің қайғысы емес, Құдайдың еркіне сай қайғы ғана күнәдан азат етеді. Перзентінің күнәсі Құдайдың жүрегін ауыртады. Мұны Құдай еркімен болған қайғы ғана мойындайды. Ал күнәһар дүниенің қайғысы тек қара басының қамын, өз болашағын ғана ойлайды. Құдайдың еркіне сай қайғырған адам ғана күнәдан азат бола алады. Неге бұлай деп ойлайсыз? Өзіңіздің өміріңізде осы екі қайғының айырмашылығы неде деп ойлайсыз?
5. Суперқаһармандар туралы көптеген хикаялар бізді баурап алады, өйткені әрбіріміздің жүрек түкпіріндегі армандармен ұштасады. Алғашқы сенушілер өз заманының қаһармандары болатын. Біз қайтіп қаһарман бола аламыз? Бұл сенбеушілердің Құдай туралы пікірін қалай өзгерте алады?
6. Құдай – Жауынгер, ал біз Құдайымызға ұқсас етіп жаратылғанбыз.

Аян кітабында Иса жеті қауымды жеңімпаз болуға шақырды. Демек, шайқас та, жау да бар. Енді осы кітаптағы өзекті мәселені ойыңызда ұстай отырып, Құдай сізді жеңіске жетуге шақыратыны жайлы ойланыңыз. Сіздің өзіңізге, басқа сенушілерге, жалпы қауымға деген көзқарасыңыз қалай өзгерді?

ҚОСЫМША

ҚҰТҚАРЫЛУДЫҢ ЖОЛЫ

*“Өз аузыңмен Исаны Жаратқан Ием деп мойындасаң,
жүрегіңде Құдайдың Оны өлімнен қайта тірілткеніне
сенсең, онда құтқарыласың. Себебі Мәсіхке жүрегімен сенуі
арқылы адам күнәсінен ақталады, Оны аузымен мойындауы
арқылы құтқарылады”*

Римдіктерге 10:9, 10

Құдай өміріңізде мәңгі табыстың болуын қалайды. Құдайдың сізге деген сүйіспеншілігі зор, Оның сіздің өміріңізге арналған жоспары бар. Алайда осы тағдырға апаратын жол біреу-ақ, ол үшін Құдайдың Ұлы Иса Мәсіх арқылы құтқарылуды қабылдау қажет.

Исаның өлімі мен қайта тірілуі арқылы Құдай сіз үшін, Оның сүйікті ұлы мен қызы үшін, Өзінің Патшалығына жол ашты. Исаның айқыштағы өлімінің арқасында мәңгіліктегі молшылыққа толы өмір сіз үшін қолжетімді. Құтқарылу дегеніміз — Құдайдың сізге арналған сыйы, оған іс-әрекетіңізбен қол жеткізу, не оған лайық болу мүмкін емес.

Исаның өлімі мен қайта тірілуі арқылы Құдай сіз үшін, Оның сүйікті ұлы мен қызы үшін, Өзінің Патшалығына жол ашты. Исаның айқыштағы өлімінің арқасында мәңгіліктегі молшылыққа толы өмір сіз үшін қолжетімді. Құтқарылу дегеніміз — Құдайдың сізге арналған сыйы, оған іс-

әрекетіңізбен қол жеткізу, не оған лайық болу мүмкін емес.

Осы қымбат сыйды қабылдау үшін өз күнәңізді және өміріңізге дем берген Жаратушыдан тәуелсіз өмір сүргеніңізді (себебі осы тәуелсіздік барлық күнәнің түптамыры болып табылады) мойындау қажет. Теріс жолдан қайту — құтқарылудың ең маңызды бөлігі. Елшілердің істері кітабында суреттелген бес мың адам құтқарылған күні Петір ол туралы анық айтады: «Сондықтан теріс жолдан қайтыңдар! Сонда Құдай Ие күнәларыңды кешіреді» (Елшілердің істері 3:19). Киелі Кітап әрбіріміз күнәнің құлы болып туылдық дейді. Ол құлдық қасарысу мен тілазарлыққа жол берген Адам атаның күнәсінен бастау алады.

Теріс жолдан қайту — өзіңізге және өтіріктің бастауы шайтанға бағынудан бас тартып, бұдан былай жаңа Иеңіз, сіз үшін Өз өмірін қиған Иса Мәсікке мойынсұну.

Мәсікке бойсұнып, Оны өзіңіздің Иеңіз және өміріңіздің билеушісі ретінде мойындап, Оған барыңыз бен өз-өзіңізді толықтай (рухыңыз, жаныңыз бен тәніңізді) бағыштауға тиіссіз. Өміріңізде Оның билігі шексіз, даусыз болсын. Осыдан кейін Құдай сізді түнектен азат етіп, нұрға, Өз Патшалығының салтанатына жетелейді. Сіз өлімнен өмірге өтіп, Оның перзентіне айналасыз!

Иса арқылы құтқарылуды қабылдағыңыз келсе, келесідей мінәжат етіңіз:

Көктегі Құдай, мен күнәкар екенімді, Сенің әділдігіңе сәйкес өмір сүре алмайтынымды мойындаймын. Жасаған күнәм үшін мәңгі жазаға лайықпын. Мені осы күйімде қалдырмағаның үшін рахмет, мен үшін өлімге барып, айқыштағы жазамды өз мойнына алған Мәриям қыздан туған Жалғыз Ұлың Иса Мәсіхті жібергеніңе сенемін. Оның үшінші күні қайта тіріліп, қазір Сенің оң жағыңда отырғанына сенемін. Иса — менің Ием және Құтқарушым. Сенен тәуелсіз өмір сүргенімнен бет бұрып, өмірімді толығымен Иса Мәсікке арнаймын.

Иса, Сені Жаратқан Ием және Құтқарушым деп мойындаймын. Рухыңмен өміріме еніп, мені өзгертіп, Құдайдың перзенті ете гөр. Осы кезге дейін түнекте өмір сүрдім, енді бұдан былай одан бас тартып, өзім үшін өмір

сүруді тоқтатып, рақымыңмен Сен үшін өмір сүретін боламын, себебі Сен мен үшін Өзіңді құрбан еттің, соның арқасында мен мәңгілік өмірге ие болдым.

Жаратқан Ием, Саған рахмет. Енді менің өмірім Сенің қолыңда. Сенің Сөзіңде жазылғандай, осы жолды таңдағаным үшін мен ұятқа қалмаймын.

Құдайдың отбасына қош келдіңіз! Басқа сенушілерге осы мінәжатыңыз туралы айтып беріңіз. Киелі Кітапқа сенетін жергілікті қауымға қосылуыңыз маңызды. Сеніміңізді жігерлендіретін бауырластармен қарым-қатынаста болғаныңыз дұрыс.

Сіз тамаша өмірге аяқ бастыңыз. Күнделікті рухани өсуіңізде, Құдаймен қарым-қатынасыңызда, Оны танып-білуде Құдай сізді жарылқасын!



«Мессенджер Интернэшнл» адамдарға, жанұяларға, қауымдар мен халықтарға Құдай Сөзінің өзгертуші құдіретінде өмір сүріп, мақсаттарына жетуге көмектеседі.

Сол өзгерістердің нәтижесінде адамдардың өмірі қуатқа толып, қоғамда игі өзгерістер басталады, әлемдегі әділетсіздік тойтарылатын болады.

Cloud Library – бұл дүние жүзіндегі қызметшілерге өздерінің ана тіліндегі тегін электрондық ресурстарға қол жеткізуге мүмкіндік беретін онлайн-платформа.


CloudLibrary.org сайтында Джон және Лиза Бивердің 80-нен астам тілге аударылған ресурстарын тауып, оңай жүктеп алуыңызға болады.

**Электрондық кітаптар,
видео- және аудиосабақтар,
Киелі Кітаптар...**



Көбірек білгіңіз келеді ме? Сканерлеп алыңыз:





Бүгін де, мәңгілікте де терең мағынасы бар өмір

Құдай Тағаланың алдына баратын күн туады. Жердегі өміріңіз үшін Жаратушының алдында есеп бересіз. Өміріңіздегі ең маңызды сұрақ – сол күн келгенде сіз дайын боласыз ба?

Құдай сізге деген тапсырмасын жасырып қойған жоқ, Ол жер бетіндегі өміріңіздің мағынасы мен мақсатын білгеніңізді, Құдайдың аманатымен таныс болғаныңызды қалайды.

Ақтық демнен кейінгі өмір жай ғана ұзақ жолдың соңы емес. Тым кеш болып кеткенше күтіп отырмаңыз. Өміріңізді осы уақыт үшін және мәңгілік үшін қалай мағыналы етуге болатынын оқып біліңіз.

Джон және Лиза Бивердің осы және басқа материалдарын қазақ тілінде келесі сайттан жүктеп алуға болады:



CloudLibrary.org

Көптеген тілдерге аударылған қосымша материалдарды Youtube.com, Youku.com және басқа сайттардан көріп, не жүктеп алуыңызға болады.

Кез келген тосқауылдан өтіп, дұшпанның қай-қайсысын болса да жеңе алатын **СУПЕРМЕН** тәрізді, Мәсіхтің шәкірттерінде де жолындағы кедергінің бәрін жеңе алатын ғажайып құдірет бар. Және Супермен тәрізді, бізде де бір мәселе бар, ол – күш-қуатымызды ұрлап жүрген криптонит.

Әрине, Супермен де, криптонит те – қиял жемісі. Дегенмен, рухани криптонит шынында бар.

Бірінші ғасырда өмір сүрген мәсіхшілерде, әлбетте, болған Құдайдың құдіретінен сенушілердің көбісі неліктен құр алақан қалғанын осы кітаптан біле аласыз.

“Криптонитті жою” атты кітабында Джон Бивер рухани криптониттің не екенін, қоғамға қандай қауіп келтіретінін, оның құрсауынан құтылу жолын әңгімелейді.



Джон Бивер және оның жұбайы Лиза — Messenger International қызметінің негізін салушылар. Қызметкер және бірнеше бестселлердің ауторы Джон ақиқатты ымырасыз, батыл, әрі жалынды уағыздайды. Джон Бивер қауымдарды, олардың жетекшілерін ұлтына, тіліне, қаржылық жағдайына қарамастан қолдауға ұмтылады. Осы кезге дейін оның кітаптары мен бейнесабақтары 100-ден астам тілге аударылып, миллиондаған данасы әр елдердегі бағушылар мен жетекшілерге таратылған.



Осы және басқа ресурстарды
сайтынан алуға болады
CloudLibrary.org

Бұл кітап – автордың сыйлығы.
Сатуға арналмаған

Көбірек білгіңіз келмей ме?
Сканирлеп алыңыз

